

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының
академиялық
толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ

Алматы, 2022

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)
Б 20

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

OR11465467-OT-21 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. (жалпы редакциясын басқарған), Ісімақова А., Қыдыр Т., Рақыш Ж. (жауапты шығарушы), Ақан А., Сәрсек Н. (жауапты редактор), Елесбай Н., Мұстафаева К., Ахмет Ә.

Пікір жазғандар:
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Д. Қамзабекұлы,
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы А. Шәріп.

Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Сәрсек Н. – Алматы: Brand Book, 2022. – 772 б.

Т. 1 ISBN 978-601-230-105-2

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы ғалымның 150 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Жинақтың бірінші томына А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» кітаптарымен қатар «Ер Сайын», «23 жоқтау» жинақтары топтастырылған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-230-105-2

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2022

АҢДАТПА

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қазақ әдебиеті мен өнерінің аса көрнекті өкілдері шығармаларының академиялық толық жинағының сериялық басылымын әзірлеп басып шығаруды және олардың электронды кітапханасын қалыптастыруды жүйелі жүзеге асыруда. Сериялық басылымның алғашқы топтамасы ретінде Абай (2020), Жамбыл (2021) шығармаларының үш томдық академиялық толық жинақтары оқырман қолына тиді. Аталған басылымдар Институт сайтындағы электронды кітапханаға жинақталған.

Биыл Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, ғалым шығармаларының текстологиялық саралаудан өткен, ғылыми түсініктермен жарақталған бестомдық академиялық толық жинағын жұртшылық назарына ұсынып отырмыз.

«Ұлт ұстазы» деген ардақты ат иеленген, шығармашылық, ғалымдық, ұстаздық ғибраты мол, өнегелі тұлғаның өмір жолы өткен ғасырдағы Кеңестік кезеңде қиянат пен қасіретке толы болды. XX ғасырдың 30-жылдары А. Байтұрсынұлының жеке басы ғана қуғын-сүргінге түсіп қойған жоқ, рухани мұрасы да Қызыл империяның тар қапасында тұмшаланды. Кезінде әлденеше рет басылып, мыңдаған данамен таралып, халқының рухани игілігіне айналған еңбектері жарты ғасырдай уақыт бойына жұртшылықтың жадынан өшіріліп, ел көзінен тасаланып келді.

Ғұламаның ұзақ жылдар бойы еліміздің және Ресейдің арнайы жабық қорларында сақталып келген мол мұрасын жарыққа шығарып, ұрпақ қажетіне жаратуға Кеңес үкіметі ыдырап, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана кең жол ашылды.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты А. Байтұрсынұлы шығармашылығын тарихи-саяси тұрғыдан ақтаудың да (1988), оның мұрасын мұрағаттардан іздеп тауып, басып шығарудың да басында тұрды. Айталық, ақтала салысымен, алғаш рет ғалымның жеке жинағын құрастырып, «Жазушы» баспасынан шығарды (1989). Аталған жинаққа қаламгердің өлеңдері, аудармалары мен зерттеулері енгізілді (Жинақты әзірлегендер: Ә. Шәріпов, Ш. Сәтбаева (алғысөзін жазған), С. Дәуітов).

Мұнан соң, 1991 жылы «Жалын» баспасынан қаламгердің өлеңдері, тәржімелері, публицистикалық мақалалары мен әдеби зерттеулері енген «Ақ жол» жинағы (құрастырған Р. Нұрғалиев) және 1992 жылы «Ана тілі» баспасынан қазақ тілі мен оқуағарту саласына қатысты еңбектері қамтылған «Тіл тағылымы» жинақтары жарық көрді. (Жинақты әзірлегендер: Р. Сыздықова мен Ш. Сарыбаев (жалпы редакциясын басқарған), Ғ. Әнесов, А. Мектепов).

2002 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған бестомдық шығармалар жинағының бір томы «Жібек жолы» баспасында басылып, кейіннен «Алаш» баспасынан (2003-2006 жж.) толық жарық көрді.

2013 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты алтытомдық шығармалар жинағын әзірлеп, «Ел-шежіре» баспасынан шығарды. (Жинақты құрастырғандар: А. Ісімақова, Г. Пірәлі, С. Сәкенов, К. Мұстафаева, А. Хаван, Р. Имаханбет).

Соңғы жылдарда О. Жұбай мен Ә. Ахметтің құрастыруымен «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» («Алашорда» баспасы, 2017) және «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» («Қазақ университеті» баспасы, 2022) жинақтары жарық көрді.

Өз кезінде Ахмет шығармашылығын халыққа кеңінен таныстырып, ғылыми айналымға түсіруде жоғарыда аталған еңбектердің маңызы зор болды. Дегенмен, дара тұлғаның шығармашылығы ақталғаннан бергі уақытта жасалған шаруалардан гөрі, жұмыла атқаруға тиісті істердің қарасы әлі де алдымызда асу бермей тұр. Соның ішінде кезек күттірмейтін, кейінге қалдыра беруге болмайтын аса қастерлі шаруа – ұлт қайраткерінің қаламынан туған бар мұрасын түгендеу, жинақтау, жүйелеу, тұтас құбылыс ретінде ұрпаққа аманат ету. Бұл міндетті жүзеге асырудағы әлемдік өркениетте қалыптасқан өнегелі үрдіс – классик қаламгер шығармаларының академиялық толық жинағын қалыптастыру.

Академиялық басылымның тұрпаты, әдетте, баспалардан шығып жататын тақырыптық басылымдардан мүлде өзгеше екені әлемдік мәдениетке мәлім болғанмен, біздің ғылыми ортаға әлі орныға қойған жоқ. Егер қысқаша түйіндесек, оның мынадай басты ерекшеліктерін атап айтуға болады.

Біріншіден, академиялық ғылыми басылым қатаң деректілікке негізделеді. Мұнда қаламгердің қолжазба мұрасынан бастап, әртүрлі басылымдары, тіпті, олардың шимайланған, түзетілген (черновик) нұсқаларына дейін түгел назарға алынады.

Екіншіден, осы нұсқалар түгелге жуық мәтіндік салыстырудан өткізіліп, терең текстологиялық зерттеу жүргізіледі.

Үшіншіден, қаламгер заманында қолданылған тарихи лексика, оның өзіне тән сөз саптасы мен қаламгерлік мәнері (стилі) барынша сақталады, оған орынсыз өзгерістер енгізілмейді. Егерде қандай да бір өзгерістер жасалса, ғылыми түсініктерде көрсетіледі.

Төртіншіден, әр шығарманың жазылу уақыты, оның түрлі нұсқаларындағы айырмашылықтар, баспалардан кеткен қателіктер сарапталған, шығарма жазылған уақыттағы тарихи жағдайлар мен жер-су атауларына қатысты анықтамалықтар, есімдер көрсеткіші мен сөздік беріледі.

Бесіншіден, академиялық жинақта қолжазбалардың, қаламгердің көзі тірісінде жарық көрген түпнұсқаға баланатын

басылымдардың көшірмелері (факсимилесі) мен көне фотосуреттер және мұрағат құжаттары қоса беріледі.

Мұның барлығы айналып келгенде, жинақтың тарихи маңызын, ғылыми құндылығын арттыра түседі. Академиялық басылым даярлау классик қаламгерге көрсетілетін құрмет қана емес, гуманитарлық ғылымның жоғары жетістігі болып саналады. Мұндай жинақ классикалық мәтіннің канондық нұсқасын анықтап, отандық және әлемдік мәдениет үшін ғылыми құндылығын еселеп арттырады. Ғылыми негізде жүйеге түскен мәтін қалың оқырманнан бастап, мектеп оқулықтарының авторларына дейін құныға бас қоятын рухани игілікке айналады. Жаңа басылымдар мен сөздіктерді жасауға тиянақ болады. Мұндай академиялық басылымдар даярлау Қазақстанда кенже қалып келе жатқан мәтінтану ғылымын жандандыруға да ықпал етеді.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолға алып отырған қазақтың классик қаламгерлерінің академиялық толық жинағын әзірлеп басып шығару ісі еліміздің руханияты үшін осындай асқаралы мақсатты көздейді.

А. Байтұрсынұлы қазақ, орыс тілдеріне жетік, жазба әдебиет өкілі бола тұра, өкінішке орай, қуғын-сүргіннің салдарынан ғалым шығармаларының қолжазбасы бізге жетпеді. Соңғы кезде зерттеушілердің тынымсыз ізденістерінің арқасында автордың өз қолымен жазған кейбір жазбалары там-тұмдап табылып жатыр. Бұл – әлі де ұзақ ізденісті қажет ететін тауқыметті шаруа. Есесіне, А. Байтұрсынұлының шығармалары өткен ғасыр басындағы мерзімді басылымдарда да, кітап болып та молынан жарияланған. Бірақ бұлардың ішінде бізге тозып, жыртылып жеткендері, кейбір басылым нұсқаларының әлі күнге табылмай отырғаны да жоқ емес.

Сол сияқты, жазудағы әркелкілік, баспахана ісіндегі бірізділіктің болмауын да атап айтқан жөн. Қазақ жазуының негізін қалаған ғалым жазу емлесіндегі кейбір мәселелерді оқтын-оқтын жетілдіріп, өзгеріс енгізіп отырған. Өз шығармалары қайта басылған сайын әр басылымды мұқият қарап, өзгерістер

енгізіп, жетілдіріп, баспаханадан кеткен олқылықтарды да түзетумен болған.

Бұл басылымдардың барлығының төте (араб) жазуда болуы да – бүгінгі мамандарға қосымша салмақ. Жинақты құрастыру барысында Институттың ғалым-мамандары осындай күрделі, қиын сынақтан өтті.

Академиялық жинақты дайындау барысында А. Байтұрсынұлының көзі тірісінде жарияланған басылымдары түпнұсқа мәтін ретінде негізге алынды. Ғалымның XX ғасыр басында араб әрпінде жарық көрген кітаптары, баспасөз материалдары, мұрағат құжаттары мен тәуелсіздік кезеңінде әлденеше мәрте басылып шыққан жинақтарындағы шығармалары өзара жолма-жол салыстырылып, жүйелі текстологиялық саралаудан өткізілді. Аталған жарияланымдарда әр қилы себептермен өзгертілген, алынып тасталған мәтіндік айырмашылықтар толықтай дерлік қалпына келтірілді. Бестомдық академиялық басылымды әзірлеу барысында А. Байтұрсынұлының осы уақытқа дейінгі жинақтарына енбеген ішінара оқу құралдары мен мақалалары, кейбір мұрағат құжаттары жинаққа тыңнан қосылды. Осылайша ғалымның мұрасын мәтінтану тұрғысынан саралап, салыстырып, ғылыми түсініктер беруде іргелі, тиянақты жұмыстар жасалды деп айтуға толық негіз бар.

Академиялық жинақтың бірінші томына қаламгердің «Қырық мысал», «Маса» сияқты алғашқы кітаптары мен ел ішінен жинап бастырған «Ер Сайын» және «23 жоқтау» жинақтары топтастырылды.

«Қырық мысал» алғаш 1909 жылы Санкт-Петербургте, кейіннен 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда жарық көрген. Онда негізінен, ақынның И.А. Крыловтан аударған мысалдары жинақталғаны белгілі. Мысалдардың сюжетін сақтай отырып, оқиға желісін қазақ ұғымына түсінікті етіп көркем тілмен аударған ақын еркін көсіліп, тың ойлар айтқан. Шығармалар он бір буынды қара өлең үлгісімен аударылған. Автор ауыз әдебиетіндегі сөз ырғағы, сөйлеу мәнері, мақал-мәтел сияқты тұрақты

тіркестер сәтті қолданылған жаңа ұлттық телтума жасады, мысалдың соңына мәтінде суреттелетін оқиғадан туындайтын ғибратты қорытынды, түйін, түсінік беріп отырған.

«Маса» алғаш 1911 жылы Орынборда жарық көрген. Кейіннен 1914 және 1922 жылдары өңделіп, толықтырылып, Қазан қаласында қайта басылған. Бұл жинаққа ақынның өз өлеңдерімен бірге И.А. Крылов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ю.В. Жадовская, А.Н. Апухтин секілді орыс ақындары шығармаларының аудармасы енгізілген.

«Ер Сайын» жыры Нәзір Төреқұлов пен Әлихан Бөкейханның қолдауымен Мәскеуде Ұлттар комиссариаты жанындағы «Күншығыс» баспасынан 1923 жылы жеке кітап болып басылды.

1926 жылы басылып шыққан «23 жоқтау» жинағына қазақ жоқтауларымен қатар қырғыз жоқтаулары да қоса берілген. Жинақтағы жоқтау мәтіндерін жинап, түзеткен А.Байтұрсынұлы мен Қыр баласы (Ә. Бөкейханның бүркеншік аты). Кітапта жеті жоқтаудың В.В. Радловтың жинақтарынан алынғанына қатысты сілтеме берілген. Бірақ бұлардың біразы қысқартылып, кейбір сөздердің өңделгені байқалады.

Бұл томға енген мәтіндерді әзірлеу барысында «Қырық мысал» жинағының 1922 жылғы, «Маса» жинағының 1922 жылғы, «Ер Сайын» жырының 1923 жылғы, «23 жоқтау» жинағының 1926 жылғы басылымы негізге алынды. Осы басылымдардың құрылымы сақталып, түсініктер мен сілтемелер өзгеріссіз берілді.

Бестомдықтың екінші томына ғалымның «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы («Қазақ» газеті, 1913), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Оқу құралы» (Орынбор, 1921), «Оқу құралы» (үлкендерге арналған, Семей, 1921), «Сауат ашқыш» (Семей, 1926) және «Әліпби. Жаңа құрал» (Қызылорда, 1928) атты оқулықтары топтастырылды.

Мәтіндік салыстыру жұмыстары барысында 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыш»

басылымы 1989 жылғы «Шығармалары» жинағына, 1991 жылғы «Ақ жол» және 2003 жылғы көптомдық пен 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағына енген мәтіндермен салыстырылып, түпнұсқаға баланатын басылым негізінде біршама өзгертулер енгізілді.

А. Байтұрсынұлының бұған дейінгі жинақтарында 1912 жылғы «Оқу құралының» бірінші бөлімі ғана жарияланып келген. Аталған оқулық 1912–1925 жылдар аралығында бірнеше рет толықтырылып, қайта басылған. Осы академиялық жинаққа біршама толық нұсқа ретінде 1921 жылғы (Орынбор) басылымы енгізілді. Яғни аталған оқулықтың екінші бөлімі оқырманға тұңғыш рет ұсынылып отыр. Үлкендерге арналған «Оқу құралы» да (Семей, 1921) осы жинаққа жаңадан енгізілді.

Екінші томның өзіндік ерекшелігі – «Әдебиет танытқыштан» өзге төрт оқулық транслитерация тәсілімен берілді. Мұнда XX ғасыр басында А. Байтұрсынұлының төте жазуының қолданысқа ену, әліпбидің жетілдірілу, емленің қалыптасу тарихы және төте жазу арқылы оқу-ағарту істерінің даму барысы, оқытудағы әдістемелік жағдайлар ғылыми қауымға түсінікті болу жағы көзделді. Бір сөзбен айтқанда, аталған оқулықтардың мәтіні түпнұсқаға баланатын басылымдарға сүйеніп берілді. Томның кезекті ғылыми түсініктерінде оқулықтардың емлесіндегі ерекшеліктер көрсетілді. Қазақ жазуының реформаторы болғандықтан және қазақша оқулықтар жазудың басында тұрғандықтан, томды құрастырушылар ғалымның сол кезеңдегі ғылыми тұжырымдарын, ұстанымдарын толық аңдату үшін, түпнұсқалық қағиданы қаперде ұстады. Томды пайдаланушылар аталған оқулықтардағы емлелік ерекшеліктерге қарай отырып, 1912-1929 жылдар аралығындағы қазақ әліпбиінің даму барысын білуге, зерттеуге мүмкіндік алады.

Жинақтың үшінші томына ғалымның Т. Шонанұлымен бірге жазған 412 беттік «Оқу құралы» еңбегі енгізілді. Орта мектептің III-IV жылдық оқу бағдарламасына арналған бұл оқулық 1926 жылы жарық көрген. Бұл жинақта хрестоматиялық

еңбектің түпбасылымындағы суреттер қоса берілді. Оқулықтың 1926 жылғы екінші басылымы мен 1927 жылғы үшінші басылымдары өзара салыстырылды. Сонымен бірге ғалымның 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағымен салыстырылып, текстологиялық сүзгіден өткізілді, мәтіндік өзгерістер ғылыми түсінікте көрсетілді.

Ғалым 1923 жылдан кейін сол тұстағы оқу-ағартудағы жаңа бағыттарға бейімдеп, бұған дейінгі оқу-ағарту ісінде айырықша сұранысқа ие болып келген оқулықтарын өзгертіп қайта жаза бастаған. «Тұтас сөз» әдісі жолымен жазылған «Әліпби. Жаңа құралы» I-II жылдыққа арналған оқулығы соның дәлелі. Сонымен қоса, Т. Шонанұлымен бірге III-IV жылдыққа арнап көлемді «Оқу құралын» жазып шықты. Аталған оқулықтың бірінші басылымы қай жылы шыққаны белгісіз. Алғысөзінің 1923 жылы жазылғанына қарап, екі ғалым аталған көлемді оқулықты жазуға ерте дайындалғаны жөнінде тұжырым жасауға болады. 1926 және 1927 жылғы басылымдары арасында көп айырмашылық кездеспейді. Екі басылымның титул беттері мен алғы сөзінде ғана аздаған айырмашылықтар бар. Оны авторлар үшінші басылымның алғы сөзінде «Оқу құралының» төртінші басылымын дайындап жатқанын және өзгерістер мен толықтырулар енгізбек екенін оқырманға ескертеді. Алайда, қазірге дейін «Оқу құралының» төртінші басылымы туралы нақты мәлімет табылған жоқ.

Хрестоматиялық еңбек қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, жағрапия, жаратылыстану, т.б. ғылым салалары бойынша мағлұматтар береді. «Оқу құралы»: «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» және «Ғылым» деген екі үлкен бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 162 тақырып қамтылған. Екінші бөлімінде «Өсімдік пен жандық», «Табиғат құбылыстары» және «Дүние» деп аталған үш тақырыпшадан тұратын 62 тақырып енгізілген.

«Оқу құралы» XX ғасырдың 20-жылдары жарық көргендіктен, бұл еңбекте сол кезеңдегі қазақ әдеби тілінің лексикалық және орфографиялық нормаларына сәйкес жазылған сөздер

кездеседі. Мәселен, осы күнгі әдеби тіл қолданысындағы сурет, дәреже т.б. сөздер «Оқу құралында» «сүгірет», «дәража», «шыға баратқанда», «ірет» т.б. болып қолданылады. Мәтіндегі бұл сөздердің біразы қазіргі қолданысқа сай жазылды, кейбірінде сол тұстағы емлелік ережелерді бүгінгі ғылыми қауымға толықтай көрсету мақсатында түпбасылымдағы үлгісі сақталды.

Төртінші томда 1927 жылғы «Тіл-құрал» атты тіл танытқыш еңбектің дыбыс және сөз жүйесіне арналған екі бөлімі алғаш ұсынылып отыр. Бұған дейінгі басылымдарда тек сөйлем жүйесіне арналған үшінші бөлімі ғана жарияланып келген. Жинаққа 1921 жылғы «Баяншы» және «Тіл-жұмсар» еңбегінің II бөлімі кирилл әрпінде бірінші рет енгізілді. Бұған дейінгі жинақтарда 1920 жылғы «Баяншы», ал «Тіл-жұмсардың» I бөлімі ғана жарияланған. Еңбек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздары съезінің қаулысына сәйкес түзетіліп, жаңа емлемен басылған. Яғни, 1914-1928 жылдар аралығындағы жарық көрген басылымдардан елеулі өзгешеліктері бар. Академиялық басылымда түпнұсқаны негізге ала отырып, сөздердің жазылуында, бірге, бөлек таңбалануын беруде, тыныс белгілердің қойылуында сол кездегі нормалар академиялық басылымның талаптарына қарай сәйкестендірілді.

Бесінші томға ғалымның алуан тақырыптағы (тілтанымдық, әдебиеттану, оқу-ағарту, әлеуметтік және саяси, т.б) мақалалары, баяндамалары, үндеулері, ашық хаттары, мұрағат құжаттары және фотосуреттері топтастырылды. Жинаққа А. Байтұрсынұлының 1895 жылы «Тургайская газетада» басылған «Киргизские приметы и пословицы» атты тұңғыш мақаласынан бастап, «Айқап» (1911–1914), «Шора» (1913), «Жаңа мектеп» (1925–1928) журналдарында және «Тургайская газета» (1896), «Қазақ» (1913–1917), «Ақжол» (1923–1925), «Южный Урал» (1917), «Известия Киргизского края» (1920), «Жизнь национальностей» (1919, 1923), «Қазақ тілі» (1923), «Еңбекші қазақ» (1925, 1927, 1928, 1929) газеттерінде, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген тоқсаннан аса мақаласы енді.

Академиялық басылымның басты жаңалығы ретінде бұрынырақтағы жинақтарда жарық көрмеген «Шаруалық өзгерісі» (көлемі 107 бет), «Жазу мәселесі» (Шәкәрім ақсақалға жауап), «Алаш азаматтарына», «Бес мың десятина жер», «Көңіл айту» (Р. Марсековқа), «Шура-и ислам», «Алаш азаматтарына» (босқын қырғыздарға жәрдем беру туралы), «Дәйекші», «Өрбу», «Қазақ халқына», «Еркін дала», «Тағы да жер жайынан», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «Мұсылмандар үшін Петерборда болатын кеңес жиылысы», «Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына», «Азамат серіктігінің жалпы жиылысы», «Заявление т. Ахмета Байтурсунова», сондай-ақ Қызылорда мұрағатынан табылған «А. Байтұрсынұлының арызы» сынды әр тақырыпта жазылған мақалалары, үндеу хаттары, арыз-шағымдарымен қоса, бұған дейін мәтінінің жартысы ғана табылып жарияланған «Жазу мәселесі» (Ғ. Мұса мырзаға жауап), «Қазақша сөз жазушылар диқатына» қатарлы бірнеше мақаласының басаяғы түгенделіп, тұңғыш рет жинаққа ұсынылды.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен» табылған, 1921 және 1924 жылдары өз қолымен толтырған жеке іс парағы, Ленинге жазған үш хаты академиялық жинаққа алғаш рет енгізілді. Осы орайда, аталған үш хаттың тыңнан қосылған жаңа жазба дерек қана емес, қайраткер тұлғаның саяси көзқарасы мен ұлттық ұстанымын айқын көрсететін аса маңызды құжат екендігіне ерекше назар аударамыз.

Әр кезде жарық көрген ғалымның жеке жинақтарындағы мақала мәтіндері («Тіл тағылымы», 1992), А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағы (4-том, 2006) және алтытомдық шығармалар жинағы (4-том, 2013) аталған газет-журналдардағы түпбасылым нұсқаларымен жолма-жол салыстырылып, жүйелі текстологиялық саралаудан өтті. Нәтижесінде кезінде қалып қойған, редакцияланған, сызып тасталған сөз-сөйлемдер, тіркестер, мәтіндегі өзгерістер толық қалпына келтірілді.

Жинақтың тағы бір ерекшелігі барлық шығармалардың факсимиле нұсқасының қоса берілуі. Бұл – академиялық

басылымның ғылыми деректілігін арттыратын басты ұстанымдардың бірі.

Ғалымның академиялық толық жинағы міне, осындай толықтырулармен, айта қаларлықтай жаңалықтарымен халық игілігіне ұсынылып отыр. Ұлт ұстазының жаңадан табылған мақалалары, мұрағат құжаттары, тұңғыш рет жарияланып отырған оқулықтары, т.б. тыңнан қосылған құнды деректер аталған жинақты шығаруға атсалысқан барлық мамандар тобының еселі еңбегінің жемісі деуге болады. Мысалы, бас-аяғы толықтырылып берілген мақалалар мен жаңадан табылған деректерді былай қойғанның өзінде, тұңғыш рет ғалымның төл еңбегі ретінде жұртшылық назарына ұсынылып отырған «Шаруалық өзгерісі» атты көлемді қолжазбасының ахметтану мен алаштануда ғана емес, сонымен бірге әдебиеттану және мәдениеттану сияқты ғылым салаларында алар орны ерекше. Бұл орайда, «Шаруалық өзгерісі» еңбегінің қолжазба күйінде жеткен бірден-бір нұсқа екендігін атап айтқан жөн. Төте жазумен хатқа түскен қолжазбаның ғалымның өз қолтаңбасы екендігін дәйектеу әлі де зерттеп, нақтылауды қажет етеді. Сондықтан жинаққа қолжазбаның факсимилесі толық берілді

Жинақты дайындау барысында А. Байтұрсынұлының атыжөні көрсетілмеген мақалалардың бұған дейін бірде Ахметке, бірде басқаларға телініп келген екіұдай пікірлердің барын ескере отырып, томға, негізінен, автор ретінде аты анық жазылған мақалалары енгізілді. Ал, автор есімі шартты белгілермен қойылған жағдайда, зерттеушілердің сенімді ғылыми дәлелдері негізінде күмәнсіз дәйектелген мәтіндер А. Байтұрсынұлы еңбегі ретінде жинаққа қосылды.

Академиялық жинаққа ғалымның осы уақытқа дейін ғылыми ортаға мәлім болған шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтанулық сараптаулар жасалып, әр шығармаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар көрсетіліп, ғылыми түсініктер жазылды. Әрбір том шығармаларда кездесетін жер-су атаулары мен есімдер көрсеткіші, сөздіктер, пайдаланылған әдебиеттер

тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйіндеме сияқты қосымшалармен жасақталды. Жинақтағы еңбектердің түпнұсқасы ретінде бір басылымының (көпшілігі бірнеше рет басылған) факсимилесі қоса берілді.

Жинақ Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар мен докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ ғалым мұрасын қадір тұтатын барша оқырман қауымға арналады.

Сөз соңында еліміздегі және алыс-жақын шетелдердегі мұрағат көздерінен, кітапханалардағы қолжазба қорларынан, сирек кітаптар мен газет-журналдар жиынтығынан А. Байтұрсынұлына қатысты құжаттық деректерді, мақалалар мен фотосуреттерді тірнектеп тауып, қолдарына ілінген құнды дүниелерімен бөлісіп, академиялық жинақтың сапалы шығуына атсалысқан алаштанушы, ахметтанушы ғалымдарға, осы жинақты басып шығаруға қол ұшын берген азаматтарға РИЗАШЫЛЫҚ білдіреміз.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының ұжымына; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Орталық ғылыми кітапхана ұжымына, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры С. Мәліковаға, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті «Рухани жаңғыру кеңсесінің» жетекшісі, филология ғылымдарының докторы А. Әбсадыққа, белгілі әлихантанушы ғалым С. Аққұлұлына, алаштанушы Е. Тоқтарбайға, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторанты А. Махамбетоваға және осы еңбекті дайындау барысында ақыл-кеңес берген зиялы қауымға

А Л Ғ Ы С !

Редакция алқасы

Ахмед Байтұрсынф*

Қырық мысал

Орысшадан қазақшаға 1901–1904 жылдарда тәржіме еткен: Ахмед Байтұрсынф

3-нші басылуы

Тип. «Татарстан».
г. Казань – 1922 г.

Р. В. Ц. Казань

«Татарстан» мәтбағасы
Қазан – 1922 жыл.

Тираж 5, 000 экз.

* 1922 жылы жарық көрген «Қырық мысал» кітабының мұқабасы



ЗАМАНДАСТАРЫМА

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
«Қанағат азға, – деген, – жоққа сабыр»,
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым!

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,
Күй қайда үздік шығар топты жарып!
Ат тұрмас аяғында желі болса,
Дүсірлеп шапса біреу, қиқу салып.

Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,
Естілсе құлағына дүбір барып.
Әйтпесе арық шауып өндіре ме,
Жүргенде қамыт батып, қажып-талып?!

А.Б.

1. АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады аққу көкке, шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мәз болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Аслан жүк орнынан қозғалмады.

Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

* * *

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

2. ШЫМШЫҚ ПЕН КӨГЕРШІН

Бір шымшық торға түсті соры қайнап,
Барды ма, кім біледі, ажал айдап.
Бәлені қаза менен қайда деме,
Ғаріп боп, отыр сорлы көзі жайнап!

Жанына жас көгершін ұшып келді,
– Не қара басты торға түсіп? – деді.
Тал түсте торды көрмей, соқыр ма едің,
Есалаң, ақылың жоқ, күшік, – деді.

Түсер ме есі дұрыс күндіз торға?!
Ақылың жоқтығынан қалдың сорға.
Мысалы, мені алдап еш уақытта,
Тор түгіл, түсіре алмас онан зорға.

Кім күлмес бостығыңа сен жаманның,
Алдырған айласына бір наданның.
Мен соған қол берейін түспесіме,
«Амалы саған ғана мол адамның».

Десе де: «Ақыл серік қонған баққа»,
Ем болмас, бастан бағың таяр шақта.
Пысықсып көгершінім отырғанда,
Қалыпты өзі түсіп қыл тұзаққа.

– Ақылың қайда кетті, данышпаным,
Серт етіп түспеске қол алысқаның?
Біреуге күлсең, келер өз басыңа,
Табалап мұнан былай күлме, жаным!

* * *

Біреуді білмес адам табалайды,
Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды.
Ісіңнен бір істеген жазым тапсаң,
Болды деп білмегеннен шамалайды.
«Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзді
Бекер деп пікір ету жарамайды.
«Алланың адам басы – добы» деген,
Қуса да қалай қарай домалайды.

3. АТ ПЕН ЕСЕК

Біреудің есегі мен бар еді аты,
Апарар бір қалаға болды заты.
Аты мен есегіне артып алып,
Аяңдап, жолға түсіп келе жатты.

Жүк ауыр, есек сасып алақтайды,
Иесі дем алуға қаратпайды.
Әл кетіп, жығыларға таянғанда
Жалынып атқа есек сөз айтады:

– Ат достым! Жүгім ауыр, халім бітті,
Емеспін жүре алатын енді тіпті.
Зорығып, жолда өліп қалатынмын,
Алмасаң ауыстырып біраз жүкті.

Ат оған ешбір жауап қайтармайды,
Ауырлап жүгін есек қайқаңдайды.
Ентігіп, ішін соғып, демі құрып,
Жүрерге онан әрі жайы қалмайды.

Жығылды есек байғұс дымы құрып,
Тұрмады айдаса да иесі ұрып.
Сойды да, жүгін, терісін атқа салып,
Қалаға келе жатты тағы жүріп.

Қараңдар, шара бар ма мына сорға?
Аяғын ат келеді басып зорға.
Қысымды есек көрген бұ да көріп,
Болдырып, былғақтайды оңды-солға...

«Мен қате еткен екем... Ah! – деді,
Өкініп өткен іске ат келеді:
Есектен аз жүк алып, қарасқанда
Қиындық мұндай маған болар ма еді?!»

* * *

Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек?
Мысалы, еткен қайыр – бір бәйтерек!
Қайырың біреуге еткен болып терек,
Көрерсің рахатын көлеңкелеп.

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде –
Біреуге қысылғанда жәрдем бермек!
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,
Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп.

4. МАЙМЫЛ

Жер жыртты ерте тұрып қарашекпен,
Қашаннан кәсібі еді егін еккен.
Асырап қатын-бала еңбегімен,
Кісі еді күшін жегіп, ауқат еткен.

Ертеден кешке дейін дамыл алмай,
Өткізді ұзақ күнді қызметпен.
«Жарайды, бәрекелді, сабаз-ай!» – деп,
Алғысты берді оған өткен-кеткен.

Күншілік етті бұған маймыл надан,
(Мақтауды маймыл түгіл, сүйеді адам).
«Осындай жұрттан мақтау алмайтұғын, –
Ойлады: – мен кеммін бе, – деп, – анадан».

Маймылдың көзі түсті томашаға,
«Енді жұрт қалсын, – дейді, – тамашаға».
Томарды бір көтеріп, бір сүйретіп,
Бүлінді өз-өзінен оңашада.

Томармен домалайды ойға өрден,
Біресе арқалайды алып жерден.
Өкпесін шапқан аттай баса алмайды,
Денесі көрінбейді аққан терден.

Сарп етті жан аямай маймыл күшін,
Ешбір жан мақтамады еткен ісін.
Сықылды осы маймыл адамдар көп,
Көрсетіп неғылайын ашып түсін.

* * *

Не бітер күшті орынсыз жеккенменен,
Шығар ма тасқа егін еккенменен?
Ойлама алғыс, абырой аламын деп,
Пайдасыз құр мехнат еткенменен.
Мақсұтқа ойыңа алған жете алмайсың,
Мал шашып құр далаға төккенменен.
Пайдалы істен алар абыройың,
Кетпейді кейін қарай тепкенменен.

Орынды болса еткен мехнатың,
Халықтың түсірерсің ілтипатын.
«Пәленше, бәрекелді, жарайды!» – деп,
Шығады сол уақытта жақсы атың.

5. ЕГІННІҢ БАСТАРЫ

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды,
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кезі еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап:

– Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
Әй, әке! Мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып!

Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзге көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?

– Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан.

Және де әкесі айтты баласына:
– Сұқтанба құр сорайған қарасына!
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сиынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді,
Тәкаппар, оны халық жаман, – дейді.
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам, – дейді.

6. ӨГІЗ БЕН БАҚА

Бір өгіз айдын шалқар көлге келді,
Жағалап суаты бар жерге келді.
Шілденің сарша-тамыз ыстық кезі,
Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді.

Су ішіп, көлдің шықты жағасына,
Мал еді көз тоятын қарасына.
Артықша бір көлбақа күншіл екен,
Сол көлдің бақасының арасында.

Өгізді суға тойған бақа көрді,
Секіріп, көршісіне жетіп келді.
– Боламын мен де сонау өгіздей, – деп,
Жел тартып, ісіп, кеуіп, қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: – Толдым ба? – деп,
Өгіздей, анау тұрған болдым ба? – деп.
Өгіз бен екеуіне қарап тұрып,
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

– Өгіздей болу саған қайда, шырақ?!
Араңыз екеуіңіздің тым-ақ жырақ!
Онымен бірдей болып толмақ түгіл,
Қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ.

– Қарашы! Енді қандай болдым? – деді,
Міне, мен жаңа әбден толдым! – деді.
Жолдасы тағы қарап денесіне:
– Қалпында қараң менен пормың, – деді.

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді бақа!
Зорланды қарнын керіп енді бақа.
Шыдамай жұқа қарын керуіне,
Жарылып, сол арада өлді бақа.

* * *

Күнәсі күндегеннің жаман қатты,
Күндеме біреуге Алла берген бақты?!
Өгізді күндеп, сондай боламын деп,
Көлбақа онан қанша пайда тапты?!
Әуелде Құдай өлшеп берген дене,
Қаншама зорланғанмен артылмапты.
Нақыл сөз «Әлін білмес әлек» деген,
Осындай әуре болған жаннан қапты.

7. ЕМЕН МЕН ҚАМЫС

Бір көлдің емен айтты қамысына,
Сыбайлас көптен бергі танысына:
– Жаратқан мені Құдай сонша артық,
Мықты, – деп, – жер жарылад дабысыма!

Жалғыз-ақ тең көремін Қаптың тауын,
Дүниеде менің қорқар бар ма жауым?!
Қасқайып иілмеймін, бүгілмеймін,
Соқса да қандай қатты құйын, дауыл.

Қорғаймын өзім түгіл, аймағымды,
Болса да қандай аптап, қандай жауын.
Мың сан құс келіп қонсын бұтағыма,
Зарардай көрінбейді маған ауыр.

Бірді олай жаратқанда, бірді бұлай,
Бәрінен қор жаратқан сені Құдай.
Жел тұрса, зәрең ұшып қалтырайсың,
Басыңа, ауырлайсың, қонса торғай.

Жел жүріп, судың беті жыбырласа,
Ызыңдап, құлағыңа сыбырласа.

Бұғасың, бүгілесің сонша төмен,
Тұрамын жарар ед деп жығылмаса.

Егерде жақын жерде болсаң маған,
Ешкімді жолатпас ем, қорғап, саған.
Әуелде сені Құдай жаратқанда,
Аслан сенің жайыңды ойламаған.

Беріпті саған орын суға жақын,
Тұрсын деп құйын, дауыл, дуға жақын.
Көз салып, әр тарапқа қарап тұрсам,
Аз екен дүниеде сенен пақыр...

– Құлақ сал, емен батыр, тоқта азырақ!
Есімі пақырлықтың менен жырақ.
Иілсем, мені дауыл сындыра алмас,
Сындырар сені қайта бұрынырақ.

Ықтияр дауыл соқсын, құйын соқсын,
Уайым менің үшін жеме бірақ.
Дауылдан иілсем де, бүгілсем де,
Мен саған жалынбаймын жәрдем сұрап.

Еменім, сен білмесең, мен айтайын,
Менен де сенің қаупің артығырақ.
Ол рас, сені әлі жеңе алмай жүр,
Кез келмей күші сенен басымырақ.

Дүниеде өзім деме жалғыз мықты,
Адасқан олай ойлап қаталықты.
Болмады сөзін тәмам еткенінше,
Бұрқырап, құйындатып дауыл шықты!
Дауылдың екпініне шыдай алмай,

Не түрлі мақұлықтың бәрі ықты.
Қашаннан айла етіп, әдіс алған,
Жабысып, жер бауырлап, қамыс бұқты.

Қайсарып, қайыспастан емен тұрды,
Дауылға көрсетем деп мықтылықты.
Нағылсын оның емен екендігін,
Қопарып түбірімен дауыл жықты.

* * *

Білеміз, қамыс нашар, емен мықты,
Еменді мықты деген дауыл жықты.
Майысып, қарсыласпай, қамыс бұғып,
Сынбастан сол дауылдан аман шықты.

Мықты деп болса біреу аты шыққан,
Алысып, болмаса жан оны жыққан.
Кісіге аса қайрат пайда бермес,
Бір күні жазым табар тасқандықтан.
Күштінің ыңғайымен жүргендерді
Ойлама істейді деп жамандықтан.
Болмаса қайратыңа ебің серік,
Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан.

8. ҚАСҚЫР МЕН ТЫРНА

Бір қасқыр сапар шекті елден жырақ,
Неше күн таппай азық, қалды жарап.
Жемтіктің жақын жерде иісін сезіп,
Қасекең келе жатыр соған қарап.

Қасқырдың кім білмейді қомағайын,
Көңілден, жемтік көріп, кетті уайым.
Келді де бір сүйекті салды ауызға
Шетінде бөлегірек жатқан дайын.

Кемірмей, қалпынша жұтып қалды,
Тамақта жүрмей сүйек тұрып алды.
Қақалып, дем ала алмай сасқанынан
Алақтап, жан-жағына көзін салды.

Қақалды, сүйек жүрмей тамағына,
Болмады әртүрлі еткен амалына.
Жанынан күдер үзіп тұрған шақта
Көзіне түспесін бе жалғыз тырна.

Тырнаны шақырады ишаратпен,
Мәнісін баяндауға жайы кеткен.
Ойлайды: «Бұ тұрғанда тіл алмас, – деп,
Көңілін жұмсатпасам алдап еппен».
Бұрынғы мықтылықты былай қойып,
Тырнаға сөз сөйлейді кішілікпен:
– Шырағым, дүниеде ұмытпайын,
Құтқарсаң мені қазір осы дерттен.
Танысып, сеніменен дос болмаққа
Жүруші ем кез келгей деп, тілеп көптен.
Білуші ем әкеңді де, тырна, сенің,
Дүниеде кім бар еді онан өткен?!
Ежелден олқылық жоқ нәсіліңде,
Көз салып қарап тұрсам арғы түптен.
Баласы атайының сен бір асыл,
Сыртыңнан жүрміз әлі зор үмітпен.
Біле алмай неғыларын, сасқалақтап,
Алдыңда ағаң отыр есі кеткен.

Тырнажан, не қылсаң да, енді өзің біл,
Айдынның сарқыны едің жұртқа жеткен.

Тырна естіп мына сөзді, судай тасты,
Қасқырдың тамағына тықты басты.
Суырып сүйекті алып тастап еді,
«Уh!» деп қасқыр сонда көзін ашты.
Құтқарған зор бәледен тырнасына
Ол бірақ көрсетпеді ықыласты.
«Еңбегін бер» деп тырна сұрап еді,
Қасекең сау күндегі әнге басты:

– Не дейсің, ойын ба осың, шын ба, тырна?
Қажауға мәжнүн жоқ саған мұнда.
Ақы алып өзгелерден дәндеп қапсың,
Қой, тырнам, ойнап мені әуре қылма!

Мен саған олжа болар ерің бе едім?
Құтқардың сөзім сыйлап, ерінбедің.
«Сыйға-сый» дегенменен, таз басыңды
Аузыма салып тұрған кемірмедім.

Көрінбей, жоғал шапшаң, көзіме енді,
Түсініп айтқан достық сөзіме енді.
Аш бөрі неше күндей дәм татпаған,
Ұялмас тап беруге өзіңе енді.

Тырна естіп мына сөзді жаман састы,
Етпес деп қасқыр олай, ойламас-ты.
«Садақа бастан құлақ» деген мақал,
Бейшара жан сауғалап тұра қашты.

* * *

Қиссасы «Қасқыр, тырна» болды тәмам,
Мінездес қасқырменен кейбір адам.
Басына бәле түсіп қысылғанда
Жалынып-жалпаяды келіп саған.
Құтқарып ол бәледен жіберген соң,
Болмайды оған кісі сенен жаман.
Жоқ болған отқа күйіп мүлкіңдей-ақ,
Қайырың зая кетер еткен оған.

Кісіге опа бермес ондай адам,
Қашыңыз ондай жаннан, келсе шамаң.
Қасқырға қайыр істеп тырна байғұс,
Қуанды кеткеніне өзі аман.

Қайырды қарап істе адамына,
Қарайлас өзіңменен шамалыға.
Қасқырдай қара жүрек залымдардың
Жүрмеңдер түсіп кетіп тамағына.

9. БҰЛБҰЛ МЕН ЕСЕК

Бір күні бұлбұл құсты есек көрді,
Қасына сөз айтпаққа жақын келді.
– Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды,
Тыңдайын, достым, біраз сайра, – деді.
Кім білсін, мұнан былай көрерімді,
Сайра, деп тағы саған келерімді?
Мен тұрмын өзім естіп сынамаққа,
Мақтаудай бар ма екен деп өнеріңді.

Есектің сөзін бұлбұл қабыл алды,
Құлағын салып есек тұра қалды.

Дауысын әлденеше түрлендіріп,
Сандуғаш не әдемі әнге салды.

Бұлбұл тұр түрлі-түрлі әнге салып,
Сайрайды бірін нәзік, бірін анық.
Даусындай сыбызғының алыстағы,
Құлаққа кейбір даусы келді талып.
Біресе шиқылдаған ащы дауыс
Шекеңнен өте жазды құлақ жарып.
Жан-мақұлық, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа
Тыңдады орны-орнында тұра қалып.

Сайрады бірде ақырын, бірде қатты,
Кейде ысқырып, кей уақыт таңдай қақты.
Жел тынып, құстар қойып шулағанын,
Қойлар да күйісін тыйып, тыңдап жатты.

Көрсетіп бар өнерін болды бұлбұл,
Есекке қарсы қарап қонды бұлбұл.
Қарап тұр екі көзін айырмастан,
Сыншы не дер екен деп енді бұлбұл.

Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа:
– Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста.
Солардың баршасы да әдемі әнге
Тауықтың айғырындай емес ұста.

Айтайын мен бір ақыл, бұлбұл, шырақ!
Тыңда сен, ілтипатпен салып құлақ.
Қораздан біразырақ күй үйренсең,
Сайрар ең мұнан гөрі артығырақ.

Бұл сөзге жәбірленіп бұлбұл қатты,
Сөз тыңдап онан әрі тұра алмапты.

«Есекке сынатпасын Құдайым», – деп,
Пыр етіп ұшыпты да, кетіп қапты.

* * *

Ал, енді мұнда қандай ғибрат бар?
Есектей іс ететін көп адамдар.
Сары жезден саф алтынды айырмайтын
Дүниеде бар емес пе не надандар?

Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.
Асылды жасықпенен танымайтын
Сынынан сақта, Алла, надандардың!

10. ЕКІ ШЫБЫН

Бір өгіз күні бойын тартып сабан,
Қайтты елге сабанымен кешке таман.
Мүйізінде қара шыбын отыр еді,
Кез болды бір танысы жолда оған.

Танысы мұны көріп келе жатқан,
Астында өгізі бар сабан тартқан.
– Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесің, сөйле, – дейді, – сен қай жақтан?

Сонда бұл мұрнын көкке көтереді,
Адамсып, маңызданып, жөтеледі.
– Жер жыртып күні бойы, шаршап келем,
Мазалап, сұрап саған не керегі?

* * *

Адамды кейбір түрлі алып еске,
Қарасақ ғибрат бар бұл кеңесте.
Біреудің я қайратын, я дәулетін
Өзімсіп жүретіндер бар емес пе?!

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке,
Өз әддін өзі білген адам көп пе?!
Мақтанып, бәрін де өзім еттім дейді,
Біреудің шылауында жүріп текке.

11. АРЫСТАН, КИІК ҺӘМ ТҮЛКІ

Бар еді бір зеңгір тау асқан биік,
Әртүрлі мекен еткен аңдар сүйіп.
Жол шеккен тамақ іздеп аш арыстан
Сол таудың арасында қуды киік.

Жақындап жүрді арыстан жетемін деп,
Ойлайды түстік тамақ етемін деп.
Келеді киік жылап бір Құдайға,
«Қайткенде мұнан аман кетемін?!» деп.

Жыласаң шын зарығып бір Құдайға,
Ойлама қалады деп зарың жайға!
Жанынан киік күдер үзген шақта
Екеуі кез болады терең сайға.
Қуанды сайды көріп енді киік,
Сайланды өтейін деп күшін жиып.
Зырқырап атқан оңтай өте шықты,
Арыстан қала берді іші күйіп.

Сол жерде түлкі келді арыстанға:
– Жығасың, – деді, – бәрін алысқанда.

Боларсың дұшпан түгіл, досқа күлкі,
Киіктен қалып қойсаң жарысқанда.

Айтамын мұны саған достықпенен,
Алмаймын еш нәрсеңді алдап сенен.
Тиісті бәйгесінен құр қалады
Кейбіреу жүрексіздік, бостықпенен.

Тілесең, қолдан келмес ісің бар ма?!
Тиісті ет қайратты күшің барда.
Сидиған жаман киік өтіп кетіп,
Ұят қой тоқтағаның осы жарға.

Ақырсаң, не шыдарлық айбатыңа,
Дұшпанның қалма мысқыл, ғайбатына.
Тұрсам да сайдың көріп тереңдігін,
Сенемін ебің менен қайратыңа!

Желікті мына сөзге енді арыстан,
Қарғуға жар шетіне келді арыстан.
Жете алмай қарғығанмен ар жағына,
Түбіне жардың құлап өлді арыстан.

Түлкі-екең құлап өлген досын көрді,
Ақырын ойға түсіп жақын келді.
Атаусыз сүйген досын тастасын ба?!
Сол жерде кешікпей-ақ асын берді.
Өлтіріп, досын алдап түлкі бұзық,
Жеп жатыр өлісімен, етін бұзып.
Бір айдай азық етіп түлкі жатты,
Сүйегін жан досының таза мүжіп.

* * *

Досың көп тірілік пен амандықта,
Түлкідей сөз беретін жарға жықпа.
Әр іске амандықта қайрап салып,
Мүжитін сүйегіңді жамандықта.

Кісіге таза жолдас табу қиын,
Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым.
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,
Басыңда сірә, Ахмет, болса миың.

Ойлама, шын достарың мол екен деп,
Сөзіне ере берме жол екен деп.
Досыңды қиын іске қайрап тұрған
Білгейсің шын дұшпаның сол екен деп.

12. ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Бір түйір ірімшікті тауып алып,
Ағашқа қарға қонды ұшып барып.
Тоқ санап ірімшікті көңіліне,
Жей қоймай отыр еді ойға қалып.

Қашаннан белгілі аңқау ала қарға,
Нәсіпке бұйырмаған шара бар ма?!
Шығатын шығасыға болып себеп,
Ағашты түлкі залым аралар ма!
Тістеген ірімшігін түлкі көріп,
Аяғын ептеп басып жақын келіп:
– Үhi! – деді, – көретін де күн бар екен,
Жүруші ем сырттан асық болып өліп!

Тамаша қарағанға түрің қандай,
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,
Келісті қалай біткен және маңдай!

Көркемдік сипатыңнан табылғандай,
Дауысың да болса керек шырын-балдай.
Көптен-ақ дабысыңды естісем де,
Болған соң келе алмадым жерім шалғай.

Сені іздеп келіп тұрмын алыс жерден,
Сұлу деп мақтаған соң әркім көрген.
«Халық айтса, қалып айтпайды» деген рас,
Арман жоқ жанда сені көріп өлген!

Көркіңді бітіре алман жазып хатқа,
Иә сөйлеп, жеткізе алман айтып жатқа.
Мен қайран, неғып патша қоймаған деп,
Дауысың да сипатыңдай болған шақта!

Нұрыңды күн секілді көріп тұрмын,
Шыдамай бойым балқып, еріп тұрмын.
Дауысыңды тым болмаса бір шығаршы,
Естуге құмар болып өліп тұрмын!

Мәз болып, мақтағанға насаттанып,
«Қайтпасын, – деп ойлады, – сағы сынып.
Алыстан арып-ашып іздеп келген
Байғұстың кетсін, – деді, – көңілі тынып».
Өтірік мақтағанға қарға еріп,
«Қарқ!» етті пәрменінше жағын керіп.
Ірімшік қарқ еткенде жерге түсіп,
Жеп алып түлкі кетті жортып-желіп.

* * *

Қарасақ, көп адамдар түлкі боп жүр,
Залымдық, өтірікпен мүлкі боп жүр.
Солардың сұмдығына түсінбеген
Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі боп жүр.

Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,
Далада кең сахара көшіп-қонып.
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек жарар еді мазақ болып.

13. ҚАСҚЫР МЕН ҚОЗЫ

Бұлаққа су ішуге келді қозы,
Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі.
«Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан»,
Бәле мен қаза алыс па, келсе кезі.

Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі
Қозыға жетіп келді жайнап көзі.
Жемекке кінә қойып сол арада,
Жала ғып, міне, қасқыр айтқан сөзі:

– Сен, қозы, текке қарап жүре алмайсың,
«Соқтықпа, маған!» – десем, тіл алмайсың.
Мойныңды қазір жұлып алайын ба,
Суымды неге былғап, ылайлайсың?

Қозы айтты: – Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ,
Тергеңіз, кінәм болса, әділ бірақ.
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ.

Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам,
Мүмкін бе ылайлауға осы арадан?!
Сіз түгіл, өзгеге жоқ қиянатым,
Не шара, жеткен болса бүгін қазам?!

– Бекер ме, – қасқыр айтты, – менің сөзім?
Білесің жалғаншы деп кімді өзің.
Әкеңді алдыңдағы танимысың?
Балам, сен байқап қара, ашып көзің!
Осындай сөздер мені күйдіреді,
Десем де шыдайын-ақ етіп төзім.
Есімнен өле-өлгенше кете қалмас
Былтырғы осы арада сөккен сөзің.

– Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр,
Келемін жарты жасқа күзде, тақсыр!
Жаралып дүниеге биыл келсем,
Тиемін былтыр неғып сізге, тақсыр?!

– Ол, әше, сен болмасаң, сенің ағаң,
Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.
Ит болсын, қойшың болсын, қожаң болсын,
Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маған.

– Нансаңыз, ағам да жоқ, інім де жоқ,
Уә ғайыры нашарлықтан мінім де жоқ.
Нақақтан мені, тақсыр, күйдіресіз,
Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ!

– Ол саған әлде күйеу, әлде құда,
Сүймейді қой атаулы мені жүдә.
Я бөлең, я жиенің, я нағашың,
Әйтеуір, саған ұқсас еді о да.

Қой затты талай зәбір берді маған,
Соларын мен де істеймін енді саған.
Кегімді қойдан алмай, кімнен алам?
Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған.

– Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің,
Зәбір ғой біреу үшін күйдіргенің!
– Үндеме, жетер, қазір уақытым жоқ,
Тұруға ақ-қараңды тергеп сенің.

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып.
Айтайын, білгің келсе, қозым, саған,
Кінәң сол, жегім кеп тұр, қарным ашып.

Шошиды қозы байғұс құлқын танып,
Құтылар білгенменен онан неғып?!
Болсын ба қозы жұмыс қасекеңе,
Жөнелді иығына салып алып.

* * *

Орманға қасқыр кетті қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып.

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?!

14. ЖАС АҒАШ

Орманға балтасымен келді мұжық,
Аралап ағаш таңдап жүрді кезіп.
«Япырым-ай, аман қалсақ жарар ед» деп,
Жанынан көрген ағаш тұрды безіп.
Мұжыққа бір жас ағаш айтады сөз:
– Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез.
Мың да бір алғыс саған берер едім,
Осы үлкен ағаштардан құтқарсаң тез.

Тынышыма бұлар мені өсірмейді,
Тасалап, күннің көзін түсірмейді.
Осылар тұрғаннан соң жер тар болып,
Еркінше тамырларым көсілмейді.

Менде жоқ бұларға етер амал енді,
Деп тұрмын: «Құтқарушым жаңа келді».
Қоршалап, жан-жағымнан қамап алып,
Аслан жібермейді самал желді.

Болған соң шамам келмес, өштеспедім,
Қиратып, әлім жетсе, кеспес пе едім.
Жайқалып жапырағым әлдеқашан,
Көркі боп осы араның өспес пе едім?!

Бұлайша өтер ме еді өмір текке,
Зор пайдам тимес пе еді төңірекке?!
Көлеңкем кең даланың көбін жауып,
Таласып тұрмас па еді төбем көкке?!

Ағаштың сөзін мұжық қабыл алды,
Қиратып, бәріне де ойран салды.

Кесіліп ағаш біткен жан-жағында,
Сорайып манағы ағаш жалғыз қалды.

Қираған ағаштарға қарап тұрып,
Қуанды мұқатқандай жауын қырып.
Біреудің бағы бастан көшерінде
Қас болар жақынымен Құдай ұрып.
Айырылып жан-жағында панасынан,
Қорқады өтсе дағы құйын жүріп.
Ұрынып жаз ыстыққа, қыс суыққа,
Біресе бұршақ соғып, болды құрып!

Ол қанша пайда тапты жалғыз тұрып,
Өзгенің әлек етіп бәрін қырып?
Ағашта қурап тұрған әл болсын ба,
Кетіп ед дауыл соғып, қалды сынып.

Сонда оған сынып жатқан, жылан келді.
– Өзіңе бәле тілеп алдың, – деді.
Қорғаушы жаныңдағы ағаштардың
Кінәсіз бәріне лаң салдың, – деді.

Панаңды желден, күннен қорғап тұрған
Қырғызып, өзің жалғыз қалдың, – деді.
Алланың арам пейіл сүймес құлы,
Отыңа өзің жаққан жандың, – деді.

* * *

Жігіттер, жақыныңмен болмаңдар қас,
Қас болған жақынымен ақырда оңбас.
Ағайын бірі – пана, бірі – қару,
Кісіге жеке-саяқ бақыт қонбас.

Кей ақымақ әлек етер жақындарын,
Аямай жұмсап күш пен ақылдарын.
Жау түгіл, иттен бойын қорғай алмай,
Қаптырар ақырында тақымдарын.

15. ҚАРТАЙҒАН АРЫСТАН

Қартайып арыстанның әлі кетті,
Айбынды жұрт қорқатын сәні кетті.
Бетіне жан келмейтін уақыттары,
Артына бір қарамай бәрі өтті.

Аяқта дәрмен қалды жүрерлік-ақ,
Тым қарттық жас емес қой көрерлік-ақ!
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, қайрат кетіп,
Жайы бар тыныш жатып өлерлік-ақ.

Тынышына қоймады оны өзге аңдар,
Бата алмай, «сені ме?!» деп жүрген жандар.
Анау да, мынау да өшін алып жатыр
Қашаннан арыстанда кегі барлар.

Ат тепті, қасқыр қапты етін үзіп,
Біресе жаралады өгіз сүзіп.
Қинады әркім келіп білгенінше,
Арыстан үн шығармай жатты төзіп.

Ыңыранып жатыр еді өлейін деп,
Қасына есек келді көрейін деп.
Артықша жанға батар жерін таңдап,
О да тұр арыстанды тебейін деп.

– Я, Раббым! – сол уақытта деді арыстан:
Мен түгіл, қорқушы еді ат қамыстан.

Бұл өгіз, мынау қасқыр тимек түгіл,
Зәресі ұшушы еді, көрсе алыстан.

Дариға! Ол заманның бәрі өтті,
Кәрілік деген бәле келіп жетті.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң,
Сорыма бәрі мұның ер боп кетті.

«Тебем» деп келіп тұрған мынау есек,
Аяқта жатушы еді болып төсек.
Кешегі дәурен баста тұрған шақта
Мұны кім айтушы еді жан деп есеп.

Көп шығар, жоқ демеймін, кінәм менің,
Ризамын бақ-бәлеңе бірдей сенің.
Тұяғын бұл жаманның тигізбей ал,
Қорлықтан мұнан көрген, жеңіл өлім.

* * *

Айтылған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман, осалы бар.
Арыстан, жылқы, өгіз, есекке ұқсас,
Ойласаң табылмай ма, неше адамдар?

Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанын ерегіскен жалғыз бүрген.
Қартайған арыстандай әлі кетіп,
Қаруы бұл уақытта азып жүрген.

Бақ қонса, сыйлар алаш, ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні
Құл-құтан басынады, малайың да.

16. ШАЛ МЕН АЖАЛ

Орманнан бір шал қайтты отын алып,
Бүкшеңдеп, көтере алмай, өліп-талып.
Отынын жерге қойып, біразырақ
Қисайып жатты байғұс ойға қалып:

«Мен сорлы әрі кәрі, әрі жарлы,
Асырау оңай емес үйлі жанды.
Қартайдым, жалданарға қайратым жоқ,
Бермеді тұтынарлық Құдай малды.

Бұл маған не қылғаның, Жаратқаным?!
Бір шалға үйлі жанды қаратқаның?
Төлермін салғырт ақша қайдан тауып,
Қажетім бірін сай ғып жаратпадың?

Не жаздым, құтқармастай бұл бейнеттен,
Күнің жоқ тілегімді қабыл еткен.
Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр,
Келмейді маған ажал, қайда кеткен?»

Мұны естіп, ажал шалға жетіп келді.
– Шақырдың жаңа неге, – деді, – мені?
Ажалды көрген шақта зәресі ұшып,
Шал байғұс сасқанынан бұлай деді:

– Жарайды, бәрекелді, қош келдің сен!
Өзім аш, әрі кәрі, қуатым кем.
Отырмын отынымды көтере алмай,
Жібер деп арқалатып шақырып ем.

* * *

Шал болсын, жасы жетіп, жеңген қарттық,
Я жүрген жоқшылықтың зарын тартып,

Сау жер жоқ денесінде ауру да
Өлімнен тірілігін көреді артық.

Кейбіреу көтере алмай жүрсе күнін,
Кейіген сағатында тілейді өлім.
Болады надандықпен зор күнәһар,
Ісінің Құдіреттің білмей жөнін.

17. ҚАЙЫРЫМДЫ ТҮЛКІ

Бір мерген бозша құсты атып алды,
(Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды).
Басында бір ағаштың үш баласы
Шырылдап ұясында жетім қалды.

Ана жоқ таситұғын тағам-жемді,
Күн көрер бейшаралар қайтіп енді?!
Шулаған балапандар дауысын естіп,
Сөз сөйлеп осылайша түлкі келді.

– Алда, сорлы, бейшара балалар-ай,
Жасынан өлген екен аналары-ай!
Көбелек, шыбын аулап күн көретін
Жоқ екен сорлылардың шамалары-ай!

Әй, құстар! Тыңдаңыздар құлақ салып,
Кезекпен жем тасыңдар ұшып барып.
Үшеуін асырауға қанша қиын?!
Етіңдер аз күн қайыр бөліп-жарып.

Көкек құс! Жүнің түлеп жүр ғой бекер,
Азырақ жетім үшін жұлсаң нетер?!
Қайырдың бұл дүниеде жетімге еткен,
Басқа іс, сауабына бар ма жетер?!

Бозторғай! Қарап тұрма, сен де текке,
Жүресің бекер шырлап ұшып көкте.
Даладан, тоғайлардан тамақ ізде,
Бұлардың үшеуіне көп керек пе?!

Сарымойын! Ер жетті ғой балаларың,
Бәледен Құдай сақтар бірер-жарым.
Бұлардың күндіз-түні жанында бол,
Жоқтатпай сорлылардың аналарын!

Қарлығаш! Сен келтірсең маса-шыбын,
Бұларға о да қорек болар тығын.
Осындай жұрт жабылған сауап іске
Ұят қой кіріспесең, жарықтығым!

Сандуғаш! Неғылайын сені қайрап,
Қоярсың оқтын-оқтын өзің сайрап.
Көңілін бір азғана көтермекке,
Зарлының жетім қалған соры қайнап!

Достарым! Осындай бір іс етелік,
Жастарды жетім қалған кісі етелік!
Ізгілер орманда да бар екенін
Осындай сауап іспен көрсетелік!

Тұрғанда түлкі сөйлеп сауап жолды,
Қайғыға естігеннің көңілі толды.
Аштыққа шыдай алмай үш балапан
Ағаштан төмен жерге түсіп қонды.

Жұрт жинап жақсы кеңес құрған түлкі,
Зарланып жетімді аяп тұрған түлкі,
Ауызына үшеуін де қағып салды –
Өзі екен нағыз Құдай ұрған түлкі.

* * *

Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан түлкі залым.
Қарасаң, ел ішінде аз ба адамдар
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?!

Пана боп, өзің сақта, Құдіретім,
Кімде-кім балапандай қалса жетім.
«آیاملك بوزنمغی، بوزنك "مالم.
«نالانوا آیلا نارد، جویاسن دهب،
«دمیانغن کیهایدن جلما، دراد زالم.

«کوزا ایمس آزام چیمك ملوا ه، نانمز،
«کده کم اردی جهت سولت نابسن.

«نانغ سوتن چیکمن اوه، چیکندیه گه.
«نسز کلرمن مین بهومن جلوا ایه تانسره.

بیلایجا بو تولکن ایمس آیلدس "درته
پدهلنا جلرمطاکتاب حلمی بهن کلری،
گری ایمس "بارن چیه اردل بارما
آدامما آ کنالد مسدی، جیشه "آلی.

آرتیلان آیماتناك جولبلریدار،
باهماس بوزیرمان سولك نه توزس بلرا
آیزلار: فاسرلاریا آه، بو جنسی –
باسندا حلمس جمان له قلمس بار.

بیلارك دایمس گری کسنی مقرر:
تایسیسی "حلم آزنیلی، نهاء ترنازی؛ –
– جمان جهب بیلار "آسن جهو کم آیتیلی –
کیرمان جوزنه آکنایه دراب اقدی!
بولمادا جوزای بهزر لسمداری –
تاندزا بهر جنه مین بر دهی جقدی.

آل ایلدی لو کز توزب جوز دیمی
اوز جلم. آتل – تپکلا ایکرمیدی؛
«بالات کمس آیت نمان دیوجی ایم
«آزغردس ملهتان راح ملی، دیدی.

«ال بیل بیسنجی، جل سوا ایدی
«سول "اسم ایکرمین نوسد ایسیمه

جوت ملی آجلوملی آزق بولاتی —
جنالتم قارز سوراب نمال کمبگه

جهرمتی میچ کم ملقان قارزغا "چوب"؟
آجیدتا چوقه، جایغا نل یاتم لیك.
ایکتمم تیر آدانا بین جبانته
جوبیکن راغماتسن تیر کلزیه چیب.

میاپ ماتیا بولا له جیکین کوتا. زاتسرا؟
چوراداب توپا بیر دی آیوی لعقر!
مسفایتی تیر "اوزی کچیس بارچاتزدن —
بیرداله کیرین کیراب قلا! بلمرا

عمرنیما د کوردی اوکتن خودای آورتان؟
ماوبات چوق بولا کوریقه جیرتلیق توغتن.
ایزگاتیر مزان خیرات آلماس کوچن...
جوبیالق جنام کوزن اچب تورباق.

بوت کیوزیس جیمان کوب نابل آدمی!
کوکزدی: آلب آتوب قیردن جالدی
کاپتوان جانی: کوان نازار سن جب
آیارب جانب جنقتن اوقا بادی! ..

آدمنگ نیمیر توکل آوزنی جیکن..
قیشمین ترنلاریلار آمان تاندی.
.....

تیکرده اولو جانی کوتا کوب!
کیر جلس قازنلارغاوتا خودای کوب...
بیتوشا آکسن آیر. نلیمیندن
بر دوگ کیتسه جب تمو کیبر...

ازلگی تیب جدرت تورمیز تاوا بلك؟
آنجین ایرمك ایتم جوبیب کولی.
آکداجلق تیس ایتیلن بوتنی ایمس —
تورتنگن کبی تیر جاوردا آکمیك.

زار الماق توپا کیبن آیتب سالب
آکر آر "امی ایتدان آدل تارایم
زالمن آیرلن ایجب آمن کیتب.
جوالگر دونیاب کیتی جیالم جالدی.
.....

٥٦.

قارا مولت

دالانگ کونگه کوب آقدب اوتکرب
کرسینین رنت وقتی تابلب کوتکین.
قزاندی جرتزالار یا جزدلاته
جیرتی تیر جوی ایار جب توراب کیبلین.
جاذار جب تاوردی قالن آزت اندب
ضیمتان اوتب جنسی تور جیدتب.
نوگوله بارمیدا بوست جوب صیغن —
داشا توراب توردن جارمان کیلب.

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]





[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]









[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]













Ахмед Байтұрсынф*

Маса

3-нші басылуы

Түсіне қарап,
Ішінен түңілме!
Күшіне қарап,
Ісінен түңілме!

Тип. «Татарстан».
г. Казань – 1922 г.

«Татарстан» мәтбағасы.
Қазан – 1922 жыл.

* 1922 жылы жарық көрген «Маса» кітабының мұқабасы



СӨЗ ИЕСІНЕН

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?!

ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАНАҒАТЫ

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.

Қайсысы ықыласын салып тыңдап,
Жаратпай қайсыбірі, теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар.

ТУЫСЫМА

Болармын нағып риза туысыма?
Туыппын таршылықтың уысында.
Шамам жоқ, жан-жағыма қол созарлық,
Тар көрдің тығылғандай қуысына.

Айта алмай шын сөзіңді қорғалайсың,
Туғаның бүйтіп қор боп құрысын да!

Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысыңда.

ЖАДОВСКАЯДАН

Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады.
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

ҚОЖА НАСРЕТДИН АҚЫЛЫ

Бір күні Қожа Насретдин жиылған жұртқа үгіт айтуға мінбеге шығып: «Азаматтар, мен сөйлейін деп тұрғаным ненің жайы, білесіңдер ме?» депті. Жұрт: «Жоқ, білмейміз!» – депті. Қожа:

«Білмесеңдер білмейтін нәрселерің жайынан мен қалай сөйлеймін?» деп мінбеден түсіпті. Жұрт қамтама қалып, «Білмейміз дегеніміз ағат болған екен, енді сұраса, білмесек те білеміз деп айталық» десіпті.

Екінші рет Қожа мінбеге шығып тағы сұрапты: «Азаматтар! Мен не жайын сөйлемекпін, білесіңдер ме?» – деп.

«Білеміз! Білеміз!» – деп жұрттың бәрі шулапты. «Өздерің біліп тұрсаңдар, мен несін айтайын» – деп Қожа мінбеден тағы түсіпті. Жиылған адамдар: «Енді сұраса білетіндер де, білмейтіндер де бар» деп айтпақшы болып сөз байласты.

Үшінші рет Қожа мінбеге шығып бұрынғыдай тағы сұрағанда, жиылғандар «Білетініміз де, білмейтініміз де бар», – депті.

«Олай болса, білетіндерің білмейтіндеріңді үйретсін, білмейтіндерің білетіндеріңнен үйренсін! – деп Қожа мінбеден түсіпті де, жүріп кетіпті.

ОҚУҒА ШАҚЫРУ

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ыңжыңорман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ дауысы
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ дауысы шаң-шұң орған.
«Аллалап» ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

НӘБЕК АТЫ

Арабтың Нәбек деген жалғыз аты –
Сол екен болған малы, мүлкі, заты.
Озбайтын шапса жылқы асқан жүйрік,
Бітпеген өзге аттарға түр-сипаты.

Күн сайын жал-құйрығын сүзіп тарап,
Суарып мезгілімен, жемдеп, қарап,
Өткізбей күндіз ыстық, түнде суық,
Адамнан атын артық күтеді араб.

Бар екен Дайыр деген бір асқан бай,
Малы көп, түрлі бұйым бәріне сай.
Мұны зор: сонша байлық ортасында
Аты жоқ жылқысында жарлы атындай.

Ал деді, аямады малын, затын,
Алмады, бермеді де Нәбек атын.
Атқұмар атын қимас, жанын қияр, –
Атынан еш нәрсе жоқ оған жақын.

Дайырда күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ,
Жарлыдай жалғыз атты, бай сиқы жоқ.
Алмаққа Нәбек атын амалменен,
Ойлайды алдайын деп бір пақыр боп.

Жүретін Нәбек hәман жолын біліп,
Үстіне сылқым-сылқым киім іліп,
Ауру, халі мүшкіл, мүсәпірше
Отырды жол шетінде, ah-yhілеп.

Оңаша, жолдасы жоқ, жалғыз өзі
Нәбекті келе жатқан көрді көзі.
Өтерде нақ қасынан бишарасып,
Ыңқылдап, міне, Дайыр айтқан сөзі:

«Иә, жаным! Мен жолаушы, жолым алыс,
Адам жоқ бұл маңайда маған таныс.
Ауру, дәм татпаған үш күндей аш,
Орнымнан жылжу маған қиын жұмыс.

Атыңмен анау елдің ортасына
Жеткізсең, берер едім көп-көп алғыс!»

Тоқтатып, басын тартып, Нәбек атты:
«Жарайды, мінгесе ғой, кел!» – деп айтты.
Сөйлейді тағы Дайыр жыламсырап:
«Халім жоқ, міне алмаймын, дертім қатты».

Атынан бұл сөзді естіп, түсті Нәбек,
Көтеріп мінгізді ерге сүйеп, демеп.
Тиюі тізгін қолға мұң-ақ екен,
Жөнелді, бір тебініп, Дәкең «шүу!» деп.

Шығып ап оқ бойы жер, қарап кейін,
Ойлайды, бірдеме оған деп кетейін.
«Әй, Нәбек! Кім екенім білдің бе енді?
Атыңмен қоштас, аңқау, сорлы ақпейіл!»

«Тұра тұр! – Нәбек айтты, – тоқтап солай,
Атыма асық еді адам талай.
Тілейтін жалғыз сенен тілегім сол –
Адамға айта көрме – алдың қалай!»

«Бұ не сөз? Не тілек!» – деп бай таңданды,
Мәнісін білейінші деп ойланды.
«Айтпа деп сонша өтініп, жалынасың,
Көрерсің айтсам онан не залалды?»

«Ойлама! – Нәбек айтты – арбайды деп,
Қол жетпей, тілін құрап, жалғайды деп.
Оқиға бұл секілді шықса аузыңнан,
Білгейсің! Шашылмай, жай қалмайды деп.
Қалайша алғаныңды жұрт естісе,
Қараспас шын пақырға алдайды деп».

Мұны естіп, Дайыр жылдам аттан түсті.
Ұққанға адал сөзден бар ма күшті?
Құлашын жайып, қойнын ашып келіп,
Нәбекті сүйіп Дайыр, мойнын құшты.

* * *

Ебі көп, дорбасы жоқ қайыршылар,
Ебіне Құдай көнсе, байыр шығар.
Арымай алдырғанға Нәбекшілеп,
Адам аз айтқанды ұғып Дайыршылар.

Жақын бол, жақындықты ебім дейді,
Бергенді алдым еппен тегін дейді.
Қайтармай, қарыз алып қайбіреулер,
Алдадым, бермей кеттім, жедім дейді.

Осындай ер басына іс көп келер!
Білмеспіз кімге қалай, кім дөп келер!
Сұмдығы сұраушының азаймаса,
Не жөн бар? Қайырсыз деп жұртқа өкпелер?!

СОРЛЫ БОЛҒАН МҰЖЫҚ

Болған соң кәсібі ұрлық, ұры залым,
Ұрлауға ұят дей ме жұрттың малын?
Ойы арам, қаны қара, ол неғылсын!
Біреуді зар жылатпақ, зор обалын!

Құдай да, Құран да оған жалғыз қарын,
Сол үшін қара жерге көмген арын,
Ұры еніп бір мұжықтың сарайына,
Сыпырып кетіпті ұрлап, қоймай бәрін.

Мұжығым жатарда бай, тұрса сорлы,
Байлықтың құр тып-типыл, қалған орны.
Аһылап-үһілейді, ұры алған соң
Терімен маңдайының жиған қорды.
Туысқан, көрші, құда-құрмаласын,
Дос-жарын жиып, мұжық жәрдем сұрады:

«Қайғымды, – мұжық айтты, – шағам, жұртым!
Сендерден жақын кімді табам, жұртым!
Ұшырап зор қазаға, жайым – мынау!
Не көмек бересіңдер маған, жұртым?»

Жиылып келген өңшең жақындары,
Мұжыққа ақыл айтып жатыр бәрі.
Сорлыға бар мүлкінен жұрдай болған
Мінеки, берген көмек-ақылдары:

Карп деген бөлесі айтты: «Әуел баста
Бай деп ат керек еді шығармасқа!»
Құдасы Клим айтты: «Мұнан былай
Сарайды үйден оқшау салдырмасқа!»

Айтады көрші мұжық бір жасырақ:
«Болғаннан емес қой бұл сарай жырақ!
Қабаған кісі алатын төбеттерден
Қораға қоймағаннан ит асырап.

Қаншығым балалады күні кеше,
Ал, сонан аямайын керегіңше!
Бірталай, үйшік толған күшігі бар,
Ішінен табылатын қандай десе.
Көршіме көңілі жарым қимаймын ба?
Обалын мойныма артып, өлтіргенше!»

Жүз ақыл берген шығар келген бәрі:
Бірі олай, бірі бұлай деп жас-кәрі.
Аямай тіл көмегін беріп, беріп,
Бір адам қараспады сөзден әрі.

Ей, мұжық, жұртқа сенбе, өзіңе сен!
Өледі аштан қонақ әрі-сәрі.
«Ауызыңды құрғақ қасық босқа қажар»,
Шығынға құр айтқан сөз болмас дәрі.

* * *

Бұл сөздің мағынасы емес терең,
Сонда да қорытуын айтып берем.
Әртүрлі сыналатын жер болмаса,
Достықты, жақындықты шын-ақ дер ем.
Жап-жақын жайшылықта көп дос-жарды
Мен неге жамандықта сирек көрем?
Тар кезең, талма жерде табылу жоқ,
Қалады құлақтары болып керең.
Осындай дүниенің ісін байқап,
Достық пен жақындыққа талғап сенем.

ҚАЗДАР

Бір ұзын алып қолға мықты шыбық,
Қаздарын қалаға айдап шықты мұжық.
Қуалап, байғұстарды келеді ұрып,
Асығып базар күнге жаны шығып.

Тексерсек мұжық ісін байқап, ойлап,
Оған да дұрыс емес кінә қоймақ.
Асықты базар күнге, пайда көп деп,
Қаздарды ұрды ма ол босқа ойнап?

Десеңдер, олсыз базар тарамайды,
Дер едім: мұжық ісі жарамайды.
Пайдасы, базар өтіп, кетер жерде,
Қаз түгіл, адамға да қарамайды.

Біздерше қаздар, бірақ сынамады,
Оларға мұжық ісі ұнамады.
Жолыққан жолаушыға бәрі шулап,
Мұжықтың ісін айтып, кінәлады.

«Бар ма екен, бізден сірә, соры қалың?!
Қожасып қуалайды мұжық жарым.
Қорлайды ұрып-соғып, ойламайды,
Мойнында қандай міндет, қарыз барын!
Ойласа, қайдан біздің асылымыз?
Румды құтқарған қаз нәсіліміз!
Айт істеп атамыздың құрметіне,
Өтпейді һәман онда жыл мейрамсыз!
Таяқ жеп жай қаздарша, жүргеніміз
Наданға душар болып бір білімсіз!»

Қаздарға жолаушы айтты: «Тоқтаңдаршы!
Ауысқан ақыны айтып, жоқтаңдаршы!
Сендерді қадірлеуге не үшін міндет?
Мұжықты айыпты қып боқтаңдаршы!»

«Істеген атамыздың ісі қайда?
Румды құтқарғаны азғантай ма?»
«Қоя тұр, – жолаушы айтты, – көрдегіңді!
Өздерің келтірдіңдер қанша пайда?»

«Айттық қой атамыздың еткен ісін!
Әлде өзің сөзімізге сенбеймісің?»
«Сенемін һәм білемін атаң жайын!
Сендерді қадірлеуге деймін не үшін?!

Өткізді өз бастарың қандай еңбек?
Атаңда көрде жатқан жоқ жұмысым».

«Біздің бе?..* жоқ өткізген еңбегіміз!»
«Әне жөн, сыйламаса, көнбегіңіз:
Мені де атам жақсы, қадірле деп,
Таласып қиын болар жеңбегіңіз.

Жақсы-ақ боп аталарың өткен шығар,
Ісіне қарай құрмет еткен шығар.
Қалдырмай асылынан арттағыға,
Өзімен жақсылығы кеткен шығар.

Көрдегі көмек болмас бабаларың,
Кем болса өздеріннің бағаларың.
Көніндер, ұрса, соқса, сойса-дағы!
Болған соң қуырдақтық шамаларың».

Кетермін баяндасам алысқа бек:
Лайық әр нәрсеге керек қой еп.
Жайынан жат қаздардың сөйлеген сөз
Көбіне жақын қаздың тиетін дөп.

Бетіне көрдегінің көнін ұстап,
Деп жүрген көріктімін қазақтар көп.
Қысқартып, сөз аяғын тоқтатамын,
Солардың өкпесіне қалармын деп.

* ... ойланып, ойланып (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

ЕСЕК ПЕН ҮКІ

Үркектеу, үйір емес онша қолға,
Бір есек ұлы сапар шықты жолға.
Есектің бойы тәуір болғанменен,
Есепте қосылмайды есі молға.

Және де бұл есектің көзі соқыр,
Басшысыз соқыр қалай жүрсін оңға?
Лағып тура жолдан қаңғып кетті,
Қисайып, қыңыржақтап, шығып жонға.

Ішіне қалың орман барып кірді,
Білмеймін, не жол тауып, неғып жүрді?
Күн батып, қас қарайған уақытта
Есектің лаққанын үкі көрді.

Үкі айтты: «Мінгіз есек, мені, – деді,
Мініп ап, мен бастайын сені, – деді.
Жолды айтып, жөнді сілтеп, мен отырсам,
Көзіңнің еш нәрсе емес кемі», – деді.

Бір ауыз сөз қайырмай, есек көнді,
Мініп ап, үкі отырды сілтеп жөнді.
Жерлерден адыр-бұдыр аман өтіп,
Ағаштың жиегіне жақын келді.

Жол тапқан қараңғыда басшысына
Ден қойып, бастағыш деп, есек сенді.
Бір кезде таң сарғайып, машырықтан
Ағаштың арасына сәуле енді.

Үкілер күндіз соқыр, түнде көргіш,
Есекең іс мәнісін білмей ергіш.

Үкіден таң атса да айрылмайды,
Деп ойлап: «Жарықта да жөн сілтегіш».
Күн шықты, жарық болды дүние жүзі,
Үкінің бұлдырайды көрмей көзі.
Өзгеге жөн көрсетіп, бастау түгіл,
Әлі бар отырарлық жай ғана өзі.

Сонда да есегіне сыр бермеске,
Айтатын білгішсініп, міне сөзі:
«Ал келдік жаман жерге! Енді сақтан!
Жолама! Сол жақтағы өзенге аққан.
Бетіңді оң жағыңа сала жүріп,
Аман өт! Мынау жатқан лай, қақтан...
(Ол жердің өзені де, қағы да жоқ,
Білмеймін, соқыр үкі қайдан тапқан!)

Есекті үкі билеп, алып қолға,
Салыпты нақ ғазазыл түскен жолға.
Пәлен деп күн ілгері неғылайық,
Түскені ондай жолға бақ па, сор ма?

* * *

Бұл сөзді баяндаған болмас айып,
Әркімнің ісіне бар сөз лайық.
Көркем сөз мұнан артық таба алмадым,
Тал түсте лаққанға жолдан тайып.

Көп білім, көпті үйретер болмаса да,
Не пайда? Жабыққаннан құр мұңайып?
Соқырға көрсеткенмен көре қоймас,
Сонда да үміт үзіп, отырмайық.
Арланбай, адасқанды әшкерелеп,
Қоялық погоннойын жұртқа жайып.

* * *

Болады ақылсыздың мысалы есек,
Ғылымсыз надан адам соқырға есеп.
Қалпынан есек асып, ат болмайды,
Қойса да қорасына асыл төсеп.

Алтынды аяғыңа басқанменен,
Болмайды асылы азып, балшық кесек.
Жақсыны жақсы деген, мақтау емес,
Жаманды жаман десең, болмайды өсек.
Қауымынан мұсылманның шыққан жолды
Айып па, ғазазылдың жолы десек.

Білгішсіп кей білімсіз жол айтып жүр,
Байқасақ, не оңды жол ол айтып жүр?
Халыққа надан адам басшы болып,
Халықтың надандығын молайтып жүр.
Наданға надандықпен жұрт ерген соң,
Тал түсте лақты деп соны айтып жүр.

* * *

Жазған сөз жаным ашып алашыма,
Алаштың адасқан аз баласына.
Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым!
Қараған «Қара таудың» қаласына.

Іші лас, сырты таза залымдардың
Алданып құр сыртының тазасына.
Мәз болып байғазы алған балаларша
Сатылып жылтыраған танасына.

Әбілдің зияратын аттап өтіп,
Қабылдың бата қылма моласына.
Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,
Тығылып тажалдың итханасына.

Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына.
Ұмытып Құдайды да, Құранды да,
Бас ұрма Лат, Манат ағашына.

ҚАЗАҚ ҚАЛПЫ

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Алаштың адамының бәрі мәлім,
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып, қарпылмаған.

Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп,
Телміріп, бір тойғанын ар қылмаған.
Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар көп
Есептеп азын көпке, аңқылдаған.

Қайырсыз, неше сараң байлар да бар,
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып, талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.

Не пайда, өнерің мен біліміннен,
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?

Бұл бір сөз қасірет етіп, хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға – мал, оқыған – шен мақсат боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

ҚАЗАҚ САЛТЫ

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.

Бейне бір құдіретті сынағандай,
«Сақтар деп, сақтар болса» – сертпен жүрдік.
Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік.

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегіске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

Әлі де, саңылаусыз салтын бағып,
Түрі жоқ іс ететін пәлен дерлік.
«Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? –
Деп отыр, – не болса да жұртпен көрдік».

ДОСТЫМА ХАТ

Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!

Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбеміздан бұлт арылмай.
Көк етті, көн терілі, көніп қалған,
Сықса да шыдай беру, жұрт жарылмай.

Кім біліп ер еңбегін, сезіп жатыр?
Кім шыдап, жолдастыққа төзіп жатыр?
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар,
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.

Сынайтын жақсы менен жаманды өлшеп,
Құлдықтың қолдарында кезі жатыр.
Кешегі кеңшілікте керек қылған
Бостандық болмаған соң, безіп жатыр.

Айтқанмен таусылар ма, оны-мұны?
Талайдың таңдамалы түпкі сыры:
Жанасқан шын көңілмен жақындық аз –
Көбінің іші салқын, сырты-ақ жылы.

Ақшаға абыройын, арын сатып,
Азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.
Жаны ашып, жақын үшін қайғырар ма,
Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы?

ЖИҒАН-ТЕРГЕН

Оюын ойып,
Орындап қойып,
Түр салғандай өрнекке,
Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып,
Құрап, сөзді термекке,
Еңбекке егіз, тіл мен жақ,
Ерінбесең, сөйлеп бақ!
Именіп көптен,
Сақтық қып еппен,
Тасалама ойыңды!
Ашынса етің,
Ашылмақ бетің,
Тірі көмбей бойыңды,
Жүрегіңнің жарасын
Көрсет жұртқа! Қарасын!
Оқушым, ұқпай,
Осқырып шықпай,
Сабырмен байқа сөзімді!
Шыққан соң сыртқа,
Жайған соң жұртқа,
Сөз тергеуге төзімді.
Көп мағына, аз ләфүз.
Есек баспас тайғақ мүз.
Қарқылдар қарға,
Шиқылдар арба,
Бой сүйсінер сазы жоқ.
Шешенсіп жұртқа,
Мылжыңдар, қыртпа.
Ой ісінер сөзі жоқ,
Маған үлгі ол емес,
Ол түсерлік жол емес.

Жолдар бар өзге,
Жоба бар сөзге,
Жүрекке дөп, ойға жөн.
Жаманды жаман
Демекпін һәман,
Мейлің тула, мейлің көн.
Иланбасам, айтпаймын,
Иманымнан қайтпаймын.
Әр жолды ойлап,
Ойыма бойлап,
Ұқтым тайыз, тереңді.
Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен
Құлағы жоқ кереңді
Ұқтыра алмай сөз әуре,
Тек тұра алмай біз әуре.
Қараймын кейін:
Орысқа шейін
Хан бағыпты қазақты.
Баға алмай жөндеп,
Басқаға көн деп,
Артқан жұртқа азапты.
Бас адамдар халықты
Сатып, сыйлар алыпты.
Келген соң бері
Кейінгілері
Болды құмар шекпенге –
Өгіздей өрге,
Өткелсіз жерге
Күнде айдап жеккенге.
Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.
Салынып дауға,

Сатынып жауға,
Болыстықты алысты.
Қазық боп жұртқа,
Қорған боп сыртқа,
Кім ойлады намысты?
Мақтады ұлық*, болды мәз!
Қауым үшін қайғы аз.
Оқытты жасын,
Өстіріп шашын,
Мал табуға салынды.
Қаламнан, хаттан,
Жауаптан айтқан
Білді жалғыз алымды.
Кейбірі шен алмақ та,
Дінін шаншып қармаққа.
Басында сәллә,
Аузында Алла,
Молдаларда не ғамал?
Көздерін сүзіп,
Жүздерін бұзып.
Алдап жұртты, жимақ мал.
Ұжмақ молда қолында.
Сауда-саттық жолында
Бергенге – ұжмақ,
Бермесе – дозақ,
Деп үйретер халыққа.
Ұжмақтың кілтін,
Алланың мүлкін
Арендаға** алып па?
Молда сатса тиынға,
Ол – Алла емес, сиынба!

* Ұлық – хакім (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

** Аренда – жалдау (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

Шалқаңнан жатып,
Алланы сатып,
Аламын деп қорлама!
Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер,
Берсеңдер, бер молдаға!
Өзіңді бірақ алдама!
Ақшаға ұжмақ жалдама!
Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Жан-жақты бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтайтын түрі бар.
Балалық қалып,
Ес біліп анық.
Ер жеткелі жиырма жыл.
Баяғы қалпы,
Баяғы салты,
Бұ неткен жұрт ұйқышыл?!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам, жым-жырт, жай.
Емшегін еміп,
Анаға сеніп,
Бала ұйықтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызарып жанып,
Бай ұйықтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас,
Міне, жұрттың түрі оңбас!
Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты

Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың!
Оянған ерге
Ұмтылған жерде
Еруші аз, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?
Қыс ішінде бірер қаз
Келгенменен, қайда жаз?!
Қазағым, елім*,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш, көзіңді, оянып!
Қанған жоқ па, әлі ұйқың?
Ұйқтайтын бар не сиқың?!

АНАМА ХАТ

Қарағым, дұғайгөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ Тағалам!

* Соңғы 8 жол төңкерістен бұрын шыққан «Масада» цензура рұқсат етпегендіктен басылмаған. Б.К. (1922 жылғы басылымда берілген түсінік - ред.).

Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң?!

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі арам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

Көп айтпай, қысқасынан сездіретін –
Балаңның мінезі бар сөзге сараң:
«Кетер деп суға құлап, отқа түсіп»,
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң!

Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Қоршаулы айналасы, биік қорған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп көңіл сенбес,
Аттанып жау келсе де бермесіне.

Кәламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба?
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Ылаж жоқ, жел айдаса ермесіңе.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне?!

ТІЛЕК БАТАМ

Иа, Құдайым аққа жақ,
Өзіңе аян: мен нақақ.
    Аққа деген жолымның
    Абыройын ашпай, жап!
Аят пенен хадисте
Адал ниет, ақ іске,
    Жаңылмасам, жоқ еді
    Жаза тартсын деген бап.
Мені ұстатып, айдатып,
Зығырданды қайнатып,
    Масайрасып, мәз болып,
    Қуанғанды өзің тап!
Аз күндікке алданып,
Аз нәрсеге жалданып,
    Адасқанын алаштың
    Түзу жолға түсір, Хақ!
Жақын жерден жау шығып,
Мақұл сөзден дау шығып,
    Дұшпан ұстап қолымнан,
    Иттер тістеп тонымнан,
    Маған тосу болған шақ,

Тұтқын болып тарығып,
Жалғыз жатып зарығып,
    Ашу қысып, ойды алып,
    Өт жайылып, бойды алып,

Дерт жүрекке толған шақ.
Қатты айтты деп кектемей,
Сыйынғанды тек демей,
Он екі имам әулие,
Жиырма сегіз әнбие,
Қолда, өңшең әруақ!

* * *

Қара балуан Жәнібек!
Қаздауысты Қазыбек!
Жетім қалған халқыңа,
Тұлға болып артыңа,
Кім тиянақ қазық ед?
Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
«Мал менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек.
Барын салып таласқа,
Арын сатып қалашқа,
«Жұрт болалық» деген жоқ,
Жұрт қайғысын жеген жоқ,
Іріп-шіріп азып ек.
Мұны көріп көзіміз,
Бірігер деп сөзіміз,
Кен болар деп балшықты,
Көл болар деп шалшықты,
Біз үмітпен қазып ек.
Дәреті жоқ аяқтар,
Қорсылдаған саяқтар
Былғамасын қасыңды,
Қасиетті басыңды! –
Дегеніміз болмаса,
Қазаққа не жазып ек?!
Байлаттырған қолымды,

Бөгеттірген жолымды,
Жақыным бар, жатым бар,
Хабарлана жатыңдар!
Мен сендерге жүгіндім,
Төресі әділ қазы деп!

ЖАУҒА ТҮСКЕННІҢ СӨЗІ

Жанға көңіл қалып тұр,
Жан бұл күйге салып тұр.
Тәнге көңіл қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр.
Жұртқа көңіл қалып тұр,
Жұрт жалғанға нанып тұр.
Өтірік өрлеп, күшейіп,
Шын жеңіліп, талып тұр.
Бақ дегенде байлау жоқ,
Уағдадан танып тұр.
Тағдыр шіркін тап беріп,
Тамағымнан алып тұр.
Бәле деген аңдушы
Аяғымнан шалып тұр.
Жала деген төбеті
Балтырымнан қауып тұр.
Жау білегін сыбанып,
Пышағын қайрап, жанып тұр.
Сауысқан, қарға, қарақұс
Жемтік аңдып, бағып тұр.
Көре алмаған күншілдің
Көңіліне мұным жағып тұр.
Табалаған жаманның
Шаян тілі шағып тұр.
«Әй, сені ме!» дегеннің

Айызы әбден қанып тұр.
Жаны ашыған жақынның
Жас көзінен ағып тұр.
Айыруға амал жоқ,
Қылышын жерге шауып тұр.
«Әлдеқалай болар» деп,
Жүрегі жұлқып қағып тұр.
Түгі жылы, білмедім:
Түледі ме, нағып тұр?
Түлемеген түпкі дос,
Түлегенің барып тұр!..

АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аяқты,
Адамдық хайуанға қанша қажет?!

Жаратқан малды Құдай не керекке –
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер! Қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма, түрткенге айдап?
Есептен алданғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма, деп білмей қайрап.

КӨК ЕСЕКТЕРГЕ

Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа?!
Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қол жетіссін дегендік пе азатқа?

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, –
дедім, – сен де қатарыңнан қалыспа!»

Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді,
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.

Көң тасыған көк есектер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе,
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай
Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе.

Бәріңді де іздеп қарап көрермін,
Тапқанымды тастамаспын, терермін.
Милләт үшін еңбектері сіңген деп,
Өсиет қып, кейінгіге берермін...

Асықпаңдар! Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар.

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны.

ҚА... ҚАЛАСЫНА

Қош! Сау бол, Қа... жуылмаған!
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған.
Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ
Жасырын дыбыс шықты шуылдаған.

Бүркеніп, арсыздарың шайнауына
Жем тапты пісірмеген, қуырмаған.
Шыққан соң талғамайтын доңыздарың,
Қасыңа қиын болар жуу маған.

ЖҰРТЫМА

Бірлік қып іс етуге шорқақ, жұртым!
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым!
Сияқты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ, жұртым!

Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.

Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісіңді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.

Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көңгішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!

ЖҰБАТУ

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
(Қазақтың бала жұбату өлеңі)

Қайран еркін
Замандарың,
Тарлыққа жоқ
Амалдарың.
Еркін дала,
Еркің қайда?
Еркіндегі
Көркің қайда?
Нулы-нулы
Жерің қайда?
Сулы-сулы
Көлің қайда?
Еркін көшкен
Елің қайда?
Ел қорғаны
Ерің қайда?
Тура айтатын
Биің қайда?
Би бардағы
Күйің қайда?
Адал көңіл
Ақтық қайда?
Жалған анттан
Сақтық қайда?

Бауыр тартқан
Жүрек қайда?
Намыс қызған
Сүйек қайда?
Нулы жерден
Күшті айырды,
Сулы көлден
Сұсты айырды.
Ер орнына
Еркек қалды,
Көлеңкеден
Үркек қалды.
Би орнына
Биің болды.
Би деу бірақ
Қиын болды.
Қаралды би
Жақтау болды.
Қараны жан
Ақтау болды.
Бауыр, жүрек
Талас боп тұр.
Намыс, сүйек
Қалаш боп тұр.
Малың алдау,
Талауда тұр.
Жаның арбау,
Қамауда тұр.
Аяғыңды
Тұсау қысты.
Жақтарыңды
Құрсау қысты.
Көрмесіңе
Перде мықты.

Өтпесіңе
Кермең мықты.
Енді жатып,
Ұйықтау қалды.
Ұйықтағанды
Мақтау қалды.
«Әлди-әлди!» –
Деп тербеткен,
Ұйықтасын деп
Көп тербеткен.
Қарның ашса,
Ұлықтарың
Жілік шағып,
Май бермекші.
Тоңсаң түлкі
Құйрықтарын
Жіпке тағып
Бай бермекші.
Әлди-әлди! –
Мен де деймін?
Сірә, «әлдиге
Сенбе» деймін.

Н.Қ. ХАНЫМҒА

Рахатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым!

Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы, жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар.

Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,
Ұзақсынып жатпаспын жалыққаннан.
Жұрт қолымнан келмесе өкпелемес,
Барын сақтап, мен аяп, алып қалман.

Ел мұнымды білемін ұқпайтынын,
Көтермеге талғанда шықпайтынын.
Шалыс басып аяқты, жығылғанда,
«Жатқаныңнан тұрма!» деп мықтайтынын.

Мен өлсем де, өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.

АҚЫН ІНІМЕ

Азырақ құлағың сал, ақын інім!
Ойымыз, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.

Өзімді ағаңмын деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім?!
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғафу, інім!

Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді қапыл, інім!
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы, пақыр, інім!

Доңыздай талғамай жеп семіргендер
Саналып ақылдыға жатыр, інім!
Сүйікті милләтыңа болам десең,
Нашардың көбірек же хақын, інім!

Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп жоқты сөйлеп лепір, інім.

Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім!
Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ шақыр, інім!
Аузымен орақ орып бәрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.

Ет пенен қымыз беріп, сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплатондай болса-дағы,
Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім.

И.Б. ЖЕЗДЕМ ХАТЫНАН

Тұрмысың жырақ,
Аман ба, шырақ!
Күйзеліпсің көбірек,
Милләт үшін бегірек.

Һәмәнда сақтан,
Сақтамақ Хақтан.
Қоршаған дұшпан төңірек.

* * *

Милләтке қызмет,
Жүмлаңе міндет.
«Ұйқыны аш!» дер ек,
«Надандықтан қаш!» дер ек.
Болмайды үндеп,
Дұшпан тұр күндеп,
Бізде бұл бір індет.

* * *

Әр сөзің алтын,
Ұғар ма екен халқың.
Сынаған да шығарсың,
Милләттің қалпын.
Тіл алмас деп қорқамын,
Дер едім тартын...

* * *

Мода* болды кіділік.
Сәл сөзді елегіш.
Бір жөнге тарту жоқ,
Шалқаяқ ерегіс,
Алалықтан күш бөлу –
Бұл қанша керек іс?
Шемен бар «уһ» дерлік,
Сасық бар «пүһ» дерлік.
Замана түрленді,
Жақсылар кірленді,
Азасынан у жерлік.

* Мода – ресім (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

ЖАУАП ХАТТАН

Аманбыз, жезде!
Солай ма сізде?
Амандаспақ – жол, әдет.
Тағзымға – тағзым,
Назымға – назым
Тілеушілік – ол әдеп.
Жолдан мен де шықпайын,
Сөзбен сыйлап мықтайын.

Жолға сіз көсем,
Сөзге һәм шешен,
Оның менде бірі жоқ!
Іздемей жоғын,
Шайқамай тоғын,
Қарап жатқан тірі жоқ.
Мен де соның бірімін,
Өлгенім жоқ, тірімін.
Ағаның ақыл,
Айтқаны мақұл,
Жаны ашыған жақындық.
Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес,
Ат шығармақ ақындық.
Ер батқанда – жорғалық,
Молда жоқта – молдалық!

Байқасақ, жезде,
Бауыздар кезде
Үн шығу бар емес пе?!
Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе?!

Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апырмай!

Милләтке қызмет,
Бәріңе міндет.
Деп айтасыз өзіңіз.
Милләттен безу,
Әйтпесе төзу,
Шын болса сол сөзіңіз.
Кей іс шарты құрбанмен,
Болмас қорқып тұрғанмен.

Мен бұқтым – жаттым,
Сен бұқтың – жаттың,
Кім істемек қызмет?!
Ауызбен айтып,
Істерде қайтіп,
Жоламасақ не міндет?
Тек жүрсе, тоқ жүрмекті,
Қиын деме білмекті.

Жездеке, солай
Көрмессіз қолай
Жан сақтаудың ебіне.
Айтпайтын жыр бар,
Ашпайтын сыр бар
Тымақтының көбіне.
Сізге жаздым ұғар деп,
Тымағы жоқ шығар деп.

ҒЫЛЫМ

«Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ,
Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ».

Зулатып шариғатты шарт жүгініп,
Молдекең отырғанда мойнын толғап.

Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан,
Артында ілесе алмай жүрміз һәман.
Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
Бәрі де бара жатыр алға таман.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» –
Деген сөз аятпенен бірдей маған.
Алақтап артымызға қарағыштап,
Жүргенде-ақ озып, ұзап кетті заман.
«Нәрсені түске енбеген өңде көрдік,
Соларды тапқан – ғылым» дейміз жаман.

«Ғылым» деп нені үйрендік біздер жаста,
(Айтқаным бекер болса, алмай таста!
Табылар ақтайтын да, боқтайтын да,
Сөз емес арнап жазған дос пен қасқа...)

Ғылым бар бет жууда талай дедік,
Жуған жөн бұлай бастап, бұлай дедік.
Жусаңдар солай етіп сауабы көп,
Жаза бар жумағанда олай дедік.

Шарттар көп дедік ғұсыл құйынғанда,
Шаһуат пәлендей боп құйылғанда.
Қалайша көзде... деп айтпады екен?
Үйрет, – деп, мұның бәрін бұйырғанда!

Әйелмен пәлен бар деп жанасқанда,
«Пәлен» деп ұйқысырап адасқанда,
Үйрету балаларға қандай жақсы,
Ақылға салып, ойлап, бал ашқанда.

Мектепте оқымаған білмей жүр ғой,
Жердегі мал-мақұлық, құс аспанда.
Айтамын молдекең жоқ оңашада,
Сөз бермес «кәпірсің» деп таласқанда.

НАДСОННАН

Шайылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз өкіметін,
Жауыздық жалғандықпен қаптағанға,
Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп,
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық, түзіктікті таптағанға.
Қиналып, кім болсаң да, талыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпаңдар!
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар.

* * *

Еңкейіп, еңсесіне бейнет артпай,
Шөгер тәж шынжыр киіп, азап тартпай,
Жақындық келер күшті сәулетінде,
Көз жасы – тірі мола, құлдық, қорлық,
Дар ағаш, қылыш, қанжар, өштік, зорлық,
Бірі жоқ жақындықтың дәулетінде.
Жанға жұт, жарық сәуле, жоқ мұқтаждық,
Сырт берер адамзаттың әулетіне.
Артықша тасқан қайтып, толған солып,
Құритын кез келмекші нәубетіне.

* * *

Демеңдер, жақсылық – тек, жай үміт құр,
Заман тар, жауыздық зор, тым қысып тұр.

Айналаң қараңғы түн тым түнерген,
Қиналып, талар дүние азап шегіп,
Қалжырар жалмауыздар қанға бөгіп,
Болдырар алыс-жұлыс жолына ерген.
Жүре алмай, дымы құрып сонда әрі,
Соқпалы, содыр жолдан шығар бәрі.
Талған күш, қиналған тән, ауырған жан
Дертіне жақындықты етер дәрі.

БАҚ

Бұлттар басып жасырған,
Жаңа түсіп басылған,
Таң шапағы сөніп тұр,
Жаңаланған өмірден
Жаңа шығып көрінген
Гүл қамауда сеніп тұр.
Балалықтан басталып,
(Тастаймын аз жасты алып,
Есім нағыз енгенше.)
Көрдім қызық, көрмедім?
Көрсем баға бермедім,
Бозбала жас келгенше.
Құстай түлкі алатын,
Жайып алтын қанатын,
Уылжыған от лепті
Жігіттік жас келді де,
Ойды біраз бөлді де,
Тұрағы жоқ ол өтті.
Қудым бақты, іздедім,
«Табамын ғой тез» дедім,
Азап шекті тән-жаным.
Қарап жақын-жырақты,

Жақтым түрлі шырақты,
Таптырмады қуғаным.
Үміт сүйрер жыраққа,
Жетесің деп мұратқа,
Талықсам да ізденіп.
Қашан көңіл жасарар?
Арқа-басың босанар,
Рахатты жаз келіп?
Қашан жанып шамшырақ?
Сәуле беріп жарқырап,
Болар жарық төрт тарап?
Қашан маған іздеген,
Күліп жылы жүзбенен,
Болар серік бақ қарап?!

ПУШКИН

Вольтерден

Қыздыр дейсің топ, жиынды, жан дейсің,
Қыздыратын жасты қайдан ал дейсің?
Өмірімнің таңын қосып кешіне,
Бер қайтадан өткен күннің һәммесін!

Бере алмасаң, кең салалық бейілді,
Жас қызығын көрсін жастар кейінгі.
Тәтті өмірмен нәпсі көңілін ауладық,
Қалғанымен алданталық зейінді!

О, дариға! Өттің бастан, қызық жас!
Өзіңе жөн, өзгелерге бұзық жас.
Қайғы, қасірет дертін жанға батырмай,
Қайран жастық! Қызуымен қылған мас!

Көрінбестен өмір көбі өткен шақ,
Тіршіліктің сән, ләззаты кеткен шақ.
Ойын, күлкі, мәжілістен, қызықтан
Мезгіл қуып: «Шық!» – деп әмір еткен шақ

Жасың айтса, көнбегеннен не пайда?
Уақыттың тілі шолақ: «Жүр!», «Айда!»
Тұрлауы жоқ, өзгерілгіш өмірдің
Өтпесіне еткен, сірә, кім айла!

Мүмкін десек адамзатқа екі өлмек,
Бірі соның – «жасым жетті» деп көнбек.
Бұл өлімнің ардақтысы, аруы,
Мұнан кейін өлім бе, сол дем сөнбек?!

АТ

Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің?
Жабығып неден көңілің, түсті еңсең?
Ерігіп, ауыздығың қарш-қарш шайнап,
Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?

Әлде мен бабың тауып, бақпадым ба?!
Болмаса, жемнен қысып, сақтадым ба?
Әйтпесе, әбзелдерің сәнді емес пе?
Жібектен тізгініңді тақпадым ба?
Малдырып саф алтынға үзеңгіңді,
Тағаңды шын күмістен қақпадым ба?!

Жауабы иесіне берген аттың:
«Сұрайсың не себептен мен жабықтым?
Алыстан құлағыма келер дүбір
Һәм дауысы керней тартып, атқан оқтың.

Кісінеп, себебім сол мен аһ ұрған,
Көп жүріп далада енді сейіл құрман.
Әбзелмен жарқыраған әсем басып,
Аз қалды сыйлы, сынды күндер тұрған.

Жақында жаны ашымас жау кеп шабар,
Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар.
Соқтырған шын күмістен тағаларды
Суырып аяғымнан, олжаланар.

Күйзеліп, жаным ашып, ауырып бек,
Қайғырып, уайым ғып, тұрмын жүдеп.
Орнына желпуіштің теріңді әкеп,
Терлеген бүйіріме жабады деп».

ДАНЫШПАН АЛЕКТІҢ АЖАЛЫ

Жар салып, жасақ жияр білімді Алек,
Білімсіз хұзарлардан алмаққа кек.
Қаласын, егіндерін ызасы үшін
От пенен қойған арнап қылышқа деп.
Қол бастап, киіп сауыт – Царградты*,
Сыр мінез таңдап мініп сенімді атты,
Далада келе жатып, князь көрді
Ішінен қалың орман шыққан қартты.

Перунға** көнген, берген ықыласын,
Болжаған болар заман уақиғасын,
Қасына Алек келді қарияның
Өткізген құлшылықпен, балмен жасын.

* Царград – Стамбул қаласының бұрынғы аты. Сауыт Царград – сонан шыққан сауыт (А. Байтұрсынұлы берген түсінік -ред.).

** Перун – дінсіздер табынатын пұт (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

«Не болар, айтшы, бақсым Құдай сүйген,
Ілгергі өтер жасым нендей күймен?
Жауымды жан-жақтағы қуандырып,
Топырақ тез басар ма, денеме үйген?

Ашып айт, бүкпей бәрін, еш қаймықпа!
Аласың таңдап жақсы ат айтқандыққа!».
Бақсылар князь сыйын қылмас қажет
Һәм қорықпас болғандардан ие жұртқа.

Олардың тілі еркін, сөзі хақ-ты,
Құдірет әмірімен ынтымақты.
Қараңғы таңдағылар танытпайды,
Жүзіңнен саған деген көрем бақты.

«Ұмытпай, ал жадыңа сөзін қарттың,
Батырға қымбат пұлы дабыс-даңқтың.
Атың зор, айбының мол жау мұқатқан
Қалқаның қақпасында Царградтың.

Аямай берген саған бақ-талайды,
Күңіркеп, дұшпандарың көре алмайды.
Жер, су да – бәрі саған бағынулы,
Толқыны көк теңіздің ала алмайды.

Айбалта, оқ найза да, сом қанжар да,
Ешбірі саған залал қыла алмайды.
Астына көк сауытың жара түспес,
Қорғаушың көрінбейтін бар бір сайлы.

Қатерлі не бейнеттен қорықпас атың,
Сезеді қозғалғанын қалай тақым.
«Тұр!» десе – жауған оққа қимылдамас,
«Шу!» десе – не қамалға кірер батыл.

Суыққа, соғысқа да тұлпар шыдар,
Ажалың бірақ осы аттан болар...»
Сөзіне шалдың айтқан күлді Алек,
Әйтсе де оймен жүзі торғылданар.

Көңілсіз ойдағы жоқ естіп істі,
Үндемей ерге асылып аттан түсті.
Сипалап, қасып, қағып мойынға атын,
Айнымас доспен князь қош айтысты.

«Бақыл бол, серік атым, ренжіме!
Айырылар мезгіл жетсе, айырмас не?
Дамыл ал! Қош аман бол! Мені ұмытпа!
Аяғым тимес алтын үзеңгіңе.

Келіңдер, бозбалалар, атты алыңдар!
Жетектеп, тоғайыма апарыңдар!
Жабыңдар жабуына түкті кілем,
Тазалап, жуып, бағып, баптаңыздар!

Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар!
Бұлақтың суымен һәм суарыңдар!»
Князьға, атын алып, тосты басқа ат,
Өтеді мұнан кейін неше жылдар.

* * *

Басында бір қорғанның Алек тойлап,
Жасақпен жанындағы күліп-ойнап,
Қайғы жоқ, қасірет жоқ, ішіп бәрі,
Күндерді бастан кешкен сөйлер, ойға ап.

Ескерді бір мезгілде атын Алек,
Сұрайды: «Есен-сау ма һәм қайда? – деп
Жүрісін, жүйріктігін танған жоқ па,
Жабығып қалмады ма, – дейді, – жүдеп?»

Қайда деп жоқтаған соң Алек атын,
Айтады біреу тұрып: «Князь батыр!
Басында биік қырдың әлдеқашан
Тыныштық алып, атың ұйықтап жатыр».

Мұны естіп, Алек жерге қарап төмен,
Ойлайды: «Оттап босқа шал не жеген?!
Қу бақсы! Өтірікші, алжыған шал,
Атымды айырыпсың босқа менен».

Көруге аттың сүйек-саяқтарын,
Ертіп ап Игорь менен қонақтарын,
Сарайдан шығып Алек келе жатыр,
Жағалап Днепрдің* алаптарын.

Қуарған жатыр сүйек қыр басында,
Селеулер жел құбылтқан тұр басында.
Құм көмген, жаңбыр жуған сүйектердің
Аралап князь Алек жүр қасында.

* * *

Ақырын аяғын сап шығып басқа,
Сөз сөйлер князь тұрып өлген досқа:
«Жат, достым! Кәрі иеңнен қайтқан бұрын,
Құдірет қарамайды көп, аз жасқа.

Жазыпты сені асыма сойғызбасқа,
Қаныңмен топырағым тойғызбасқа.
«Ажалың аттан болар» деп сандалып,
Шал мені қорқытқаны осы бас па?!»

Білдірмей, бас ішінен жылжып шығып,
Князьға қара жылан шапты ысқырып.

* Днепр – өзеннің аты (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

Оралып аяғына, шаққан кезде
Батырдан шықты дыбыс, жаны ышқынып...

Алекті жоқтап, жұрты көп жылайды,
Өлген соң, жылағанға ол тұрмайды.
Днепр жағасында асын беріп,
Көпіршіп саптыаяқтар быжылдайды.

Ольга мен князь Игорь дөң басында,
Тойлаған жасақтары һәм қасында.
Күндерді бастан кешкен сөйлей түсер,
Саптыаяқ жүрген сайын ортасында...

БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ

Теңіздің жағасында кемпір мен шал,
Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.
Күн көрген бейшаралар балық аулап,
Болмапты төрт түліктен ырымға мал.

Үсті шым, асты шұқыр жерден жырған
Баспана мекенінің сиқы тұрған.
Бала жоқ қолғанаттық екеуінде,
Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.

Бір күні шал апарып ауын салды,
Балық жоқ, ауға оралған балдырды алды.
Салғанда және ауын екінші рет,
Теңізге бітетін бір шөп оралды.

Тағы да үшінші рет ауын салып,
Сүйретіп шығарды бір алтын балық.
Шал байғұс өз көзіне өзі сенбей,
Аңырайып тұрды біраз, аң-таң қалып.

Жарқырап үсті-басы, оттай жанып,
Адамша сөз сөйлейді алтын балық:
«Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал!
Бар болса не қажетің менен алып».

Шал сасып, абдырайды, есі кетіп,
«Балық, – деп, – бұ неғылған тілге жетік?!»
Керемет мұндай, сірә, көрген емес,
Ау салып отыз үш жыл кәсіп етіп.

Ойланып: «Тегін емес балық, – дейді,
Қалмайын киесіне қалып, – дейді.
Еш нәрсең керек емес, жолың болсын,
Сайран ет теңізіңде, барып» – дейді.

Балықты жіберді де, үйге қайтты,
Не ғажап көргенінің бәрін айтты.
«Жібердім еш нәрсе алмай», – деген соң-ақ,
Кемпірі шалға көзін бажырайтты:

«Ақымақ, – дейді – алжыған, кеткен есің!
Былжырап айтып тұрсың сөз деп несін?
Жаңа астау тым болмаса алсаң едің,
Астаудың жарылғанын білмеймісің?»

Балыққа шал жөнелді жолықпаққа,
Ыдысқа астау алып молықпаққа.
Жыбырлап судың беті шимайланып,
Балық кеп: «Не айтасың?» – деді қартқа.

Шал айтты қол қусырып, тағзым етіп:
«Кемпірім ұрысып, әбден мазам кетіп,
Жаңа астау сұрайын деп келдім, тақсыр!
Жарамсыз астауымыз, жарық, кетік».

«Қайғырма, – балық айтты, – үйіңе бар!
Сол болса бар жұмысың, оның болар!»
Қуанып, шал үйіне қайтып келсе,
Бір астау әп-әдемі жатыр даяр.

Ұрсады кемпір шалға келісімен:
(Сақтасын долы қатын перісінен!)
«Алыпсың астау сұрап, ақылы жоқ,
Айырылған, ақымақ шал – дейді, – есінен!»

Деп ұрысты: «Миы ашыған, қу көк сақал!
Астауда қызыққандай қанша еді мал?
Қуанып қу астауға келген несі?
Көп нәрсе әкеліпсің, адырағал!

Үйіннің үстіндегі сиқы мынау!
Балықтан барып тәуір үй сұрап ал!»
Тағы да шал жөнелді теңіз жаққа,
Балыққа арыз айтып, мұң шақпаққа.

Бұзылып судың түсі лайланып,
Балық кеп: «Не айтасың?» – дейді қартқа.
Шал айтты қол қусырып, тағзым етіп:
«Бәлеге қалдым, тақсыр! Мазам кетіп!

Үй алмай, астау алдың, алжыған! – деп,
Барады сүйегімнен сөккені өтіп».
Арызын ақсақалдың қабыл алып,
«Қайғырма! Үйіңе қайт!» – деді балық...

Орнында лашығының ағаш үй тұр,
Келеді шал қуанып, таңырқанып.
Салған үй салтанатты сәніменен,
Бояған, оюлаған мәніменен.

Сайраған бақшасында түрлі құстар
Келтірер көңіл хошын әніменен.
Асылып терезеге кемпір тұрып,
Ұрсады келісімен шалға ақырып:

«Балықтан барыпсың да үй алыпсың,
Ақымақ, миың ашып, кеткен шіріп.
Ізіңмен, үйге кірмей, қайт балыққа!
Қадірсіз мұжық деген ат халыққа.

Айтпасқа қарашекпен қатыны деп,
Ақсүйек етсін мені, айт балыққа!»
Балыққа шал келеді қайтып тағы,
Кемпірдің мұң-мүддесін айтып тағы.

Тағзыммен қол қусырып арыз айтып,
«Азапты келдім, – деді, – тартып тағы».
«Қайғырма, – балық айтты, – болар, – деді
Ақсүйек дәрежесі қонар», – деді.

Қатыны қайтып келсе, болған ханым,
Қасына шал қалайша жолар енді?
Биік үй салтанатты, сәнді түрі,
Бәрі мол, бәрі байлық, бәрі ірі.

Үстіне неше түрлі асыл киіп,
Паңсынып сыртқы есікте тұр кемпірі.
Қолында толған өңшең алтын жүзік,
Зүмрет, березелі бар білезік.

Үстінде қамзол ішік, тысы қамқа,
Меруерт омырауы қойған тізіп.
Аяқта сақтияннан оюлы етік,
Бұрынғы мұжықтығы естен кетіп,

Жұмсап тұр біріне ұрсып, бірін ұрып,
Ақырып малайларға әмір етіп.
Шал келіп: «Сәлем бердік, ханым! – деді,
Ризалық тапты ма, енді жаның?» – деді.

Жаратпай шалдың сөзін, кемпірі ұрсып:
«Әдепсіз, ақылы жоқ, жарым, – деді.
Ат бақсын, ат қораға апарыңдар!
Мұжықтың мына біреу шалын...» – деді.

* * *

Қанағат болды десек етер шағы,
Құтырды өскен сайын кемпір бағы.
Өткен соң бірер жұма, шақыртады
Балыққа жібермекке шалды тағы.

Айтады: «Қазір жылдам бар, балыққа!
Жеткен жоқ жаным әлі ризалыққа.
Ақсүйек дәрежесін азсынамын,
Патша етсін, мені дереу бір халыққа!»

Шал айтты: «Құтырдың ба?
Түзу ме есің? Болмасын астамшылық, мұның кесір!
Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,
Жұрт күлер, қор болған деп бақыт, есіл!»

Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,
Жіберді шалды жаққа салып-салып.
«Қалайша маған қарсы сөз айтасың?
Сен – мұжық, мен – ақсүйек, қой – деп, – танып!»

Сөз айтар шалда хәл жоқ, жөнеледі.
Қарайып теңіз беті түнереді:
Шақырған шал дауысына балық келіп,
«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» – деді.

Шал айтты: «Өлдім әбден тынышым кетіп,
Таянды жынданyға кемпір жетіп.
«Ақсүйек дәрежесін азсынамын,
Бір жұртқа қойсын, – деді, – патша етіп».

«Қайғырма!» – балық сөйлеп, – кәрім» – деді,-
Істермін айтқанындай бәрін», – деді.
«Жүргізіп жұртқа әмірін мейілінше,
Айбынды болар патша жарың», – деді.

Шал қайтса, салтанатты сарайлар тұр,
Ішінде сарайлардың кемпірі отыр.
Асынып айбалтасын, есіктерде
Күзетші, түсі суық малайлар тұр.

Жарқырап алтын киіп, оттай жанып,
Патшасып кемпір отыр, ызғарланып.
Ақсүйек, өңшең бекзат қызметінде,
Ішкізіп арақ-шарап, азаптанып.

Билетпей шалға бойы, буын құрып,
Сарайға шал сескеніп келді кіріп,
Бас ұрып кемпірінің аяғына:
«Болды ма жаның риза!» – деді тұрып.

Есіркеу кемпірде жоқ, шалын аяп,
Адам деп елеп оған қарамай-ақ,
Деп еді: «Шығарыңдар!» Сол-ақ екен,
Жұдырық, жан-жағынан жауды таяқ.

Желкелеп, сүйреп, жұлқып жұлмалайды,
Ағына сақалының кім қарайды?
«Ақымақ, әдебі жоқ, алжыған құл,
Кірлейсің аяғыңмен, – деп, – сарайды!» –

Жұрт күліп: «Шал екенсің, – деді, – жарым,
Ақылың кем болған соң, кімге обалың?
«Болмаса өзің шанаң, отырма» деп
Бұрынғы айтпап па еді мақалдарын?»

Бір-екі мұнан кейін жұма өтті,
Тілейтін жаңа тоят кезі жетті.
Қызығы патшалықтың тозды жылдам,
Жарлық қып, кемпір патша шалды іздетті.

Шалды айдап алып келді дірдектетіп,
Байғұстың түсі қашқан, өңі кетіп.
Үстінде алтын тақтың кемпір патша
Тапсырды шалға жұмыс, әмір етіп:

«Бек тығыз бұйырамын саған, – деді,
Сөз қатсаң, жыртылады жағаң, – деді,
Мақсатым суды билеп, суда тұрмақ,
Балыққа айт, менен көп-көп сәлем! – деді,

Қаратып теңіздерді қол астыма,
Шабарман болсын өзі маған», – деді.
Әдді жоқ сөз қайырар, шал кетеді,
Қорыққаннан жылдам жүріп, тез жетеді.

Қара бұлт, қара дауыл толқынды айдап,
Сапырып теңіз суын, желдетеді.
Балықты шақырып шал, сөзін айтты,
Жұмыстың тығыздығын, тезін айтты.

Кемпірдің сұрағанын естіп балық,
Бір соғып суды бетке, кейін қайтты.
Балықтан жауап күтіп тұрып-тұрып,
Шал қайтты кешке жақын әлі құрып.

Көре алмай салтанатты сарайларды,
Көз салды жан-жағына мойнын бұрып.
Қараса, лашығында кемпірі отыр,
Баяғы жарық астау жырық-жырық.
Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде,
Қойыпты қу қақбасты Құдай ұрып.

АЛТЫН ӘТЕШ

Беріде емес, әріде,
Пәлен жұрттың жерінде
Болған жақсы хан Дадан.
Талай көріп қауіпті,
Талай жұртты шауыпты,
Жасында боп бек мазаң.

Жас жеткен соң жабығып,
Аттаныстан жалығып,
Жай жатуға ойлапты.
Кәрі ханды қажалап,
Енді өзгелер мазалап,
Жай жатқызып қоймапты.
Жаудан Дадан жерлерін,
Қорғамаққа елдерін,
Ңәман тұтты көп әскер.
Қолбасылар қалғымас,
Түс-тұсынан шықты қас,
Қайсысына жетісер?

Оңнан күтсе, жау солда,
Қырдан күтсе, жау суда,
Арқадан да, Құбыладан.
Жан-жағынан жау ұрды,

Жылап-жылап жіберді
Ызасынан хан Дадан.

Қатты күйді, қайғырды,
Хан ұйқыдан айырылды,
Һәман қауіп-қатерде.
Ойлап, ойлап қарайды:
«Не қылсам, – деп, – жарайды?»
Білмейді не етерге.

Безген ат боп белінен,
Әр нәпсінің желінен,
Бар екен бір данышпан
Жұлдыз санап қарайтын,
Сонан ақыл сұрайтын
Сасқан яки адасқан.

Арнап кісі шаптырып,
Көп -көп сәлем айттырып,
Шақыртады хан Дадан.
Шақырғанға бұ барды,
Алтын әтеш шығарды
Аузын шешіп дорбадан.

Ханға тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Мынау – алтын әтешім!
Қондыр, сырық басына!
Қой, сарайың қасына!
Болар мықты күзетшің.

Бұл отырса тып-тыныш,
Жоқ еш жерде қорқыныш.
Қатер болса бір жақта,

(Соғыс па я әлдене?
Болсын мейлі не бәле)
Қарап әтеш сол жаққа,
Күдірейіп, дауыстар,
Ол – дегені «қауіп бар!»
Риза болып, айтар хан:
«Бұйым алтын, күміс пе?
Басқа мүдде, жұмыс па?
Тауаныңды қайтарман.

Сенен немді аярмын!
Қашан болса, даярмын
Не сұрасаң беруге –
Не десең де еткізіп,
Не мүддеңе жеткізіп,
Өз көңілімдей көруге».

* * *

Биік сырық басында,
Хан сарайы қасында
Қарауылдап халықты,
Қатер болса, жұлқынып,
Солай қарай ұмтылып,
Әтеш айқай салыпты:
«Кіри-ку-ку, жат, ханым!
Жатып, жұртты бақ, ханым!»
Дадан ісін асырды:
Жауын ерте көрген соң,
Ұрып, сыйын берген соң,
Жау тыйылды, басылды.
Бір жыл өтті, екі жыл,
Тапты рахат жұрт дамыл,
Әтеш отыр жай, тыныш.
Бір күн ұйықтап хан жатты,

Сер әскер кеп оятты,
Бар деп бәле, қорқыныш.
Хан аша алмай ұйқысын,
«Не бәле бар? Не қысым?» –
Дейді отырып есінеп,
Жауап берді сер әскер:
«Әтеш көрген бар қатер,
Жұрт қауіпте түйсініп».
Хан қараса әйнектен,
Әтеш отыр әндеткен,
Күншығысқа қарапты.
«Не тұрыс бар? Жүруге!
Жылдам атқа мінуге!
Алып қару-жарақты!»
Хан әскерін айдайды,
Үлкен ұлын сайлайды
Бастық етіп үстінен.
Әтеш тағы жай, тыныш,
Қауіп-қатер, қорқыныш
Шықты жұрттың есінен.
Қол шыққалы жеті күн,
Әскерден жоқ хабар-үн:
Ашықты ма? Тоқ па әлі?
Жеткен жоқ па? Жетті ме?
Жау жатыр ма? Кетті ме?
Соғысты ма? Жоқ па әлі?

Міне, әтеш бақырды:
Хан өзге қол шақырды,
Кіші ұлына бастатты.
Күншығысқа бет беріп,
Қару, қапшық бөктеріп,
Қосын артып, қол тартты.

Әтеш тыныш, қымс жоқ,
Әскерден түк дыбыс жоқ,
Тағы өтеді жеті күн.
Жұрт айырылды сауықтан,
Ел жайғаспай қауыптан.
Әтеш тағы берді үн.

Үшінші қол шақырып,
Тастайтындай жапырып,
Құтты болғай деп қадам,
Күншығысқа жол алып,
Азық-түлік мол алып,
Ет берсе де, жемеді.
Анасының қарасын
Әр кезде екі көрмеді.

Бозмұнай бай абдырап,
Шаһарына барады,
Молла менен ғалымның
Құлағына салады:
– Кешегі туған жас бала,
Бізді қылды масқара!
Емшек берсе, ембейді,
Ет берсе де, жемейді.
Анасының қарасын
Әр кез екі көрмейді.
Дағдардым, жұртым, мен! – дейді,
Ақыл тауып бер! – дейді.

Ноғайлы жұрты кеңесіп,
Күнде бір бие сойғызды.
Ортан жілік майына
Үш күнде бір тойғызды.
Бір жасына келгенде,
Балалықты қылмады.
Екі жасқа келгенде,

Елеулі ермен тең болды.
Үш жасына келгенде,
Үш шарбақты ноғайдың
Бәрі дағы таң қалды,
Бір түрлі туған жан болды.

Төрт жасына келгенде,
Төрге таман ұмтылды.
Бес жасына келгенде,
Бес қаруды сайлады.
Жасыл оқтай ойнады,
Әр талапты ойлады.
Алты жасқа келгенде,
Ертең мінген атынан
Кешке дейін түспеді,
Ердің ісін істеді.

Жеті жасқа келгенде,
Жеке жұртын күзетті.
Ноғайлының үш кентін
Түгелімен түзетті.
Езу тартпай ұл өтті,
Абыройлы қыз өтті.
Ғаріп пенен міскіндер
Панасында күнелтті.

Сегіз жасқа келгенде,
Секіртіп ат мінгендей.
Балдағы алтын айболат,
Ал беліне ілгендей.
Алты қырлы ақсүңгі,
Оң қолына алғандай.
Ел шетіне жау келсе,
Айқай-сүрен салғандай.

Ноғайлының үш жұрты,
Бәрі бұған таң қалды-ай!

Бұл Сайынның ерлігін
Әрбір адам көргенде,
Тоқсан құлы кеңесті,
Кеңескенде не десті?
– Бір күндері болғанда,
Мынау жүрген Ер Сайын,
Көрмейсің бе ыңғайын?
Бізді де бір адам деп,
Тура қарап күлген жоқ.
Баяғыда атасын
Ортаға алып қуғанды,
Ұстап алып ұрғанды
Әлі күнге білген жоқ.

Оны бір күн білген соң,
Құлағына тиген соң,
Біз байғұсты ұрмас па,
Ашуланса, қырмас па?
Уағда қыл, жігіттер,
Не қылса да тұрмасқа!
Қырар ма, ойбай, қырар ма!
Бұған адам шыдар ма?
Жорға менен жүйрікті
Түн ішінде алайық!
Мың сан жылқы ішінен
Ат табармыз лайық.
Құр қырылып қалғанша,
Қашып кетіп қалайық!

Жорға менен жүйрікті
Қос-қосынан алады.

Сусыз шөлге бас қойып,
Құлдар қашып барады.
Ертең келіп Ер Сайын,
Жылқысына қарады.

Иесіз жатыр көп жылқы,
Құлдарының бірі жоқ.
Қашты деген көңілінде
Ер Сайынның кірі жоқ.
Әрі-бері жүрген соң,
Құл қашқанын білген соң,
Жылқы бағар кім қалды?
Батыр Сайын тұлданды:

«Тоқсан құл, саған не қылдым,
Қашып кетіп не білдің?
Әкеме қылдың қорлықты,
Шешеме қылдың зорлықты.
Кешейін деп күнәңді,
Сонда да еске алмадым.
Ат терлетіп келдің деп,
Етке қамшы салмадым.
Ақырында, бәлем, құл,
Мені бүйтіп алдадың!
Тым болмаса жылқыда
Жартың неге қалмадың?
Өз обалың өзіңе!
Түлен сені қуды ма?
Қардан жаман түспеспін
Қарадағы ізіңе.
Азар болса, кетерсің
Сусыз шөлдің түзіне.
Бәріңді де қырайын,
Бір көрінсең көзіме.

Бүлермін деп жүргенмін,
Дұшпанның жалғыз жүзіне».

«Шүу!» деп еді, қарала ат
Қырдан асып қылт етті,
Тұяқтан ұшқан тозаңы
Құйындай-ақ бұрқ етті.

Бір жіберіп алғанда,
Ұлы сәске болғанда,
Шыға келді Ер Сайын
Қаратөбе басына.
Қосылып өлең айтысып,
Сырнай күйін тартысып,
Құлдар кетіп барады
Аяғының астында.
Мұны көріп Ер Сайын,
Төбеде тұрып толғанды.
Жалғыздығын ойлады,
Жауы тоқсан, бұл жалғыз,
Ойламасқа болмады.

«Өзің жәрдем бола гөр,
Бір жаратқан Құдайым!
Өлемін деп қылмаймын
Жаным үшін уайым.
Қорлығы өтіп барады,
Бұған нағып шыдайын!
Тоқсан құлмен соғысам,
Абыройды тауысам.
Жалғызға келер күш болса,
Жазатайым іс болса,
Қартайғанда атамнан
Енді перзент туар ма?

Ием сараң болмаса,
Қанатсыз мені қылар ма?
Құлдан қорқып мен қайтсам,
Құл кетті деп мен айтсам,
Жиылысқа кіре алман,
580 Ел ішінде жүре алман.
Енді бұған барайын,
Бармай нағып қалайын?
Қыннан шықпас ақ алмас
Суырып, қолға алайын.
Көтерсе Құдай талайым,
Бәрін тегіс қырайын».

Қамшы басып қалғанда,
Қарғып кетті қарала ат,
Жауға жетіп барады,
590 Тауды, тасты аралап.
Екі тісі сақылдап,
Құлдарға келді жақындап.
Жау көрмеген жас бала,
Жаңа өспірім мас бала,
Қылышты алды қынынан,
Ойын емес, шынынан.
«Шүу!» деп еді, қарала ат
Жұмарланды қырынан.

Түнеріп бала келген соң,
600 Енді өлерін білген соң,
Қол қусырып бәрі де
Аттан түсе құласты,
Бас ұрып жерге, жыласты.
Жылағанға болмады,
Жалынғанға қоймады.
Екпіні қатты жас бала

Құлдарменен ойнады.
Өзгесін қырып салды да,
Отызын жаяу айдады.
610 Бір балаға тоқсан құл
Таба алмады айланы.

Қаратөбе басына
Жаяу айдап барады.
Бірін тірі жібермей,
Барлығын да жарады.
Тоқсан құлдың аттарын
Айдап елге салады.

Атасына мақтанып,
Құл қырдым деп айтпады.
620 Бұрынғыдай мырзаңыз
Шіреніп үйде жатпады.
Сырттан келген дұшпаннан
Өз шарбағын сақтады.
Жатса-тұрса жау тілеп,
Жылқы болды баққаны.
Малшы болып жүрсе де,
Жау-жарағын сайлады.
Жақын жатқан жылқыны,
Алысқа ылғи айдады.
630 Жылқы алуға жау келсе,
Ұрысуға ойлады.

Елдің жүрер шетінде,
Жаудың келер бетінде,
Жау көрінсе, білдір деп,
Қарауылды сайлады.
Күні-түні Құдайдан,
Жауды тілей қалады:

«Қайда кеткен алаштың
Найза ұстаған батыры?!
Еркек мүрдар қырылып,
Қалған ба өңшең қатыны?»

II

Бір күндері болғанда,
Сайын жасқа толғанда,
Мұның даңқын есітіп,
Қара қыпшақ Қобыланды
Дүниенің төрт бұрышын,
Тегіс жүріп шарлаған.
Алпыс жастан асқанша,
Алмаған жауы қалмаған.
Көрнекті бұзып, жылқы алған,
Күймені бұзып, қыз алған.
Дұшпанды көрсе, бір күнде
Отыз екі қырланған.
Он жасына келгенде,
Жау әдісін үйренген.
Жұртыменен кеңесті,
Кеңескенде не десті:

– Ноғайлының жұртынан
Сайын деген ер шықты.
Мұсылманның ішінде
Бұлар болған ең мықты.
Мың кісіні жиыңыз,
Сол Сайынға барайық.
Рас болса ерлігі,
Қолымызға алайық.
Алыста жатқан қалмаққа
Бір соғысты салайық.

Қобыландының бұл сөзін,
Жұрты қабыл етеді.
670 Мың кісіні қолға алып,
Сайынды іздеп кетеді.
Бір күндері болғанда,
Жылқыға таман жетеді.
Қыраңғытып жүрген ер
Жолығыса кетеді.

Көп екен деп саспады,
Жалғызбын деп қашпады.
Көтеріп алды найзаны,
Алтынды туын байлады.
680 Жалғыз өзі көп жаумен
Ұрысарға ойлады.
Қобыландының қасында
Найзагері қорқады.
Жақындасып келгенде,
Атының басын тартады.
Сайын бетін бұрар ма,
Қашпай адам шыдар ма?!

Батыр Сайын екенін
Ер Қобыланды біледі.
690 Мың кісіге бас болып,
Өзі ілгері жүреді.
Ақбоз атпен аңқылдап,
Айыр қалпақ солқылдап,
Ер Сайынға жақындап,
Жетіп келді қомпылдап.
Жетіп келіп сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

– Батыр Сайын сен болсаң,
Қобыланды ағаң мен болсам,

Ел шетінде жүргенде
Іздеп жүріп кез болсам,
Жарқылдатпа қылышың!
Мың кісілік туысың.
Ашулансаң, шырағым,
Бәрімізді қырарсың.
Жаушылығым жоқ саған,
Сені көре келемін,
Атадан артық бір ерсің,
Қол тізгінін беремін.
Іздеп шыққан жауым бар,
Қызығыңды көремін.

Сайын қарап тұрады,
Аты-жөнін сұрады.
Қобыландыны білген соң,
Елге қарай бұрады.
– Біздің елге барып қайт,
Атамнан бата алып қайт!
Мен де бірге жүрермін;
Қонақасың берермін.
Бара тұрған жауыңа,
Артық туған ағасың.
Батырлығың көремін.
Мың кісіні Ер Сайын
Ерітіп алып келеді.
Алпыс асау сойдырып,
Қонақасы береді.

Үш күн қонақ болған соң,
Байдан көңілі толған соң,
Қобыланды мен Ер Сайын
Байдан бата сұрады.
Бәйбіше мен Бозмұнай

Қобыландыға жылады:
– Өлгенде көрген жалғызым,
Аттанып кетсе жорыққа,
Қартайғанда басымыз,
Қалады екен қорлыққа!
Таянып келді Бозмұнай,
Қобыландының қасына:

– Желіктіріп баланы,
Қайғы салдың басыма.
Тентектігің қоймадың,
Жұрт тіліне болмадың.
Бұрынғылар алмаған,
Маңына адам бармаған,
Қалмақ деген қатты жау,
Жүремін деп ойладың.
Мынау жүрген Ер Сайын,
Өмір берген Құдайым!

Жастан жауға кеткен соң,
Үйде нағып шыдайын?!
Тоғыз жастан өткен жоқ,
Он жасына жеткен жоқ.
Омыртқасы өскен жоқ,
Қабырғасы қатқан жоқ.
Көзім жасын көрсейші,
Үш наурызды берсейші!
Он екі жасқа толғанда,
Қызығын сонда көрсейші!

Сонда Қобыланды сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Ер дарыған бай едің,
Үш наурызды бергенім.

Үш жыл өтіп кеткен соң,
Уағдаға келгенім.
Соған дейін Ер Сайын
Жау-жарағын сайласын,
Мінер атын байласын!
Шыныменен ер болса,
Уағдадан таймасын!

III

Мың кісі дулай қайтады,
Тілегін алып қуанып,
Бай үйінде жатады,
Үш наурызға жұбанып.
Бір күндері болғанда,
Бәйбіше тұрып ойлады.
Ойламасқа болмады,
Байды еркіне қоймады:
– Толып жатқан малың бар,
Екі-үш наурыз өткенде,
Сайын кетер жорыққа.
Тағы біздің басымыз
Түсер сонда қорлыққа.

Тоғай толған малың бар,
Бөліп қалың берсейші!
Үш шарбақты қыдырып,
Лайық қыз көрсейші!
Келін де болса сүйеніп,
Аз ғана күн тұрмаққа.
Бермегенмен, бұ малың
Алып шықпас ұшпаққа.

Мұны есітіп Бозмұнай,
Бозжорғаға ер салды.

Үш шарбақты ноғайдың
Қыздарына көз салды.
Лайық қыз таппады,
Көрген қыздар жақпады.
«Мен бармаған ел бар ма,
Ер Сайынға тең бар ма?»
Ноғайлы жұрты кеңесті,
800 Кеңескенде не десті:
– Қамбар жайлап шет қонған,
Дұшпанына бет қонған.
Өзі жауға айбарлы,
Көбікті деген бай бар-ды.
Езу тартып күлмеген,
Бөтен үйге кірмеген,
Аюбике сұлу нар,
Беті желге тимеген,
Қиғаш қара қасы бар,
810 Қолаң қара шашы бар.
Сырты сұлу, сымбатты,
Кер құландай керілген;
Ішкен асы сұлудың
Тамағынан көрінген.
Қорықпай соған барсаңыз,
Шамаң келіп алсаңыз.
Бермей қалар деймісіз,
Барып хабар салсаңыз.

Соған кетті Бозмұнай,
820 Судың бойын көбелеп.
Қартайғанша бозжорға,
Өзі мінген жебелеп.
Көбіктінің сарайы,
Көтерілген талайы.
Есігінің қасында,

Қақпасының басында
Тұрады екен күзетіп
Екі бірдей малайы.
Екі тісі кетілген,
830 Бір танауы сетілген,
Бозмұнайды біледі,
Иіліп сәлем береді,
Тілдесуге келеді:
– Ауыр дәулет тұсында
Қара басың хан едің.
Сайын сынды ұлың бар,
Енді неге зар едің?
Атың жаман терлепті,
Таң сәрінен жүресің,
840 Ашуланған адамдай
Қабағыңды түйесің.
Жолың болсын, Бозмұнай!
Не есітіп білесің?

Бозмұнай тұрып сөйледі:
– Байың есен-саулық па?
Қатты сөйлеп даурықпа.
Айтқан сөзім тыңдаса,
Көп қарсылық қылмаса,
Қызын алып қайтамын.
850 Жүргенім жоқ жаулыққа,
Лайық болса балама,
Менен малды ала ма?
Шақырғанға келмесе,
Балама қызын бермесе,
Бозжорға аттан түспей-ақ,
Елге таман қайтамын.
Тентек туған Сайынға
Бара сала айтамын.

Қайран қалды сетік құл
Бозмұнайдың сөзіне.
Бара сала айтады
Көбіктінің өзіне:
– Әзірейіл ме? Дажал ма?
Мұнан жаның қалар ма?!
Ықтиярсыз біреудің
Қызын тартып алар ма?!
Сарайыңның қасында,
«Көбікті қызын берсін» деп,
Бозмұнай бай келіп тұр.
Бермесіне қойман деп,
Ер Сайынға сеніп тұр.

Көбікті тұрып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды:
– Шауып алса, мал да көп,
Тартып алса, қызда көп.
Ноғайлының ішінде
Сайындай тентек ұл да көп.
Қызымды оған бермеймін,
Бозмұнайды көрмеймін.
Мықты болса, жиылып,
Тартып алсын мұнда кеп.
Қанша кісі келсе де,
Ұрысуға даярмын.
Жалғыз қыздың тұсында
Не жанымды аярмын?!
Адам екен демеңіз,
Түсіріп саумал бермеңіз!
Қайтып кетсін еліне,
Бірің шығып тұрмаңыз!

Бозмұнай құлдан сұрады,
Атының басын бұрады.

Көбіктінің сөзіне
Жаман ашу қылады:
– Осынан елге бармасам!
Айғай-сүрен салмасам!
Үш шарбақтың адамын
Мінгізіп атқа алмасам!
Ер Сайынды жіберіп,
Бәріңді де қырмасам!
900 Айттырса, бермес қызыңды
Ат сауырына салмасам!

Бозмұнай болып жүрмейін,
Бозжорғаға мінбейін!
Мықтылығын айтады,
Елге таман қайтады.
Бір бүліктің боларын
Көбікті жұрты байқады.

Бозмұнай қайтып кеткен соң,
Елге хабар жеткен соң,
910 Көбіктінің үйіне
Алтын тақты хан келді;
Қимылдаған жан келді:
– Көбікті бай, қызыңды
Сайынға неге бермедің?
Сол секілді батырды
Нағып күйеу көрмедің?
Бозмұнай өзі келген соң,
Мұнша неге кернедің?
Бет-бетімен тозармыз,
920 Бұл қызыңды бермесең,
Жұртымызды бүлдірер,
Аттанып Сайын келген соң.

Көбікті бай ойланды,
Төрде отырып толғанды.
Бозмұнайға шаптырды,
«Бермесем де болмас, – деп,
Бермегенмен, бұл қызым
Қанша маған жолдас», – деп.
Сетік құлға бұйырды:
930 – Қос ат алып шап! – деді,
Бозмұнайды тап! – деді.
Сұраған қызын береміз,
Қайтсын мұнда, айт! – деді.

Қос атпен құл шабады,
Бозмұнайды табады.
Құл жақындап жеткенде,
Бозмұнай кейін қарады.
– Атыңның басын бұра тұр!
Ашуланбай тұра тұр!
940 Сен жөнеліп кеткенде,
Жұрт қамалға кірді ғой!
Хан, қарасы жиылып,
Көбіктіге келді ғой!
Нағылса да Көбікті
Саған қызын берді ғой!

Бозмұнай бай ақырды;
Әруағын судай сапырды:
– Шақырса да, бармаймын!
Бұл сөзіңе нанбаймын.
950 Малға берсе, сол қызды
Бір тайға да алмаймын!

Сетік құл тұрып зарлайды:
– Сенен малды алмайды,

Мал алуға еліңе
Бір кісі де бармайды.
Бозмұнай бай, өзің біл!
Шақырғанға бармасаң,
Асы болар Аллаға,
Берген қызды алмасаң.

960 Бозмұнай тоқтай қалады,
Құлды ерітіп алады.
Бозжорғаны теңселтіп,
Көбіктіге барады.
Хан, қарасы жиылып,
Алдынан күтіп тұрады.
Талай малын қырады,
Жиын-тойын қылады.
Ашуланбай табысты,
Қалаған қызын алысты.
970 Төрт-бес кісі жолдаспен
Еліне қайтып барысты.

Үш шарбақты ноғайдан
Сегіз зергер орнатты.
Сайын сынды батырдың
Ат-тұрманын оңдатты.
Таңдап алып үш кенттен
Отыз жігіт жолдасты,
Тойын қылып болған соң,
Сұлуға таман түн қатты.

980 «Сайын келді!» деген соң,
Қимылдаған жан келді.
Жұрт жақсысы жиылып,
Алдыменен хан келді.
Көрген жұрттың бәрі де
Жас баланы таң көрді.

Қыз бен жігіт дуласып,
«Көреміз!» деп шуласып,
Ұлы жиын қылады,
Кең сарайға орнасып.
990 Сол сықылды батырға
Қылған тойы мінәсіп.

Жұрт жиылды тойына,
Отыз күндей ойынға.
Ақ некесін қиған соң,
Күйеу кірді қойынға.
Ақ ордаға салғанда,
Ойнап, ойыны қанғанда,
Қатты бір ұйықтап қалғанда,
Таң белгісі болғанда,
1000 Аян берді атасы,
Сөзінде жоқ қатасы.
Жетіп келді тұсына
Бабай Өмір бабасы:
«Құлағың сал сөзіме,
Сайын батыр, сен болсаң,
Бата беріп кетейін,
Сәтті күні кез болсаң».
Сайын сынды батырың
Ұшып тұра келеді.

1010 «Жар бола көр, бабам!» – деп,
Қолын жая береді.
Сонда пірі сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Аюбике сұлудан
Екі бала көрерсің.
Қысылған жерде бабаңды
Есіңе алып жүрерсің.

Бірінің аты – Бөкембай,
Бірінің аты – Киікбай;
1020 Сол Киікбай туғанда
Дұшпанға салар бүлікті-ай.
Алмаған жауын қоймайды,
Әруағы сенен биік-ті-ай!»

Пірінің сөзі жеткен соң,
Ғайып болып кеткен соң,
Жазғы қудай ыңырантып,
Жарылған мұздай күңірентіп,
Тал шыбықтай бұралтып,
Тотықұстай тарантып,
1030 Патшалардай найқалтып,
Қаса байдай шайқалтып,
Түйесіне күң беріп,
Ат ерттеуге құл беріп,
Ұзатты қызын жөнелтіп,
Бәйшешектей түлентіп.

Сұлу елге келген соң,
Тәмам жұрты көрген соң,
Тағы халқын шақыртып,
Мырзалығын берген соң,
1040 Аюбике сұлудың
Ай-күніне маң болды,
«Қыздай жүкті келді», – деп,
Әлемдерге таң болды.
«Жүкті келді келін», – деп,
Қыз-келіншек күледі.
Бір Алланың бергенін
Жалғыз Сайын біледі.

Уағдасы толғанда,
Сәтті күні болғанда,

1050 Аюбике толғанды,
Қыз-келіншек орнатты.
Ақ жарылып, күн туып,
Екі бірдей ұл тапты.
Арқаннан ат алдырып,
Малға қарай бай шапты:
«Мұнан немді аярмын,
Уысымды жаярмын.
Бүгін өліп кетсем де,
Аманатқа даярмын.
1060 Үлкен бір той қылайын,
Аямай мал қырайын.
Қос немере сүйгізіп,
Есіркеді Құдайым!»

IV

Тойын қылып болған соң,
Жұрттың көңілі толған соң,
Бөкембай мен Киікбай –
Баланың атын қойған соң,
Бір жасына толғанда,
Сонда келді Қобыланды,
1070 Сайынға айтқан үш жылдың
Уағдасы болғанда.
Ел шетіне келеді,
Сайынға хабар береді.
Үш шарбақты ноғайдан
Қырық жігіт таңдап алады.
Қобыландыға қосылып,
Аттанып кетіп барады.
Құлан жүрмес жерлерде,
Адам аспас шөлдерде.
1080 Ат мойнынан жал кетті,
Он екі күн дегенде,

Қара ағаштай қалмақтың
Еңсесіне қол жетті.

Аттың ерін алысты,
Түстенісе қалысты.
«Қалмақ жақын екен», – деп,
Батырға хабар салысты.
Жағалбайлы атасы,
Сөзінде жоқ қатасы,
1090 Қара түсті жауырыншы
Жауырын жағып қарады.
– Қауіп-қатер бар ма?–деп,
Ер Қобыланды сұрады.

Жаурыншы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Ер Сайын мен Қобыланды!
Бұл жауыңа бармаймын.
Жылқы жолда жатса да,
Көзімнің қырын салмаймын.
1100 Малға бола бұ қолдың
Обалына қалмаймын.
Алар болсаң тілімді,
Жау тосқыны білінді.
Елге қарай қайтамын
Аман-есен күнімде.
Тілімді алған мұсылман,
Бәріңе де айтамын!
Бірің тілімді алмасаң,
Өзім жалғыз қайтамын.

1110 Алпыс кісі алады,
Елге қарай салады.
Сонда тұрып Қобыланды

Ер Сайынға барады.
– Сайын сынды батырым,
Бұзылмасын ақылың!
Кел, аманда қайталық,
Екпінің күшті жарқыным!
Алар болсақ, мал да көп,
Соғысарға жау да көп.
1120 «Жау тосқыны бар» дейді,
Қайталық, жан сауға деп.

Сайын сонда сөйлейді:
– Хабар алып сайтаннан,
Бұ жолымнан қайта алман!
Алғанымның қойнында
Күлкі болып жата алман!
Айғырдайын алыспай,
Ақсұңгіні салыспай,
Қалмақпенен атыспай,
1130 Қара қанға батыспай,
Ақылыңды ала алман!
Елге қайтып бара алман!

Бұлайша Сайын айтады,
Ноғайлының мың кісісі
Елге қарай қайтады.
Қырық жігіт пен Ер Сайын
Жауға таман тартады.
Батыр Сайын келгенін
Қалмақ есітіп біледі.
1140 Қобыландының қайтқаны
Құлағына тиеді.

Келе жатыр қырық жігіт,
Қарағайды қақ жарып,

Ер Сайынның ісіне
Бәрі бірдей таң қалып.
Көп қалмақты көрген соң,
Үрейі ұшып сандалып.

Сонда Сайын толғайды:
(«Қайт!» дегенге болмайды)
1150 – Қорқа берсең, қырық жігіт,
Сендер кейін қалыңдар!
Жалғыз өзім кіремін,
Таса жерге барыңдар!
Көре алғандай күн болса,
Бұ заманды ұмытпан!
Жазатайым іс болса,
Аман-есен болыңдар!
Мұсылманның ұлында
Мен – шіріген жұмыртқа.
1160 Сайын шапты қалаға,
Қамшы басты алаға.

Айқай салған дауысы
Қарағай жарып барады.
Көп қалмақтың ішінде
Екі батыр бар еді,
Бірінің аты – Еламан,
Бірінің аты – Жоламан.
Қобыланды мен Сайынның
Соғысына жараған.
1170 Бір мезгілде Ер Сайын
Күреңді жылқы алады,
Қырық жігіт қалған жеріне
Қуып кетіп барады.

Қалмақ жатыр уылдап,
Атын жиып, шуылдап,

Бір-біріне жармасып,
Мәстегіне тармасып,
Қашан қалған шашылып,
Ер-тоқымнан адасып.
1180 Келе жатыр көп қалмақ,
Жаман дауыс салысып.
Жердің жүзі қайысып.
Атының шаңы бұрқылдап,
Қылыштары сыртылдап.
Ақтөбеде Сайын тұр,
Ашуланып, қылшылдап.
Қарала атты борбайлап,
Ұмтылды батыр айғайлап,
Тұс-тұсынан ат қойды
1190 Көп қалмақтар анталап.
Жалғыз өзі Ер Сайын
Соғысқа кірді Аллалап.
Бөлек-бөлек қылып жүр,
Бөлінген қойдай қырып жүр.
Еламан мен Жоламан
Тау тасалап қашып жүр.
«Көрінер күнің бар ма» деп,
Азуын Сайын басып жүр.

Кешке таман болғанда,
1200 Көбін қырып салғанда,
Қайратына мас болып,
Алланы еске алмады.
Бабасына сыйынып,
Жалбарына қалмады.
Пірі үстіне қонбады,
Баяғы қайрат болмады.
Оймақ құрам сау жері
Тал бойында қалмады.
Тұс-тұсынан оқ тиіп,

Жарадан батыр жаурады.
Әр жерінен аққан қан,
Су секілді саулады.

Ерден қуат кеткен соң,
Жығылар мезгіл жеткен соң,
Атының басын бұрмалап,
Жөнелді батыр Аллалап.
Егесіп тұрған көп қалмақ
Соңына түсті ынтығып.
Қырық мың кісі қуса да,
Жеткізбей кетті құтылып.
Ертең кеткен қырық жігіт
Қарасын Сайын көреді,
Қарала атпен тезірек
Қуып жетіп келеді:

– Тезірек отын қалаңыз!
Жарам нешеу, санаңыз!
Омыртқада он жара,
Қабыртқада қырық жара,
Қалай адам боламын,
Қақ жүректе бір жара?!
Жалаң аяқ жүрмеген,
Бісмілләні білмеген,
Салып еді бір қалмақ
Сырлаған қайың найзамен
Қабыртқаның түбінен,
Омыртқаның жігінен.

Сол найзаның орнынан
Қан зырқырап тыйылмас.
Қырық жігіт, сенен болмаса,
Ноғайлының елінен
Топырақ маған бұйырмас.

Қарағай түбі қара өлең,
Қазанатым жер ме екен!
Араннан келді бір әуез,
О да мендей тарығып,
Зарлы болған ер ме екен?!
Артымда қалған көп қалмақ:
«Сайын сынды батырың
Қашып кетті» дер ме екен?!

Қырық жігіт, сені ертіп ап,
Ергенде Қобылан соңынан.
Мен шықпаған екенмін
Жұлдызымның оңынан.
Мен дұшпанға мерт болдым,
Қобыланды ердің жоғынан.
Жауырынмен сөйлеген
Түсші балы бар еді,
«Қалмаққа тимей, қайтайық»,
Деген Қобылан шал еді.

Жын тілі деп нанбадым,
«Қайт!» дегенге болмадым.
Қас әулие сол екен,
Тілін алмай, жаурадым.
Аттанған жерім сұрасаң,
Ойыл менен Қиыл-ды.
Қарсы алдымнан қалмақтар
Бірі қалмай жиылды.
Қырық жігіт, сенен болмаса,
Жұрт көруім қиын-ды.

Күлдір-күлдір кісінеген,
Күреңді мінер күн қайда?!
Көрнекті бұзып – жылқы алып,

Күймені бұзып – қыз алып,
Қара арғымақ қатырып,
Қарсыласқан дұшпанға,
Жүректен найза батырып,
Мынау жатқан қалмаққа,
Ат жүгіртер күн қайда?!

А, қырық жігіт, қырық жігіт!
Маған бола өлмеңдер,
Сендер бейнет көрмеңдер!
Қарағайдан табытым,
Бекем қылып сайлаңдар!
Таңдап мінген Қарала,
Басыма мықтап байлаңдар!
Шүберек киім кигізбе,
Қанды етіме тигізбе!
Жібекке орап қойыңдар!

Ел шетіне барғанда,
Қырық жігіт, сені көргенде,
Атам шығар аңқылдап,
Анам шығар еңкілдеп,
«Сайыным қайда?» дегенде,
Не деп жауап берерсіз?!
Ел шетіне жау келсе,
Кедергі болды дегейсіз!
Сол сөзбенен жұбансын,
Бір күн де болса қуансын.
Ақырында, бейшара,
Естіген соң, суалсын.

Таптан таңдап алғаным,
Белден төсек салғаным,
Арманда болып, көре алмай,

Құла түзде қалғаным,
Аюбике сұлуға
Дұғай сәлем дегейсіз!
Таңсәрінен тұрынсын,
Қынай белін буынсын!
Бедерленген бес тырнақ,
1310 Бетіне жара салмасын!
Жамандыққа үйретер
Дұшпанның тілін алмасын!

Мен кеткенде жүрмеген,
Дүниені жүріп көрмеген
Киікбай мен Бөкембай –
Айрылып сонан қалмасын!
Қара қыпшақ Қобыланды
Алып жауға бармасын.
Өзімнен қалған жақсыны
1320 Жат көрмесін, өз көрсін!
Қайта алмадым жорықтан,
Бұл дүниеде жолықпан,
Құдайы қосқан қосағым
Ақыретте кез болсын!

Ашып кетші бетімді,
Салқын соқсын етімді.
Қимылдарға шарам жоқ,
Құлазыған қу түзде
Қазам жетер секілді.
1330 Сендер тастап кеткен соң,
Қалмақ келіп жеткен соң,
Мұсылманнан көре алман,
Қаңғып жүрген жетімді!

Қарағайдан табытын
Бекем етіп сайласып,

Таңдап мінген Қарала ат,
Басына мықтап байласып,
Қалмақ көрмес орынға,
Ер Сайынды жайласып,
1340 Қырық жігіт кетті қыр асып.
Еңіреп қимай жыласып.

V

Олар елге келместен,
Жұрты хабар білместен,
Аюбике сол сұлу
Түнде жатып түс көрді;
Қатты шошып оянды,
Түсінде жаман іс көрді.

Таңсәріден тұрады,
Беті-қолын жуады.
1350 Енесіне келді де,
Түсінің жайын сұрады:
– Мен бір бүгін түс көрдім,
Келіспеген іс көрдім.
Жаурыным толған қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерленген бес тырнақ,
Білектен шыққан қос бармақ,
Қызыл қанға, ене-еке,
Малыныңқы көрінді.
1360 Шешем берген боқшасы
Шашылыңқы көрінді.
Қолындағы ақ сүңгі,
Балдағы алтын айболат
Ортасынан, ене-еке,
Үзіліңкі көрінді.

Сонда енесі қорықты,
Қорықса да былай жорыды:
– Ертеменен қой өрер,
Жайылғанын жұрт көрер,
1370 Жайылғаны шашыңның
Соған, балам, көрінсін!
Бедерленген бес тырнақ,
Қызыл қанға, келінім,
Малыныңқы көрінсе,
Таңда, тал түс болғанда,
Қызыл ойран бұйырсын!
Қолы-бетің қызарып,
Соны бояп қоярсың!
Қызыл қаның, а, балам,
1380 О да соған көрінсін!

Жауда жүрген баламның,
Жел жақтағы панамның,
Астындағы Қарала,
Құйрығы келте көрінсе,
Жау қарасын көргенде,
Ат құйрығын сүзген-ді,
Жанындағы жамандар
Жанынан күдер үзген-ді.
Қолындағы ақ сүңгі
1390 Үзіліңкі көрінсе –
Жүрген шығар шырағым
Қалмақтың белін сындырып.
Келеді екен жалғызым,
Барған ісін тындырып.
Қырық жігіті жанында,
Мың сан жылқы қудырып.

Келе жатыр қырық жігіт,
Иығынан су кетіп,

Маңдайынан күн өтіп,
1400 Жылауменен күнелтіп.
Жолдасын жауда қалдырып,
Жүзіне қара шалдырып.
Ел шетіне келген соң,
Байға хабар берген соң,
Бозмұнай бай келеді,
«Бұлар келді» деген соң:
– Есендік пе, саулық па,
Азамат аман, барлық па?
Кәрілік мұрдар ұрмаса,
1410 Көзім жасқа толмаса,
Сайын сынды жалғызым
Көрінбейді көзіме!
Қырық жігіт жылай береді,
Жауап айтпай сөзіне.

Айтпасына болмады,
Ақыл-айла қалмады,
«Сайын қалды» деген соң,
Тәмам жұрты зарлады.
Қырық жігіттер сөйлейді:
1420 – Бара сала Ер Сайын,
Қалмақтан ойып жылқы алды,
Толып жатқан қалмаққа
Бір бүлікті ол салды.

Жер қайысқан көп жылқы
Айдап бері кеткенде,
Мұсылманның жерінің
Шетіне келіп жеткенде,
Айдаған жылқы шалдығып,
Аттан медеу кеткенде,
1430 Қалмақ жетті соңынан,

Ат бұруға күтпеді.
Қырып-жойып кетерге
Жалғыздың әлі жетпеді.
Алдыңғы жеткен қалмаққа
Кедергі бола келеді.
Қарала аты арыды,
Оттай алмай келеді.
Ақ кіреуке сөгілді,
Сыптай алмай келеді.

Бозмұнай кетті үйіне,
«Сау» дегенге қуанып,
Жасы жеткен кәрі шал,
Өтірік сөзге жұбанып.
Қайдан білсін, бейшара?
Қалғанын бүйтіп суалып.
«Қырық жігіт келді» деген соң,
Атасы хабар берген соң,
Аюбике сол сұлу
Тұра алмады кідіріп.
Қырық жігіттің алдына
Жетіп келді жүгіріп.

– Әй, қырық жігіт, қырық жігіт!
Неге бүйтіп жаурайсың?
Ақсақалды атамды
Өтірік сөзбен алдайсың!
«Келе жатыр» дегенге
Жан берсең де нанбаймын.
«Сайын өлді» десең де,
Біріңді ұстап қалмаймын.

Қырық жігіт тұрып ойласты:
«Айтпасақ та болмас-ты,
Жанып келген жас бейбақ,

Еркімізге қоймас-ты».
– Сайын сынды батырың,
Сан қалмақпен соғысты.
Сайын жалғыз, қалмақ көп,
Ірікпей қылды тоғысты.
Көпке шама келмеді,
Қалмаққа Құдай болысты.
1470 Оймақ құрам сау жері
Тал бойында қалмады.
Тұс-тұсынан оқ өтіп,
Жарадан батыр жаурады.
Қалмақтан шығып кеткенде,
Жығылар мезгіл жеткенде,
Қарағайдан табытын
Бекем қылып сайлатты.
Таңдап мінген қарала ат,
Басына мықтап байлатты.
1480 Қалмақ көрмес орынға
Өзін орап, жайлатты.

«Бас көтерер күн болса,
Ер кетіріп мінермін,
Қозғалмастай күн болса,
Күнінде бір көрермін.
Қазам жетпей, тірілсем,
Елге міниіп келермін».
Аюбике сол сұлу
Екі бетін алады,
1490 Қара шашын жаяды.
Үйге кетті жұлқынып,
Жын ұрғандай бұлқынып,
Дауыс қылды отырып.

Соңы

«ЕР САЙЫННЫҢ» АЯҒЫ

I

Сайын сүйтіп қалған соң,
Оны сұлу білген соң,
Екі бетін алады,
1490 Қара шашын жаяды,
Үйге кетті жұлқынып,
Жын қаққандай құтырып.

Суырып салды отырып,
Батырды сұлу жоқтады:
– Беліндегі бес қару
Тал бойыңа жарасқан,
Сендей теңім табылмас.
Жеті Алашты қыдырсам,
Сендей теңім еш болмас.
1500 Алашта мұңды мен болдым,
Мен ханшадай күнімде,
Ер қасқамнан адастым.
Қарағай найза өңгерген,
Өзінің жұртын меңгерген,
Азды көпке теңгерген,
Аттанған жаудан келмеген.
Алты қанат ақ орда,
Қасқам ішіне келмеген,
Мендей мұңды бар ма екен?
1510 Ойнар-күлер шағымда,
Еркін ойнап-күлмеген.
Өзім тірі жүргенде,
Кеудеме еркек мінгізбен,
Алмадай болған қызыл бет,
Қиғаш ерінге сүйгізбен.

Берен төсек, құс жастық,
Маңайыңа бойдақ жүргізбен.
Маңдайың құлаш Ер Сайын,
Қылығың еске түскенде,
1520 Жанымды нағып күйгізбен.
Ауызым тола қан болса,
Дұшпаныма білгізбен.

Сен кеткелі он бес жыл,
Бөтен үйге бармадым,
Езу тартып күлмедім.
Мен сарғайып жатқанда,
Неден көңілің қалдырдым?
«Бұл заманда жоқпын» – деп,
Түсіме нешік кірмедің?*
1530 Ерте қылған даусымды
Түсте келіп қоярмын.
Кешке қылған даусымды
Күн батқанда қоярмын.
Мөлдіреген екі көз
Жылауменен оярмын.
Ел шетіне жау келсе,
Қара қабат сықылды,
Кімді алдыңа қоярмын!
Жылап-жылап уанды,
1540 Беті-қолын жуынды.

Киікбай мен Бөкембай
Оқ атысып жүр екен,
Екеуі келді жүгіріп,
Анасы отыр бүлініп.
Екеуі есінен адасты,

* Түсіне кірген: Қара 58-бетті

Адаса тұрып екеуі,
Бір жүгенге таласты:

– Үйде жатқан әкемді
Неге әкеткен алысқа?
1550 Сонша жерге бастасып,
Жау жеріне тастасып.
Бұл барғаннан бармасам,
Екі бірдей көк ала
Арғымаққа мінбесем,
Өңшең темір кимесем,
Қобыланды, саған қылмасам,
Біткеніңді қырмасам,
Сайын ерден тумайын!
Жылқыға кетті жүгіріп,
1560 Тұрмады үйде кідіріп.

Сұлу үйден барады
Енесінің қасына,
Енесі бейбақ жылады:
– Құдайдың берген жалғызы,
Таласып емшек еміскен,
Құнан-тайдай тебіскен.
Беліндегі бес қару,
Тал бойыңа келіскен.
Атаң қалды кеңестен,
1570 Шешең қалды өрістен.
Жауға айғайлап кеткенде,
Оң иініне қонбады
Төрт мұқырар періштең.

– Ай, сорлы енем-ай,
Жылағанмен, өнбеді-ай!
Дауыстағанмен, келмеді-ай!

Сайын сынды баланды
Маңдайы құлаш ер деді.
Мен тұл үйінде тұра алман,
Күнде дауыс қыла алман.
Жер жүзінде бар болса,
Өзім іздеп табармын.
Жаралы болса, бағармын.
Дүниенің төрт бұрышын
Тексеріп қағармын.
Сол сықылды батырды
Іздемей, нағып тұрармын?

Сайын сынды сол батыр,
Отыз екі ерден өт алған,
Біріне-бірі ем екен.
Шешем берген үйімде,
Аюдың бар ақ дәрісі,
Жарасына ем бе екен?!
Шешем берген үйімде
Сол дәрісі бар ма екен?
Іздеместей ер ме екен?
Жылқыдағы қос күрең,
Жылқышыға алдыршы!
Жыламай тоқым салдыршы!

II

Бұрын түзге жүрмеген,
Түстік жерге бармаған,
Жөнелді бейбақ жыласып.
Кетіп барады қарасып,
Бет алдына жарысып,
Қос күреңмен алысып.
Күні-түні барады

Жылауменен күнелтіп.
Жол білмеген әйелді,
Алданың өзі түзетіп.
1610 Әр төбенің басына
Сұлу шығып қарайды,
Көрінер заман болмайды.
Бір күндері болғанда,
Ай мен күнге таласқан
Қаратөбе көрінді.

Со төбені көргенде,
Сұлудың көңілі бөлінді:
– Мүскін болған енем-ай!
Қаратөбе қасында,
1620 Бәйтерек тұр басында.
Ала-құла сауысқан,
Қан көргендей болады.
Балаңның қалған жерлері,
Сонау бір жер болады.
Мен тұсынан озамын,
Неме қарап тұрамын?

Енесі сұлу оздырды,
Күреңше аттың мойынын
Жездей қылып создырды,
1630 Оңды-солды қамшылап,
Бұлттай ұшты жамшылап,
Кекілден тер тамшылап.
Сұлу озып келген соң,
Аттан түсе қалады,
Түсе сала жылады.

Бұрылып көрер күні жоқ,
Сөйлесетұғын тілі жоқ,

Тостағандай тола көз,
Төңкере келіп салады.
Басын құша қалады,
Көтеріп келіп алады,
Суға арқалап барады,
Қанын жуып алады.
Аюдың келіп ақ дәрі,
Аударып сұлу жағады,
Тірілтіп тез алады.
Су басында екеуі
Ойнап ойын қанады.

Келе жатыр кемпір сұм,
Бауырына қамшы таянып.
Өлді деген баласы,
Аңсап келген анасы,
Алдынан шықты алшаңдап,
Өлген жерден тіріліп,
Елге тиген панасы.
Құшақтасып көрісті,
Бетінен сүйіп өбісті.
Қайтасынан жасады,
Алдасы көзін ашады.
Аттың ерін алысты,
Үшеуі ұйықтай қалысты.

Ұйқыда бейбақ білмеді,
Үстіне қалмақ орнады.
«Жолдасы елге барды, – деп, –
Жаралы Сайын қалды», – деп,
Қалмақ есітіп біледі.
Еламан мен Жоламан
Сансыз қалмақ қол алып,
Сайынды іздеп жүр еді,

Жатқан жерін көреді.
Үстіне келіп орнады,
Бірде-бірі тұрмады.
Бір мезгілде Ер Сайын
Көтеріп алса басына,
Жеткен екен Жоламан
Шаншар жердің тұсына.
Сайын тұра сасады.

– Е, Құдайым, Құдайым,
Өлемін деп қылмайым,
Бұйрық жетпей, уайым!
Тарқамаған бола ма
Жалбарынған күн-айым.
Бабай Өмір бабам-ай!
Жаңылдым ба, тобам-ай,
Ақыр жаудан бола ма-ай
Туғаннан менің қазам-ай!
Алпыстағы анам-ай,
О да жауға бара ма-ай?!
Құдай қосқан қосым-ай,
Оны бір дұшпан ала ма-ай?!
Ноғайлының кең жеріне
Сайын есен бара ма-ай,
Жар бола көр, Алдам-ай!

Ер-тоқымын арқалап,
Атқа келді Алдалап.
Ер-тоқымын салғанда,
Айылын тартып алғанда,
Ауыздығын ат шайнады,
Адамдай боп сайрады:
– Батыр Сайын, саспашы,
Көп екен деп қашпашы!

Құдай берген қуатың
Осы жолы басташы!
Қатарланған қамалды
Қақ жармасаң – саған серт!
Оқ жеткізсем – маған серт!

Жаландайын жебірлеп,
Қыздардайын сабырлап,
Ақсауыт сонда сөйлейді:
1710 – Батыр Сайын, қорықпашы,
Бөтен сөзді айтпашы!
Қатарланған қамалды
Бұза алмасаң – саған серт!
Тоқсан қабат оқ жетсе,
Оқ өткізсем – маған серт!

Атыменен сөйлесіп,
Ақсауытпен кеңесіп,
Кемпір менен сұлуға
«Артымнан қалмай жүр», – десіп,
1720 Қамалап тұрған қалмақты
Қабандайын қақ жарып,
Сайын шықты құтылып.
Еламан мен Жоламан
Кемпір менен сұлуды
Ұстай алды ұмтылып.

Қалмақ тұрып кеңесті:
– Қаптай қусақ, Қарала
Қарасын жылқы көрмес-ті,
Сайынды қолға бермес-ті.
1730 Алғаны мен анасын,
Қолаң шашын қидық деп,
Ат үстіне салыңыз,

Тәмам қалмақ, алыңыз!
Төбе шашы жұлынса,
Даусы шығар шырқырап,
Анасына шыдамай,
Сайын шабар бұрқырап,
Қашпаңыз сонда тырқырап!

Ат үстіне салғанда,
Сол анасы жылады,
Ұлынан өтіл сұрады:
– Маған бола келмеші!
Мен жанымды не етейін!
Сенің үшін, шырағым,
Құрбан болып кетейін!

Алғаны сонда жылады:
– Ер Сайын атты ерім-ай,
Алла қосқан теңім-ай!
Сенен әрі айшылық,
Менің шыққан жерім-ай!
Мен кетсем де, аларсың,
Тірі болсаң, кегіңді!
Байқа жалғыз әліңді,
Мерт боп қапы қаларсың!
Шыбықтай бойы ұзын деп,
Алмадай беті қызыл деп,
Жауға ойран салам деп,
Бізді тартып алам деп,
Ұрысқанда, Ер Сайын,
Ұлыңды екі қасыңа ал!

Шаппасына болмады,
Бір еркіне қоймады,
Алпыс екі періште

Үстіне кеп орнады.
Қараланы бұрмалап,
Ұмтылды қолға туралап.
Аруақтың тасқаны,
Жаудың сасқаны,
Кемпір менен сұлуды
1770 Қалай тастай қашқаны?
Қуа барып Ер Сайын,
Қалмақпенен соғысты.
Он үш күнде тауысты,
Үстіне келген қалмақтың
Жан адамын қоймады.
Атын, тонын алды да,
Елге таман айдады.

III

Батыр Сайын келгенше,
Ел хабарын білгенше,
1780 Бөкембай мен Киікбай
Қобыландыға барыпты,
Аттанып елге келіпті.
Жасанғанда қайтпаған,
Со сықылды Қобыланды
Екеуінен көріпті.
– Ей, Қобыланды сен болсаң,
Топтың бетін көрмеген,
Көрген кісі әлемде
Маңдайы құлаш ер деген,
1790 Қас ерменен тең деген,
Қалған жерден алып кел,
Өлтірген жауын тауып бер!
Үйде жатқан әкемді
Жау жеріне тастадың,

Бармасаң да барарсың,
Бармай нағып қаларсың?

Қобыланды сонда айтады:
– Алдыңа түсіп барайын,
Іздемей, неге қалайын,
1800 Қалмаққа бүлік салайын!
Мың кісіні алады,
Аттанып кетіп барады,
Айшылық жатқан қалмаққа
Барып бір соғыс салады.
Қалмаққа барса, ор екен,
Оры терең зор екен.

Киікбай сонда айтады:
– А, Қобыланды, Қобыланды,
Бүйтіп бұған тұрмалық!
1810 Қорыққан кісі сықылды,
Тұрып кеңес құрмалық!
Ордан әрмен өтелік,
Қалмаққа тегіс тиелік!

Бөкембай мен Қобыланды,
Киікбаймен үшеуі
Ордан әрмен өтеді,
Қалмаққа кіріп кетеді.
Бөкембай мен Қобыланды
Екі батыр қашады,
1820 Ордан бері асады.
Қобыландының мінген ат
Ордан өтті кідірмей,
Бөкембайдың Көкала ат
Артқы аяғы ілінді.
Ер-тоқымын құшақтап,

Орға түсіп жүгірді.
Киікбай шапты қалмаққа,
Көк ала атты борбайлап,
«Бауырым» деп ойбайлап.
1830 Қалмақ құрған қамалдың,
Бұл жағынан шапқаннан
О жағына бір өтті,
Ар жағынан шапқаннан,
Бер жағына бір өтті.

Батырлары ақырды,
Балуандары шақырды:
– Тұс-тұсына барыңыз,
Бірер арқан алыңыз!
Шаба тұрған жағына
1840 Керме ұстай қалыңыз,
Кермелеп ұстап алыңыз!

Көздеп тұрып Киікбай,
Аласа қылған арқанның
Үстінен өтіп кетеді,
Биік қылған арқанның
Астыменен кетеді.
Тап сегіз күн болғанда,
Бәрін қырып кетеді.
Ордан қан бір асады.
1850 Орда жатқан Бөкембай,
Қанмен ағып барады.
Қобыланды со батыр
Сонда суырып алады.
Қалмақтың жерін өрт қылып,
Топырақтай ғып ұшырып,
Барлық малын көшіріп,
Жалғыз өзі Киікбай

Айдап шықты қаладан.
Қалмаққа мал қоймай-ақ,
1860 Қызығына тоймай-ақ.

Қасқаның көңілі тынған соң,
Қалағанын қылған соң,
Жылқыны төске салған соң,
Қалмақтан кек алған соң,
Қол түстеніп жатқанда,
Келе жатыр бір адам
Туырлықтай туы бар,
Мың кісінің дуы бар,
Артында қанша жаны бар.

1870 Қобыланды батыр айтады:
– Киікбай батыр, барыңыз!
Қандай дұшпан болады,
Алды-артын шалыңыз!
Соныменен Киікбай,
Тұрымтайдай түйіліп,
Қылармын деп кіжініп,
Қарсы шығып келеді.
Келе жатыр Ер Сайын,
Өлген жерден тіріліп.
1880 Жиылып жатқан қалмақтың,
Соғысы бар деп кіжініп.

Киікбай оны танымай,
Екі есе күшті жас ұлан:
«Ет жүректің басы, – деп, –
Өлер жерің осы», – деп,
Табандап найза салады.
Ер Сайын сынды әкесін
Танымады со бала.
Сайын сонда айтады:

– Сайын әкең мен! – деді, –
Көріселік, кел! – деді, –
Есенбісің сен? – деді.
Аттан түсе қалады,
Суырып найза алады.
– Жазалы болды қолым-ай,
Ерлік қылған құрысын,
Мұнан былай жоламай!

– Құрымасын жолың, – деп, –
Жазалы болмас қолың, – деп, –
Әкең мұны неғылсын?
Неше ердің көрмедім
Бұ сықылды найзасын.
Көріп жүрмін жасаған
Бір Алланың пайдасын.
Әкең мұнан өлмейді,
Тек жүрегің қорықпасын!
Бар, Киікбай, бар, – деді, –
Қобыландыдай атаңнан
Барып сүйінші ал! – деді. –
Тастап кеткен Ер Сайын
Жазылып келді, сау! – деді.

Киікбай қолға шабады,
Ат аямай барады,
Соныменен теңселіп,
Қобыландыға келеді.
– Болып тұрған бұл шақта,
Қобыланды батыр, көріңіз!
Жаралы болған келіпті
Сайын атты ініңіз,
Озып келдім мен сізге,
Не бересіз, батырым?

– Қуантқан үшін сүйіншіге,
Тартып пішкен торсықтай,
Өзі сұлу Тайбурыл,
Ырас болса келгені,
Ал, сыйладым мен сізге!

Сонда Сайын келеді,
Келгенін көріп, Қобыланды
Танып, көрісіп, біледі.
Атқа мініп жылады,
Көп шүкірлік қылады.
Атқа мініп қайтысты.

Сайын есен келген соң,
Ноғайлының көп жұртына
Көрісіп, сәлем берген соң,
Бозмұнай тұрып той қылды.
Аттанған жауын алысып,
Көңілдері тынысып,
Аман-есен қайтқанға
Алдаға шүкір көп қылды.

Той тарқап кеткен соң,
Батыр Сайын сөйледі:
– Енді түзге жүрмелік,
Қолға найза ілмелік,
Жауға енді тимелік!
Киікбай мен Бөкембай,
Қобыландыдай батыр-ай!
Екі ұлыңа бата бер!
Жолымызды берелік,
Үйіңе бар да жата бер!
Айтқанынша Сайынның
Қобыланды батыр береді:

– Алда ашсын жолыңды,
Ұзын қылсын қолыңды!
Танып жүргіл, а, балам,
Оның менен солыңды!

Сөйтіп бата берген соң,
Қобыланды батыр қайтады.
Еліне барып со батыр,
1960 Батырлық қылмай жатады.
Екі ұлының тұсында,
Сайындайын батырдың
Іргесін дұшпан баспады,
Қолынан дәулет қашпады.
Ел шетіне жау келсе,
Сайын сынды батырдан
Киікбайдың ерлігі
Анау құрлы асады.

Екі ұлының тұсында,
1970 Бәрі тең болды тірлігі.
Үш Алашқа жайылды
Екі ұлының ерлігі.
Өлген жерден тірілткен,
Қалмаққа атын жүгірткен,
Бір Құдайдың кеңдігі.
Сайын сынды батырдың
Сондай екен кеңесі,
1978 Адамнан артық денесі.

Соңы.

Ахмет өңдеп өткерген «Ер Сайынның жыры» «Батыр Сайын» деп В.В. Радлов жазған жырмен бір екен. Екеуінің айырмасы мына осы «Ер Сайынның» аяғы» деп басылған.

Өзге жырлар айтушыға қарай өзгеше бола береді. Өзге жырда жырдағы кісілер ғана өлеңдетіп келеді, өзге әңгіменің бәрі қара сөзбен айтылады. «Ер Сайын», «Қарақыпшақ Қобыланды» (Тәшкенде басылған), «Манас» қана ылғи өлеңмен келеді.

Тыңдаушы жаратқан соң, жыршылар жырдың қара сөзін де өлеңге аударып жіберген ғой. «Манас» қырғыз тілінде. Мұны да «Күншығыс баспасы» басады.

Қыр баласы.

ГРИГОРИЙ НИКОЛАИШ ПОТАНИН

Г.Н. Потанин Қызылжар оязындағы Сібірдің атты қазағының баласы. Әкесі қазақ-орыстың жүзбасысы Баянауыл аймағындағы Сүйіндікті билеп тұрған. Сол уақытта қазақ-орыстың Ямышуйская қазақша аты Тұз қала* дейтін қаласында 21-нші сентябрьде 1835-нші жылы Г.Н. Потанин туған.

Бала туған соң, 3 ай өткенде әкесі Қызылжар оязына көшкен. Бекетке келсе, құндақтағы бала шанадан түсіп қапты. «Мен туған соң 3 айда дүние кезбек болып шанадан түсіп қалып, жоғалып табылған, дүниені кезіп білуді сонда бастадым» деп, Г.Н. күлетін.

Г.Н. Омбыда кадетский корпусте Уәлихан ұлы Шоқанмен бірге оқыған. Шоқанмен дос болған. Қырық жыл қоймай қуып жүріп, 1904-нші жылы Шоқанның екі кітабын бастырды.

Корпусты бітірген соң, 1955-нші жылы казак-орыстың бастығы болып Жетісу барған, Алматыны Г.Н. салдырған.

1859-ншы жылы П.П. Семенов-Тян-Шанский атанған, Түркістанға барып, жер суын оқып қайтып келе жатып, Омбыда Г.Н.-пен Шоқанға жолығып сөйлеседі, екі жас офицердің өзгеше екенін сезеді. «Сендер мұнда жүріп, аяқасты болмаңдар, Петербор барып университеттен оқу оқыңдар» деп, Г.Н. бен Шоқанға ақыл береді.

Екі жас Петербор барып университет түседі.

Г.Н. мұнда жүріп ботаниканы – жерге шығатын шөп, ағаш білімі, әр жұрттың әдебиеті, тұрмысы, жер білімінің жолын әдемілеп ізденіп жақсы білген.

1863-нші жылы Қытай мен орыстың шегін шектеген комиссияның ағзасы болып жүріп, қазақша жазу үйреніп, қазақтың Алтайдағы түрік жұртының әдебиетімен салыстырып, адам баласының тарихы жолында көп мағыналы іс шығарған.

---

* Тұз қаладан бұрын салынған Ертісте қала жоқ. Бұл жер бұрын қазақ пен жоңғардың айырбас қылатын жері екен (1922 жылғы басылымда берілген түсінік - ред.).

«Восточные мотивы в средневековым европейском эпосе» деген кітабында күнбатыстың әдебиетіне қор болған, үлгі болған күншығыстың ауыз айтып жүрген ертегі, жыр, мақал, өлеңі деп келеді.

Мұсылманның Құранында көп әңгіме Інжілден алынған, Інжілдің өзі Мұсаның – еврейдің – дін кітабынан алынған. Ал енді еврейдің кітабының алынғаны күншығыстан келген дейді Г.Н.

Мұны Г.Н. жер үстіндегі тәмам жұрттың ертегісін, мақалын, өлеңін салыстырып сынап тапқан.

Төрт мың жылдан бұрын Тигр-Евфрат өзенінің өлкесінде осы күні бұл өлкені «Месопотамия» дейді, Вавилониа, Ассириа деген екі зор патшалық болған. Еуропа білгіштері жоғалып жермен жер болып кеткен осы екі патшалықтың астанасын тауып алып, қазып іздеп жүріп, талақтай-талақтай өртеген балшыққа жазған сол екі жұрттың әдебиетін тапты. Еврейдің дініне негіз болған кітаптың бар сөзі осы Вавилониа, Ассириа әдебиетінің сөзі болып шықты.

Г.Н.-дың айтқаны расқа шықты.

1863-нші жылы осындай данышпанды «Сен Сібірді бөліп автономия қылам деп жүрсің» деп неше жолдастарымен үкімет ұстап, абақтыға салып байлады.

Омбыда абақтыда бір жыл отырды. Г.Н. қарап жатуды білмейді. Омбыдағы кеңселердің ескі қағаздарын қарастырып, қазақтың Абылай хан заманындағы тарихы туралы көп әңгіме тапты.

Семенов-Тян-Шанский атанған екеуі немец Карл Риттердің «Азия» деген кітабын орыс тілінде басып, «Азияға» қазақ тарихы туралы Г.Н. көп қосымша жазған.

Бұл қосымшаның бірі мынау: Абылай ханның Қошқарбай деген батыры (Қошқарбайдың жұрағаты осы күні Шарлақ оязы Ақмола губерниясы, Қараөзек деген жерде, Ертістен 10–15 шақырым. Қошқарбай – қыпшақ) Омбы қаласы тұрған жерден жоңғарды Об өзенін өткізе қуып тастаған. Бұл туралы Барнауыл

оязында Сібір мұжығының айтып жүрген әңгімелері бар. Мұжық та Қошқарбай жоңғарды Об өзенін асыра қуды дейді.

Бір жыл байлап Г.Н., Ядринцев, Шашаповты үкімет асып өлтіруге бұйырған.

Шашапов пен Ядринцев ертең таңертең асады деп, түнімен құшақтасып жылап шығады.

Г.Н. ертең асады дегенді естіп: «Менің немец наһуы кітабымды қайда қойдыңдар?» деп, жылап жүрген жолдастарынан сұрайды.

Іздеп кітабын тауып алып, ертең таң ата асылатын Г.Н. түнімен немец наһуын оқып шыққан.

Міне, Г.Н.-дің өзгеде жоқ, бір бүкір мінезі.

Үшеуін де аспай, каторжнай жұмысқа қосып, Г.Н. Финляндияда Суйаборг қорғанында кісендеулі жүріп жер қазған. Өстіп жазған кітабын Петербордағы жерді оқитын білгіштердің қауымына жіберген. Бұлар оқып көріп, мұндай данышпанды бұл күйде ұстаған ұят деп, патшаға арыз қылып, Г.Н.-ды босатып алған.

1871-нші жылы Парижде коммуна болып, коммунист партиясының ішінде дүниеге аты шыққан Елизрек Лу болған. Франция үкіметі коммунарлар[ды] жеңіп алған соң, бәрін атқан. Елизрек Лу атылуға бұйырылды дегенде, Еуропадағы оқымыстылар, данышпандар қозғалып, «Мыналары 4 адам баласына жоғалмас таңба, Елизрек Лу атылмасын» деп сұрап ерді ажалдан алып қалған.

Г.Н. бен Елизрек Лу – өзге адамның тонына сыймайтын кісілер.

Г.Н. таңғұт, монғол, Күнбатыс Қытай жеріне үш қайтара барып, кезіп-аралап, бұлардың жерін, жұрттың тұрмысын түгелдеп жазды.

Мұндағы көрген-білгенін жазған кітаптары неше мың бет: (В издании Р.И.Г.О.) РИГО басқан.

Бұлар менің жазуыма сыятын емес. Күншығыс елін білем деп талпынған жастар Г.Н.-тің бұл жазғанын оқымасқа болмайды.

Г.Н. жалғыз білім жолын ғана қумай, өлгенге шейін өз пікірін елге жаям деп, газета, журналдарға саяси мақала жазып таласып кетті, жастарды жиып, қор болып, жақсы жолға сілтеп өтті.

Саяси жолындағы бізге жылы көрінетін бір негізді пікірі мынау: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса, көп ұлттан құралған Русияны бір орыстың билейім дегенінде мағына жоқ. Русия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа аутономия беруі керек» дейтін Г.Н.

«Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді- ау» дейтін Г.Н.

«Қозы-Көрпеш – Баянда» Баян махаббат жолында өзін құрбан қылған. Мұны шығарған жұрт махаббатты сынай, бағалай біледі. Мұндай жұрттың қатыны келешекте ұл тауып тұр, аты бәйгеден келіп тұр. Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұялмайды» дейтін Г.Н.

Г.Н.-дың қысқаша адамшылық мінезін жазайын. Өзінің көп өмірінде (Г.Н. 1920-ншы жылы жазды күні Томда дүниеден қайтты) бір адамның көңілін ауыртып, бір ауыр сөз айтпаған, сыртынан бір адамды жамандамаған. Г.Н. беті ашылмаған тәрбиелі өскен қыз мінезді десек мақтаған болмайды.

1904-нші жылы августа Томда Г.Н.-дың үйінде отыр едім, 10-12 жаста екі қыз кіріп келіп:

«Біз гимназияға түстік, бізге енді оқуға төлейтін ақша керек, кітап, қағаз, қалам-қарындаш, қыздардың киімі керек» деді Г.Н.-ға. «Жарайды, бәрі-бәрі болады, ертең сағат 10-да келіңдер, керектің бәрін сатып алайық» деді Г.Н. Қыздар қуанып лақтай ойнап, секіріп шығып кетті. Г.Н.-тан «Бұлар кім?» деп сұрадым. «Кім екенін өзім де білмеймін, – деп күліп, – Биыл жазғытұры екеуі келіп: «Біз оқу оқиық дейміз, бірақ, әке-шешеміз кедей. Біз сізден ақша-көмек сұрай келдік» деді. «Олай болса

жарайды, мен сендерді оқытайын, күз сендер гимназияға түсесіңдер, онан әрі тағы көрерміз» дедім. Сонымен жаздай екі баланы оқытып едім, енді бұлар гимназияға түсіпті, осы» деп күлді Г.Н.

1915-нші жылы Г.Н. 80 жасқа толды. Г.Н. атына бағыштап шәкірттері кітап басты. Соған қосылып қазақтың өлеңін, жырын, мақалын біздің қазақ жастары да баспақ болды. Мына «Ер Сайын», мұның басындағы Ахметтің «Г.Н.-ға тартуы» сонда басылмақ болған еді.

«Күншығыс баспасы» баспақ болып отырған Баржақсыұлы Ахмет жиған «Мың бір мақал» да Г.Н.-ға қалап басылмақ еді.

Қыр баласы

«Ер Сайынға»
Қарауыл

Кісі, ел, жер	Бет
Ақтөбе	52
Аюбике	37, 45, 47, 57, 58, 63, 64
Ер Сайын	14, 15, 21, 22, 24–27, 31–35, 37–42, 45–47, 49–56, 58, 61, 63, 65, 66, 68, 72–77, 81–85
Бозжорға	37–39, 41–43
Бозмұнай	5, 7–11, 13, 15, 17–19, 34, 37–41, 61, 62, 83
Бөкенбай	45, 47, 67, 77, 78, 80, 84
Қара ала ат	27, 29, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 74, 76
Қара төбе	27, 29, 70
Қарақыпшақ Қобыланды	31–36, 47–51, 55, 67, 77, 78, 80–84
Қалмақ	32, 35, 48, 50–55, 58, 62–64, 72, 76, 79, 80, 85
Қамба (жер)	56
Жауырыншы жағалбайлы	48
Көбікті	37–43
Киікбай	45–47, 67, 77, 82, 84, 85
Жоламан	51, 72, 74
Еламан	51, 72, 74
Ойыл мен Қиыл	55
Манас	85
Ноғайлы	5, 7, 11, 18, 23, 31, 37, 40, 50, 54, 73, 83

Қыр баласы

جوهر معجزنما اولدقجه کیمیاوی بر تکامل در!

اثر سابین.

حیات آب و گاز دکلدر؛ بر تکوین سنی اولی.

ازاندار کامرسیاوی تارازدانی کوچکس باسمسی.
دانکاو: ۱۳۱۶ جل.

ЦЕНТРАЛЬНОЕ ВОСТОЧНОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО при Н. К. Н.
Многовекая лекция
ОР-ОАІН.

اور سایین.

















































































































































































جار نامه

[illegible]

1) سمیمیده: تاریخا مبای اولی ماننان
2) آلاچنا: امیر گیب اولی آمولا
3) قارقارالی – ده: مایلی اولی اجمای
4) کمره کوه (یاوولار): توشگ اولی تالی – حلی
5) لوسی – ده: سمیت اولی مؤراتلف
6) قرلجارنا (یوری – بالاوسکا): تمدولی اولی حوماتلی
7) 8) سلاوت ماکتلنده (قرلجار ایوری): ساتلنل اولی احمدت
8) کوکچه تلاوه: ماتلیای اولی بیل
9) ایلسارنا: مدجنای اولی بترمن
10) اقسولانا: نوره‌جرنا اولی ریبولا
11) چارلاقنا: تاق – بای اولی بالی
12) قوسطانیده: مایلی اولی بیسمت
13) نورغلیده: جوان اولی مؤناجار
14) نورنیورنا: آخش – توالغر اولی تورغالی
15) آقتوبیده: آریتاری اولی قاسم
16) اقسولاتنا: ملی‌تارا اولی آمدراحمان
17) تمکمده (نورالی): آزباس اولی خالیل – سولا
18) جم – بی نیده: ادیماقا سمت اولی تلرغالی
19) اطلاکنا: آشان اولی کاروی
20) تورجکنه (گوزیصف): ارتدیای اولی آدل – گمرس

21) لوریلا: ناکن اولی کرمای
22) تلیکلنده: بایای اولی آمولا
23) تلی کسلنده: ایدگن اولی مای
24) آقمچنه (پیروزسکا): حوماتول اولی تلر
25) قارالی‌نا: کوزمای اولی م
26) چیلی‌نه: نوکرتای اولی قاحان
27) آلماتی: ده: اخیر باماریای
28) آلماتنا (عورت اله کسلنس): مای اولی
29) آولیه آتانده: شیمت اولی قاری
30) سیسکلنده: لدیلا اولی قالیای
31) چیکلنده: حاریس اولی اقتسی
32) ماکوکره – ده: حشکلنل اولی ساقلا



23
ЖОҚТАУ*

Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы
Мәскеу 1926

* 1926 жылы жарық көрген «23 жоқтау» жинағының мұқабасы



Бастырушыдан:

Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы бұл «Жоқтауларды» бастырғанда, мынадай ойменен бастырды:

Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығармайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап-пісіп, дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» бұл тілді безеп, жолға-жөнге салып, жүйесін айырып өсіреді. Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда, мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді тағы тағы осындайларды!

Тіл туралы Ленин секілді көсемдердің айтқан сөздерін, үгіттерін оқыған не естіген кісі жолымыздың тура екендігін байқаса керек.

Бұл «Жоқтаулардың» ішінен әзіргі заманның жас тілшілері, жазушылары талай материал табар деген үмітіміз бар. Мәнісі көбірек қазақ тарихына тиісті болса да, тілін үйрену, тексеру, тілінен пайдалану – осы заман жастары үшін де керек жұмыс. Қазақтың әзіргі тілі бай, жалпақ, түсінікті, өткір, қысқа суретті болса, көп құрал-жарақтан бірінің жөнделгені де.

СЫРШЫ

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қараңды үзіп барасың
Бізден де қайран дүния.

Көп жылдар қудым артыннан,
Лашындай сызып жер қия.
Бірде шығып шарыққа,
Бірде сарықтым тұңғия.

Күнім базар, түнім той,
Замандас жаран жиылып,
Зайық сапа өне бой.
Шад-шадыман күндерін,
Демедім бастан өтер ғой.

Дәурен өтіп, жас жетіп,
Замандас құрбы адамдар
Азайып келіп о бітті,
Көрген түстей бәрі де,
Көзімнен болды зым-зия.

Шағалалы көлдер шалқыған,
Күмістей жүзі балқыған,
У болып шу құстары,
Қаз, үйрегі қалқыған.

Суына жылқы жабылса,
Шуақтап жатқан көп балық
Судың бетін үйіріп,
Тереңге қарай бұлқыған.

Судың бетін жел есіп,
Кесе-кесе жалданса,
Иіндесіп, тіркесіп,
Көбіктеніп толқыған.
Сондай бір көлдер суалса,
Бұлағы кеуіп, құм алса,
Ақыры оның не болар?

Тарақтан айбар ту сыртын,
Айбатпен қозғап жақ ұртын,
Ауындап жүзген нән балық
Басын соғып қайранға,
Ит пен құсқа жем болар.

Зауалы ауған айдын көл
Қара жермен тең болар.
Бұтағы көкке қараған,
Жапырағы жайқалып,
Тамыры жерге тараған
Бәйтеректер қуарса,
Мұнарланып, буланып,
Әуелгідей көрінбес
Жолаушыға қиядан.

Қаршығасы оның шаңқылдап,
Лашын құсы қаңқылдап,
Басынан оның ұшар ма
Мамығын төккен ұядан?!

Күні өткен бәйтерек
Желмен құлар әлсіреп.
Іріп, шіріп жатумен
О да қара жер болар.

Заманы өтсе жастағы,
Сонда білер кей адам
Құтылмасын баршаның
Лауықта маңдайына жазғанын.

Шәңгерей

1. МАМАЙ БАТЫР

(*Мамайдың шешесі Қарауылектің жоқтап айтқаны*)

Ай, Орағым, Орағым,
Жалғыз қалдың, қарағым!
Мамайжан еді ырысың,
Бір құрсақтан дүреген
Екеу еді туысың.
Екеуің жауға барғанда,
Қалмақты жеңді ұрысың.
Серіксіз қалдың, Орағым,
Дүние шіркін құрысын!
Қарағым, Орақ, ай, Орақ,
Айбалтасы қанды Орақ,
Алаштап ұран шақырса,
Құрбысының алды Орақ.
Мамай кетіп алдында
Туғансыз жалғыз қалды Орақ!
Атыңды дұшпан атаса,
Мамай еді серігің,
Оркөз еді көлігің,
Артында жалғыз сен қалып
Мамайдың көрдім өлігін.
Мамайжан бойға біткенде,
Арыстан, бөрі етін жеп,

Қанып еді жерігім.
Мамай еді қуатың,
Екі жыл шөлге қамады,
Қалмақтың бермей суатын.
Айхай, енді күн қайда,
Қойға тиген бөрідей
Жапыра қалмақ қуатын?!
Құлыны өлген ақ байтал,
Енді саған күн қайда,
Ондай бала туатын?!
Қасыңа әскер ертпей,
Мамай еді жолдасың.
Мамай тірі жүргенде,
Өткір еді алмасың.
Қалмақтың басы Қараман –
Оны ұстап өлтіріп,
Кесіп едің хан басын.
Қаты хан атты қалмақтың,
Үш аттанып келгенде,
Отқа жақтың қаңқасын.
Мыңды байлап атқанда,
Дарымады етіне
Қой боғындай қорғасын.
Сол қызықтың үстінде
Неге өлмедім, сор басым?
Мамай еді дәрменің.
Екеуің қатар жүргенде,
Бітіп еді арманың,
Бәрін міндің қатарлап,
Жұрттағы сұлу жорғаның.
Есім ханның ары үшін
Қаты ханнан қалмақтың
Жеті бұздың қорғанын.
Мамайжан тірі жүргенде,

Еліңді жауға бермедің,
Қолыңды арыға сермедің,
Ормамбет биді қалдырып,
Ноғайлыны тергедің.
Алтын тақтың үстінде
Ханмен қатар көлбедің.
Пәни дүние, қайтейін,
Екеуінің алдында
Қазам жетіп, өлмедім!
Айналайын, Орағым,
Жау жаулайтын жарағым,
Тайды жеген бөрідей.
Тәуір еді талабың.
Тарқамаса жақсы еді
Тау бетінде қонағың.
Дұшпандарға тіреген
Аумаса игі ед табаның.
Сарала туың салбырап,
Қалмақтың бұздың қамалын,
Хандардың білдің амалын.
Көзімнің Мамай нұры еді
Хан кеңесі құрылса,
Сымбаты сұлу төре еді.
Жау кеңесі құрылса,
Жасқанбай шапқан ер еді.
Сасқандар ақыл сұраса,
Ойы терең жер еді.
Хан тарығып, халық сасса,
«Жабықпаңыз, ноғайлы,
Жауың қайда?» – дер еді.
Белдемшесін белденген,
Көкірегі желденген,
Қара қошқыл қан жұтып,
Қан жұтпаса, шерленген,

Қалмақтың жерін жерленген,
Болатын шарға қайраған,
Бедеу атын байлаған,
Шағанның бетін шаң қылып,
Төрт түлік малды айдаған,
Ауылдың сыртын шаң қылып,
Жылқыны топтап байлаған.
Орданың ішін қоршатып,
Тең азамат жинаған,
Күндердің күні болғанда,
Құдайдан пәрмен болған соң,
Маңдайыма сыймаған!
Күмістен ожау ойдырған,
Қысаң қара сабаны
Тұс-тұсынан қойдырған.
Алты қанат ақ орда
Ішіне жібек жайдырған.
Егескен ханды күнінде
Алтын тақтан тайдырған.
Қараүлек енең жоқтаған,
Тым-ақ, алаш мақтаған,
Дұшпанды жерге таптаған,
Досты сыйлап, сақтаған,
Әбеу кесінді батырдың
Басып, кесіп күнінде,
Аш бөрідей аттаған.
Ақ сүңгінің қияғын
Күміспенен қаптаған.
Ноғайлыны жау алса,
Үйде қарап жатпаған.
Ақ кіреуке сауытым,
Аш құрсағым ауырттың!
Жылай-жылай жалықтым,
Қайғы жұтып, жабықтым.

Тас емшегім жібіттің,
Қу сүйегім еріттің,
Өкпе, бауырым суыттың,
Кәрі шешең қайғымен
Ағар бұлақ құрыттың.
Өзің тірі жүргенде,
Күдеріңді үздірдің,
Тоқсандағы шешеңді
Қайратыңменен мәз қылдың.
Қасіретіңменен күнінде
Бұрымым желге тоздырдың.
Сары ала туды құлаттың,
Ел-жұртыңды жылаттың,
Құдай салды, мен көндім,
Бұл сапарды ұнаттың.
Жұртыңды қалмақ қамады,
Ақ ордаңды талады.
Артыңда қалған жас бала
Қашан сендей болады?
Қырық ұл туса бір күнде.
Орның қалай толады?
Жұртыңды қалмақториды,
Кім мініп атқа, қориды?
Жерді құртқан жез аяқ
Мінбей, түспей ариды.
Көзінің жасы көл болып,
Кәрі Үлек шешең қартайды.
Ақ үйімнің арыстаны,
Боз үйімнің бостаны,
Алысқа кетіп, келмедің,
Жасым жетіп мұңдадым.
Анаңнан болып туған соң,
Атқа мінбей өлмедің.
Басыма қара күн салдың,
Ертеңді-кеш үн салдым.

Жауатын күндей құрсаңдың,
Жауды көрсең, заң салдың.
Өңім-түсім біле алмай,
Ертеңді-кеш тамсандым.
Артында қалды жиғаның,
Тарқап кетті мейманың.
Ұжмақты қылып Құдайым,
Жолдасың болсын иманың!
Өлдің, Мамай, қор болдың,
Тірілікте зор болдың,
Дұшпанға құрған тор болдың,
Кәрі Үлек шешең зар болды.
Сауытың қалды сандықта,
Алмасың қалды тұлдықта,
Аңдысқан дұшпан көп еді –
Елің қалды тарлықта.
Кәрі Үлек шешең шерменде,
Таудай болған көңілім,
Тал бойыңды көргенде.
Нағылып тірі отырмын,
Мамайжан бүгін өлгенде?!
Өлдің, Мамай, қор болдың!
Қарадан туып, хан болдың,
Ерлігің мен билігің
Он сан атты ноғайға
Көрсе, күнде таң болдың.
Жаяуларға жол болдың,
Аттыларға тіл болдың.
Өлдің, Мамай, күл болдың,
Күл ұшырған жел болдың,
Иманың болғай жолдасың
Топырақпен тең болдың*.

* Мамай – Едіге бидің нәсілінен, XYI ғасырда ойын салған ноғайлының батыры (1926 жылғы басылымда берілген түсінік - ред.).

2. ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК

(*Қызы Маңқаның жоқтағаны*)

Бесмелләдан бастайын,
Шариғаттан аспайын,
Ішім толды қайғыға,
Азырақ көзім жастайын.
Алаштан озған әкекем,
Жоқтаусыз қайтып тастайын?
Алатаудай әкеме
Ажалдың сыны келгені.
Жылағанды не қылсын?!
Көздің жасын көрмеді,
Қазақ болып зарлады.
Тілеуді Құдай бермеді
Кешегі жүрген әкекем
Жоқтаусыз тастар ер ме еді?!

Шаншар Абыз нәсілінен
Алтау едік анадан:
Сәдібек, Асан, Бөдене,
Үсен менен Балапан.
Бесеуіне аға боп,
Алашқа әкем қараған.
Жолбасшысы кеткен соң,
Айырылды қазақ панадан.

Төрт тіреудің бірі едің
Қиын қыстау іс келсе,
Бәрінен де ірі едің.
Енді қазақ не болар
Асқар тауы құлаған?!

Белгілі шығар Алашқа
Көңтәжіге барғаның,
Он сегізде со күнде,
Қалмақтың сынға алғанын.

Қазақты жоқтап қалмақтан,
Араға сөзді салғаның
Қалмақтың ханы Көңтәжі
Жауаптан ұтып алғаның.

Босатып едің, жан әкем,
Тұтқында қазақ қалғанын,
Талап алған шабынды,
Қайырып алдың бар малын.

Олқысыз тоқсан жесірді
Со жерде анық алғаның.
Қазақ пен қалмақ бас қосып.
Екіұдай болған тобында
Алдыңа бір жан салмадың.

Батыр жинап, ел шаппай,
Қылыш шауып оқ атпай,
Ақылыңменен жол тауып,
Қазақтың кегін алғаның.

Туғаннан-ақ жан әкем,
Жолыңды Құдай оңдады.
Қасиетің тағы мол,
Қас қылған саған оңбады.

Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жол
Артында мирас қалғаны:
Шариғат айтқан жол емес,

Закөнге тағы қол емес,
Дуалы ауыз айтқан соң,
Соларменен бірдей ғып,
Қазаққа бір жол салғаны.

Әкемдей болып жан тумас
Рулы үш жүз қазақтан.
Батырларша ел шауып,
Бір күні жаудан жеңіліп,
Қалған емес мазаққа.

Таққа отырған хан болып,
Өзіне де дұшпан көбейтіп,
Қалған емес азапқа.

Ақылменен жол тапқан,
Бағыменен ел тапқан.
Батыр мен хандар сасқанда,
Әкеме келіп жол тапқан.

Құдайдың берген бағында,
Талай ханмен қарысқан.
Елде шауып, қан төккен
Талай ермен салысқан.

Бәрін де жеңген әкекем,
Ақылмен орап алыстан.

Қазақ, қалмақ бас қосса,
Сан жүйрікпен жарысқан.
Алдымен келіп бәйге алып,
Олжасын қазақ үлескен.

Орынсыз жерде қан төгіп,
Қас қылған емес бір жанға.

Басын иіп, құл болып,
Бағынған емес бір ханға.

Қазаққа арнап жол салдың,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл
Әруағыңа таянып,
Ие болды мал-жанға.

Жоғалмастай жол салып,
Үлгі болып сөз қалып.
Кеткен жоқ әкем арманда.

Өз басында бағы жоқ,
Сүйеніп тұрар ханы жоқ.
Болды ғой қиын қалғанға.

Қара қылды қақ жарып,
Әділ өткен, әкекем,
Байытсын Құдай иманға.

Үш жүздің ұлы жиналса,
Алдыңнан кеңес тарқаған.
Ақылың, бағың мол еді
Айдын көлдей шалқыған.

Сырдың бойын жаратпай,
Мал өсірер орын деп –
Қазақтың ұлын өрдіріп,
Қоныс әпердің Арқадан.

Орыс, қазақ, қалмаққа
Жұпардай иісің аңқыған,
Әруақты туған жан әкем,
Озып артық даңқынан.

Өсиет қылдың қазаққа:
«Сарыарқа болсын қонысың,
Қалмақ, сартпен жауықпа,
Болмасын, – дедің, – жұмысың.
Өнерсіз өскен ел едің,
Біреу саған жау болса,
Паналауға жарайды.
Мынау көрші орысың,
Орыспенен жауласпа.
Есінде болсын бұл ісім!»

Ақылың, бағың молынан,
Елің ерді соңыңнан.
Арқасында әкемнің
Отырған жоқ, бұ қазақ
Ешкімнің кейін тобынан.

Он сегізде сөз бастап,
«Қазыбек би» атандың,
«Болар бала боғынан».
Қайран сабаз, әкекем,
Мақтауыңа жете алмай,
Қызыл тілім қырқылды,
Ілімімнің жоғынан.

Өнерсізім болмаса,
Қалай айтсам жараспас.
Қазақта сенен кім озды
Жұлдызды туып оңынан?!

Байлығың несін айтайын?
Кедей деп адам айта алмас,
Мырза деп несін айтайын?
Әркім-ақ қонақ қайтармас.

Сөйлеуге тілім сөз тапса,
Мақтауыңнан тайсалмас.
Өмірімше жырласам,
Мінезіңнің, әкекем,
Мыңнан бірі таусылмас.
Сусыны қанар қазақтың
Ағар бұлақ суалды.
Сіз осылай болды деп,
Есіткен қалмақ қуанды.

Қасиетті туған әкекем,
Ешкімнен қазақ кем болмас
Шын беріп кетсең дұғаңды*.

* Қаздауысты Қазыбек 97 жасында өткен. Қазыбек өткен жылы Шаншар Қанай би туған. Қанай 72 жасында тоқал алған. Тоқал 8 жылда үш ұл тапқан. Осы үш ұлдың кенжесі Қожабай осы күні (1925 жыл) ақсақал болған, Ақайұлы Қасеннің шешесі Бакизе бәйбішемен құрдас екен. Бұ бәйбіше биыл, 1925 жылы 87-де болар еді. Қазыбек туғалы (97+80+87) 264 жыл өткен. Қазыбектің туған жылы (1925–264) 1661-інші жыл болады. Қазыбектің өлген жылы (1661–97) 1758-інші жыл болады.

Қарқаралының тауын айнала отырған Қарашор Түркістаннан ауып келе жатқанда Бетпақтың даласында қарада Киікбай би туыпты. Ана жоғарғы Қазыбектің есебінше адам жасын салыстырып қарасақ, Қарашор 1748-інші жылы Арқаға келген болады. Сонда Шор Нұралы би ауған елге хан қоям деп, Бөкейді әкесі Барақтан сұрап әкелген екен. Бөкей сонда 14 жаста бала екен.

1819-ыншы жылы 85 жасында Бөкей хан өлген.

Қазыбектің елі Шаншар Қарашордан Арқаға бұрын келген. Қазыбек Едірей келсе, онда қанжығалы Абыз-Шомақ отыр екен. Қысты күні Абыз-Шомақтан қатық ішіп, Қазыбек: «Жерің жақсы екен. Маған лайық», – деп Абыз-Шомақты мүйіздеп, қуып жіберген. Абыз-Шомақ тұқымы осы күні Ертістің батысында Қасқыр қала тұсында.
Қ.б.

3. КЕҢГІРБАЙ БИ

Алты атасы бай өткен,
Алты атанға жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен,
Жеті атанға жүк артқан.

Үйде сұңқар түлеткен,
Қиядан сұңқар тілеткен.
Алтайы қызыл түлкі алған,
Қиядан барып теке атқан.

Паршаны бөздей жырттырған,
Жібекті жүндей түттірген.
Қонақ келсе – қон деген,
Қой семізін сой деген.

Тойға қазан астырған,
Жақсылыққа көзін жеткізген.
Шылаушын салып ат мінген,
Шыңыраудан алып су ішкен.

Шынжырлы қауға тақтырған,
Қайыңнан астау шаптырған,
Қаптатып жылқы жаптырған.
Айдалаға айдатқан,
Тұлымдыға байлатқан.
Қалмақтан жылқы қудырған
Құлынын жолда тудырған.
Жамбасынан отырған,
Санама жұлдыз батырған.
Бес тақа паршадан тон киген,
Жеті рудан қол жиған.
Әуелі Құдай қалаған,

Асылы нұрдан жараған.
Ақ сұңқардай түлеген,
Тояты қаңған соң,
Алыстан дұшпан аттанса,
Қар-жаңбырдай бораған.
Жақыннан дұшпан аттанса,
Қарт бурадай жараған.

Барғанда төре таныған,
Қайтқанда қара қамаған.
Қарасы мен төресі
Қамап, ақыл сұраған.

Айдының Алатаудай бар еді,
Қайратың Қаратаудай бар еді.
Қарып пенен қасарға
Сауып тұрған бие еді.

Жетім менен жесірдің
Айттырмай мұңын біледі.
Толарсақтан саз келсе,
Қажымай оған күледі.
Қабырғадан қан келсе,
Қажымай оған күледі.
Арғын, найман – Орта жүз
Қылыш жанай жүреді.

Суытып қойған тұлпары,
Алпыс басты ақ орда,
Ақ сұңқар үйде тұрғанда,
Күні де, түні де базарым.
Алдадан қайтты назарым,
Бетімнен кетті ажарым,
Хан иеміз кеткенде,
Бір күнде кетті базарым.

Жазды күні болғанда
Күннің көзі байланған,
Ақ сұңқар ұшып ұядан*.

4. АЛТАЙ ТӘТИ

Қара бір таудың жылғасы,
Халқына бағлан құлжасы,
Сүйіндіктің ағасы,
Алтыннан салған сырғасы.
Алаштан дұшпан сөз келсе,
Алдында жүрер жорғасы.
Қара бір таудың өлкесі,
Аты Алтайдың серкесі.
Жарлығы жалған болмаған,
Хан, қараның еркесі.

Базардан келген бөз еді,
Жақсыдан қалған көз еді.
Еділдің қызыл желіндей,
Саулап тұрған сөз еді.
Айдыны таудан зор еді,
Дәулеті көлден мол еді.
Өзім бір деген алашқа
Аласы бір жоқ түр еді!

Айғыр бір қуған құлындай,
Адам ұлын жақтаған,

* В.В. Радловтан – Кеңгірбай. Он сегізінші ғасырда, Абылайдың заманында Тобықтыны билеген, Абылайдан 30 жыл соң алжып өлген. Ақын Абайдың бесінші атасы Айдос пен Кеңгірбай әкесі Жігітек бір туысады. Бейіті Шыңғыстың бауырында, Қарауылдың өзенінің жайылмасында Ши деген жерде, жол аузында арбаның мұрындығы ілінетін тұмсықта. Күн шығыста Орда жақта 3 шақырымда ақын Абайдың бейіті. Бұ да Шиде көрініп тұрады. Кеңгірбай Түркістаннан ел ауып келе жатқанда Ұлытаудың Алаш хан, Жошы хан бейіті тұрған Кеңгірдің өзенінде туыпты. Атын сонымен Кеңгірбай қойыпты. Туған жылы 1730-дың айналасы болса керек. Қ. б.

Әділдікке салғанда,
Кәпір, қазақ мақтаған.
Құрама жиып ел қылып,
Қуысын таза сақтаған.
Тілі шайпау тентектер
Ақылына тоқтаған.

Көлдегі аққу дауысты,
Ақ сұңқар құстай шалысты,
Ерегіскен дұшпанмен
Айдағардай салысты.
Қанғай түскен асылдай,
Қалшайғанмен қарысты.
Екі де айыл тізгін бір,
Бір өзім деп салысты.

Толқын топқа барғанда,
Ішінен шығып сөйлеген.
Сүйіндіктің баласын
Өз аулындай билеген.

Елім Алтай екен – деп,
Еркінше зорлық қылмаған.
Ертегі өткен замандай
Елдің қамын ойлаған.
Асылық айтып Аллаға,
Күнәкер ісі болмаған.
Адалдығы әлімдей
Дін сөзіне тоймаған.
Ақылы және данышпан
Кеудесіне сыймаған.
Мұнарадан жол алған,
Бұқарадан қол алған,
Жалғыз қылдан нәл алған.

Әруақты ердің түсі еді,
Адал пірдің мүриті еді,
Қожалар оқыр Құранды.
Құраннан басқа пайда жоқ,
Ажалдыға айла жоқ.
Сарғайғанмен өлмек жоқ,
Ойбайменен өнбек жоқ.

Есіре қылыш жүзіндей,
Қалайы сандық ішінде
Алтын ділда алпыс мың.

Күз қонысын сұрасаң,
Қоянды мен Жыланды.
Ұзын аққан бойында
Мекен қылды Нұраны.

Тірісінде көп берді,
Зекетім деп, қуанды.
Жесір қатын, жас бала,
Қайырымен жұбанды.

Көшкенде мың жылқы айдаған,
Тай қысырап қалмаған.
Сегіз руға мал берген,
Сексен қысырақ байлаған.

Бетегелі кең тарлау,
Беткейге біткен рай еді.
Тәти өтті деп Алтайдан,
Қайрат кетті деп қуанар,
Дұшпан көңілі уанар.
Барсаң сәлем дегейсің
Ақжол баласы Арғынға,
Атпен желі тарттырдым
Кереге бойы шалғынға.

Дұғай сәлем дегейсің
Қошқарұлы Қорамға,
«Қорам орта болды», - деп,
Қоңсыны күндеп қазбасын!
Бір Алдаға жазбасын!
Ішсін, кисін, бұласын!
Сұм дүние өтерін
Осыменен ойласын!
Мың-мүлиен кісі де
Төр алдына бармасын!
Ұжмақ төрі он тарау,
Ойнай күле жүргейсің!
Бейіштің төрі бес тарау,
Белгілі болып жүргейсің!
Алдаға ісің ақ болса,
Ақ сарайға кіргейсің!
Нұрдың қызын сүйгейсің!
Шері мен тауып шербеттің
Су-сусынын ішкейсің!

Жә, Мұқамбет қолдағай,
Көп жылаған үмбетін!
Көп тілеуі көл болғай,
Көпсігенде дәулетің,
Аян болсын өренің!

Парша менен мәулімді
Боз бояқтай жұмсаған,
Жорға менен жүйрікті
Тай-құнандай жайлаған.
Қожалардың айтқаны
О дүниенің сөзі еді.
Ақ-кер үйге сыймаған
Алып бір жоталы мырза еді,
Алдадан бұйрық келген соң,
Бұ дүниені қиғаны.

Шаңырағын идірген
Шынар деген ағаштан
Мал байлығы бір асты,
Біткен қазақ алаштан.

Бетіне жан келмеген,
Майғы менен Танастан.
Үш мейрамның ұлында
Қуандық пен Сүйіндік,
Жан болмаған таласқан.
Ексе де елге бітер ме,
Мұндай мырза жарасқан?!

Бесінде мектеп оқыған,
Алтысында ақыл тоқыған.
Жетісіне шыққанда,
Жетпіс пірден сөз сұрап,
Құдықтай көзін шоқыған.
Сегізіне келгенде,
Сүйіндікке бас болған,
Аққан селдей толқыған.
Тоғызына келгенде,
Туған айдай балқыған.
Енді онға шыққанда,
Дәулеті көлдей шалқыған.
Он біріне шыққанда,
Әруағы асты халқынан.
Он екіге шыққанда,
Құр қайтпады нарқынан,
Жиырмадан өткен соң,
Енді отызға жеткен соң,
Салиқалы би болды.
Жетім менен жесірге
Тігіп бір қойған үй болды.

Жесір менен жетімнің
Болып өтті азығы.

Аз ғана ауыл Сүйіндік
Аз күн болды қазығы,
Өз бауырым деп жан тартпай,
Тіл жаздырып дәт айтпай,
Әділдікке салғанда,
Еш бар ма еді жазығы?!

Ат басына соқтырып,
Ақ айтпаған дұғайы.
Аузына күпір көп түспей,
Алдасын күткен мұңайы.
Сексен үшке келтірмей,
Ажал берді Құдайы.
Өткен іске салауат,
Артықшылығын сұрайы.

Самарқанда сайлатты
Сарала алтын түймесін.
Әзіретте соқтырды
Ақыретте күймесін.
Әруақ ата қалап,
Әруақ баба жебесін!
Жауаптамаң жар болып,
Иінге шайтан мінбесін!
Әлем білген тәтиді
Жоқтаусыз қалды демесін*.

* В.В. Радловтан. Бұ Сармантай тәти болса керек. О болса, Қарағанды көмір зауыты тұрған Соқырдың бойында осы тәтидің бейіті, елі Қарағанды болысы атанады. Қ.б.

5. КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ

Қоғамы күшті ер еді
Киімді бала тудырған,
Алтынды қылыш будырған!

Абылайлатып ат қойып,
Дұшпанды көрсе қудырған!
Көп сарғайтып келместей,
Кене хан, саған не болды?

Тұлпардан сайлап ат мініп,
Дорбадан жемін жегізген.
Жем орнына бал беріп,
Қысырдың сүтін емізген.

Басқын қалың жау жетсе,
Алып та шығар дегізген,
Кенекемді қалдырып,
Көк буырыл, саған не болды?

Патшада бар алтын тақ,
Жасынан Жаппар берген бақ.
Без белді қара бүркітті.
Шабытты туған сұғанақ.

Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
Бір анадан жалғыз тақ.
Көп сарғайтып келместей,
Наурызбай, саған не болды?

Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып.
Халық иесі хандардан
Жетім қалдық айырылып!

Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайрылып!
Балдағы алтын ақ берен
Тасқа тиді майрылып!

Кемшілік түсті басыма,
Көрінгеннен қаймығып!
Жаңбыр жаумай су болды
Бұлы қымбат манатым!

Тасқа тимей кетілді,
Балдағы дандан* болатым!
Топшысынан үзілді,
Екі бірдей қанатым!

Кенесары, Наурызбай,
Асып туған санатым!
Қырғыздан біткенге ұсайды
Тағдырлы ажал сағатың!

Жаның қайдан жай табар,
Жадыңда Жаппар болмаса?
Көңілің қайдан жай табар,
Көруге дәулет болмаса?

Қолдың көркі бола ма,
Барабан, керней болмаса?
Жұлдыздың көркі бола ма,
Ішінде бір ай болмаса?

Қарашыда не күй бар,
Айбынды ханы болмаса?

* Дандан – пілдің сүйегі (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

Кенесары–Наурызбай
Қол басында болмаса!

Халық иесі хандарды
Қалай айтсам, мін бар ма?
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн бар ма?

Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн бар ма?
Хандарынан айрылған
Қарашыда сын бар ма?

Қайран есіл хандарды
Енді бір көрер күн бар ма?
Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық!

Жауды жасқап жапырып,
Жауған қардай борадық!
Абылайлап ат қойып,
Дұшпанның алдын орадық!

Ханымыздан айырылып,
Шіл боғындай тарадық!
Көрінгенге қорғалап,
Кісі аузына қарадық!

Өзіміз шапқан Созақта
Сарттан ақыл сұрадық!
Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымыз!

Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан тайды бағымыз!

Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз!

Азғанымыз емес пе,
Қойшыдан сынды-ау сағымыз?
Артында қалған жетім ел,
Келіспеді-ау сәніміз!

Ақырында, әлеумет,
Осындай болды қалымыз!*

6. ЖАНТАЙ

Жетісудан жем жеген,
Жетелі Жантай ер деген.
Қожа Қанай тең деген,
Тең дегенде, Жантай батыр кел деген.
Түбекті найза қопшыған,
Түбінен бері оқшыған.
Қарағай найза қопшыған
Қалыңнан бері оқшыған.

---

* Бұ қиссаны шығарған
Нысанбай деген жыршы еді.
Кене ханның тұсында
Жұрттан озған сыншы еді.
Айтқан сөзі үлгілі
Құлақтың бір құрышы еді.
Өлең-жырға Нысанбай,
Мәшхүр шешен нар еді.
Бір естіген адамдар
Сөзіне тағы зар еді.
Көзінен көріп сөз қылған
Соғыстан өзі бар еді.
Кенесары–Наурызбай 1847 жылы өлген. Бұ жоқтау Мәскеудегі қазақ бөлімі басқан «Кенесары–Наурызбайдан» алынды. Қ.б.

Алты ұрықтың данасы
Хан Жантай айтулы
Қарабек батыр баласы.
Хан Жантайды біз айтсақ,
Не жерінде шаласы?
Алақан жайса – батасы,
Хан Қарабек атасы;
Төменгісі Қоқанға
Үкім айтып жатшы екен,
Хан Жантайдың барында,
Орысқа елші кірші екен,
Ой ақылды білші екен;
Хан Жантайдың барында,
Қалмаққа елші кірші екен.
Былдырлаған қалмақтың
Тілін жүдә білші екен.

Айтулы хан Жантайдың
Мінген аты боз екен.
Қалмақтың қаны Көнтайжы,
Батыр Көнтайжыменен
Қарабек екеуі дос екен.
Қараның ханы хан Жантай,
Бейішке осы кірмей ме?
Ендігілер білмесе,
Ілгергі өлген білмей ме?
Беглер бегі тұсында
Белсеніп шыққан хан Жантай,
Құс бегі тұсында
Құтыра шыққан хан Жантай,
Оны да білер көрелі,
Хан Жантай өзі зәрелі.
Хан Жантайды біз айтсақ,
Абыройлы ақ жүзді,

Айыр сақал, қылыш мұрт,
Алақан жайса – батасы,
Қияметте жолы ашық.
Иманы кеткен өзіне,
Ырысы қалған ауылына.
Келмесі кеткен өзіне,
Кеңесі кеткен аулына.

Мінген аты кер болған,
Көтергені ту болған,
Тұқымы шеттен у болған.
Ақ қиядан түн қатқан,
Ақ жолбарысқа үн қатқан.
Ақ қияның астынан (қашты)
Ақ жолбарыс тосалық,
Ақ жолбарыстай шамданып,
Ақ сұңқардай шаңыранып,
Хан Жантай, өлді, көшелік.

Жантай хан боп жүргенде,
Туғанын түйедей көтерген,
Дұшпанын қара қойдай бөктерген.
Кешпей суды толқытқан,
Шаппай жауды қорқытқан.

Хан Жантайдың ерлігі
Сарбағыс, Солтодан ілгері.
Хан Жантайды сұрасаң,
Сілбеден сірге қидырған,
Шелекте қымыз қылдырған,
Сыңсыма көйлек ақ тамақ,
Жолда неке қидырған.

Қызыл құйрық нар ма екен,
Қырғызда сіздей бар ма екен?

Қара құйрық нар ма екен,
Қазақта сіздей бар ма екен?
Қара мақпал терлігі,
Қазақтан шыққан ерлігі.
Қызыл мақпал терлігі,
Қырғыздан шыққан ерлігі.

Жантай хан жүргенде,
«Жә» дегенде жатпаған,
Мылтықты кісі батпаған.
«Жә» дегенде соңынан,
Ат үстінде киінген.
Жантай хан боп жүргенде,
Шаңырағын мататқан.
Сары жезбенен қадатқан,
Уығының ұшын ұстатқан.
Ақ үйіне қордатқан,
Терені төрге түзеткен,
Тұсына тұйғын түлеткен.

Бекке барса, белгілі,
Белен кілем салулы,
Бек аулына танулы,
Белгілі Жантай айтулы.
Бек астына отырған,
Белбеуін зарға толтырған.
Хан астына отырған,
Қалпағын зарға толтырған.
Қазғалдақ мойнын қайырған,
Ханнан жемін айырған.
Безгелдек мойнын қайырған,
Бектен жемін айырған.
Қара сақал жайпаған,
Хан Жантай сөйлеп бергенде,

Хандар басын шайқаған.
Ағала сақал жайпаған,
Хан Жантай сөйлеп бергенде,
Астынан жиын тарқаған.

Хан Жантай өзі өлген соң,
Жұртқа айтқан сөзі екен:
Көр алғанда не берген?
Жабдық салып ат берген,
Азат қылып хат берген.
Ақ болатын қынаған,
Шерәлі хан сынаған,
Сынағанда не деген?
«Бәрекелде, ер! – деген –
Қорғанбекпен тең!» – деген.
Қарабекұлы хан Жантай,
Ұлықтарменен жанасқан,
Жұрт таласын таласқан,
Айтысып келген дұшпанның
Заманасын қуырған,
Елін даудан суырған.
Хан Жантай, сен өлген соң,
Ақ топырақ сен болдың,
Адасқан елің біз болдық,
Боз топырақ сен болдың,
Боздаған елің біз болдық.
Қараған сенің күмбезің
Қараң қалдық біз – елің![*]

[*] В.В. Радловтан. Қырғыз Жантай – Кенесары–Наурызбайдың замандасы. Тұқымы Пішпек үйезінде. Қ.б.

7. ШОҚШОЛОЙ ҚЫЗЫНЫҢ ЖОҚТАҒАНЫ

Атекем батыр Шоқшолой
Ақ жорғаға мінсе, найқалған,
Сақалы аласын шөптей шайқалған.
Кер жорға мініп, жол жүрген,
Керней тартып, қол жүрген,
Кер жорға қорқып – тай болды,
Атекем қорқып – жай болды.
Сұр жорға мініп, жол жүріп,
Сырнай тартып, қол жүрдің.
Сұр жорға қорқып – тай болды,
Сырнай қорқып – най болды,
Атекем қорқып – жай болды.
Жасқа шыққан бүлдірген
Жалмап жесем, тоям ба?
Жасында кеткен атекем,
Жарыса мінсең, жеткей ме?
Қонысқа шыққан бүлдірген,
Көбін жесем, тоям ба?
Қосында кеткен атекем,
Қулықты мінсең, жеткей ме?
Ителгі, сұңқар – екі құс,
Құс салыса кеткен бе?
Бейіш, дозақ – екі жол,
Жол шалыса кеткен бе?
Атекем, бейіш, дозақ өте бар,
Онан жайды таппасаң,
Сұпыралы көлде сұқсыр бар,
Шомқар сілтеп өте бар!
Онан жайды таппасаң,
Қазанды көлде сасам бар,

Қаршыға сілтеп өте бар!
Онан жайды таппасаң,
Есілме тола теке бар,
Ел таппасаң, Меке бар,
Мекенің бес есігі ашылсын!
Жолыңа гүлі шашылсын!
Қопалы көлдің сары өлең,
Атекем бастағанша бар елің.
Алтынды құрдың сары елің,
Айтқанымша бар елің.
Қу лашын теппеген
Қуда бүтін бар ма екен?
Атекемді сүймеген
Жүдә бүтін бар ма екен?
Қара лашын теппеген
Қазда бүтін бар ма екен?
Үш Қосай менен Манастай,
Жез ішінде қоладай.
Атекем өтіп кеткен жол еді-ай.
Атекем, келінің кете кигенде,
Атекем, кеңесің жұртқа тигенде,
Атекем, босағаң болат болғанда,
Атекем боқшаңа манат толғанда,
Не қарартың дүниеден?!
Шудан сусын бойлаттың,
Шүйлі салып ойнаттың.
Іледен сусын бойлаттың,
Ителгі салып ойнаттың.
Тіл мен тісім қайраймын,
Білгенімше сайраймын.
Төбел торы құйрығын
Төрттен шалған, хан атам!
Төренің ұлын қосшы ап,
Жерді шалған, хан атам!
Жолдасына жүзді алған.

Белгісіне бетті алған,
Бес кекілін талдап қыз алған,
Қазақтардың оттығын
Түндігінен көтерген,
Төріндегі ақ сандық
Алып және тептірген.
Алтындарын алдырған,
Атына таға салдырған.
Күмістерін алдырған,
Күректей таға салдырған.
Тобылғының шоғындай
Жанады едің, хан атам!
Жақсы шыққан торғайдай,
Сайрайды едің, хан атам!
Ерлікке туған кісі екен,
Ерлігі атекемше бар ма екен?
Күнгей менен теріскейдей,
Күн алысып жатарға,
Құрық менен сенектей,
Үн алысып жатарға,
Айтқанымды тыңдарға,
Ұл дегенім ұғарға,
Алыстан адам бар ма екен?
Айта кетсін еліне,
Жырлап жүрсін жеріне![*]

8. ТӨЛЕБАЙ

(*Он екі жасар әйел баласының жоқтағаны*)

Әуелі адам пайғамбар,
Екінші сөзім – Мұқамбет.

[*] В.В. Радловтан. Шешектен өлген Шоқшолойды қызы жоқтаған. Шоқшолой да – қырғыз. Қ.б.

Дүниеге шықсаң, бар өлім,
Мұқамбетке болса үмбет.
Азырақ дастан айтайын,
Дұғада болған әлеумет.
Жыламайын десем де,
Ішімде жалын, сыртым дерт.
Ұядағы сұңқарға,
Дүбірлі туған тұлпарға
Тағдыр еткен құдірет.
Елу алты жасында
Дүниеден қайтты арыстан.
Әруақты туған атақтым,
Тоят тілеп алыстан.
Бабасынан сөйлесем,
Белгілі бекзат данышпан.
Еділден өтіп ер Шақшақ,
Дұшпандармен тоғысқан.
Шілтеңдер жырақ болмапты
Аманжол деген дабыстан.
Онан бергі ер Көшей,
Қалмапты қатар жарыстан.
Сол бабамның алты ұлы
Бос қалмапты намыстан.
Үмбетей атам, Жәнібек,
Бабалардың рухы
Бұларға келіп қауышқан.
Қатар шыққан екі ердің
Қариялары жоқ еді
Билік айтып тауысқан.

* * *

Бергі атамыз Аралбай,
Шыға бір шапқан қамалға-ай.

Қыдыр дарып ер болып,
Нәсілі қалды заманға-ай.
Өз атасын сұрасаң,
Мырза Көбек, Танабай,
Келмеген ешкім маңына-ай.
Байлық, бектік, жомарттық –
Бәрі де келді қолына-ай.
Талап еткен істерін
Келтірді Тәңірім оңына-ай.
Кешегі менің әкекем,
Жиырманың ішінде
Атанып еді Төлебай.
Құлағың сал, дос-жарлар,
Бір азғана зарыма-ай.
Заманына лайық
Қараның болды-ау ханындай.
Дұшпандарын ықтатты,
Беткейден соққан дауылдай.
Алашқа жеңсік көрінді,
Шамсанның сары қауынындай.
Бабалардың рухы
Толғағай екен жаңылмай.
Батырлығын сұрасаң,
Бабасының қалыбы-ай.
Мырзалығын сұрасаң,
Көңілінде нұрдың жарығы-ай.
Дұшпандардан саспаған,
Құданың берген сабыры-ай!
Баласына үш жүздің
Кетіп еді дабылы-ай!
Айтылса қайғы босайды,
Болғаң соң істің анығы-ай!

* * *

Үш үйездің қазағы
Басықара датқаның,
Басын қосқан асында.
Болғандардан естимін,
Болмасам да қасында.
Сұқ қылыпты сонша жұрт
Әкекем сынды асылға.
Қыпшақтың өңкей манабы
Кез болыпты ашуға.
Балқожаұлы Ыбырай
Артын жиып жөнелді,
Басын қорғап қашуға.
Мұны көріп әкекем,
«Аманжолдап» ат қойды,
Тасыған көңілін басуға.
Қуып жетіп соңынан,
Ағалығын білгізген,
Көрмегенін көргізген,
Бозбалаға айдатып,
Қайтарып топқа кіргізген.
Бекмұқамбет болысын,
Инспектор орысын,
Жұмылған көзін аштырып,
Өкшесінен бастырып,
«Жан сауға, батыр!» – дегізген.
Талай жерде, әкеке-ай,
Бітіп еді арманың.
Бәрін де міндің қатарлап
Жұрттағы сұлу жорғаның.
Көңіліңе жақпаған
Дұшпанның бұздың қорғанын.
Жомарттық еттің артықша,
Дүниенің біліп жалғанын.

Орыс, қазақ әкіміне
Ықпалыңды жүргізіп,
Жауатын күндей торладың.
Менменсіп келген талайды,
Қолыңмен илеп толғадың.
Жолды-жолсыз болса да,
Бетіңе алған ісіңнен
Абұйырсыз болмадың.
Бәсеке еткен туғанда,
Асылмен белін буғанда,
Күншілік кіріп көңіліне,
Жауыздық жолын қуғанда,
Аямасаң, жылаттың.
Ізгілік етсең, ұнаттың.
Жаяуына ат болып,
Жалаңашқа тон болып,
Сылап-сипап жұбаттың.
Жұртыңды жауға бермедің,
Алысқа қолың сермедің,
Өрге жүзген жайындай,
Ашынған сайын өрледің.
Халық иесі хандармен
Халықты қатар тергедің.
Заманыңдағы ерлердің
Тағында қатар көлбедің.
Сол сықылды әкемнен,
Қабыл болып, күн туып,
Құрбан да болып өлмедім.
Осындай менің әкекем,
Ордалы бектің нұры еді.
Тамам алаш бас қосса,
Айтулы тудың бірі еді.
Рүстем мен Дастандай
Заманындағы сері еді.

Жау кеңесі құрылса,
Жасқанбаған ер еді.
Сасқандар ақыл сұраса,
«Жабықпа, халқым!» – дер еді.
Қырғыздың Алатауындай,
Дұшпандар аспас бел еді.
Іздегенің табылған,
Белгілі шалқар көл еді.
Азғана күн дүниесін
Қолымен сермеп жөнеді.
Екіталай жерлерде
Дүние жолдас демеді.
Сол секілді әкемнен,
Айналайын, аталар,
Айналсам, қалай айып етеді?!
Заманында әкекем,
Хандардың жиған құралын.
Шынжыр қатар дүниеге
Келтіріп еді оралын.
Атадан жалғыз туса да,
Мал үстіне, мал беріп,
Қанат, құйрық-жал беріп,
Жеткізген Алда мұратын.
Бес отауын түсіріп,
Көркейтіп еді жанабын.
Қатар қонған дұшпанның
Тарылтушы еді танабын.
Азамат жинап, ат байлап,
Істеді беклік талабын.
Еркінше жүріп ішінде,
Аралады әкекем
Тобыл, Торғай алабын.
Келмейтін еді белсеніп,
Естіген қазақ хабарын.

Дұшпаныңа тірелген,
Айналайын, әкеке-ай,
Аумайтын еді табаның.
Бір күндерде әкекем
Арғымақ бедеу байлаған,
Болатын шарға қайраған,
Наурызым, Сыпсың – екі ну
Жағалап көшіп жайлаған.
Ауылдың сыртын шаңдатып,
Торлантып бие байлаған.
Орданың ішін қоршатып,
Тең азамат жинаған.
Күнде жиын, күнде той,
Дастарқанын жимаған,
Мәжіліске мәз болып,
Тарқатуға қимаған.
Осындай қайран әкекем
Азғана күн дүниеде
Маңдайыма сыймаған.

* * *

Қалай десе жарасар,
Әкекемдей сындарға?
Нашар туған үш бала,
Қайғыңды аштым тыңдарға.
Көлеңкелі дарағым,
Құламаса, мін бар ма?
Темір қанат балапан
Ұша алмай қалса, сын бар ма?
Аяғым салып қойнына,
Қолымды артып мойнына,
Асылатын өрмелеп
Әкекем келер күн бар ма?

Жолы қиын біздерге
Ата менен ананың,
Қандай болып өтеді
Атасыз күні баланың?
Қазынасын күтелік
Жаратушы Алданың.
Тәшмұқамбет, Ахмет,
Тілегін қатты тілейік
Қадірлі екі ағаның,
Рухы қолдап, жар болғай
Бұрынғы өткен бабаның!
Ерназар, Бекет, Ғабдолла,
Бірің – өңір, бірің – бой,
Алтын да сауыт жағаның.
Береке, бірлік деген бар,
Айналайын, ағалар,
Болғай-ды мұнан хабарың.
Ортаңда қалған үш анаң,
Қайтара көрме назарын.
Ақыл салып әжеме,
Айналайын, әкекем,
Сақтаушы еді ажарын.
Басып кеткен ізіңді
Енді қайдан табамын?!
Бір кеткен соң хабар жоқ,
Зарлай, зарлай барамын.
Жаннаттан болып орының,
Ұжмақтың ашқай шарабын.
Қысқартайын, қош енді,
Мұқтасар айлап тамамын,
Азырақ сабыр етсеңіз,
Үлкен-кіші, ағалар!
Көңіліміз ойран, көзде жас,
Қайғылы қасірет сана бар.

Мұндай жолдың хабарын
Ақылды бектер шамалар;
Алладан тағдыр – ажалды оқ,
Біздерде мұндай жара бар.
Жақсылар көңіл жұбатса,
Қайғыны дәру жағалар.
Жылады деп сөкпеңіз,
Жұрт иесі ағалар!
Арыстан туған әкекем,
Салтанатын асырып,
Достарын қашан аралар?
Елестейді көзіме
Қалың топқа кіргендей,
Сағынамын достарын,
Мәжілісінде жүргендей.
Өрбігеді көңілім,
Сіздермен еріп келгендей.
Қатарланған жорғадан
Сүйгенін таңдап мінгендей.
Алтын қынап ақ алмас
Беліне байлап ілгендей.
Арқауы таза ақ жібек,
Жағадан ұстап кигендей.
Біздерге туар күн қайда,
Арыстан туған әкекем
Маңдайымнан сүйгендей?!
Қанатын тосып қақпалап,
Шырағым деп күлгендей!
Мезгілің болды-ау, әкеке,
Қайырылып хабар білгендей.
Күн болар ма біздерге
Көздің жасын игендей?
Келмес те болсаң, әкеке,
Өзегім отқа күйгендей.

Дауасы болмай кезеулі оқ
Қос өкпемнен тигендей.
Кешегі менің әкекем
Айнасы еді елінің.
Ит жүгіртіп, құс салса,
Көркемі еді көлінің.
Тояты қанған сұңқардай
Базары еді бегінің.
Бәрі қасірет біздерге
Жүріп, тұрған жеріннің.
Қайғыңды тастап артыңа,
Қайрылмастай көріндің.
Опасы жоқ дүние-ай,
Бекер екен сенімің.
Қарашаның ханы – әкем,
Бұқараның бегі – әкем,
Көлеңкесі күндік жер
Асқар тауға тең әкем.
Қол-аяғын жимаған,
Етек-жеңі мол әкем.
Мұнарланған сеңгірдей
Дұшпандарға бел әкем.
Құрағы көктеп, гүлденген
Айдын да шалқар көл әкем.
Қиядан дұшпан табылса,
Жасқанбайтын ер әкем.
Достарға ауыр жүк түссе,
Қатарланған нар әкем.
Көрген түстей біз болдық,
Осы ма екен, ұяда
Былтырғы жылы бар әкем,
Келмесіне көз жетті.
Жанаттан болғай талабың,
Ашық та болғай жауабың.

Нұрға толғай қабырың,
Жоғары ұшқай сауабың.
Үмбетім деп Мұқамбет,
Шапағат еткей назарын.
Әулиелер жар болып,
Ұжмақтың ашқай шарабын.
Он екі имам, шарияр
Артылдырғай қадамын.
Дұғасын қабыл ейлесін,
Артыңда ізгі баланың.
Айта берсем, сөз көп-ті,
Дүниеден қайтпай кім кетті?
Дұғадан жоқтап жақсылар,
Бағышла айет кәламын.

9. ТӨЛЕБАЙДЫ КЕЛІНІНІҢ ЖОҚТАҒАНЫ

Рұқсат болса азырақ
Отырған дос-жар, ағадан,
Өлімге мирас жыламақ
Бұрынғы өткен бабадан.
Ажал ортақ әммаға,
Атамыз Адам, Хауадан.
Пәндасына үкімет
Рақымы күшті Алладан.
Бағасы қымбат атекем,
Мысалында шәйіттің
Рақылат етті дүниядан,
Қайырылып хабар алмады
Ағайын, туған баладан.
Белгілі бекзат бел асты,
Табылмас достар шамадан.

Ертеңді-кеш зарлатып,
Қайғысы асты қанадан.
Ордалы куда сын бар ма
Басшысынан адасқан?
Атекем келер күн бар ма
Талабы тауға таласқан?
Алтын да қылыш, айбалта
Асынса, ерге жарасқан.
Халық иесі хандардан
Қаюлы сағат жол ашқан.
Жан қуанған біз түгіл,
Жақсылар іздеп жанасқан.
Ай батқандай іс болып,
Бізге түсті қара аспан.
Айырылса, кімдер қайғырмас,
Жұрт иесі манаптан?
Тасқа салса қайтпаған
Адасты жұртым болаттан.
Қиядан ілген қыран құс
Қайырылды ұшар қанаттан.
Атекемдей ер қайда?
Аузына жұртты қаратқан,
Сақилығын жүргізіп,
Алдынан кеңес таратқан.
Белгілі жұрттың бектері
Кездесті әрбір тараптан.
Қатарынан Құдайым
Тұлғасын артық жаратқан.
Көрген түстей айырылдық
Көлеңкелі дарақтан.
Тойған марал секілді,
Таудан аққан бұлақтан.
Ағасы елдің атекем,
Бұл сапарды ұнатқан.

Ағайын, туған әулетін
Қайғыға қамап жылатқан.
Сайранға жаққан панардай
Айрылды халқы шырақтан.

10. ТӨЛЕБАЙДЫҢ ЖАМАҒАТЫНЫҢ ЖОҚТАҒАНЫ

Кешегі менің бегімнің
Бір азғана дастаны.
Жылады деп сөкпеңіз,
Жиылып келген достары.
Алтын да кеудем жер болды,
Үстімді тұман басқалы.
Ертеңді-кеш зарлаймын,
Көңілімді ашқалы.
Күнде қызық, күнде той,
Мәжіліс еді басқаны.
Құлақ естіп, көз көрген
Жүргізді бір нұсқаны.
Тоғыз орда тіктіртіп,
Толтырып асыл жинаған.
Тоқсан қонақ келсе де,
Асып-саспай сыйлаған.
Сапырулы қымыз, салқын үй,
Мәжілісін тыймаған.
Ит жүгіртіп, құс салып,
Қияға бедеу қинаған.
Құмай тазы, қыран құс
Көзінен таса қылмаған.
Күнінде тоят алдырмай,
Сағат көңілі тынбаған.
Осынша дәуір үстінде

Күн шығарып тұрмаған.
Бес уақыт намаздан
Тоқталып мойын бұрмаған,
Жаз күнінде жайқалтып,
Шалғынсыз жерге қонбаған.
Төрт түлік малын өргізіп,
Күншілік жерді шарлаған.
Тоғыз қатар орданы
Тоқсан нарға қомдаған.
Айыр өркеш атанға
Аяғымды салмаған.
Үш пәуеске тройке
Тоғыз атқа парлаған.
Балапан ерткен қаздай ғып,
Көзінен таса қылмаған.
Миуасы піскен дарақтай
Құдайым артын оңдаған.
Толықсып тұрған күнінде
Шын сапарға жолдаған.
Ұл мен қызың артыңда,
«Әкекем» деп зарлаған.
Қадам басқан ізіңді
Басқа жанға қимаған.
Азғана күн дәуірім
Маңдайыма сыймаған.
Арыстанымнан айырылып,
Тарқады базар басымнан.
Алланың артқан ауыр жүк,
Орнады мұндай жасымнан.
Алтын да тұғыр ақ сұңқар
Ұшырдым, жұртым, қасымнан,
Орын алған сұлтаным
Әр таптағы асылдан,
Жаңадан да отқа күйемін,

Құдасын көріп бегімнің,
Қиядан іздеп қосылған.
Сіздермен бірге келер деп,
Күтуші ем хабар досыңнан.
Балалы арқар баурайды
Мезгілсіз оққа тосылған.
Артында қалып қайғырдым,
Жөнелтіп керуен асудан.
Көрген түстей дәуірім
Жана түсіп басылған.
Бастан жақты айырған
Әмірі күшті Алланың
Қайғысына жанғаным,
Арыстанымның тұсында
Бітіп еді арманым.
Бұл дүниенің құрметін
Көрсетіп еді көкжалым.
Күннен күнге күн өтіп,
Қызығына қанбадым.
Қолымнан топты тарқатып,
Адасып мұндай зарладым.
Жаралы құдай ыңыранып,
Артында жылап қалғаным,
Адастырған опасыз
Дүние-ай, сенің жалғаның!
Заманында бегімнің
Дәуірлеп тасып толғаным.
Кеңесін қолдан өткіздім
Қатарланған орданың.
Жылама деп айтады
Өсиеті молланың.
Бұрын-соңды ажалдан
Қалары жоқ пәндәнің.
Қосқанынша Құдайым,

Қош аман бол, алғаным!
Ризалықпен күтелік
Құдайдың басқа салғанын.
Нұрға толып қабірің,
Жолдас болсын иманың,
Қызыр болсын мейманың.
Қадірің өтіп күн сайын,
Көзімнің жасын тыймадым*.

11. ӘЙЕКЕ

Әуелі Құдай, пайғамбар!
Екінші сөзім Мұқамбет.
Еңбекті басқа бір өлім
Мұқамбетке болса үмбет.
Жылады деп сөкпеңіз,
Жиылып келген әлеумет!
Ақырын Құдай бермесе,
Орнады бізге бір нәубет.
Ағайын, бізден хабар ал,
Аузым – жалын, ішім – дерт.
Қарадан шығып хан болса,
Бекер екен үкімет.
Үкіметі құрысын!
Тартқызып кетті қасірет.
Өлімі құрысын! Өрт екен.
Өзекке түскен дерт екен.
Өртенеді өзегім,
Өртенбейін десем де,
Мезгілсіз келді кезегім...

* Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқабай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан – Байтұрсын, онан – ақын Ахмет; Қасқабайдан – Қожырбай, онан – Шолақ, онан – ақын Қарпық. Қ.б.

Әуелеп ұшқан сұңқардай
Білінбей кетті дерегің.
Бір бізге емес, бар еді
Орта жүзге керегің.
Көлеңкелеп отырған.
Құлады, халқым, терегім.
Бұл күндегі адамнан
Артық тұрған ер едің.
Ай батқандай қылдың да,
Адастырып жөнелдің.
Артыңда қалған көп жұртың
Иесіз қалар демедің.
Ақылың көп болса да,
Азғана болды көмегің.
Ішіңе сыймай, қабынды
Қайратың мен өнерің.
Өрге жүзген наһандай
Өнеріңнен не көрдің?
Ақырында ажалға
Қайратың болды себебің.
Айналайын, әкежан,
Қараның болдың ханындай.
Қарайғанды ықтаттың,
Қамысқа түскен жалындай.
Орта жүздің көркі едің
Қоңыраулы бұйра нарындай.
Ағайынды жинадың,
Алпыс үйлі арындай.
Орынды болдың орасан
Мың жылқының қауындай.
Көпке пайдаң көп тиді,
Көктемдегі жауындай.
Жерілмей қалды жеңсігің
Жаңа піскен қауындай.

Көре алмай қалдым өтерде,
Елестеп кеттің сағымдай.
Өте шықты сұм заман,
Бәйге атының шаңындай.
Адыра қалды ақ ордаң
Иесіз қалған ауылдай.
Көріне келген бәледен
Көрінбей келген қиын екен.
Қайратыңды күндеді-ау!
Артықша жауы біз бе екен?
Осыншама не қылып,
Құдайдан күдер үзді екен?
Ауылда жатып есіттім,
Сейсенбі күні атылды.
Атылғаннан екен ғой
Жанға бір жара батулы.
Сыр бермеді шошыр деп,
Бала-шаға, қатынды.
Жөлекке келген жеріңде,
Аттандырдық батырды.
Арыздасып кетпедің,
Шақырып алып халқыңды.
Айта алмай кеттің арманда
Өсиетнама, нақылды.
Ағайының азбайтын
Айтпай кеттің ақылды.
Үкіметпенен өткіздің,
Бес күн жалған ғапылды.
Артықша тудың атадан
Ай мүйізді қошқардай.
Қарланып келгенде
Қоршаған бұлт аспандай.
Қайратың болды көкежан,
Рүстем мен Дастандай.

Сақилығың бар еді
Баязит пен Бастандай,
Үмметке белді байладың,
Құданың шері Арыстандай.
Әділдігің бар еді
Әзіреті Омар, Оспандай.
Үлгіменен сөз айттың,
Тәпсірден шыққан дастандай.
Құрама жиып, ел еттің,
Еспенің көзін ашқандай.
Артықша Құдай бақ берді,
Қарадан шығып тасқандай.
Жасаған, саған не жаздым,
Тасқанымда басқандай?!
Айналайын, көкежан,
Алтыннан соққан табақтай.
Орта жүздің ішінде
Опалы сеңгір қабақтай.
Елде тентек қоймадың,
Жайыннан қашқан шабақтай.
Көкежан, сенен айырылдым
Көлеңкелі дарақтай!
Арбаның дауысы шыққан соң,
Көңілім тұрды ұнатпай.
Ішім жаман мұздады.
Бөрі көрген лақтай.
Тап Жөлекке келгенде,
Жан тапсырды ұзатпай.
Бұйрық болды Алладан,
Сәскелік жерге шыдатпай.
Намаздыгер шағында,
Дауысы шықты арбаның.
Бір ауыз сөзін есітпей,
Артықша болды арманым.

«Ой, бауырым!» деп ат қойып,
Күңіреніп кетті жан-жағым.
Мен сорлы қайдан білейін,
Жиылған екен аймағым.
Лажым бар ма, қайтейін!
Қары күшті Алланың.
Жан үшін деп айналсам,
Болар ма еді қайраның?!
Ауылға дейін ат болды.
Абдолдың* берген арбасы,
Қазақтан бетер қайырылды,
Бөлек те болса таңбасы.
Әшір менен Тәшімнің
Таусылған екен қайласы.
Хабар таппай қарсы ұрды,
Інісі менен ағасы.
Үске досы кез келді,
Үзеңгі өңкей жолдасы.
Садағасы кетейін!
Жұрттың тиді пайдасы –
Сүйегін үйден шығарды,
Жиналып қауым, қарындасы.
Сәрсенбі күні сәскеде,
Жерге тиді жамбасы.
Кешке таман болғанда,
Ағекем келді сүйектен.
Өкпемді баспай өксітіп,
Қабынтып кетті жүректен.
Ойымда бар ма өлер деп,
Оқ тигенге білектен?!
Сыр бермей кетті жан көкем,

* Ауылға дейін Әйекенің сүйегін алып келуге Абдол деген ноғай арбасын берген (А. Байтұрсынұлы берген түсінік - ред.).

Жан шыққанша иектен.
Бар көргенім сол екен,
Бір күн үйге түнеткен.
Арыстандай екен ғой
Жарасы құрғыр жүдеткен.
Жөлекке келген жерінде,
Жарадан ақты қызыл қан.
Құдіреті Құданың
Алпыс екі алуан.
Ақыры мұндай боларын
Ақылменен таныған.
Үйдің ішін көре алмай,
Арманда болып берді жан.
Ағайынды көргелі
Шыққан екен қаладан,
Мүддесіне жете алмай,
Арманда кетті даладан.
Балдағы алтын зұлпұқар
Шаппай сынды сағадан.
Қарадан хан, қарғадан
Сұңқар туған көкежан!
Солқылдағым, сүйрігім,
Қанатым, жалым, құйрығым,
Керме иығым, келбетім,
Кемеңгерім, ал гүлім,
Ұсынса қол жеткісіз
Үсті болған түндігім.
Қарадан туып хан болып,
Тұлпардан туған дүлдүлім.
Орта жүзден орасан
Ойқастап озған жүйрігім.
Қылау салмай қырғында,
Жеткізді Құдай бұйрығын.
Ағайыннан айрылған

Мүсәпір болған мұңдығым!
Кешегі менің жан көкем
Елестейді алдымда-ай!
Емін-еркін көре алмай,
Арманда болып қалдым ба-ай?!
Барсам нетті қалаға,
Ақылымнан тандым ба-ай?
Сәлем депті кетерде
Аты ағайын арғынға-ай.
Зарлатып кеттің, қайтейін,
Ертедегі Тарғындай.
Көп жасар ма екен деуші едім,
Жолдасынан айырылмай.
Ертелі-кешті зарлаймын,
Көзімнің жасы жаңбырдай.
Сарының қалды басылмай,
Таудан аққан қарғындай.
Айналайын, көкежан,
Суырылып топтан сөйлеген.
Жүйесін тауып айтқан соң,
Бетіне ешкім келмеген.
Басып озған жүйріктей,
Сөйлеген сайын өрлеген.
Арғымақ мініп, ат жиып,
Ақырға байлап жемдеген.
Өз дегені болмаса,
Дұшпанға теңдік бермеген.
Аз ғана күн Орта жүз
Адасқанын жөндеген.
Қошқар туған қозыдай,
Келбеті бар ма келмеген?!
Кешкі қойдай шуладық,
Тілеуді Құдай бермеген.
Арман болды мен сорға

Өз көзіммен көрмеген!
Көре алмай қалып көкемді,
Шыбыным жүр өлмеген.
Көкежан, сіздей еш пенде
Қарадан шығып хан болмас.
Енді сіздей басқа адам
Айырдан туып нар болмас.
Бойлап біткен қарағай
Бояғанмен тал болмас,
Ішім толды заһарға,
Ішкенменен бал болмас.
Қазаға амал жоқ екен,
Қайғырғанмен қарындас,
Енді бізден пайда жоқ,
Иманың болсын жан жолдас.
Ағайын-туған, құлақ сал,
Көкекемнің дастаны!
Мен бір дастан бастайын,
Жад етіп Жаппар патшаны.
Біз түгіл өткен дүниеден
Құданың сүйген достары –
Әбубәкір, Ғали мен
Әзірет, Ғұмар, Ғұсманы.
Хаққа пенде болған соң,
Өлімнен бар ма қашқаны?
Сіздерге шағып, жылаймын,
Өксігімді басқалы.
Жалған деп ешкім айта алмас
Орта жүзден асқаны.
Артықша туған жан көкем,
Жоқтаусыз неғып тастайын?
Жоқтамайын десем де,
Жоғалды алтын, ақ сақа.
Бес күн жалған сұм дүние

Болар ма мұнша бейопа?
Біз түгіл, өтті дүниеден
Құдайдың досы Мұстапа,
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Ойсыл қара, Зеңгі ата.
Жаны ашыған ағайын,
Дұғадан жоқтап, қыл бата.
Жан көкемнен айырылып,
Көңілім болды көп қапа.
Болмас жерде дақ салып,
Тарттырды Құдай бір жапа.
Өлген үшін өлмек жоқ,
Жүреміз де айта-айта.
Жел аударған қаңбақтай,
Жекені қалып, көл кетті.
Адыра қалған адырдай,
Өзені қалып, ел кетті.
Мың қойымның ішінде
Көк қасқа қошқар келбетті
Өлгеннен соң, көкежан,
Қадірің жұртқа енді өтті.
Ағасынан айырып,
Арғынды Құдай еңіретті.
Ажалға сабыр жоқ екен,
Ақырын берсін әлбетті.
Жыламай неғып тұрайын?
Мезгілсіз салды нәубетті.
Ағаш атқа мінген соң,
Келмесіне көз жетті.
Ауылдан кеттің аттанып,
Барғалы, көке, қалаға-ай.
Қалада жатып, жолықтың
Ажалға біткен жараға-ай.
Қанша кінә тапты екен

Өлімге қиып атқандай?
Арманда кеттің, жан көке.
Қарауыл қойып, сақтанбай.
Атасы бөлек нәкіс деп,
Сартты ұстадың жалаға-ай.
Айтар сөзге кемшілік,
Дұшпанға қалдық табаға-ай.
Алдыңда жүріп армансыз,
Болмай бір қалдым садаға-ай.
Арманда кеттің, қайтейін,
Ойбай, көке, жаным-ай!
Алды-артыңда болмады
Қанат, құйрық-жалың-ай,
Жалғыз жүріп, жұрт алдың,
Күш атасын танымай.
Айтілеу болса қартайды,
Тұғырдан қалған жабыдай.
Аға деп арқа сүйеуге,
Арқада жатыр Ағыбай.
Қарайған қазақ ықтауы
Боранға соққан шалыдай.
Орта жүздің баласы
Тілеулес болды жабыла-ай.
Турадан құрық салған соң,
Болмады себеп тарыдай.
Жан көкемнің заманы
Келер ме екен тағы да-ай?
Енді түсті есіме
Ағайынның көптігі.
Әттең, дүние, аздықтың
Болады екен сепкілі.
Қанша жерге шыдасын
Бір басынын екпіні?
Арманда қылып, көкежан,

Кеттің тастап, қайтейін,
Қаракесек, Шектіні,
Енді сізге не пайда
Қаракесек, Тоқадан?
Табылғанда бөз артық
Таңдап киген торқадан.
Ағайынсып айтамын
От шыққанға ортадан.
Ауылдас болып отырмын,
Шын әруақтан қорқамын.
Арғын, қыпшақ – аты егіз,
Жақын едің өзге елден.
Көріне көңілім қалған жоқ,
Ағайыным, сендерден.
Өскенбай мен Жүзекем
Жолдасы келді көз көрген.
Жан көкемнен айрылдым
Азды көпке теңгерген.
Көрдің бе деп сұраймын
Кеткен менен келгеннен.
Бұрынғыдан, соңғыдан
Бар ма екен келген өлгеннен?
Бір кеткен соң, көкемнің
Келмесін қайдан білейік?
Бізді бүйтіп шулатпай,
Келе ме деп жүр едік.
Келмейді деп халық айтса,
Енді күдер үзейік.
Тәңірі алдына барғанда,
Иманын бер деп тілейік.
Қаңлыбайдың Бектасы –
Қаладағы жолдасың,
Жолдасыңнан айырылып,
Неғып бір жаттың, жолбарысым?

Себеп болды ажалға
Құмалақтай қорғасын.
Кәлимагөйдің баласы,
Ағайын біздей болмасын!
Өткен заман басыма
Енді неғып орнасын?
Қажыбайдың баласы
Досың еді Тоқпамбет.
Сүйіп болған бір құдаң
Алшынбай менен Ешбембет,
Ердің көзі кетті деп,
Әруаққа болма шет!
Бір сүйінішім сендерсің,
Маңдайымнан сипап кет!
Жетімдігі құрысын,
Ішім тола жанған өрт*.

12. ҚЫЗДЫҢ ЖОҚТАУЫ

(*Қырғызда қыздардың қошоғы*)

Кередегі ышқындай
Кепіңді айтамын!
Кеп сөйлесіп келгенде,
Ептігіңді айтамын!

Тоғайдағы қорыстай
Қызылыңды айтамын!
Суға өскен шыбықтай,
Ұзыныңды айтамын!

Қабақта бардүр, қыздар-ай,
Қара баршын ұясы.

* Бұдабай ақын шығарған. Түркістан жағынікі. Әйекенің руы – Шұбыртпалы. А.Б.

Қақырда бардүр, қыздар-ай,
Кескен тастың қиясы.

Айда менің ақ нарым,
Шашы қысқа тұл нарым.
Қоқандықта шілгірім,
Қожа тіккен мөбірім.

Мергеленде басарым,
Барса құмар жасарым.
Айда менің ақ нарым,
Шашы қысқа тұл нарым,
Құлпұсы құш мұшұрұм
Шашы қысқа тұл нарым*.

13. ӘБЖАН

(*Қыздың күйеуін жоқтағаны*)

Өлім менің ойбайым,
Істі салған Құдайым.
Қара бір шашым жаяйын!
Жаяйын да жияайын!

Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Күнде қанға бояйын.
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын!

Моймылдаған қара көз,
Жаспенен оны ояйын!
Алшаңдап жүрген жас төрем,
Орныңа кімді қояйын!

* В.В. Радловтан

Орқаш та орқаш, орқаш тау,
Бауыры толған көк бастау.
Топ ішінде қиын да екен
Жалғыз енді сөз бастау.

Бастамасқа шарам не?
Басыма салған қарам не?
Мен жыламай кім жылар?
Бетімдегі жарам не?

Боғастың бойын өрт алды,
Жүректің басын дерт алды.
Он жеті жасар Әбжан
Қорасан деген дерт алды!

Асыл да гауһар болатым!
Ұшайын десем – қанатым!
Әкекем қосқан қосақтан
Айырды Жаппар Құдайым!

Алты атанға жүк арттым,
Ала арқанмен бек тарттым.
Алдынан жүрмес әкекем,
Құшақтап тұрып сөз қаттым!

Арғымақ үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Алғанын бейбақ сағынса,
Қаннан ендік жағынар!*

* В.В. Радловтан. Тарбағатай Шығыс аймағындағы найман шығарған.

14. БАЛҚЫН ҚЫЗДЫҢ ЖОҚТАУЫ

(*Шешесінің жоқтағаны*)

Ақ ешкі келе жатыр лағына,
Сүт берген үрпегінен шырағына.
Қосылып, кел, екеуміз зарланайық,
Алданың тиер ме екен құлағына?!

Тапқаны ешкінің екі лақ,
Біреуі лағының салпаң құлақ.
Ақ ешкі, жерге қара, көдеңді же,
Табарсың, есен болсаң, тағы лақ.

Ақ ешкі, сен де мұңды, мен де мұңды,
Жаратты бір жаратқан бесеу сұмды.
Ақ ешкі, жерге қара, көдеңді же,
Құдайым берер ме екен бізге тұяқ?!

Бойынан Досыкенің ел өтеді,
Шапаннан жалаң қабат жел өтеді.
Сығыр-ай! Мен зарламай, кім зарласын?
Балқынның енді маған күні өтеді.

Досыкенің бауыры жалғыз там-ды.
Аямай бар Құдай жалғызды алды.
Елу беске келгенде сұмырай бетің,
Жалғызынан айырылып, аңырап қалды*.

* В.В. Радловтан

15. БАЙЖІГІТ МҰРАТ
(*Қатыны жоқтаған*)

Бесмеллә сөзден бастайын,
Асығыс айтып саспайын!
Бұлаңдап жүрген бағланым,
Қысқа болды-ау өмірің
Аяққа құйған астайын!
Құдай қосқан қосағың
Зарлап қалды жастайын!
Бес атаның баласы.
Мына бір сөзге қарашы,
Сенген жақсың кеткен соң,
Кімге сеніп жүрсіңдер?
Алыстап бара жатыр ғой
Ағайынның арасы.
Артықша туған арыстаным,
Мақшарда біткей жарасы.

Әуедегі жұлдызым,
Су ішінде құндызым,
Ай қасында Шолпаным,
Хан қасында сұлтаным,
Суытып қойған тұлпарым,
Тұғырдағы сұңқарым,
Ақ бөкендей дыр далым
Қазине киген жорғалым!.
Төрге шықса төбедей,
Төбеге шықса төредей,
Сарғая кеп шақырсам,
Келер ме екен қормалым?!

Тарбағатай, Алатау
Асуындай бел еді,

Көз жеткісіз дариядай
Айдыны терең, мол еді.
Садаққа салған саржа оқ
Жебесіндей ер еді.
Садаққа салған саржа сым
Тартпай да шаппай бүлінді!
Жаумай да шашпай, жараңдар,
Басыма тұман ілінді!

Бір мен емес жылаған,
Қадірің жұртқа білінді.
Бес Байыстың баласы,
Тағы мына бір сөзге қарашы:

Қос қалқаң қалды артыңда,
Көзіңнің ағы мен қарасы.
Нағашың сенің Шаянбай,
Қайын атаң аты Баянбай,
Бес атаның қамқоры,
Өзің сапар шеккен соң
Жұртыңа тықыр таянды-ай!

Аңырап қалды артыңда
Таңдап алған зайыбың,
Байжігіттің ішінде
Баянбай еді қайының.
Алтыннан ер боятып.
Жібектен таққан айылын.
Жылаудан, жұртым, пайда жоқ,
Артының берсін қайырын.

Бас, бас өлім, бас өлім!
Бәрін де алған осы өлім!
Арғын, найман жиылса,

Суырыла шыққан көсемім!
Жыладың деп сөкпеңдер,
Қанеки, менің есенім?!*

16. ЫСМАЙЫЛ ХАН

(*Ханымы Күнжанның жоқтағаны*)

Бесмеллә деп бастайын,
Асылық сөзді қоспайын.
Құдай бір басқа салған соң,
Ерегісіп, саспайын,
Жылайды деп сөкпеңіз,
Әлем білген ерімді
Жоқтаусыз қайтіп тастайын?!
Мен жыламай, қайтейін?
Отыз жастың ішінде
Жесір де қалдым жастайын!
Кешегі менің көкжалым
Әруақ қонған жасынан,
Мың сан кісі жау келсе,
Жолдасын бермес қасынан.
Қарамандай хан еді.
Ақылды туған асылдан,
Асылдығының белгісі –
Орын алған бабасы
Қазіреттің қасынан.
Арғымақ тұлпар жайлаған,
Ақ сұңқар салып, байлаған.
Мың сан кісі жау келсе,
Алдына салып айдаған.

* Мұрат – Тарбағатайдағы найман. Елі – Шілікті. Өлгелі 60–70 жыл болған. Қыр баласы.

Айтқаны қата болмаған.
Атының басын бұрмаған.
Айбынын көрген жау
Алдында қарсы тұрмаған.
Арманда өткен шырағым,
Жеңіл де болсын сұрағың.
Әулие, пірлер медет қып,
Бейіште болсын тұрағың.
Толы бір топқа кіргенде,
Шоқтығы шығып сөйлеген,
Әділдігі сонша еді –
Адамзаттың баласын
Өз ұлындай көздеген.
Ер құнына даулы боп,
Екіұдай боп ел сасса,
Жақсы сөзбен жөндеген.
Өз ақылы болмаса,
Бөтен сөзге көнбеген.
Науқастанып келгенде,
Жұрт сарылып тіледі,
Тілегін Жаппар бермеген,
Көзінің жасын көрмеген.
Бізден бұрын өтіпті
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Отыз үш мың патшалар.
Оларда бар ма өлмеген?
Уа, дариға! Көнерміз,
Құдіреттің ісіне
Пендесі бар ма көнбеген?!
Гауһардан соққан, ел-жұртым,
Қанатым менің қайырылды.
Жүрегіме дақ түсіп,
Жасық пышақтай майрылды.
Асылзада сұңқарым,

Өлгеніңді есітіп,
Адамзат бәрі қайғырды.
Тағдырды Құдай тез беріп,
Отыз жасқа келгенде,
Айбатымнан айырды.
Қаһарына мінгенде,
Шын ашуы келгенде,
Тілмаш құрлы көрмеген
Дуан басы майырды.
Не қылса да еркі бар
Құдіреті үлкен Жаратқан.
Қадамың тайды, шырағым,
Сүйіп мінген қара аттан.
Тағдырды Құдай тез беріп,
Ел сорына кез келіп,
Айрылдым, жұртым, қарақтан!
Мырзалығы сонша еді –
Ғаріп менен қасірге
Барлық малын таратқан,
Енді мұндай жан тумас
Бөкей, Тәуке, Барақтан.
Тумай сөзге ілініп,
Ақ патшаға білініп,
Жастайында шен алған,
Ипалын келген санаттан.
Ақылменен ел алған,
Басшыға халқы сайлаған.
Ешкімге сөзін бермеген,
Дұшпаннан қорлық көрмеген.
Жасынан-ақ әруағы
Күннен-күнге өрлеген.
Замана жаман күнінде
Азғана күн жүрмеді.
Ырысы қайтқан жұртының

Көзінің жасын көрмеді.
Кешегі менің бекзатым
Бесінде мектеп оқыған.
Алтыда ақыл тоқыған.
Жетісіне келгенде,
Жетпіс жерден дін сұрап,
Құдықтай көзін шұқыған.
Сегізіне келгенде,
Сергерділпге бас болған.
Тоғызына келгенде,
Толған айдай балқыған.
Тоғыздан онға келген соң,
Дәулеті көлдей шалқыған.
Он біріне келгенде,
Ақылы асты халқынан.
Он екіге келгенде,
Құрбы өтпеді нарқынан.
Жиырмадан өткен соң,
Енді отызға жеткен соң,
Салиқалы би болды.
Миуасы алтын шынарым!
Шынардай ағаш түбінен
Құдіретсіз сынар ма?
Халық иесі тұрмады,
Жоқтамай көңілім тынар ма?
Пайғамбар сынды нұрыңды
Көруге жұртың құмар-ды.
Жайнап та жүрген бекзатым,
Су сепкендей басылды.
Алдыңнан Құдай жарылқап,
Бейіштің есігі ашылғай!
Періштелер жолдас боп,
Қор қыздары қосылғай!
Қоры ғылман қызмет қып,

Түрлі нығмет шашылғай!
Келбетіңді қайтейін
Гауһар, жақұт тасындай!
Күнәйіңді кешсін деп,
Ысқат беріп оқыттым
Отыздағы жасыңды-ай!
Кімге тастап кеттіңіз
Қара, Әйтімбет еліңді?!
Дүниеден еркем өткен соң,
Қусырды жаман белімді.
Құдайдың өзі суалтты
Айдай шалқар көлімді.
Бұл барғаннан келмесең,
Бейіш барсаң, орын ал.
Қордың қызы жолықса,
Бірін көр де, бірін ал;
Артыңда қалған ел-жұртың,
Бала-шаға ойыңа ал.
Ұмытпай ойға алсаңыз,
Қияметте жолығар.
Бесмеллә деп сөз айтқан
Шырағымда иман бар.
Сұм дүние, сағым боларсың,
Баршаны жалмап тынарсың.
Жылтырайсың сыртыңнан,
Өртенген ішің шынарсың!
Абайлатпай адамға
Ақыр бір күн құларсың;
Кешегі кеткен арыстан,
Қайткенде естен шығарсың?!
Сөзімнің басы бесмеллә,
Бесмелләсіз іс қылма,
Құдірет салды-ау құрығын
Айдынды туған арыстанға.

Керуен көшсе – жол қалар,
Өткен дәурен соң қалар.
Қанаты сынса сұңқардың,
Қайраты болмас қарға алар.
Қапасы қатты дүние-ай!
Көзімнің жасы сорғалар!
Сұм дүние-ай, құзыр көшесін,
Өткіздің ердің нешесін.
Бес күндей қызық көрсетіп,
Аларсың ақыр есесін.
Біреудің алып баласын.
Жылатып қойдың шешесін.
Жетім қылдың жасында,
Біреудің алып әкесін.
Тыңдаңыздар, жақсылар,
Әуел сөздің басынан,
Өлім жақын адамның
Көзі менен қасынан.
Ешкім жақын болған жоқ
Ол Мұқамбет достынан.
Сол ерді де зарлатқан,
Жалғызын алып жасынан.
Ойласаңдар, ағайын,
Жаман іс бар ма осыдан?!
Мұң тыңдаған, ағайын,
Мұңымды айтып шағайын.
Кешегі жүрген арыстанды
Қай жақтан іздеп табайын?
Әуелі Құдай, бесмеллә,
Жад етейін Рахыман!
Біздей зарлап өткен жоқ
Бұрынғыда неше жан?!
Неше бек өткен, неше хан,
Бұрынғы өткен пайғамбар,

Бәрі өлімге болды тән.
Бар кісіге жарасар
Өлімге де қылған сән.
Күні-түні зарланып,
Қарлығып тұр біздің ән.
Жапырағы алтын шынарым,
Жалын тимей сынар ма?
Оңмен аққан дәрия.
Теріс айналдып тынар ма?
Асылмаған жан бар ма?
Кешегі алтын шынарға?
Дабысына асық боп
Кім келмеген бұларға?
Алдырдым, халқым, қайтейін,
Алтын сапты найзамды!
Жер ошақтай тесік жер
Жұтып салды дәриямды.
Өзім деген кісіге
Қылушы еді қайратты.
Қысылған жерде жол тауып,
Тигіздің халыққа пайданды.
Жұрт сандалып сасқанда,
Табушы едің қайланды.
Жайнап шықтың жасыңнан
Сексеуілдің шоғындай,
Түскен жерін ұсатқан
Зеңбіректің оғындай.
Талғамай шапқан жүйрігім,
Ашың менен тоғыңды-ай.
Айрылдың, халқым, нарыңнан,
Көтерген ауыр қомыңды-ай!
Қайырға шалқар көл еді,
Дұшпанға асқар бел еді.
Қай теңдікке, ағайын,

Жеткізбей кетті қолыңды-ай?!
Сая салған адамға
Шынардан шыққан бұтақтай.
Айтқан сөзім мәнілі
Ғалымдар жазған кітаптай.
Табынан озған датқалар,
Таққа мінген патшалар
Таңылмай қалмас табытқа.
Жатқызбас кімді бұл тақтай?!
Қазан соғып құлатты-ау
Халқымның биік қаласын.
Біреудің алып баласын,
Жылатып қойдың анасын.
Ойлап тұрсаң, сұм өлім
Кімдердің тұтпас жағасын?*

17. ЕРТОРЫ

Аузыңа сусын бере алмай,
Басыңа жастық қоя алмай,
قالدى مەيىرى ەسىۋادان؛
تۇلپار قالىپ كولىنە،
شىعىپ كەتىپ ايادان؛
جولداسىڭا جومىن كوپ بۇدەمىپ
تابىسۋشى مەنى قىۋادان،
مەن جىلانمىي قايتەيىن؟!
پىرلى ىستىپ بۇدەمىم؛
شىراق جاعىپ كوزدەمىم؛
جۇرت ايتۋى شىن بولسا،
كەتكەن شىعار سۇلاتىم
ەىز جەتەرلىك شاماداۋ،
ارىستان تۇزەلمەن تورعانىم،
زامانىمدا نار كەمىگەن
سەنەي بولات ساماداۋ،
ۋا... دارىعا عارىزىم،
تەشىك بولدى، قالگىز؟
جاۋالعاندا جاعادان؟
سۇلانىمدى سۇرىسالاڭ،
اقىلى توڭىق ورىسان،
ورنا بەجۇزدەك شىندە
جوق مەنى باقا تالاسىڭ،
ەىر جامىگا كەلگەندە،
ال اتاڭ كوگىلى جاي بولدى؛
جەتى اتامان بىز ورىنىپ
ءار تۇلىككە ساي بولدى؛

كەمدىك كورمەي ءوتىپەدە
جۇرت قاتارى اي بولدى؛
توزعانىن تۇرا تالىپىپ،
قىيراتىن توزعان تاي بولدى؛
ون جاسىنا كەلگەندە
جۇرگەن جەرى توي بولدى؛
بيىكتىگىن قاندايى بەل
سۇلتانىم شىعا وي بولدى؛
ايىنشىعى الاشقا
شۇبار الا توز بولدى؛
شالقار كولدىك ىشىندە
جالعىز قوتىمان تۇز بولدى.
مەن جىلامايى قايتەين؟؟
ارعىن قىپشاق ۇلىنا
بەرىپ ءتاڭىرى پىيعىلىنا
ون تورتتەن توزعان اي بولدى،
ۇل داريعا، ازىزىم،
قابىل بولماي مازالىم،
سۇلتانىمنان ايىرىلىپ،
كوردىم ءتۇنىپ ازابىن؛
قايتىك تۇنى سەكىلدى
ءتۇسىنىپ قارىسى مازالىم؛
ورنا جوزدىك ىشىندە
كوبىكە ماعلۇم وزعانىك
كەلەگەيدىك بالاسىن
جىناستىرىپ توزعانىن،

بىلتىپ باسىپ تاباۋىك
ءىل ارىسىن توزعانىك،
بەلدەۋىنەن ات كەتىپ
شىعارىپ جەردىك توزاڭىن،
سۇلتانىمنان بارىندا
ساقارىپا ساپىرىن بازارىم،
جەتىم مەنەن جەسىرگە
راقىمدى نازارىك.
مەن جىلامايى قايتەين؟؟
ارىستان توزعان سۇلتانىم،
تىرشىلىك كەتىپ توزارىم،
ايالايىن، جۇرتىمىنان،
ءتۇنىم، بازار كۇنىم اي؛
كەتىپ كەتىپ يە زامانىم؟
سۇلتانىمدى سوزىلماق
ايالايىن جۇرتىم توزراسىن؟
قان جۇتىپ قايىپ مەن
مىنىپ بىلمەي تولىسىن؟
ماجاب بولدى بولماق
ارعىن قىپشاق توزىسىك؛
ءتەنىپ شىعاي ورتادا
جاقادى كىمگە قىلىسىك ؟
كوپتى قارىپ ءتەتەين؟
وزىڭدەن وكپە تابىلسىن؛
ءكى كوزدىك ىرەۋى
تەۋەلىك بالاسى

بار بىلگەنى سولجا دەگەن؟
ولىمنىڭ تاۋىپ قىلىسىن؛
مەركەن الىپ اۋلادى
ءوزىڭنىڭ بىرگە تۋۋماسىن؛
قۇدايدان قورقىپ، ءارىۋاقتان
ۇياليماعان وگىلىسىن!
ءىشى تاسقىر، سىرتى قوي
قىلىپ ءجۇرىپ جولداسىن؛
ۇۋايىمسىز ءىر ءدى
يانا قىلمان اللاسىن!
جازعان بولىپ ازباننىڭ
سۇيىن دەگەن، جۇرتىمىنى،
قوسادى دەگەن بايداسىز،
ساۋەدەگىرگە ساۋ باسىن؛
ۋا... ءاريحا، ءازىزىم،
بولدىنگىز قالاي جازاما؟
قاننا ايتسامدا قلق ءىسى
كۇن بىلگەن سولاۋ قازاما؟
ورنا ءجۇزدىڭ شىندە
باسىڭنىڭ قىنىق تازا ءدى؛
بايدامى كوپ قالىنا
زالالى جۇرتقا از ءدى؛
ءىىر ءىىز مەمىس ورنا ءجۇز
ماگدالينا سىيماعى؛
اكىم بولدى الدى كەلگە،
شىنى جوق جاز ءدى؛

ادىلدىگىمەن اۋماعان
ۇكىمەتتى قاز ءدى؛
جۇرت باسىنا جالعاني،
جوعارى تومەن قالعاني،
بالاپانىن ءىرىپ
ءىالعار قوىعان قاز ءدى،
مەن جىلامايى قايەىپ؟!
ارمەن قىنىق ۇلىڭ
قورەمت دەپ ءتۇسىرىپ،
كوكىۋراي بىلگەن ساز بولدى،
قاندىرىپ بىلىپ قالىڭنىڭ
مىنانىن كوپ العانما
قالىق قارىندىسى ءساز بولدى؛
ۋا... ءاريحا، سۇلتانىم!
قايراتىڭنىڭ ىلىقان ارىستانىم،
ولگەنىمنە ۇزىلىمىس
ءازىزىم بۇشىن دىلىنانىم،
داڭقىڭنىڭ شىققان جالاما
مەملەكەت قالىپ ۇستادىڭنىڭ
قىنىل بۇزىپ باعامۇر
قاننىما اسكەر باسىڭنىڭ
قارالىمى تۇمان جەلدەپ،
جارالىمى كەلدى باسىڭنىڭ،
ون مەگىز بەن ونىز ءىىر
كەرەگى بولماي باسىڭنىڭ،
تاۋدى ۇشىرمان قارى

قوینداي کورىپ ساىىادىك،
جۇرتىن قورقىپ بەرمەدى،
قورقىنعا ازىپ درمەدى،
قازىسى تورىپ كەلىرگە
قىلىعادى بىسىن باسقانىك،
زار شاققان اۇزدان
نەكالايدان قىلىعانىك،
الىس مىڭداي اسكەر مەن
قالاسى مەدى شابىعانىك،
ازىلىنىن الاشتىك
باسىگدى قورىپ توسىپادىك
مەن جىلامىن قايەمىن
كەپىر مەنەن مۇسىلمان
ارالىسىپا توسقانىك،
جالمىز جىلما جۇرگىزىپ
وللايانىك السىپ،
قوي ۇستىنە بوز تورعاي
جۇمىرتقالاپ ۇعىپانىك،
زىلىنى بولىپ قول جەتتى
وزىن مەنەن قىسقانىك،
وا... داريعا، ازىزىم،
جازىرا مەدى بوستانىم،
سايراعان بۇلبۇل سىقىلدى،
راۇشتان جارىق كۇندەرىم!
كەمىكەن دارىق سەكىلدى،
توگىلىپ قىزىل گۇلدەرىك،

ساعىندىرىپ جۇرىتكەنى
قاسىرەتكە كۇيدىرەدىك،
مەگەن ناقىل بار مەدى
مۇز مەنەن بالىق تىرىلگەن،
ارتىكىنا قالعان جۇرتىكەنى
بەسىز قالار مەمەدىك،
سىنعان سوڭ تۇلپار تۇياعى
بۇيىلىپ قالدى دالدىرىك،
تار بەن قۇزى كەتىكەن سوڭ،
كۇگىرىشپ قالدى كۇلدىرىك،
دارىس بۇشىپ تۇسكەن سوڭ،
كورىنبەي بىتىك بەلدىرىك،
مەن جىلامىن قايەمىن؟!
ورنا بجۇزدىك شىندە
وستىا قول جەتكىسىز
قوگىراۋلى بۇيرا تار مەدى،
نەگىز قايناپ تاسىا
مۇز شىقاستىلى جار مەدى،
مومىندارما كول دارىا
زۇلىما تىمىق تار مەدى،
مل شىندە بۇزىقما
كول بەن ۇشىا تور مەدى،
جەرمەن قاشىا ور مەدى،
مەن جىلامىن قايەمىن؟!
از تومىرىك شىندە

ادىلىك بەن مال بىلەن
ۇكىمەتتى زور دەپ،
ۋا داريعا، سۇلتانىم،
زامانىندا قازىنالىق
ادەتتى مەنى قالدىرىپ
ورتادان وىپ جول سالدىرىپ
ساقىپ قايران قالدىرىپ،
مۇسىلمانشىلىق ۇرانى
خۇبارالاۋۇ الدىرىپ
جاز كورىمىمەن جابىعىپ
اسكەرىمى كورىمەن قۇۋالدىرىپ
سارباز جىبىپ تۇزەمىنىپ
مايدانىندى قان مەن بويادىرىپ
التىن كۇمىس بولاتتى
اسكەر باسى بەزەدىرىپ
جاي وسىندايى جايلاعان
مىلىق بەرمەن كەزەدىرىپ
قايراعايدايى وياتىپ،
سارگەردى الار نەمىنە التۇن
كوتىرىپ كوزىن الدىرىپ
مايدانىندى جەردىرىپ تورالىپ!
تولعامالى ال سۇلتانى
بەسىن سايلاپ تايزاتىپ
بالدامى التىن ال بولات،

بەلىنەم بەكەمەر مىرزاتىپ.
سايران قىلىپ دۇنيەمى
ەلىمىزدە ەشىپ بولماعاندىپ؛
مەن جىلاماي قالايىن؟!
اقىرى تارتىپ سالىنا
قارا تايىن...
خايىپ بولىپ ازىزىم
جولىن قۇۋىپ قامىزاتىپ.
وا داريعا، سۇلتانىم!
«تۇيىلدى دۇنيەم شەشىلمەي،
قاراڭعى تۇمان «توستى جوي
ايسىز بۇلت شىشىلمەي!
توقتاپ قالدىم ايىرىلىپ،
ازعان كەرىۋمەن كوشىلمەي.
تەڭىزدە جۇزگەن كۇنىم-اي!
جايىلىپ قورقىپ كەشىلماي،
ورنا «جۇزىمىپ بازارى
ات كەتىپ كەن كوشىلمەي،
الدى جەتى «تولىمىپ
السا تويات باسا الماي،
قاناتى تەڭىس شىقپاعان
بالاپاندىي زىتالماي!
«بىز «بىر ماريب بىيكە
شىعىپ، كەتىپ تۇسە الماي!

جۇرەكتەگى قايعى دەرت
داۋالى-دارى بىلە المايى؛
اينالايىن، جۇرتىم-اي،
سۇلتانىمنان ايىرىلىپ،
ءىرى ۋىلىمان جايىم بار
الدامى كۇندى بىلمەۋ المايى،
ۋا.. ماريعا، عازىزىم،
قايعىلاۋ ءىشتى تاندىردى-اي!
زار ءتۇسىپ اسىما
وزەگىمدى جاندىردى-اي!
اۋرىپ قۇمايى بەرمەسە،
قار! باسىم قاگىپ-ىردى-اي!
اعايىن توگىل كۇيىنىپ
ورىس قازاق قايعىردى-اي!
مەن جىلامايى قايتەيىن؟!
بىلمە زار قايىماعان،
توكىلىپ وتىنىش جايىماعان،
قاسىرەتىنىڭ شەتى جوق،
ازايىمدى تارتقانىڭ
جەرگە تارتقان قارىندايى؛
ارىستان توزعان سۇلتانىم،
ۋرانما بولىپ ۋرايان
ملك جىلىنىڭ ۋىندايى؛
كوبىكە پايدالى كوپ ءدىن

كوكتەمدە جاۋىندايى؛
مەن جىلامايى قايتەيىن؟!
ورنا ءجۇزدىڭ بالاسى
تۇرمانى بارما تالماي؟
دەپ-گەدى كەشتى زارلايىن
كوزىمنىڭ جاسى جاگىردايى؛
قوي دەسەگز قايتەيىن
قان توسا جۇتىپ قويايىن؛
ءىلى كوزدەن قان توگىپ،
قايعى مەنەن وياينىن؛
باعىز قانىن اعزىپ،
جىگىرسىدى بويايىن؛
كوكىرەكتە شىبىن جان
ساداعاسى قالايىن؛
باعىز قانىن پاراعىپ،
قاندى جاسىن تىيايىن؛
اينالايىن جۇرتىم-ي،
سۇلتانىم بۇشىن بۇجاندى
ازعانا كۇن قىيايىن؛
قارسى بولسا قارىسما
كوبىنىڭ ءسوزىن تىڭدايىن؛
جۇرتى بۇشىن ساباعان،
مەكەمىنى جاباعان؛
شاپاعات ءتىلەيىن

قادری مازلی پاکارم!
سالاماتت بەر میانمن،
کۆن بولدىما بۇگۇندە
کوب ایتقان سوڭ قريانما!
قاتىڭ بىسى بولغان سوڭ،
کورمەڭ جاسىن تىيانما!
سۇراتىمنان ايىرىلىپ،
بولماندان سوڭ جان باسما!
ەىر شىرماۋىق سەگىلدى
تالما بارىپ اسىلمان؟
داۋىلدىمىزدى جاڭىلىپ،
جۇق ەدى جەرىم تاسىلمان؟
بولىسىمدان ەىق بولىپ
كوڭىلىم سونىما باسىلمان؟
ءازىلىمما كەلىرمەڭ
وعى تىيمەي ۇستىمان!
ەسىل سابار قايدا!
سابارى بولدى جاسىمان.
ايالايىن، جۇرتىمداي،
قايىرما ساپىن قايىمىم بار،
ومىرتقا ساپىن ويىم بار،
كۆن باتقان سوڭ راۋىتقان
بىردەن تۇۋىقان ايىم بار!
تۇلپارىمنان ايىرىلىپ،
باسى بەلەڭگەن قايىم بار؟

مەن جىلامالى قايتەرىن؟!
مل سىنىندە تەڭ ەمەس،
ازدانى بىزدەن كوب ەمەس،
مەن جاقسىمىن دەگەنگە
ەىق بولمادى دەمەس،
شەۋلىنىڭ بالاسى
بۇعان كونىپ ۇنىرمەن
كورگەن كۆنىڭ كۆن ەمەس (1).

(1) 1919 جىلى مىنە كۆنىڭىمارالماسا كۆرمەي ۇزىپ كەتىپ بولماندا، ايىمنان بار بالاڭا باسىمى بولىپ، بەيىرىل بۇگىلىرىنە مەنى وكىمەت اسكەرى مەن جوسىنىپ كەلگەن نۇرماق بەي ايىمنارىنى كۆرىپ ماڭىلاندى. 1938 جىلى مەنى وتىنگەن ايىمنارىم ۇزىپ كەتىپ ...

جیمغاعی

بەت

8 . . . . . بشىر توشىمدار
7 . . . . . سەرىشى
10 . . . . . 1. مەنەي بشىر
16 . . . . . 2. قازىرگى قازاق
25 . . . . . 3. كەڭىستىگىمىز مەنى
30 . . . . . 4. التاي تۇسى
35 . . . . . 5. كەنەسارى-ناۋرىزباي
39 . . . . . 6. جاتتاۋ
45 . . . . . 7. تۇرقىتولوي قۇرىنىڭ جوڭعارلىق
49 . . . . . 8. تولىباي
62 . . . . . 9. تولەبايدىڭ كەڭىستىگى جوڭعارلىق
65 . . . . . 10. تولەبايدىڭ جاماعاتىنىڭ جوڭعارلىق
70 . . . . . 11. ايەك
86 . . . . . 12. قىزىلىق جوڭعارلىق
87 . . . . . 13. دالىحان

بەت

89 . . . . . 14. باقتىن قۇرىنىڭ جوڭعارلىق
90 . . . . . 15. مەكى جىگىت دۇزىك
93 . . . . . 16. ساماعىل قۇن
103 . . . . . 17. ورىنبور
107 . . . . . 18. جوڭار باي
109 . . . . . 19. مەسىمىلىمىز
111 . . . . . 20. ءو ءتۇرى
115 . . . . . 21. ابدىراحمان
116 . . . . . 22. ورىنباسار
123 . . . . . 23. ابىعايىر

ҚОСЫМШАЛАР



ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР



«ҚЫРЫҚ МЫСАЛ»

Ахмет Байтұрсынұлы орыс жазушысы И.А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Санкт-Петербургте Императорлық Ғылым академиясы баспаханасынан жеке жинақ етіп жариялады [1]. Ол ақын ретінде аудармалары арқылы танылды. «Қырық мысал» – Крылов аудармаларының қазақ тіліндегі алғашқы жинағы болатын. Кітаптың бірінші бетінде мысалдардың орысшадан қазақшаға 1901–1904 жылдары аударылғаны көрсетілген. Кейін 1913 жылы Орынборда «Каримов, Хусаинов» баспаханасында [2], 1922 жылы Қазанда «Татарстан» баспаханасында жарық көрді [3].

А. Байтұрсынұлы «Калила мен Димна», «Панчатантра», әл-Мукаффа, Эзоп, Федр, Ж. Лафонтен, И.А. Крылов мысалдарына ортақ сюжет желісін қазақ ұғымына түсінікті тілмен жеткізген, ғибратты, көркем, тәрбиелік мәні басым сатиралық нұсқаларды аударған. А. Байтұрсынұлының аудармасында орыс тіліндегі түпнұсқаның сюжеті сақталғанымен, көп еркіндік байқалады, тың ойлар айтылады. Қазақ жағдайындағы қоғамдық әділетсіздік пен адамзат мінезіндегі кемшілікті тұспалдап, астарлап айту арқылы жақсылыққа шақыру мүмкіндігін пайдаланған. Ол туған елін отарлық езгіден азат ету, еркіндік, отаншылдық сарынындағы шығармаларды аударып жырлады.

А. Байтұрсынұлының мысал жанрындағы шығармалары он бір буынды қара өлең үлгісімен еркін жазылған. Оның аудармалары Крылов мысалдарынан көлемі жағынан артық болып келеді. Ол ауыз әдебиетіндегі сөз ырғағы, сөйлеу мәнері, мақалмәтел сияқты тіркестер сәтті қолданылған жаңа ұлттық төлтуынды жасады, мысалдың соңына мәтінде суреттелетін оқиғадан туындайтын ғибратқа толы қорытынды, түйін, түсінік беріп отырды. Крылов мысалдарын қазақ тіліне Ыбырай, Абай, А. Байтұрсынұлы, С. Көбеев, Б. Өтетілеуов т.б. аударған.

«Қырық мысал» жинағының жарық көруі ұлттық әдебиетіміздегі елеулі оқиғаға айналды, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан

1913 жылғы №18 санында «Қазақ» газетінде жарияланған «Қырық мысал» мақаласында мұны ерекше атап көрсетеді. М. Әуезов ақынның аудармаға шеберлігіне тоқтала келіп, «Қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын» деп бағалаған [18, 124].

Ахмет Байтұрсынұлы репрессияға ұшырап, оның есімін атауға тыйым салынған 30–40-жылдары оның кейбір шығармалары балаларға арналған жинақтарда, оқу құралдарында есімі кейде көрсетіліп, кейде көрсетілмей жарияланған. 1935 жылғы С. Сейфуллин мен Ө. Тұрманжанұлының «Көркем әдебиет» атты орталау мектептің 5-класына арналған оқулығына [27], 1936 жылғы Ө. Тұрманжанов құрастырған «Мысалдар» (Жауапты редакторы І. Жансүгіров) жинағына [28], 1939 жылғы Ә. Тоқмағамбетов пен Ә. Есмамбетов бастауыш мектептің 4-класы үшін құрастырған «Оқу кітабына» [30], 1933, 1940 жылғы К. Төлебаевтың бастауыш мектептің 2-класына арналған «Оқу кітабына» [25; 34], 1939 жылғы Ә. Сәрсенбаев, А. Алғожиннің бастауыш мектептің 3-класына арналған «Оқу кітабына» [31], 1939, 1940 жылғы Ш. Кәрібаевтың орталау, орта мектептің 5-класына арналған «Әдебиеттік оқу кітабына» [32, 33], 1940 жылғы Ә. Тоқмағамбетовтың бастауыш мектептің 4-класына арналған «Оқу кітабына» [34], 1943 жылғы Б. Кенжебаев құрастырған И.А. Крыловтың «Мысалдар» жинағына А. Байтұрсынұлының төлтумаға айналған бірнеше мысалы енген [36], ғибратқа толы қорытынды бөлігі алынбаған, «Крыловтың аудармасы» деп қана көрсетілген. Мысалы, 1936 және 1944 жылы «Мысалдар» жинағында «Үлес» өлеңі «Бөліс» болып, «Шымшық пен көгершін» мысалы «Шымшық пен кептер» деп тақырыбы өзгертіліп, мәтіні де біршама қысқартылып жарияланды.

Ақынның есімі ресми ақталғаннан кейін «Қырық мысал» мәтіні 1989 жылғы «Шығармалары» жинағына [8, 47–103], 1991 жылғы «Ақ жол» жинағына [9, 22–63], 2003 жылы бестомдық шығармалар жинағының 1-томына [12, 38–96], 2013 жылғы

алтытомдық шығармалары жинағының 1-томына [16, 22–63] енген.

Ақын шығармаларының кейінгі жылдардағы жинақтары осы басылымдардың негізінде дайындалған. Мысалы, 2004 жылғы «Қырық мысал» өлеңдер жинағындағы мәтін 1991 жылғы басылым [13, 3–70], ал 2008 жылғы «Маса» атты өлеңдер мен көсемсөздер жинағындағы мәтін 2003 жылғы бестомдық бойынша берілген [15, 61–137].

А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы Ә. Бөкейхан, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Ш. Елеукенов, Ж. Ысмағұлов, Б. Байғалиев, Р. Сыздықова, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғали, Ө. Әбдиманұлы, Қ. Мұхамедханов, С. Қирабаев, Д. Ысқақұлы, Р. Имаханбет т.б. бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады [42–44; 47; 52–53; 55–57; 59; 63; 65–67; 69–70], ал Т. Шаңбаев, М. Көпбосынов кандидаттық диссертация көлемінде зерттеді [54, 68].

Бұл академиялық басылымда мәтіндік салыстыру жұмыстарында 1909, 1913, 1922 жылдардағы басылымның бәрі түпнұсқа ретінде қаперге алынды. «Қырық мысал» жинағындағы мәтіндер 1989, 1991 жылғы басылымдарында 1909 жылғы жинақ бойынша дайындалған, ал 2003 жылғы бестомдықтың 1-томында 1922 жылғы басылым негізге алынған. Сондай-ақ 2013 жылғы алтытомдыққа енген «Қырық мысал» мәтіні 2003 жылғы басылымнан көп өзгеріске түспеген.

Ақын шығармаларының осы академиялық толық жинағын баспаға дайындау барысында 1922 жылғы басылым түпнұсқалық мәтін ретінде танылып, басшылыққа алынды.

1989 жылғы ақынның шығармалар жинағында «Қырық мысалдағы» «Бұлбұл мен есек», «Жарлы бай», «Кісі мен арыстан», «Кісі мен аю», «Аңдарға келген індет», «Ала қойлар», «Кісі мен көлеңке», «Қайыршы мен Қыдыр», «Үлес», «Өзен мен қарасу» деген тақырыптағы он мысалға қысқаша түсінік жазылған [8, 312–316].

2003 жылғы бестомдық шығармалар жинағының 1-томында «Аққу, шортан һәм шаян», «Шымшық пен көгершін», «Емен мен қамыс», «Қасқыр мен тырна», «Бұлбұл мен есек», «Арыстан, киік һәм түлкі», «Жас ағаш», «Қартайған арыстан», «Шал мен ажал», «Қайырымды түлкі», «Шал мен жұмыскер», «Жарлы бай», «Кісі мен аю», «Екі бөшке» деген он төрт мысалға және «Замандастарыма» деп аталған кіріспеге түсінік жазылған [12, 366–371].

«Замандастарыма». «Қырық мысал» жинағындағы кіріспе оқырмандарға арнау түрінде жазылған. Мысалдарды аударуда алдына қойған мақсаты, оқу-білімге, адамдық игі қасиеттерге, бірлікке үндеу, елшілдік ұраны айтылады.

1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Әйтпесе арық шауып *өндіре ме, / Жүргенде* қамыт басып, қажып-талып?!» – деген үшінші шумақтың үшінші-төртінші жолдары 2003, 2013 жылғы жинақтарда өзгеріссіз берілсе, 1989, 1991 жылғы жинақтарда – «Әйтпесе арық шауып *оңдыра ма»,* ал 1989 жылғы жинақта соңғы өлең жолы: «*Жүргенге* қамыт басып, қажып-талып?!» болып курсивпен берілген сөздер өзгеріске түскен. Бұл академиялық жинақта 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

1. «Аққу, шортан һәм шаян». Орыс ақыны, мысалшы, публицист Иван Андреевич Крыловтың (1769–1844) «Лебедь, Щука и Рак» мысалын қазақ тіліне аударған. Аққу көкке, шаян жерге, шортан суға тартып, ауызбірліктің жоқтығынан, ынтымақсыз істің ешқашан алға баспайтыны жеткізіледі. Соңғы шумақтарында алдыңғы айтылғанның түйіні, бірлікке үндеу сарынында ақыл-насихат айтылады, мысалдың аяғы ғибратпен бітеді.

Екінші шумақтың соңғы тармағы – «*Аслан* жүк орнынан қозғалмады» деген сөйлемде курсивпен белгіленген сөз 1909, 1913 жылғы түпнұсқада «асла» деп, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «аслан», 1989, 1991 жылғы жинақтарда *«асылы»* болып басылған. Бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

2003, 2013 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікке «Аслан – араб сөзі, «мүлдем», «тіпті» деген мағынада», «Ғибрат – араб сөзі, «нақыл сөз» деген мағынада» деп берілген. А. Байтұрсынұлы бұл сөзді «Емен мен қамыс», «Жас ағаш», «Ала қойлар», «Қарашекпен мен қой» атты аудармаларында қолданған.

1936 және 1943 жылғы «Мысалдар» жинағында осы мысалдың тақырыбында «hәм» деген сөз қысқарған, бірінші тармағы «Жүк алды аққу, шортан, шаян бір күн» болып, тек кейіпкерлердің: аққу мен шаянның орны ауыстырылған, мәтінге басқа өзгеріс енгізілмей жарияланған [28, 38; 36, 24–25].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

2. «Шымшық пен көгершін». Торға түсіп қалған шымшықты әбден сөккен көгершін өзінің де тұзаққа түсіп қалғанын аңғармай қалады. Мысалдан шығатын қорытынды: «Біреуді білмес адам табалайды, Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды».

И.А. Крыловтың 10 тармақтан тұратын «Чиж и Голубь» мысалын қазақ тіліне 32 тармаққа (8 шумақ) жеткізіп, мазмұнын біршама тереңдетіп, басқаша жаңа шығарма деңгейінде аударған. 1922 жылғы басылымда «шымшық» емес, «*шыбжық*» деп берілген.

Бірінші шумақтың үшінші тармағы – «*Пәлені* қаза менен қайда деме» деген сөйлемде курсивпен берілген сөз 1909, 1989 жылғы басылымда «пәлені» деп, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «бәлені» болып берілген. Бұл академиялық жинақта 1922 жылғы басылым бойынша алынды.

Үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Мысалы мені алдап *hеш* уақытта», осы жинақта 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы жинақтардағыдай «Мысалы мені алдап *еш* уақытта» болып берілді.

Үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тор түгіл түсіре *алмас* онан зорға», ал 1989 жылғы жинақта – «Тор түгіл түсіре *алмассың* онан зорға» болып қате басылған.

Төртінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «*Хайласы* саған ғана мол адамның», 1989 жылғы басылымда – «*Қайласы* саған ғана мол адамның»; бұл академиялық жинақта 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдардағыдай «*Амалы* саған ғана мол адамның» деп берілді.

1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – *«*Жазмыштан озмыш *болмас»* деген сөзді» деген сегізінші, соңғы шумақтың бірінші тармақтағы «болмас» сөзі 1989 жылғы жинақта *«озбас»* болып өзгертілген.

1936 және 1943 жылғы «Мысалдар» жинағына «Шымшық пен кептер» деген тақырыппен он төрт жол көлемінде басылды, алғашқы үш шумақтан соң бесінші шумақтың үшінші-төртінші тармағымен аяқтаған [28, 39; 36, 25].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

3. «Ат пен есек». Жүгі ауыр есек қасындағы атқа көмектесуін өтінеді, бірақ ат көмектеспейді. Ақыры есек зорығып өледі, ат иесі есектің жүгін атқа қоса артады, сол кезде ғана ат өткен іске өкініп опық жейді. Өлең соңында біреуге қысылғанда қайыр жасаудың сауапты іс екені айтылады. Орыс ақыны, мысалшы, дипломат Иван Иванович Хемницердің (1745–1784) «Лошадь и Осел» мысалын қазақ тіліне аударған. Өлең 36 тармақтан (9 шумақ) тұрады.

1936 және 1943 жылы «Мысалдар» жинағына мәтіннің жеті шумағы ғана енген, ғибратқа құрылған соңғы екі шумағы қысқарған [28, 40; 36, 26].

Мысалда төртінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Ат оған *hешбір* жауап қайтармайды», кейінгі басылымдарда курсивпен берілген сөз «*ешбір»* деп берілген. Осы шумақтағы етістіктер 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «*қайтармайды, қайқаңдайды, жайы қалмайды»* тұлғасында берілсе, 1989 жылғы басылымда «*қайтармады, қайқаңдады, жай қалмады»* болып өзгеріске түскен.

Бесінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «Жығылды Есек байғұс демі құрып»,

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жығылды Есек байғұс дымы құрып»; ал төртінші шумақтың үшінші тармағында «Ентігіп, ішін соғып, демі құрып» болып берілген. Алдымен демі жетпей болдырған есектің дымы құрып жығылғаны айтылады. Бұл жинақта бесінші шумақтағы «демі құрып» тұлғасында берілді, 1922 жылғы жинақ пен 1989 жылғы басылым негізге алынды.

Бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сойды да, жүгін, терісін атқа салып» деп, 1989 жылғы басылымда – «Сойды да, жүк-терісін атқа салып» деп берілген.

2003, 2013 жылғы басылымдарда алтыншы шумақтың соңында көп нүкте қойылған.

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Мен *қата* еткен екем ғой, ah! – деді, 1913 жылғы басылымда – «Мен *қата* еткен екем... *Аhы*! – деді, 1922 жылғы басылымда – «Мен қате еткен екем... Аhы! – деді, 1989 жылғы басылымда – «Мен *қате еткем* екем ғой, ah! – деді, 1991 жылғы басылымда – «Мен *қате еткем екен* ғой, ah! – деді, 2003, 2013 жылғы жинақтарда – «Мен қате еткен екем... Ah! – деді.

Сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көрерсің рахатын көлеңкелеп», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Көрерсің *рақатын* көлеңкелеп» болып келген.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

4. «Маймыл». Мысалда мақтан үшін еңбек етіп, пайдасыз тірлікпен жүретін, өзгенің еңбегін, сол еңбекке деген лайықты жылы лебізді көре алмай бұдан да асып түсем деп тыраштанып, ақыр аяғында күлкіге қалатын іші тар адамдардың бейнесі берілген.

И.А. Крыловтың «Обезьяна» мысалының мазмұны А.П. Сумароковтың «Пахарь и Обезьяна» мысалымен ортақ болғанымен, оқиға желісінде, кейіпкерлері арасындағы біршама айырмашылықты ескере отырып, орыс зерттеушілері әр ақынның мысалын жеке шығарма деп таниды. А. Байтұрсынұлы

мысалды дәл аудармай, шаруаның өмір-тұрмысын қазақы тұрмыспен үйлестіре суреттеп, жаңа туынды жасайды.

1936 жылғы «Мысалдар» жинағына мәтіннің алты шумағы ғана енген, ғибратқа құрылған соңғы үш шумағы қысқарған [28, 41].

1989 жылғы басылымда шаруа, мұжық мағынасындағы «*қарашекпен»* деген біріккен атау сөз бірге жазылса, 1991, 2003, 2013 жылғы жинақтарда бөлек жазылған.

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Күншілік* етті бұған маймыл надан» деп берілсе, 1989 жылғы басылымда – «*Күншілдік* етті бұған маймыл надан» деп өзгертілген.

Бесінші шумақтың үшінші тармағы 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Өкпесін шапқан аттай баса алмайды», ал 2003, 2013 жылғы жинақтарда – «Өкпесін, шапқан аттай, баса алмайды» болып үтір қате қойылған.

Алтыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һешбір* жан мақтамады еткен ісін» деп, кейінгі басылымдарда курсивпен көрсетілген есімдік «*ешбір»* деп берілген.

Алтыншы шумақтың үшінші-төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Секілді* осы маймыл адамдар көп, Көрсетіп *нағылайын* ашып түсін», 1991 жылғы басылымда – «*Секілді* осы маймыл адамдар көп, Көрсетіп *не қылайын* ашып түсін», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Сықылды* осы маймыл адамдар көп, Көрсетіп *неғылайын* ашып түсін» деп берілген.

Жетінші шумақтың төртінші тармағында «Пайдасыз құр *мехнат* еткенменен» курсивпен көрсетілген кірме сөз 1989 жылғы басылымда – *мехнат*, 1991 жылғы жинақта – *михнат*, ал 2003, 2013 жылғы басылымдарда – *миһнат* болып, жол астындағы түсінікке «Миһнат – араб сөзі, «қасірет», «кесапат» деген мағынада» деп берілген.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

5. «Егіннің бастары». Бала әкесімен егін аралап жүріп, басы көкке қарап кекірейіп тұрған бір бидайды көреді. Мұның мәнісін сұрағанда, әкесі тәкаппарлық ойы таяз надандарға тән қасиет екенін түсіндіреді. И.А. Крыловтың «Колосья» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 36 тармақтан (9 шумақ) тұрады.

Мысалда бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991 жылғы басылымдарда – «Қыдырып *әрлі-берлі жүрді дағы»*, 1989 жылғы басылымда – «Қыдырып *арлы-берлі жүрді-дағы»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қыдырып *әрлы-берлі жүрді-дағы»* деп берілген.

Екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Аралап *һәр егінді* қарап жүрді» деп жазылған, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Аралап *әр егінді* қарап жүрді» болып берілген. Сондай-ақ 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Құдай» атауы бас әріппен жазылған.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «бейнелеу» пән сөзіне мысал ретінде осы өлеңнің 8-шумағы алынған [6, 39]. 1922 жылғы басылымда «бидай» сөзі «бұйдай» болып жазылған, осы жинақта қазіргі қолданыстағы емле бойынша берілді.

«Егіннің бастары» мысалы 1939 жылы Ә. Тоқмағамбетов пен Ә. Есманбетов құрастырған бастауыш мектептің 4-класына арналған «Оқу кітабына» енген. Ал авторы «Крылов» деп көрсетілген [30, 16–17].

1936 жылы Ө. Тұрманжанов, 1943 жылы Б. Кенжебаев құрастырған «Мысалдар» жинағына мәтін толық енген, тек авторы көрсетілмеген [28, 42; 36, 27–28].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

6. «Өгіз бен бақа». Көлге келіп су ішкен өгізді көріп, мен де сондай боламын деп, күншіл бақа ісіп-кеуіп, ақыр аяғында іші жарылып өледі. Өлеңнің түйінінде бақаның күншілдігі айыпталып, әркім өз шама-шарқына қарай әрекет етуі қажет деген ой қорытылады.

И.А. Крыловтың «Лягушка и вол» мысалын Абай 1898 жылы 7–8 буынды өлең 40 тармақ (10 шумақ) көлемінде аударған,

1909 жылғы Абай шығармаларының жинағында «Бақа мен бұқа» деген атпен берілген. 1995 жылғы жинақта «Бақа мен өгіз» деп көрсетілген [76]. Өлеңдегі тәмсіл Абай аудармасында бір шумақпен берілсе, Байтұрсынұлы нұсқасында екі шумақпен түйінделеді.

Академик Р. Нұрғали «Ақ жол» жинағының алғысөзінде мысалдың 17 жолдан тұратын орыс тіліндегі мәтіні А. Байтұрсынұлының қазақ тіліне аудармасында 36 жолға ұлғайғанын көрсеткен [9, 7].

Бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Шілденің сарша тамыз *ыссы* кезі», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Шілденің сарша-тамыз *ыстық* кезі» деп берілген.

2003, 2013 жылғы жинақтарда 1913 және 1922 жылғы басылымдардағы тыныс белгілері сақталған: «Шілденің *сарша-тамыз* ыстық кезі, Артықша бір *көл-бақа* күншіл екен, Жел тартып, *ісіп, кеуіп*, қарнын керді». Осы жинақта қазіргі қазақ тілінің емле заңдылығы бойынша курсивпен белгіленген сөздер «сарша тамыз, көлбақа, ісіп-кеуіп» болып жазылды.

Алтыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Міне, мен жаңа *әбден* толдым! – деді», 1989 жылғы басылымда – «Міне, мен жаңа *айдай* толдым! – деді» болып өзгертілген.

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Қалпында қараң менен *пормың»,* – деді, 1991, 2003 жылғы басылымдарда – «Қалпында қараң менен *формың*», – деді. 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Алла, Құдай» атау сөздері бас әріппен жазылған. 1936 жылғы жинақта мысалдың соңындағы екі шумақ түйін берілмеген [28, 43].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

7. «Емен мен қамыс». Емен өзінің күші басым екеніне мақтанып, қамысты қор санап, келемеждейді. Бір кезде дауыл тұрады да, еменді түбірімен қопарып тастайды. Ал қамыс қарсы келмей, майысып, дауылдан аман шығады. Күштінің қасында

аман қалу үшін қайрат пен мықтылыққа қоса айла-амал да қажет екені ғибрат етіледі.

И.А. Крыловтың «Дуб и трость» деген мысалын Абай «Емен мен шілік» атауымен аударған, ақын өлеңдерінің 1909 жылғы басылымында (Переуод Крыловтан) деп көрсетілген. Бұл мысалды С. Көбеев «Емен ағаш пен тал шыбық» деп, ал А. Байтұрсынұлы «Емен мен қамыс» деп аударған. Шығарма 64 тармақтан тұрады.

Мысалда екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдардағы «Жалғыз-ақ тең көремін *Қаптың* тауын» деген өлең жолындағы топонимдік атау 1989 жылғы басылымда *«Каптың»,* 1991 жылғы жинақта «*Кафтың*», 2003, 2013 жылғы басылымдарда «*Қафтың*» болып берілген.

Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Болса да *нендей* аптап, *нендей* жауын», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Болса да *қандай* аптап, *қандай* жауын».

Үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «*Заррадай* көрінбейді маған ауыр», 1913 жылғы басылымда – «*Зередей* көрінбейді маған ауыр»; 1922 жылғы басылымда – «*Зерредей* көрінбейді маған ауыр», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Зәредей* көрінбейді маған ауыр», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Зерердей* көрінбейді маған ауыр».

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Бәрінен *құр* жаратқан сені құдай», осы жинақта 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдардағыдай «Бәрінен *қор* жаратқан сені Құдай» болып берілді.

Алтыншы шумақтың екінші тармағы мен жетінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һешкімді* жолатпас ем, қорғап, саған, Көз салып, *һәр* тарапқа қарап тұрсам», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ешкімді* жолатпас ем, қорғап, саған, Көз салып, *әр* тарапқа қарап тұрсам». Осы жинақта «ешкімді», «әр тарапқа» деп алынды.

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913 жылғы басылымдарда – «*Асла* сенің жайыңды ойламаған», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аслан* сенің жайыңды ойламаған», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Асылы* сенің жайыңды ойламаған».

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Тұрсын деп* құйын, дауыл, *дуға* жақын», 1989 жылғы басылымда – «*Тұрсын деп* құйын, дауыл, *шуға* жақын», 1991 жылғы басылымда – «*Тұрсың сен* құйын, дауыл, *дуға* жақын».

Он бірінші шумақтың үшінші тармағы 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Болмады сөзін *тамам* еткенінше», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Болмады сөзін *тәмам* еткенінше».

Он екінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Қашаннан *хайла* етіп, әдіс алған», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қашаннан *айла* етіп, әдіс алған».

Он үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «*Қайсарып*, қайыспастан Емен тұрды» болып берілген, 1989, 1991 жылғы басылымдарда «*Қасарып*, қайыспастан Емен тұрды» деп басылған.

Он бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Кісіге аса қайрат пайда бермес», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – (Кісіге аса қайрат пайда бермес) деп жақшаға алынып берілген.

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда мәтін шумаққа ұйқас ретімен бөлінбеген, төрт тармақ болып тұрақты бөлініп отырған, осы жинақта өлең ұйқасы бойынша шумаққа бөлініп берілді. 1936 жылғы жинақта өлең соңындағы 3 шумақ ой түйіні берілмеген [28, 44–45].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

8. «Қасқыр мен тырна». Аш қасқыр тамақ іздеп келе жатып, айдалада жатқан қу сүйекті көріп асап жібергенде сүйек тамағына тұрып қалады. Сол кезде қасына келіп қалған тырнаны

мақтай жөнеледі. Жанына араша болған, қиын сәтте көмектескеніне рақмет айтудың орнына тап беруден тайынбайтын қасқырдың пиғылын байқаған тырна қаша жөнеледі. Қасқыр мінез адамдардан сақтануды насихат етеді.

И.А. Крыловтың «Волк и Журавль» мысалын қазақ тіліне аударған. Бұл мысалдың түпнұсқа мәтіні – 19 жол болса, С. Көбеевте 54 жол, А. Байтұрсынұлы аудармасында 76 жолға ұлғайған.

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Болмады *hәртүрлі* еткен амалына», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Болмады *әртүрлі* еткен амалына».

Бесінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көңілін *жұмсатпасам* алдап еппен», 1989 жылғы жинақта – «Көңілін *жұмсартпасам* алдап еппен», 1991 жылғы басылымда – «Көңілін *жұмсартпаса* алдап еппен».

Сегізінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Баласы *атайының* сен бір асыл», 1989 жылғы басылымда – «Баласы *алтайының* сен бір асыл», 1991 жылғы жинақта – «Баласы *аталының* сен бір асыл» (29-б.) деп берілген. «Атайы» сөзі «атақты, әйгілі, белгілі» деген мағынаны білдіреді.

Тоғызыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Біле алмай *не қыларын*, сасқалақтап», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Біле алмай *неғыларын*, сасқалақтап».

Тоғызыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Тырнажан, *нағылсаң* да, енді өзің біл», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тырнажан, *не қылсаң* да, енді өзің біл».

Оныншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Уh*!» деп Қасқыр сонда көзін ашты» деп берілген, осындағы курсивпен көрсетілген сөз 1913, 1922

жылғы басылымдарда – «*Ühi*!» деп, 1989 жылғы басылымда – «*Уа*!» деп берілген.

Он бірінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Құтқарған зор *пәледен* Тырнасына», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «*бәледен»* болып дыбыстық алмасуында алынған.

Он үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Мен саған олжа *болғандай ерің* бе едім», 1913, 1922, 1991 жылғы басылымдарда – «Мен саған олжа *болар ерің* бе едім», 1989 жылғы басылымда – «Мен саған олжа *болар серің* бе едім», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мен саған олжа *боларың ба* едім?»

Он үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сыйға-сый» *дегенменен*, таз басыңды», 1989 жылғы басылымда – «Сыйға-сый» *дегендейін*, таз басыңды».

Он бесінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Есітіп* мына сөзді Тырна асты», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тырна *естіп* мына сөзді *жаман* асты».

Он бесінші шумақтың екінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «*Айтпас* деп Қасқыр олай, ойламас-ты». 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Етпес* деп Қасқыр олай, ойламас-ты».

Он бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Садаға* бастан құлақ» деген мақал», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Садақа* бастан құлақ» деген мақал».

Он алтыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қиссасы «Қасқыр, Тырна» болды тәмам», 1989 жылғы басылымда – «Қысқасы, Қасқыр, Тырна болды тамам».

2003, 2013 жылғы басылымдарда жол астындағы түсініктe: «Мәжнүн – араб сөзі, «ессіз», «ақымақ» деген мағынада», «Қисса – араб сөзі, «әңгіме» деген мағынада», – деп берілген.

1936 және 1943 жылғы «Мысалдар» жинағына мәтіннің негізгі бөлігі түгел енген, ал ғибратқа құрылған соңғы он алты жолы қысқарған [28, 46–47; 36, 29–30].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

9. «Бұлбұл мен есек». Бір күні есек іздеп келіп, бұлбұл құстың ән салуын өтінеді. Шын талантты тани алмаған талғамы төмен есек оған ән салуды қораздан үйренуге кеңес береді. Шығарма 24 тармақтан тұрады. Әншіні «әнпаз» деп атаған. И.А. Крыловтың «Осел и Соловей» мысалын аударған.

Бесінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдардағы «Шекеңнен өте *жазды* құлақ жарып» деген тармақ 1989 жылғы басылымда – «Шекеңнен өте *жаздап* құлақ жарып», 1991 жылғы жинақта – «Шекеңнен өте *жаздайд* құлақ жарып» деп берілген.

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдардағы «Қойлар да күйісін тыйып, тыңдап *жатты*» деген тармақтың соңғы сөзі 1991 жылғы жинақта (32-б.) *«қапты»* деп басылған.

Тоғызыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тыңда сен, *ілтипатпен* салып құлақ», 1989 жылғы басылымда – «*ылтипатпен*» болып бірінші буыны жуан жазылған.

Тоғызыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1991 жылғы жинақтарда – «*Тауықтан* біразырақ *ән* үйренсең», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Қораздан* біразырақ *күй* үйренсең» болып берілген.

Он бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Есектей іс *ететін* көп адамдар», 1989 жылғы басылымда – «Есектей іс *атқарар* көп адамдар».

Он бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «*Сар жезден* саф алтынды айырмайтын», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда курсивпен белгіленген сөз «*Сары жезден»* болып берілген. 2003, 2013 жылғы

басылымдарда – «Алла, Құдай» атау сөздері бас әріппен жазылған. 1936 жылғы жинақта мысалдың соңындағы екі шумақ ғибрат берілмеген [28, 48–49].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

10. «Екі шыбын». Күні бойы сабан тартып жұмыс істеген өгіздің мүйізіне қонақтап отырған бір шыбынға екінші шыбын кездесіп қалып жөн сұрағанда, мақтаншақ әлгі шыбын кешке дейін жер жыртып келе жатқанын айтып маңғазданады. Өзі түк бітірмей, біреудің еңбегін сыртынан малданып жүретін кейбір адамдардың қылығы сыналады, әшкереленеді. Шығарма 20 тармақтан (5 шумақ) тұрады.

Ө. Әбдиманұлы А. Байтұрсынұлына арналған зерттеу еңбегінде осы мысалды қазақ тіліне ақынның И.А. Крыловтан емес, И.И. Дмитриевтен аударғанын нақты дәлелдейді [65, 82].

Үшінші шумақтың бірінші-үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сонда *бұл* мұрнын көкке көтереді,... Жер жыртып күні *бойын*, шаршап келем», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Сонда *ол* мұрнын көкке көтереді,... Жер жыртып күні *бойы* шаршап келем».

Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Адамсып, *маңызданып*, жөтеледі», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Адамсып, *маңғазданып*, жөтеледі».

Бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мақтанып, бәрін де өзім *еттім* дейді», 1989 жылғы басылымда – «Мақтанып, бәрін де өзім *айттым* дейді».

«Екі шыбын» мысалы тұтастай 1935 жылғы С. Сейфуллин мен Ө. Тұрманжанұлының «Көркем әдебиет» атты орталау мектептің 5-класына арналған оқулығына енген [27, 162]. Кейін А. Байтұрсынұлының есімі аталмай, шығармасы аударма ретінде жарияланған кезеңде «Екі шыбын» мысалының алғашқы үш шумағы Ә. Тоқмағамбетов пен Ә. Есманбетов бастауыш мектептің 4-класы үшін құрастырған 1939 жылғы «Оқу кітабында»

[30, 16] және К. Төлебаевтың бастауыш мектептің 2-класына арналған 1933 жылғы «Оқу кітабында» [25, 30], 1940 жылғы «Оқу кітабында» [35, 107–108], 1936 жылғы Ө. Тұрманжанов құрастырған «Мысалдар» жинағында [28, 50], 1943 жылғы Б. Кенжебаев құрастырған «Мысалдар» жинағында [36, 31] берілген, бірақ екі шумақтан тұратын қорытынды бөлігі алынбаған, авторы «Крылов» деп көрсетілген.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

11. «Арыстан, киік һәм түлкі». Аш арыстан киікті қуып келе жатқанда екеуі терең сайға кез болады. Киік секіріп зырқырап атқан оқтай өте шығады. Түлкі келіп киіктен қалып қойғаның ұят болады деп, арыстанды қайрайды. Желігіп қарғимын деп арыстан жардан құлап өледі. Жалған достың жел сөзіне алданып опық жемеу керектігі ғибрат етіледі. А.И. Крыловтың «Лев, Серна и Лисица» мысалын қазақ тіліне аударған.

Р. Нұрғали «Ақ жол» жинағының алғысөзінде мысалдың орыс тіліндегі мәтіні – 35 жол болса, А. Байтұрсынұлының қазақ тіліне аудармасында 56 жолға ұлғайғанын көрсеткен [9, 7].

Бірінші шумақтың екінші тармағы мен алтыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һәртүрлі* мекен еткен аңдар сүйіп», «Алмаймын *һеш* нәрсеңді алдап сенен», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Әртүрлі* мекен еткен аңдар сүйіп», «Алмаймын *еш* нәрсеңді алдап сенен».

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тиісті *ет* қайратты күшің барда», 1989 жылғы басылымда – «Тиісті *ит* қайратты күшің барда», 1991 жылғы басылымда – «Тиісті *ер* қайратты күшің барда [9, 33].

Жетінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Сидиған жаман Киік өтіп кетіп», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сыйдиған жаман Киік өтіп кетіп».

Тоғызыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Түбіне жардың*

құлап өлді Арыстан», 1991 жылғы жинақта – *«Ішіне сайдың* құлап өлді Арыстан».

Оныншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Түлкі-екең* құлап өлген досын көрді», 1991 жылғы жинақта – «*Түлкі қу* құлап өлген досын көрді» болып өзгертілген.

Он екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Досың көп *тірілік* пен амандықта», 1989 жылғы басылымда – «Досың көп *тірлік* пен амандықта».

2003, 2013 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікке «Ғайбат – араб сөзі, «жәбірлеу», «біреуге негізсіз жала жабу» деген мағынада» деп берілген.

Үшінші шумақтың бірінші-екінші тармағы «Таппастан шыбын жанға қылар айла, Қорқыныш у жайылып тұла бойға» болып өзгерген. Мысалдың үш шумақтан тұратын түйіні 1936 [28, 51–52], 1943 жылғы жинаққа енбеген [36, 31–32].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

12. «Қарға мен түлкі». Аңқау қарғаны өтірік мақтап, «қарқ» дегенде жерге түскен ірімшікті алдап жеген түлкінің аярлығы суреттеледі. Мысалдың түйінінде ақын туған халқын өтірік мақтағанның сөзіне еріп мазақ болудан сақтандырады. Осы сюжет Аарне-Томпсон-Утер (Андреев) дүниежүзі ертегілер каталогында №57 санмен белгіленген. Өлең 11 шумақтан (44 тармақ) тұрады.

Абай И.А. Крыловтың «Ворона и лисица» мысалының жалпы мазмұнын алып, еркін аударған. Абай шығармаларының басылымдарында жарияланып келеді.

Екінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Нәсіпке* бұйырмаған шара бар ма», 1913, 1989 жылғы басылымдарда – «*Несіпке* бұйырмаған шара бар ма?!»

Үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Уһ*! – деді, – Көретін де күн бар екен», 1913,

1922 жылғы басылымдарда – «*Yhi*! – деді, – Көретін де күн бар екен», 1989 жылғы басылымда – «*Уа*! – деді, – көретін де күн бар екен», 1991 жылғы басылымда – «*Ау*, – деді, – көретін де күн бар екен».

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «*Иә* сөйлеп, жеткізе алман айтып жатқа», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Я* сөйлеп, жеткізе алман айтып жатқа».

Жетінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Мен қайран, *нағып* патша қоймаған деп», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мен қайран, *неғып* патша қоймаған деп».

Алтыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Сұлу деп мақтаған соң *hәркім* көрген», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сұлу деп мақтаған соң *әркім* көрген».

1936 жылы «Мысалдар» жинағына мысал мәтіні енген, ғибратқа құрылған бір шумақ ой қорытындысы берілмеген [28, 53–54].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

13. «Қасқыр мен қозы». Бұлақтан су ішуге келген қозының алдынан қасқыр шығып ұрса бастайды. Қозы қанша ақталса да, қасқыр оны кінәлаудан танбайды. Түйінде автор жазықсызды жазғыратын күштілердің қылығын айыптайды. И.А. Крыловтың «Волк и ягненок» мысалын қазақ тіліне аударған. Бұл мысалдың орыс тіліндегі мәтіні – 37 жол, С. Көбеевте 54 жол көлемінде болса, А. Байтұрсынұлы аудармасында 68 жолға ұлғайған.

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1989 жылғы басылымдарда – «Тергеңіз, кінәм болса *ғаділ* бірақ», 1991 жылғы басылымда – «Тергеңіз, *күнәм* болса *ғаділ* бірақ», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тергеңіз, кінәм болса *әділ* бірақ».

Бесінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Мүмкін бе *лайлауға* осы арадан?!» 1913,

1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мүмкін бе *ылайлауға* осы арадан?!»

Сегізінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «Келемін жарты жасқа *күзге*, тақсыр!» 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Келемін жарты жасқа *күзде*, тақсыр!»

Сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Тиемін былтыр *нағып* сізге, тақсыр?!» 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тиемін былтыр *неғып* сізге, тақсыр?!»

Тоғызыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ол *әше*, сен болмасаң, сенің ағаң», 1989 жылғы басылымда – «Ол *енше*, сен болмасаң, сенің ағаң», 1991 жылғы басылымда – «Ол *әсте* сен болмасаң, сенің ағаң», 1943 жылғы жинақта – «Ендеше ол, сен болмасаң, сенің ағаң» болып өзгерген.

Он бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «*Иә* бөлең, *иә* жиенің, *иә* нағашың», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Я* бөлең, *я* жиенің, *я* нағашың».

Он екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1989 жылғы басылымдарда – «Қой заты талай *жәбір* берді маған», 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қой заты талай *зәбір* берді маған». 1922 жылғы жинақта «қой затты» деп жазылған.

Он үшінші шумақтың бірінші тармағы мен он алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Тақсыр-ай! *Һеш* жазығым жоқ қой менің»; «*Һәр жерде* күштілерде бар ғой қалып», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тақсыр-ай! *Еш* жазығым жоқ қой менің»; «*Әр жерде* күштілерде бар ғой қалып».

Он үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913 жылғы басылымдарда – «Үндеме, жетер, қазір *фұрсатым* жоқ», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Үндеме! Жетер! Қазір

уақытым жоқ», 1989 жылғы басылымда – «Үндеме! Жетер! Қазір *мұрсатым* жоқ», 1991 жылғы басылымда – «Үндеме, жетер, қазір *пұрсатым* жоқ».

1936 және 1943 жылғы «Мысалдар» жинағына мысал мәтіні енген, ғибратқа толы екі шумақ ой қорытындысы берілмеген [28, 55–56; 36, 33–34].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

14. «Жас ағаш». Орманға ағаш кесіп алуға балтасымен келген мұжыққа жас ағаш үлкен ағаштардан өзін құтқаруын сұрайды. Мұжық оның сөзін қабыл алады. Жас ағаш жан-жағындағы үлкен ағаштардан – желден, күннен қорғап тұрған панасынан айырылып жалғыз қалады. Автор қара ормандай ағайынмен тату болуды ғибрат етеді.

И.А. Крыловтың «Деревцо» мысалын қазақ тіліне аударған. Р. Нұрғали «Ақ жол» жинағының алғысөзінде мысалдың орыс тіліндегі мәтіні – 31 жол болса, А. Байтұрсынұлының қазақ тіліне аудармасында 56 жолға ұлғайғанын көрсеткен [9, 7].

Мысалдың тақырыбы 1909, 1936, 1989 және 1991 жылғы жинақтарда «Ағаш» деп аталған.

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «*Тынышыма* бұлар мені өсірмейді» деген тармақ 1989 жылғы жинақта – *«Тыңдасаң,* бұлар мені өсірмейді», 1991 жылғы жинақта – «*Тынышымды ап,* бұлар мені өсірмейді» болып берілген.

Төртінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Менде жоқ бұларға *етер* амал енді», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Менде жоқ бұларға *айтар* амал енді».

Төртінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913 жылғы басылымдарда – «*Асла* жібермейді самал желді», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аслан* жібермейді самал желді», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Асылы* жібермейді самал желді».

Он бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Өзіңе *пәле* тілеп алдың, – деді». 1913, 1922,

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Өзіңе *бәле* тілеп алдың, – деді».

Он екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Панаңды *күннен, желден* қорғап тұрған», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Панаңды *желден, күннен* қорғап тұрған» болып курсивпен көрсетілген сөздердің орны ауысып келген.

Он екінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Алланың арам *пиғыл* сүймес құлы», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Алланың арам *пейіл* сүймес құлы».

Он үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Кісіге жеке-саяқ *бақыт* қонбас», 1989 жылғы басылымда – «Кісіге жеке-саяқ *бақ та* қонбас».

Он төртінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жау түгіл, иттен *бойын* қорғай алмай», 1991 жылғы басылымда – «Жау түгіл, иттен *басын* қорғай алмай».

1936 жылғы «Мысалдар» жинағында мысалдың соңындағы төрт шумақ ой қорытындысы берілмеген [28, 57–58].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

15. «Қартайған арыстан». Қартайған, бағы қайтқан арыстаннан бұрыннан кегі барлар өшін алып жатады, басқаға көрсеткен зорлығы алдынан шығып, қорлыққа душар болғаны баяндалады. И.А. Крыловтың «Лев состарившийся» мысалын қазақ тіліне аударған. Өлең 12 шумақтан (48 тармақ) тұрады.

Төртінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Қинады *hәркім* келіп білгенінше», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қинады *әркім* келіп білгенінше».

Алтыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991 жылғы басылымдарда – «*Я, Раббым*! – сол уақытта деді Арыстан», 1989 жылғы жинақта – *«Бар ебім,* сол уақытта, – деді

Арыстан», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – *«Я. Раббым»,* сол уақытта, – деді Арыстан». 1989 жылғы жинақта кеңестік идеологияға сәйкес Алла Тағаланың ұлық есімдерінің бірі өзгертілген: Рабб /а/ – тақсыр; ие, еге, қожа, патша; Алла тағаланың 99 есімінің бірі. Мағынасы: жоқтан бар етіп, толықтырып асыраушы, тәрбиеші, бүкіл әлемнің қожасы, патшасы. Сөйлем ішінде үтір мен сызықшаның қойылу ретінде айырым кездеседі.

Алтыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мен түгіл, қорқушы еді ат қамыстан», 1943 жылғы жинақта – «Мен түгіл, *үркуші* еді ат қамыстан»

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Кәрілік деген *пәле* келіп жетті», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Кәрілік деген *бәле* келіп жетті».

Жетінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сорыма бәрі мұның ер боп кетті», 1943 – «*Жаныма барлық айуан жәбір етті»*.

Тоғызыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Ризамын *бақ, пәлеңе* бірдей сенің», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ризамын *бақ-бәлеңе* бірдей сенің».

1936 және 1943 жылғы жинақтың соңында ой қорытындысы айтылатын үш шумақ енбеген [28, 59–60; 36, 35–36].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

16. «Шал мен ажал». Кедей шал орманнан отын арқалап келе жатып шаршаған соң, тағдырына налиды, ажалды аузына алады. Сол кезде ажал жетіп келеді, шал сасқанынан отынын арқалатып жіберсін деп шақырғанын айтады. Мысалдың ғибраты: надандықпен қиналғанда өлім тілеу күнәһарлық болатынын ескерту. И.А. Крыловтың «Старик и Смерть» мысалын қазақ тіліне аударған. Бұл мысалды қазақ тіліне С. Көбеев те аударған. 8 шумақ (32 тармақ).

Үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Төлермін *салғырт* ақша қайдан

тауып», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Төлермін *салық* ақша қайдан тауып».

Бесінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Шал байғұс сасқанынан *бұлай* деді», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Шал байғұс сасқанынан *былай* деді».

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Арқалатып жібер деп* шақырып ем», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жібер деп арқалатып* шақырып ем».

Жетінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Өлімнен *тірілігін* көреді артық», 1989 жылғы басылымда – «Өлімнен *өз тірлігін* көреді артық», 1991 жылғы басылымда – «Өлімнен *тірлікті көрген* артық».

Сегізінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Кейбіреу көтере алмай жүрсе *көнін»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Кейбіреу көтере алмай жүрсе *күнін»*.

Сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ісінің *Құдіреттің* білмей жөнін», 1989 жылғы басылымда – «Ісінің*, құдіреттің сол,* білмей жөнін», 1991 жылғы басылымда – «*Ісінен құдіреттің* білмей жөнін».

1936 жылғы жинаққа енген мәтін 1909 жылғы басылым негізінде дайындалған. Мысал соңындағы екі шумақ ой түйіні енбеген [28, 61].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

17. «Қайырымды түлкі». Мергеннің оғына ұшқан бозша құстың үш балапаны жетім қалғанын көріп, түлкі ормандағы көкек, бозторғай, сары мойын, қарлығаш пен сандуғашты жетім балапандарға қамқор болуға шақырады. Мұны естіп жерге түскен үш балапанды түлкінің өзі жеп қояды. Мысалда тілі жұмсақ, қанипезер, жетім хақысын, біреудің еңбегін жеп жүрген аяр адамдардың қылығы әшкереленеді.

И.А. Крыловтың «Добрая Лисица» мысалын қазақ тіліне аударған. 56 тармақтан тұрады.

Бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бұл сөйлем жақшаға алынған – (Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды).

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Алда сорлы, *мүсәпір балалары»*, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Алда сорлы, *мүсәпір* балалар-ай», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Алда сорлы, *бейшара*, балалар-ай».

Үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Жоқ екен *пақырлардың шамалары*!» 1913, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Жоқ екен *пақырлардың* шамалары-ай!» 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жоқ екен *сорлылардың* шамалары-ай!»

Бесінші шумақтың үшінші-төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «*Қайырдан* бұл дүниеде жетімге еткен, / *Ғайри* іс сауабына бар ма жетер?!» 1913 жылғы басылымда – «*Қайырдың* бұл дүниеде жетімге еткен, / *Ғайри* іс сауабына бар ма жетер?!» 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Қайырдың* бұл дүниеде жетімге еткен, / *Басқа* іс сауабына бар ма жетер?!» 1989 жылғы басылымда – «*Қайырдан* бұл дүниеде жетімге еткен, / *Басқаша* іс сауабына бар ма жетер?» 1991 жылғы басылымда – «*Қайырың* бұл дүниеде жетімге еткен / *Ғайры* іс сауабына бар ма жетер?!»

Алтыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бозторғай! Қарап *тұрма*, сен де текке», 1989 жылғы басылымда – «Бозторғай! Қарап *жүрме*, сен де текке».

Жетінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «*Сармойын!* Ер жетті ғой балаларың», 1991 жылғы жинақта – *«Сары маса,* ер жетті ғой балаларың», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Сары мойын!* Ер жетті

ғой балаларың» деп мәтіннің түпнұсқадағы күйін сақтап, тек оның бірінші сөзі қазақ тілінің қазіргі емле талаптарына сәйкес түзетілген.

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Пәледен* Құдай сақтар бірер-жарым», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бәледен* Құдай сақтар бірер-жарым».

Жетінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1991 жылғы басылымдарда – «Жоқтатпай *пақырлардың* аналарын», 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жоқтатпай *сорлылардың* аналарын». 2003 жылғы жинақтың құрастырушылары 1991 жылғы «Ақ жол» жинағы «түпнұсқадан өзгертілген» деп, 1909 жылғы басылым негізінде дайындалғанын ескермеген.

Тоғызыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Сандуғаш! *Нағылайын* сені қайрап», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сандуғаш! *Неғылайын* сені қайрап», 1991 жылғы жинақта – «Сандуғаш, не қылайын сені қайрап».

Тоғызыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «Көңілін *бір азғана* көтермекке, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көңілін *біраз ғана* көтермекке».

Оныншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Осындай сауап *іспен* көрсетелік!» 1989 жылғы басылымда – «Осындай сауап *істеп* көрсетелік!»

2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Құдай, Құдіретім» атауы бас әріппен жазылған. 1936 және 1943 жылғы жинаққа өлең соңындағы екі шумақ ой түйіні енбеген [28, 62–63; 36, 37–38].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

18. «Маймыл мен көзілдірік». Маймыл көзілдірік пайдалы деген соң алып, бірақ қалай қолдану жолын білмей әлекке түседі, соңында оны сындырып тастайды. Мысалдың мәні: ақылы таяз адамдар өздерін басқадан ақылды санап, әр нәрсенің

парқын білетіндей көрінуге тырысады, өздері түсінбейтін жайттарды, құны мен қажеттілігін ұқпайтын, өзі қолдана алмайтын заттарды сынап, жамандайды, сосын күш қолданып жоюға кіріседі.

Маймыл ғылымдағы надан адамды бейнелейді. Білім де көзілдірік сияқты дұрыс қолдана білсең ғана пайдалы. Тәжірибесіздік, алысты көре алмау сырт көзге байқалып тұрады. Ел билеуші білімсіз болса, айналасына, елге қауіпті. Әр нәрсенің мәнін ұғып, талдап, салыстырып, түсіну қажет, білместікпен атүсті қарап, талқандауға жол беруге болмайды. «Жарымдық» деген сөзге надандық, қараңғылық қасиеттің мәнін сыйдырған.

И.А. Крылов 1815 жылы мамыр айында қоғамдағы надандықты, білімсіздікті сынап «Мартышка и очки» мысалын жазған. Мысалдың көлемі И.А. Крыловта 21 жол болса, С. Көбеевте – 24 жол, ал А. Байтұрсынұлы оны 28 жол көлемінде аударған.

Мысалдағы бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы жинақта – «Көз *кетсе,* Көзілдірік емі деген», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көз *азса,* Көзілдірік емі», – деген»; Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қойып-ақ *hәр* жеріне қараса да», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Қойып-ақ *әр* жеріне қараса да».

Төртінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991 жылғы басылымдарда – «Жоқ, – *деді*, – титімдей де пайда тіптен», 1989 жылғы басылымда – «Жоқ, – *дейді* титімдей де пайда тіптен», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жоқ, – *деді* титімдей де пайда тіптен»; төртінші шумақтың үшінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Жақсы-ақ деп Көзілдірік, шулаушы еді», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жақсы-ақ, – деп – көзілдірік» шулаушы еді»; бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Көрмедім жау алғырдан *hешбір* пайда», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы

басылымдарда – «Көрмедім жау алғырдан *ешбір* пайда» болып берілген.

1936 және 1943 жылғы жинаққа өлең соңындағы бір шумақ ой түйіні енбеген [28, 64; 36, 38–39].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

19. «Шал мен жұмыскер». И.А. Крыловтың «Крестьянин и Работник» мысалын қазақ тіліне аударған. Орманда малайымен бірге пішен шауып, кешке үйіне қайтып келе жатқан шалдың алдынан аю шығып, шалды жығып жеуге айналады. Шал малайына «құтқар» деп жалынады. Малай айыр, балтаны алып аюды шанышқылап жүріп, шалды құтқарады. Ажал аузынан қалған шал малайға алғыс айтудың орнына, аюдың терісін іске алғысыз еткеніне балағаттап ұрысады. Мысалдың ғибраты: наданға жасаған жақсылық далаға шашқан мүлкіндей рәсуа болады. Өлең 9 шумақтан (36 тармақ) тұрады.

Мысалдағы бірінші шумақтың екінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Көңілінде болмай *hешбір* қатер-қауіп», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Көңілінде болмай *ешбір* қатер-қауіп», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бәлені сезе ме, адам тұрған бағып»* деп өзгерген.

Екінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Болмады *хайла* етерге қашып-бұғып», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Болмады *айла* етерге о ғып, бұ ғып»;

Үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1989 жылғы басылымдарда – «Бауырым, пәленшежан, *айырсай*, – деп», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бауырым, Пәленшежан, *айыршы-ай*, – деп», 1991 жылғы басылымда – «Бауырым, пәленшежан, *айыршы»,* – деп»;

Бесінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Шал тұрып *орынынан* есен-аман», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Шал тұрып *енді орнынан* есен-аман»;

Жетінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Шал айтты: «Көрмеймісің *неткеніңді»*, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Шал айтты: – Көрмеймісің *не еткеніңді»;*

Сегізінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Осындай елде *уақиға* аз *ғана* ма?!» 1913, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Осындай елде *оқиға азғана* ма?!» болып өзгерген.

1936 жылғы «Мысалдар» жинағында мысалдың тақырыбы «Шал мен малай» деп берілген, соңындағы екі шумақ ой түйіні енбеген [28, 65].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

20. «Жарлы бай». Бір кедей дүниенің рақатын көрмей, мал жия беретін сараң байларды үйінде сөгіп отырады. Сол кезде ақ сақалды қарт адам кіріп келіп, ішінде бір ділдәсі бар әмиян беріп кетеді. Ал орысша нұсқасында жын ба, кім екені белгісіз біреу аяқ астынан пайда болғаны айтылады. Сиқырлы әмиянның кереметі – бір ділдәні алса, орнына тағы бір ділдә пайда болады. Ақшаның қызығына беріліп, ас-судан, ойын-күлкіден, ұйқыдан айрылған бейбақ ескі лашығында он миллионыншы ділдәні санап жатып өледі. Бар болып, жоқтың ісін істеп, сонша дүниенің зейнетін өзге түгіл, өзі де көре алмаған жарлы байдың тірлігін қайталамай, осы оқиғадан ғибрат алуға шақырады. И.А. Крыловтың «Бедный богач» мысалын қазақ тіліне аударған. Өлең 108 тармақтан (26 шумақ) тұрады.

Бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Байларға *кейбір* сараң көзін салды», 1989 жылғы басылымда – «Байларға *ең бір* сараң көзін салды».

Екінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Жаныңа *heш* рахат етпей жиған?!» 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жаныңа *еш* рахат етпей жиған?!»

Бесінші шумақ 1989, 1991 жылғы басылымдарда –

«Жылқымды, қымызымды, *қойымменен*,
Жұмсар ем қонағыма, *тойымменен.*
Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,
Күнде той, күнде қызық, *ойынменен».*

2003, 2013 жылғы басылымдарда –

«Жылқымды, қымызымды *қойым менен,*
Жұмсар ем қонағыма *тойым менен*.
Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,
Күнде той, күнде қызық *ойын менен»*.

Сегізінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Қарт оған: – *Әлейкүмассалам*, – деді», 1989 жылғы басылымда – «Қарт оған «*ғалейкүмассалам»* деді», 1991 жылғы басылымда – «Қарт оған: «*Уағалайкумассалам!»* – деді», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қарт оған: «*Алейкүмассалам»* – деді».

Тоғызыншы және он екінші шумақтағы жекелеген сөздер 1989, 1991 жылғы басылымдарда «ділда, былай», 2003, 2013 жылғы басылымдарда«ділдә, бұлай» болып берілген.

Оныншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Ұмытпа, бұл сөзімді, жаным *бала»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ұмытпа бұл сөзімді, жаным *балам»*.

Оныншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Мейлің* тойғаннан соң ала-ала», 1989 жылғы басылымда – «*Мейірің* тойғаннан соң ала-ала», 1991 жылғы басылымда – «*Мейілің толғаннан* соң ала-ала».

Он жетінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ол үйге жібек көрпе, жастық*, кілем»* болса*,* 1991 жылғы жинақта – *«*Ол үйге жібек көрпе, жастық *керек*» деп өзгертілген.

Он сегізінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдардағы «*Аналар,* қатын алсам, тойға, *деді*» деген жол 1991 жылғы жинақта *«Жұмсармын,* қатын алсам, тойға, – *дейді*» болып өзгертілген.

Жиырма алтыншы, соңғы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Жадыңа* бұл кеңесті ұғып сақта!» 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Есіңде* бұл кеңесті ұғып сақта!»

1909 жылғы басылымда 53-бетте жол астындағы сілтемеде «Әмиян – ақша салатын ыдыс», «Шилан – о да сол» деген түсінік берілген. 1922 жылғы басылымда жол астындағы сілтемеде «әмиян» сөзіне «ақша салатын ыдыс» (47–б), «Шилан да – ақша салатын ыдыс» (48-б.) деген түсінік берілген, 1913 жылғы басылымдағы түсінік те солай қайталанған (45-б.), тек бір бетте жазылған.

Бұл түсінік 1989 жылғы басылымда *«әмиян – шилан»* (72-б.) деп қысқартылса, 1991 жылғы жинақта көрсетілмеген. 2003, 2013 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікке «Иман – араб сөзі, «сенім» деген мағынада», «Әмиян – ақша салатын ыдыс (А. Байтұрсынұлының түсініктемесі)», «Шилан – ақша салатын ыдыс (А. Байтұрсынұлының түсініктемесі)» деп берілген. Абай Құнанбайұлы түпнұсқадағы «кошелек» деген сөзді «дорба» деп аударған.

1936 жылғы жинаққа өлең соңындағы екі шумақ ой түйіні енбеген [28, 66–68].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

21. «Айна мен маймыл». Айнадағы өз бейнесін танымаған маймыл қасындағы аюға қарап өз суретін сынай бастайды. Автор адамды маймыл, айнаны өлең деп, өлеңді түсініп өз мінін, мінез-құлқын түзетуге, өзін-өзі жетілдіруге, кемелденуге ұмтылуға үндейді. Өлең 8 шумақтан (32 тармақ) тұрады. И.А. Крыловтың «Зеркало и Обезьяна» мысалын қазақ тіліне аударған. Бұл мысалды қазақ тіліне С. Көбеев те аударған.

Бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Айнада өз *суретін* көре салып», 1922,

2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Айнада өз *сүгіретін* көре салып».

Екінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Көз салып қарап тұрсам *hәрбір* жерін», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көз салып қарап тұрсам *әрбір* жерін!»

Бесінші шумақтың үшінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Алды – *жөн* адасқанның» деген сөз ғой», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Алды *жөн* адасқанның» деген сөз ғой» деп берілген. Осы жинақта – «Алды *жон* адасқанның» деген сөз ғой» болып берілді. 1936 жылғы жинақта өлең соңындағы үш шумақ ой қорытындысы қысқартылған [28, 69].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

22. «Кісі мен арыстан». Бір аңшы тор құрып жүріп арыстанға кез болады. Арыстан оны күш сынасуға шақырады. Аңшы өзі құрған өрмектің ар жағына тез жетуді ұсынады. Арыстан торға шырматылып шыға алмай қалады. И.А. Крыловтың «Лев и Человек» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 62 жолдан тұрады, оның 48 жолы Крыловтан аударылған, 14 жолында өнер мен ақыл-ойдың қара күштен артық екенін, өз сөзімен айтқанда, «Бұл жазған бозбалаға бір өсиет, / Өнерсіз қара күште жоқ қасиет» деп, оқырманға насихат етіп жазған.

Бұл мысал өлең «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» (Қызылорда, 1926) атты оқулығында жарияланған.

Екінші шумақтың үшінші тармағы 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Шікірейіп*, жан біткенге патшамын деп», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Шекірейіп*: «Жан біткенге патшамын!» – деп».

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Сөзімді *ылтипатпен* тыңдап, түсін», 1991 жылғы басылымда – «Сөзіме *ілтипатпен* тыңдап түсін», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сөзімді *ілтипатпен* тыңдап, түсін».

Төртінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1991 жылғы басылымдарда – «Ететін мені артық *хайуаннан»,* 1922, 1989,

2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ететін мені артық *хайуандардан*» болып берілген.

Араб әрпінде басылған алғашқы басылымдарында ү, о әріптері біркелкі таңбаланатыны белгілі, тоғызыншы шумақтың бірінші тармағы 1989 жылғы басылымда – «Тұрсың ғой күш сынарға қылдай *түрмен»*, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тұрсың ғой күш сынарға қылдай *тормен»* болып дұрыс оқылған.

Он үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Зарары *һәр* уақытта басқа тиед», 1989, 1991 жылғы басылымда – «Зарары *әр* уақытта басқа тиед».

1936 жылғы жинаққа өлең соңындағы он төрт тармақ ой түйіні енбеген [28, 70–71].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

23. «Жүргіншілер мен иттер». Жолда келе жатқан екі кісіге алдынан бір ит үріп шығады. Оған басқа иттер қосылып, қырық-елу ит жиылады. Сонда жүргіншінің бірі қолына тас алып қуалауды ойлайды. Қасындағы жолдасы оған үрген иттерге мән бермеуді ұсынады. Мысалдың түйіні: күншілдердің өсегін, айтқан сөзін елемеу қажет. И.А. Крыловтың «Прохожие и Собаки» мысалын қазақ тіліне аударған. Өлең 28 тармақтан (7 шумақ) тұрады.

Үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Қарама, *нағыласың* мойның бұрып», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қарама, *неғыласың* мойның бұрып», 1991 жылғы басылымда – «Қарама, *неғыласың мойын* бұрып».

1936 жылғы жинаққа мысал соңындағы екі шумақ ой түйіні енбеген [28, 72].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

24. «Еменнің түбіндегі шошқа». Еменнің жерге түскен жемісін жеп алып, түбін қопара қазып жатқан шошқаға ағаштың

басында отырған құзғын тоқтау салмақ болады. Емен жемістің қайдан шыққанын біле алмаған шошқаның қылығына күңіренеді. Ғылымды пайдаланып отырса да, сол пайдасын ұқпайтындарды айыптап, түйін жасайды. И.А. Крыловтың «Свинья под дубом» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 24 тармақтан (6 шумақ) тұрады.

Бірінші шумақтың төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Еменнің түбін қазды *тұра геліп»*, 1913, 1922, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Еменнің түбін қазды *түрегеліп»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Еменнің түбін қазды *тұра келіп»*.

Бесінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Ай*, шіркін, жақсылықты білмейтұғын», 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Иә,* шіркін, жақсылықты білмейтұғын», 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ей*, шіркін! Жақсылықты білмейтұғын».

Алтыншы, соңғы шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Жақсы да*, арасында жаман да бар», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жақсы мен* арасында жамандар бар».

Түпнұсқадағы «*Құдайым жемісінен айырмасын*» деген төртінші шумақтың бірінші тармағы 1936 және 1943 жылғы жинақта «*Жалғыз-ақ жемістері бола берсін*» болып өзгеріске түскен, соңындағы бір шумақ ой түйіні енбеген [28, 73; 36, 40–41].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

25. «Кісі мен аю». Бір адам елден жырақ, кісікиік болып, орман ішінде өмір сүреді. Бірде аю кез болып, достасады. Бір күні адам шаршап ұйықтап қалады. Аю досы оны күзетіп отырады. Адамның бетіне шыбын қонып кетпей қояды. Ашуланған аю шыбынды таспен ұрып өлтірмек болып, адамның бетіне періп жібереді, осылайша адам мерт болады. Автор мысалдан алар ғибратты түйіндеп, надан, ақымақ достан сақтануға кеңес береді. И.А. Крыловтың «Пустынник и Медведь» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 68 тармақтан тұрады. А. Байтұрсынұлы

кейіпкердің атын «кісі» деп алады, «жеке-тақ» деген жаңа атау қолданады.

Тоғызыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Һәр* жерде тұрып демін ала берді», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Әр* жерде тұрып демін ала берді».

Тоғызыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ере алмай*, кейін* артта қала берді», 1991 жылғы басылымда – «Ере алмай, *Адам* артта қала берді» болып өзгеріске түскен.

Он бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Иә *қаза*, иә *пәлеге* жолығарсың», 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Иә *қаза*, иә *бәлеге* жолығарсың»», 1991 жылғы басылымда – «*Я* қаза, *я* бәлеге *ұрынарсың»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Я* қаза, *я* бәлеге жолығарсың».

1936 жылғы жинаққа мысал соңындағы бір шумақ ой түйіні енбеген [28, 77–75].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

26. «Екі бөшке». И.А. Крыловтың «Две бочки» мысалын қазақ тіліне аударған. Жеті шумақтан тұратын мысалдың кейінгі төрт шумағы ғибрат пен насихатқа құрылған. Көшеде екі бөшке домалап барады. Бос бөшке салдырлап, ал затқа толы екінші бөшкенің дыбысы білінбейді. Салдыры көп бөшкеге көшеде ығысып жол береді де, ауыр бөшкеге ешкім мән бермейді. Тәмсіл: ақылы көп адамдар бос даурықпай, үндемей-ақ іс тындырып жүреді.

Бесінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – *«Құр бөшке салдыры зор, бағасы кем, / Фаһамсыз* құр даурықпа адаммен тең», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Ауыр бөшке салдыры зор, бағасы кем, / Бағасыз* құр даурыққан адаммен тең» деп өзгеріске түскен.

2003, 2013 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікке «Фаһам» – араб сөзі, «түсінік, мән, мағына» деген мағынада»

деп берілген. Фаһим /а/ – зейін, ой, түсінік, пайым; зейін салу; ақылдасу, кеңесу, ойлану мағынасын білдіреді.

1936 жылғы жинаққа мысал соңындағы үш шумақ ой түйіні енбеген [28, 76].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

27. «Аңдарға келген індет». Автор И.А. Крыловтың «Мор зверей» мысалын қазақ тіліне 117 тармақ көлемінде аударған. Аң патшалығында індет пайда болып, аңдар өлім алдында бірбіріне тимей, ораза ұстай бастайды. Аң патшасы арыстан аңдарды кеңеске жинап, індеттен құтылу жолдарын қарастырады. Кінәсі көп аң өз кінәсін мойындап өзін құрбан етсе, көпшіліктің басына түскен ауыртпашылықтан құтылуға болады деп, арыстан бас болып өз күнәсін мойындайды. Сосын аю, жолбарыс, қасқыр сөз алып, олар да өз кінәсін мойындай бастайды. Жағымпаз түлкінің айтуымен жұт жылы адамның шөбін рұқсатсыз жеген өгіздің әрекетін айыптап, оны құрбандыққа шалады. Қарапайым, кедей адам кінәсіз жазаға ұшырап жатады, ал күнәсі көп болса да кейбір бай адамдар жазадан құтылып кетеді деген тәмсіл айтылады.

Бірінші жолы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Алланың рахметі мол, *қары* қатты», 1989 жылғы басылымда – «Алланың рақметі мол, *кәрі* қатты», 1991 жылғы басылымда – «Алланың рақметі мол, *қаһары* қатты».

1922 жылғы басылымдағы «Алланың рахметі мол, қары қатты, / Қарғады дерт жіберіп хайуанатты» деген алғашқы екі өлең жолы 1943 жылғы жинақта «*Дерт келіп, тоғайдағы айуанатты, / Жұтатып бәрін тегіс қырғындатты»* болып өзгерген.

Бірінші шумақтың төртінші тармағы мен жиырма бірінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Һәр* жерде төбе-төбе болып жатты», «Жалындым қарыз сұрап *һәр* кісіге», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Әр жерде төбе-төбе болып жатты», «Жалындым қарыз сұрап әр кісіге».

Екінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Далада, *үйде*, қырда, орман, тауда», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Далада, *ойда*, қырда, орман, тауда».

Үшінші шумақтың «*Түзеліп* аң біткеннің құлықтары» деген бірінші тармағы 1936 және 1943 жылғы жинақта «*Бұзылып* аң біткеннің құлықтары» болып берілген, өлең соңындағы үш шумақ ой түйіні енбеген [28, 77–79; 36, 41–44].

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жіберді бізге Құдай *ауырмалдық»*, 1989 жылғы басылымда – «Жіберді бізге құдай *ауыртпалық»,* 1991 жылғы басылымда – «Жіберді құдай бізге *ауыртпалық»*.

Жетінші шумақтың екінші тармағы мен онынші шумақтың төртінші тармағы және он тоғызыншы шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Тәртіптен қалмайды *hешкім* басын тартып», «Қылмысын болған *hәркім* өз басында», «Жаман деп бұлар ісін *hешкім* айтпай», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тәртіптен қалмайды *ешкім* басын тартып», «Қылмысын болған *әркім* өз басында», «Жаман деп бұлар ісін *ешкім* айтпай».

Он бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Жазықты-жазықсыз деп *таңдамадым»*, 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «Жазықты-жазықсыз деп *талғамадым»*, 1991 жылғы басылымда – «Жазықты-жазықсыз деп *тыңдамадым»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жазықты, жазықсыз» деп *талғамадым»*.

Он екінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Етпедім* намаз оқып, құлдық тағат», 1989 жылғы басылымда – «*Айтпадым* намаз оқып, құлдық тағат» болып қате басылған.

Он екінші шумақтың алтыншы тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Кінәм көп – тауыса алман бәрін санап»*, 1991 жылғы басылымда – «*Кінәм көп, тауыса алман бәрін санап»*,

1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ісім көп талай жерде еткен ағат»,* 1943 жылғы жинақта – «*Күнәм көп* тауыса алман бәрін санап».

Он бесінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – *«*Дұшпандық ойлайды *һәман* бізге залым», 1989 жылғы басылымда – «Дұшпандық ойлайды *әман* бізге залым», 1991 жылғы басылымда – «Дұшпандық *ойлайд һаман* бізге залым», 1943 жылғы жинақта – «Дұшпандық ойлайды *һәман* бізге залым «ұдай».

Он алтыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «*Адамды жеген* обал» дегендерге», 1913, 1922, 1989 жылғы басылымдарда – «*Нақ соны жеген* обал дегендерге», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Нақ соны жеген* обал» дегендерге».

Он жетінші шумақтың үшінші-төртінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «Бірі емес, бәрін жесе – обал *емес*, Адамға *кімде-кімнің* жетсе әлі», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бірі емес, бәрін жесе обал *бар ма*, Адамға *аңның десті*, жетсе әлі».

Жиырма жетінші шумақтың бірінші тармағы 1991 жылғы басылымда – «Үлгі *айтып* жұрт *үйретер* қайда *билік»*, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Үлгі айтып, жұрт түзейтін қайда білік», осы жинақта 1989 жылғы басылымдағы – «Үлгі етіп, жұрт түзейтін қайда білік» деп алынды.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

28. «Қара бұлт». Қурап тұрған далаға бір тамшы жаумай кетіп, теңізге барып құйып өткен қара бұлт жөнінде айтылады. 36 тармақ мысалдың 2 бөлімінің әрқайсы 18 тармақтан тұрады. Өлеңнің екінші жартысында ақын оқыған азаматтардың туған еліне, өз жұртына аянбай қызмет етуі қажеттігін насихат етеді. И.А. Крыловтың «Туча» мысалын қазақ тіліне аударған.

Мысалдың бірінші жолы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Даланың күнге күйіп, *аптап* өткен», 1989 жылғы басылымда – «Даланың күнге күйіп, *аптабы* өткен».

Ғибратқа құрылған екінші бөлімнің екінші жолы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ғибрат мұнда да* бар, алсаңыздар», 1989 жылғы басылымда – «*Мұнда да ғибрат* бар алсаңыздар», 1991 жылғы басылымда – «*Ғибрат мұнан да* бар алсаңыздар».

1936 және 1943 жылғы жинақта мысалдың «Қуанды шаруалар «я, Құдайлап» деген үшінші өлең жолы «Қуанды шаруалар *көкке қарап*» болып өзгеріске түскен, соңындағы 18 жол ой түйіні енбеген [28, 80; 36, 44–45].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

29. «Иттің достығы». И.А. Крыловтың «Собачья дружба» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 66 тармақтан тұрады, соңғы алты жолында оқырманға насихат, ғибрат беріледі.

Сырт көзге жақсы, сенімді көрінетін кейбір адамдардың шынайы достығы жігіттің басына іс түскенде немесе бір нәрсе екеуара бөліске түскенде танылады. Түпнұсқада иттердің аты «Полкан, Барбос» болса, олар бір-бірін айрылмас дос ретінде «Орест, Пилад» деп атайды, ал Байтұрсынұлы нұсқасында «Төрткөз, Мойнақ» деп қазақы атпен берілген, ата дәстүрге сай бірін-бірі ағалы-інілі сияқты «Мойнеке, Төрткөзім» деп атап жатады. «Тәулік» сөзімен жарыса қолданылатын «сөтке» сөзін алған.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Қырық мысалдағы» мысалдардың, Абай кітабындағы мысалдардың бәрі бернелеу болады» деп, «Иттің достығы» өлеңін тұтастай, ал «кекесін» пән сөзіне мысал ретінде соңғы алты жолды мысалға келтіреді [6, 46]. Бұл мысал өлең «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» (Қызылорда, 1926) атты оқулығында жарияланған.

Екінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сөйлесті *hәр* нәрсенің басын шатып», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Сөйлесті *әр* нәрсенің басын шатып».

Төртінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Тілмарсып* сол уақытта айтты

Мойнақ», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Ділмарсып* сол уақытта айтты Мойнақ».

Алтыншы шумақтың екінші тармағы мен сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һеш нәрсе* айырмаса ара жігін», «Мен дағы ойлаушы едім осыны *һәр кез»*, 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Еш нәрсе* айырмаса ара жігін», «Мен дағы ойлаушы едім осыны *әр кез»*.

Оныншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бір *сөтке* татулық жоқ арамызда», 1989 жылғы басылымда – «Бір *сәтке* татулық жоқ арамызда», 1991 жылғы басылымда – «Бір *тәулік* татулық жоқ арамызда».

1936 және 1943 жылғы жинақтарда тоғызыншы шумақтың төртінші тармағы «*Тиіссіз* сөгіп-соқпай, құрметтейді» болып өзгерген, соңындағы алты жолдан тұратын түйін алынбаған [28, 81–82; 36, 45–47].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

30. «Қасқыр мен мысық». Мысалдың тәмсілі: «Не ексең, соны орарсың». Жанындағыларға еш жақсылық жасамаған адамның өзгеден қайыр күтуі де орынсыз болмақшы. И.А. Крыловтың «Волк и Кот» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 46 жолдан тұрады. Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим есімін Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген, Қисықбас деген қазақы есімдермен алмастырады. Мысалдағы «зараргер» деген сөз қазіргі кезде «зиянкес» түрінде қолданылады.

Екінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Дауысын естимісің *тартқан керней»*, 1989 жылғы басылымда – «Дауысын естимісің *шапқан талмай»*.

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «*Һәр түрлі* табылады онан *хайла»*, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Әр түрлі* табылады онан *айла»*, 1989 жылғы басылымда – «*Әр түрлі* табылады онан *хайла»,* 1991 жылғы басылымда – «*Әр түрлі* табылады онан *қайла»*.

Бұл мысал өлең «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» (Қызылорда, 1926) атты оқулығында жарияланған.

1936 жылғы жинақта осы мысал қысқартылмай алынған [28, 83–84].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

31. «Қаптесер мен көртышқан». Мысықты ешкім жеңе алмайды деп санайтын көртышқанның қорқынышы баяндалған. И.А. Крыловтың «Мышь и Крыса» мысалын қазақ тіліне 18 тармақ көлемінде (4 шумақ) аударған.

Екінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Дүниеде *болмастай* бір уақиға екен», 1991 жылғы басылымда – «Дүниеде *болмастай* бір *оқиға* екен», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Дүниеде *болмайтын* бір уақиға екен».

Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Мысықты *hешкім* жеңіп алмайтұғын», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мысықты *ешкім* жеңіп алмайтұғын».

Төртінші, соңғы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Дүниеде *hешкім* жоқ, – деп, – сонан мықты», 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Дүниеде *ешкім* жоқ, – деп, – сонан мықты», 1991 жылғы басылымда – «Дүниеде *ешкім* жоқ деп *мұнан* мықты».

1936 жинақта мысал соңындағы бір шумақ түйін алынбаған [28, 85].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

32. «Ала қойлар». И.А. Крыловтың «Пестрые овцы» атты мысалын қазақ тіліне 64 тармақ көлемінде аударған. Аң патшасы арыстан түсі бөтен болғандықтан өзіне ұнамайтын ала қойлардан құтылу жолдарын қарастырады, өзіне де кінә қоймайтын амал таппақ болады. Сенімді көмекшілері түлкі мен қасқыр қасынан табылады. Түлкі ала қойларды қасқырға бақтыруға кеңес береді. Бұл айтқаны арыстанға ұнайды. Көкжалдан

қойшы болған аз уақытта ала қойлар азая береді. Бірақ басқа аңдар аң патшасы арыстаннан секем алмай, қой баққан қойшыларды кінәлай бастайды.

Бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Нұсқалап* білмегенді білдіруге», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жоспарлап* білмегенді білдіруге».

Бесінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бір түрлі* бұған керек амал таппақ», 1989 жылғы басылымда – «*Әр түрлі* бұған керек амал таппақ».

Сегізінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Мұнда онша *hеш нәрсе* жоқ ойлайтұғын», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Мұнда онша *еш нәрсе* жоқ ойлайтұғын».

Онныншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жазықсыз *төкпейсіз* нашар қанын», 1989 жылғы басылымда – «Жазықсыз *төкпегейсіз* нашар қанын», 1991 жылғы басылымда – «Жазықсыз *сіз төкпейсіз* нашар қанын».

Он үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913 жылғы басылымдарда – «*Асла* жаманатын сізге қоймай», 1922 жылғы басылымда – «*Аслан* жаманатын сізге қоймай», 1989 жылғы басылымда – «*Әсілі,* жаман атын сізге қоймай», 1991 жылғы басылымда – «*Асылы,* жаманатын сізге қоймай», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аслан* жаман атын сізге қоймай».

Он төртінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Арыстан *Түлкі ақылын* қабыл алды», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Арыстан *бұл ақылды* қабыл алды».

Он төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «Өңшең көкжал бөріден қойшы салды», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бөріден өңшең көкжал қойшы салды».

Он бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Жарықтық арыстаннан *heш* кінә жоқ», 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жарықтық Арыстаннан *еш* кінә жоқ», 1991 жылғы басылымда – «Жарықтық, *Арыстанда еш* кінә жоқ».

Он алтыншы, соңғы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «Көкжалдан қойшылар тым көбейіп тұр», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Көкжалдар қойшы болса, кім біледі» болып өзгертілген.

1936 жинақта мысал соңындағы бір шумақ түйін алынбаған [28, 86–87].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

33. «Сары шымшық». И.А. Крыловтың «Синица» мысалын қазақ тіліне аударған. Өлең 30 тармақтан (7 шумақ) тұрады. Сары шымшық «Теңізді өртеймін» деп жар салады. Бұл хабарды естіген жан-жануар көруге жан-жақтан көп жиналады. Бірақ теңіз өртене қоймайды. Мысалдың түйінінде қолдан келмес істі ойлаған кейбіреудің жұртты алдап жүретіні айтылады.

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Қисапсыз* теңізге көп халық келді», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Есепсіз* теңізге көп халық келді».

Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Шыбжық* өртейді», – деп нанып келді», 1989 жылғы басылымда – «*Сары шымшық* өртейді деп нанып келді», 1991 жылғы басылымда – «*Шымшық* «*теңіз* өртейді» деп нанып келді», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Шымшық* өртейді деп нанып», – келді».

Бесінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Шыбжық* мақтанды ма, ойнады ма», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Шымшық* мақтанды ма, ойнады ма», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Сары шымшық* мақтанды ма, ойнады ма».

Бесінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Кім білсін, *күйдірем* деп ойлады ма?!» 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Кім білсін, *күлдірем* деп ойлады ма?!»

1936 жылғы жинақта соңында бір шумақ түйін алынбаған [28, 88].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

34. «Түлкі мен қарашекпен». Бір мұжық түлкіні тауық жегенін қойса, қарнын тойғызатын болып үйіне әкеп бағады. Қарны тойғанмен, пиғылы түзелмеген түлкі бір түні қарашекпеннің барлық тауығын қырып, қашып кетеді. Ұрлық жасау, кісі ақысын жеу байлыққа, кедейлікке байланысты емес, ниетке, арұятқа байланысты деген түйін жасалады. И.А. Крыловтың «Крестьянин и Лисица» мысалын қазақ тіліне аударған. Шығарма 78 тармақтан тұрады. Мұжықты қазақтар «қарашекпен» деп атаған, мысалда да солай қолданылады.

1909, 1913, 1922 жылғы басылымдардарда «мұжық» емес, «мүжік» болып жіңішке түрінде жазылған.

Бірінші шумақтың алтыншы тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һешкім* жоқ екеумізден басқа шеттен», 1989 жылғы басылымда – «*Ешкім* жоқ, екеуміз тек басқа шеттен», 1991 жылғы басылымда – «*Ешкім* жоқ *екеуімізден* басқа шеттен», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ешкім* жоқ, екеумізден басқа шеттен».

Екінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Һәр* жеген тамағында бар зор қауіп», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Әр* жеген тамағында бар зор қауіп».

Екінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Бақ, пәле* алмасатын ауық-ауық», 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бақ, бәле* алмасатын ауық-ауық».

Үшінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ақ пейіл* сопыларша көңілі

сынық», 1989 жылғы басылымда – «*Тақуа* сопыларша көңілі сынық».

Үшінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Бірді алдап, бірді ұрлап шеккен *ғұмыр»*, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бірді алдап, бірді ұрлап шеккен *өмір».*

Төртінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жоқшылық һәм *шиеттей* жас балалар», 1989 жылғы басылымда – «Жоқшылық һәм *шиедей* жас балалар», 1991 жылғы басылымда – «Жоқшылық һәм *шыдатпай* жас балалар».

Төртінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Салған соң құдай басқа, *нағыласың*?» 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Салған соң Құдай басқа, *неғыласың*?» 1991 жылғы басылымда – «Салған соң құдай басқа, *не қыласың*?»

Бесінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Амалдап күнелтпесең, *ауқатың* жоқ», 1989 жылғы басылымда – «Амалдап күнелтпесең – *уақытың* жоқ».

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «Жүрмейді қайда *пенде* дәм-тұз *ауып»*, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Жүрмейді қайда *адам* дәм-тұз *ауып»*, 1989 жылғы басылымда – «Жүрмейді қайда *пенде* дәм-тұз *тауып»,* 1991 жылғы басылымда – «Жүрмейді қайда *пәнде* дәм-тұз *ауып?»* 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жүрмейді қайда *адам* дәм-тұз *ауып».*

Сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «*Һешкімді* мен де саған тигізбес ем», 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ешкімді* мен де саған тигізбес ем».

Оныншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Бағуға тауықтарды *жиһады*

зор», 1989 жылғы басылымда – «Бағуға тауықтарды *жаһаты* зор», 1991 жылғы басылымда – «Бағуға тауықтарды *жәһаты* зор».

Он бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Зәредей *қауіп* қылмай мұжық жазған», 1989 жылғы басылымда – «Зәредей *күдік* қылмай мұжық жазған», 1991 жылғы басылымда – «Зәредей *қауіп* қылмай мұжық жазған».

1936 жылғы жинақта соңындағы он жол түйін алынбаған [28, 89–90].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

35. «Кісі мен көлеңке». И.А. Крыловтың «Человек и Тень» мысалын қазақ тіліне аударған. Есі ауысқан біреу өз көлеңкесін қанша қуса да, жеткізбейді. Шаршаған соң, кері бұрылып қайтып келе жатқанда оған енді көлеңкесі өзін қуалап келе жатқандай көрінеді. Кейбіреу осылайша бақ-дәулеттің соңына түсіп қуатынын мысалдайды. Шығарма 16 тармақтан (4 шумақ) тұрады.

Бірінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1936, 1943, 1989 жылғы басылымдарда – «*Есалаң* көре салып, қуалады», 1913 жылғы басылымда – «*Есуас* көре салып, қуалады», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Есі – ауыс* көре салып, қуалады».

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1936 жылғы басылымдарда – «Тентектің *бір уақытта* кірді есі», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Тентектің *бір мезгілде* кірді есі» болып өзгертілген.

Үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «*Соңынан* қуды енді көлеңкесі», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Артынан* қуды енді көлеңкесі», 1936, 1943 жылғы жинақтарда – «*Соңынан* ере берді көлеңкесі».

1936 және 1943 жылғы жинақтарда соңындағы төрт жол түйін берілмеген [28, 91; 36].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

36. «Қарашекпен мен қой». И.А. Крыловтың «Крестьянин и Овца» мысалын қазақ тіліне аударған. 49 тармақтан тұратын шығармада қарашекпен екі тауығын жеді деген күдікпен қойды сотқа береді. Сот түлкі қойды кінәлі санап, дәлел жеткіліксіз болса да, өлім жазасына кеседі. Авторлық түйінде түлкідей бұра тартып, бұрыс төрелік, қате үкім айтылатын жағдайлардың кездесетіні айтылады. 1991 жылғы жинақта осы мысал 35-нөмірмен белгіленген. «Теңшіл» – әділ, «жемшіл» – парақор, жемқор деген мағынада алынған. «Жауапкер», «талапкер», «үкім» деген заң терминдері А. Байтұрсынұлы өлеңінде алғаш қолданылған.

Бірінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1936, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Күймей ме біреу *үшін* біреу отқа», 1989 жылғы басылымда – «Күймей ме біреу *жанса* – біреу отқа?»

Үшінші шумақтың төртінші тармағы «Тез істі бітірмекке жәhидтенді», 1936, 1943 жылғы жинақтарда – «Тез істі бітірмекке *жаhаттенді»*.

Бесінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1936, 1943, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Қозғалмай жаттым ұйықтап түні *бойын»*, 1989 жылғы басылымда – «Қозғалмай жаттым ұйықтап түні *бойы»*.

Бесінші шумақтың төртінші тармағы «Жоқтығын бұзық *көңіл*, арам ойым», 1936, 1943 жылғы жинақтарда – «Жоқтығын бұзық *мінез*, арам ойым».

Алтыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1936, 1943, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Жалғызақ тауықтардың *тұсында* емес», 1989 жылғы басылымда – «Жалғыз-ақ тауықтардың *түсінде* емес».

Алтыншы шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913 жылғы басылымдарда – «*Асла* өмірімде ет жемедім», 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аслан* өмірімде ет жемедім», 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «*Асылан* өмірімде ет жемедім», 1989 жылғы басылымда – «*Әсілі,* өмірімде ет жемедім», 1991 жылғы басылымда – «*Асылы,* өмірімде ет жемедім».

Жетінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989 жылғы басылымдарда – «Уақиға *болмыш* түні ит үрмепті», 1991 жылғы басылымда – «*Оқиға болған күні* ит үрмепті», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Уақиға *болмыс* түні ит үрмепті», 1936, 1943 жылғы жинақтарда – *«Оқыйға болған* түні іит үрмепті».

1936 және 1943 жылғы жинақтарда өлең соңындағы 6 жол түйін берілмеген [28, 92–93; 36].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

37. «Қайыршы мен Қыдыр». И.А. Крыловтың «Нищий и Фортуна» мысалын қазақ тіліне аударған. Қайыршыға Қыдыр кез болып, «сені байытатын алтын берем» деп дорбасына алтын сала бастайды. Қыдырдың «Ескі дорба жарылып рәсуа болар» деген кеңесін тыңдамайды, қайыршы қанағат етпейді. Қанағатсыздықтың салдарынан байлықтан қағылады. 96 жолдан тұрады.

Бірінші шумақтың төртінші тармағы мен үшінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Күн көріп бергенімен *һәркім* аяп»; «Отырып, ой жіберді h*әрбір* жаққа»; 1989, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Күн көріп бергенімен *әркім* аяп»; «Отырып, ой жіберді *әрбір* жаққа».

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Не түрлі *қажетінің* бәрі де сай», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Не түрлі *керегінің* бәрі де сай», 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «Не түрлі *әжетінің бәріне* сай».

Төртінші шумақтың бесінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ұрынып *һәр* кәсіпке жүргені *һәман»,* 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «Ұрынып *әр кесіпке* жүргені *һаман»,* 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Ұрынып *әр* кәсіпке жүргені *әман».*

Алтыншы шумақтың жетінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1936, 1943, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Кемесі

тауарымен *ғарық* болып», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Кемесі тауарымен *апат* болып».

Сегізінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922 жылғы басылымдарда – «Саудасын *һәр* жерлерге жайып еді»; 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Саудасын *әр* жерлерге жайып еді», 1991 жылғы басылымда – «Саудасын *әр жерлерге-ақ* жайып еді».

Сегізінші шумақтың төртінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «*Жалғыз-ақ* осы бір зор айыбы еді»; 1991 жылғы басылымда – «*Жалғыз-ақ* осы бір зор *айып* еді»; 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Оның да* осы бір зор айыбы еді».

Он төртінші шумақтың төртінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Алтындар *рәсуа* болар бекер»; 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Алтындар *рәсуәй* болар бекер».

Он тоғызыншы, соңғы шумақтың екінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «Үстіне *құлағанның* салмай таяқ», 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Үстіне *жығылғанның* салмай таяқ».

1936 жылғы жинақта мысал соңындағы алты жол берілмеген [28, 94–96; 36].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

38. «Үлес». И.А. Крыловтың «Раздел» мысалын қазақ тіліне аударған. Аяқ астынан шыққан өртті өшірудің орнына әркім өз үлесін алу үшін құр босқа шулап жүріп, дүние-мүліктен айрылып қалған қамсыздықты мысқылдап, ішкі дау-шарға алданып, жүріп сырттан келетін қатерді ескермей жүрген қандастарын сынға алады.

Бесінші шумақтың бесінші тармағы 1909, 1991 жылғы басылымдарда – «*Аңдысқан* бірін-бірі жаудан жаман»; 1913, 1922, 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аңдыған* бірін-бірі жаудан жаман».

1936 жылғы жинақта мысал соңындағы он жол берілмеген [28, 97; 36].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

39. «Өзен мен қарасу». И.А. Крыловтың «Пруд и Река» мысалын қазақ тіліне аударған, шығарма 70 тармақтан тұрады. Ақпай жатқан қарасу өзенге оның тынымсыз бейнетіне, ал өзінің тыныштықпен өтіп жатқан өмірін айтып мақтанады. Мысалдың түйінінде автор жаны ашитын жақынына насихат сөзін арнап, дамыған елдерден үлгі алып, өнер, ғылым игеруге, сол жолда талпынып еңбек етуге үндейді. Түпнұсқадағы «пруд» сөзін ақынның «қарасу» деп аударуы сәтті балама боп шыққан. Түпнұсқадағы «карта» сөзінің орнына автор «план» (пылан) сөзін қолданған.

Екінші шумақтың үшінші тармағы 1909 жылғы басылымда – «*Болантта*, орынды да көп алмаймын»; 1913, 1922, 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «*Пыланда* орынды да көп алмаймын»; 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Планда* орынды да көп алмаймын»; 1989 жылғы жинақта – «*Жоспар да,* орынды да көп алмаймын»; 1991 жылғы басылымда – «*Жоспарда* орынды да көп алмаймын» деп берілген.

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1909, 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «*Қысапсыз* рақатым, бейнетім кем», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Қисапсыз* рақатым, бейнетім кем», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Есепсіз* рахатым, бейнетім кем».

Алтыншы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Толтырып *ой-саланы* жылда суға», 1936, 1943 жылғы басылымдарда – «Толтырып *ой сананы* жыл да суға», 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Толтырып *сай-саланы* жылда суға».

Жетінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1936, 1943, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Ағармын *әлде* болса неше жүз жыл», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Ағармын, *әлі де* болса, неше жүз жыл».

Сегізінші шумақтың үшінші тармағы 1909, 1936, 1989 жылғы басылымдарда – «Сарқылып он жыл болмай, *дымы қалмай»*; 1991 жылғы басылымда – «Сарқылып, он жыл болмай, *дымы қалмай»*; 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Сарқылып он жыл болмай, *дымы біміп»*.

Тоғызыншы шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Халықтар *мехнат* шегіп, рақат тапқан», 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Халықтар *миһнат* шегіп, рақат тапқан».

Тоғызыншы шумақтың он екінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «*Пәледен*, басқа келмей, деймін сақтан», 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бәледен*, басқа келмей, деймін сақтан».

1936 жылғы жинақта мысал соңында он сегіз жол берілмеген [28, 98–99].

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

40. «Малшы мен маса». И.А. Крыловтың тоғыз жолдан тұратын «Пастух и Комар» мысалын қазақ тіліне он сегіз жол көлемінде аударған.

Иттеріне сеніп көлеңкеде ұйықтап жатқан малшыны шағайын деп таяп келген жыланды көрген маса малшыны шағып оятады. Оянып кеткен малшы ашумен масаны ұрып өлтіреді. Масаның оқиғасы арқылы елге айтар өсиетін меңзеп көрсетеді. Туған елінің санасын ояту үшін оқу, білім игеру жолында тынымсыз таппай, дамыған елдер қатарына қосылуға үндейді.

Екінші шумақтың төртінші тармағы мен бесінші шумақтың екінші-үшінші тармағы 1909, 1989, 1991 жылғы басылымдарда – «Оятып бұл *пәледен* қағайын деп»; «Жыланды *пәле* делік аңдып баққан, *Пәленің* түрін көрген мен – Сары маса»; 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Оятып бұл *бәледен* қағайын деп», «Жыланды *бәле* делік аңдып баққан, *Бәленің* түрін көрген мен – Сары маса», 1991 жылғы басылымда – «*Пәленің* түрін көрген мен – Сармаса» деп берілген.

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1913, 1922, 2003, 2013 жылғы басылымдарда – «Демеңдер сөз жазуға *олақтығым»*, 1989 жылғы басылымда – «Демеңдер сөз жазуға *олақтығын».*

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Ақын «Қырық мысал» жинағында өз ойын сары маса боп тұспалдап жеткізсе, «Маса» жинағында марғаулықты ашық айыптап, ойын батыл айтады.

1922 жылы жарық көрген «Қырық мысал» жинағының мазмұны факсимеледе берілгендіктен, кирилл әрпіне түсірілген мәтін соңына қойылмады.

Осы академиялық басылымда «Қырық мысал» жинағындағы өлеңдер шумаққа, яғни өзіндік мағынасы бар өлеңнің бөлігіне ұйқасқа байланысты бөлінді. Бұрынғы басылымдарда төрт тармақ бір шумақ ретінде бөлініп отырған, бірақ кей жағдайда сегіз немесе он екі тармақтан тұратын шумақтар да кездеседі. Сонымен қатар бұрынғы басылымдарда тыныс белгілері дұрыс қойылмаған жағдайлар жиі орын алған. Осы жинақта пунктуациялық олқылықтардың бәрі мүмкіндігінше түзетілді. Жинақтағы шығармалардың кирилл әрпіне түсірілген мәтіндерінде бүгінгі орфографиялық ережелер сақталды.

Ж. Рақыш

«МАСА»

«Маса» жинағы алғаш рет 1911 жылы Орынборда жарық көрген. Бұл жинақта А. Байтұрсынұлының өз өлеңдері, мысалдары және аудармалары берілген. Кейіннен 1914 және 1922 жылдары өңделіп, толықтырылып Қазан қаласында қайта басылған.

1911 жылғы жинақта «Көк есектерге», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «И.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан», «Ғылым» өлеңдері және М. Лермонтовтың «Мцыри» поэмасы үзіндісінің аудармасы берілмеген.

«Маса» жинағындағы өлеңдер мен аудармалар 1989 жылы «Ахмет Байтұрсынов шығармалары» атты жинақта жарық көрді. Бұл кітапта автордың өлеңдері, аудармалары, зерттеулері жинақталып берілген-ді. Бірақ бұл жинақта «Маса», «Қырық мысал» жинақтарының құрылымы сақталмаған. Осы екі жинаққа енген шығармалар «Өлеңдер (1911–1922)» және «Аудармалар (1901–1922)» деген тарауларға жіктеліп берілген. Осылайша «Маса» жинағына енген аудармалар «Аудармалар» тарауында орын алған. «Өлеңдер» тарауында «Маса» жинағындағы өлеңдермен қатар басқа басылымдарда басылған «Тарту» («Оқу құралы» 1922), «Атақты Сібір ұлы қарт Потанин» («Ер Сайын» 1923) деген туындылары да берілген.

Бұл жинақ 1991 жылы «Ақ жол» басылымында, 2003 жылы А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен 2013 жылы алтытомдық жинағында басылған.

Осы томды әзірлеу үшін, соңғы басылған әрі толықтырылған нұсқа болғандықтан, 1922 жылғы жинақ негізге алынды. Бұл басылымға 22 өлең, 13 аударма, Қожанасыр туралы бір хикая енген.

Басылымның ішкі мұқабасында «Маса» деп жинақтың аты жазылғаннан кейін кітаптың беташары ретінде төрт жол өлең берілген:

Түсіне қарап,
Ішінен түңілме!
Күшіне қарап,
Ісінен түңілме.

Бұл өлең алғаш рет 1911 жылғы жинақта берілген, кейін қайта басылған екі басылымға да енген.

«Сөз иесінен». 1911 жылғы жинақта берілген, кейін қайта басылған екі басылымға да енген. 1922 жылғы жинақ пен кейіннен шыққан басылымдардағы мәтін арасында өзгеріс жоқ.

«Жазушының қанағаты». 1911 жылғы жинаққа енген, кейін қайта басылған екі басылымда да өзгеріссіз берілген. 1922 жылғы жинақ пен кейіннен шыққан басылымдардағы мәтін арасында өзгеріс жоқ.

«Туысыма». 1911 жылғы жинақта берілген, кейін қайта басылған екі басылымға да енген. 1922 жылғы жинақ пен кейіннен шыққан басылымдардағы мәтін арасында өзгеріс жоқ.

«Жадовскаядан». 1911 жылғы жинақта берілген, кейін қайта басылған екі басылымға да енген. 1922 жылғы жинақ пен кейіннен шыққан басылымдардағы мәтін арасында өзгеріс жоқ.

Ю.В. Жадовскаяның бұл өлеңі алғаш рет 1843 жылы «Москвитянин» журналының 12 санында жарияланған. Кейіннен оның өлеңдер жинағына да енген. Ю.В. Жадовскаяның 1858 жылы жарық көрген кітабына Н. Добролюбов пікір жазып, өлеңдерінің көркемдігі жайлы жылы лебіз білдіреді. Мысал ретінде «Лучший перл таится» өлеңінің мәтінін де толығымен келтіре кетеді. Ю.В. Жадовскаяның бұл өлеңі кейіннен жарық көрген жинақтарда басылды. 1972 жылы Ленинградта жарық көрген «Поэты 1840–1850-х годов» жинағында да бұл өлең жарияланған. Ю. Жадовскаяның бұл өлеңі 12 жолдан тұрады:

«Лучший перл таится
В глубине морской;
Зреет мысль святая
В глубине души.
Надо сильно буре
Море взволновать,
Чтоб оно в бореньи
Выбросило перл;
Надо сильно чувству
Душу потрясти,
Чтоб она, в восторге,
Выразила мысль» [37, 273].

А. Байтұрсынұлы шығармаларының 1989 жылы жарық көрген жинағында бұл аудармаға қатысты: «...автор бұл өлеңді Ю. Жадовскаядан (1824–1883 жж.) аударған, 1911 жылы «Маса» жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланды» деген түсінік берілген [8, 316].

Бұл аударма туралы Ж. Ысмағұлов мынадай пікір білдіреді:

«...Сондықтан бұл жерде жаңағыдай түпнұсқадан алшақ кетуге болмайтынын ол өзіне бірінші шарт деп ұстанған тәрізді. Бірақ, солардың қай-қайсысын да қазақ оқырмандарының көкейіне қонымды етіп, өз халқының байырғы шығармашылық дәстүріне сәйкестеп, өзіндегі табиғи дарынды толық пайдалана отырып, барынша шабыттана аударады. Сондықтан да бұл аудармаларды Байтұрсынұлының ақындық қолтаңбасын үстемелеп танытатын, сол жылдардың өзінде өлең мәдениеті мен өлең техникасының әжептәуір биік дәрежесінен көрінген көркем туындылар деп қабылдаймыз. Сол себептен болуы керек, «Мінсіз таза меруерт» деп басталатын екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел аузында Асан Қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр. Жақсы тәржімә үлгісінің қадірі төл шығармадан әсте де кем болмайтынын осы мысалдың өзі-ақ аңғартса керек» [59, 245–246].

«Қожа Насретдин ақылы». Қожанасыр туралы бұл әңгіме 1911 жылғы жинақта алғаш жарық көрген, кейін қайта басылған екі басылымға да енген. 1989 жылғы жинақ пен 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» басылымына енбеген. А. Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында берілген. Осы басылымдардағы мәтіннің 1922 жылғы басылымнан ауытқыған жерлері бар. Бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында «Білмесеңдер білмейтін *нәрселерің жайынан* мен қалай сөйлеймін» деп мінбеден түсіпті» деп берілген жолдар 1922 жылғы басылым негізінде: «Білмесеңдер білмейтін *нәрселеріңді* мен қалай сөйлеймін» деп мінбеден түсіпті» деп қалпына келтірілді.

«...енді сұраса білмесек те білеміз деп айталық десіпті» деген сөйлемдегі *десіпті* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында *депті* болып жазылған. Бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде түзетілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Жиылған адамдар, *айтады*: «енді сұраса білетіндер де, білмейтіндер де бар» деп айтпақшы болып сөз *айтысты*» деп берілген сөйлем 1922 жылғы басылым бойынша: «Жиылған адамдар: «енді сұраса білетіндер де, білмейтіндер де бар» деп айтпақшы болып сөз *байласты*» деп түзетілді.

«Оқуға шақыру». Бұл шығарма аударма болғанымен, нақты кімнен алынғаны көрсетілмеген. Алғаш 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі қайта басылған екі басылымға да енгізілген. 1922 жылғы жинақта тәржімә екені жазылмаған. 1989 жылғы жинақта тақырыптан кейінгі жолға жақша ішінде «Орысшадан» деп қана жазылған, ал «Ақ жол» жинағында «Орысшадан тәржіме» деп берілген. А. Әбсадық бұл шығарманың Л. Модзалевскийдің «Приглашение в школу» өлеңінің аударма сы екенін айтады [78, 125].

«Нәбек аты». 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі қайта басылған екі жинаққа да енген. 1922 жылғы басылымда тәржімә екені көрсетілмеген. 1989 жылғы жинақта тақырыптан соң жақша ішінде «Арабтан» деп, ал «Ақ жол» басылымында «Тәржіме» деп жазылған.

Бұл шығарма орыс ақыны А.Н. Апухтиннің «Подражание арабскому» өлеңінің аударма сы [46, 52–53]. Бірақ А. Байтұрсынұлының аударма сында бұл шығарма кеңейтілген. А.Н. Апухтинннің өлеңі Дайыр биесін алып кеткен Нәбектің тілі байланғандай таң-тамаша болып тұрып қалған жерінен аяқталады. А.Н. Апухтиннің кітабында өлең мына шумақпен бітеді:

«Набек, пораженный как громом, стоит,
Не видит, не слышит и, мрачен, молчит,
Везде пред очами его кобылица,
А солнце пустыню палит без границы,
А весь он осыпан песком золотым,
А груды червонцев лежат перед ним».

А. Байтұрсынұлы аударма сында оқиға Нәбектің «Мені алдап атымды алғаныңды ешкімге айта көрме. Әйтпесе естіген

жұрт алдайды деп шын пақырға көмектеспес» деген сөзінен кейін Дайырдың аттан түсіп, Нәбекті сүйіп, мойнынан құшуымен бітеді. Мұнан кейін А. Байтұрсынұлы бұл оқиғадан шығатын ғибратты үш шумақ өлеңмен түйіндейді:

«Ебі көп, дорбасы жоқ қайыршылар,
Ебіне Құдай көнсе, байыр шығар.
Арымай алдырғанға Нәбекшілеп,
Адам аз айтқанды ұғып Дайыршылар.

Жақын бол, жақындықты ебім дейді,
Бергенді алдым еппен тегін дейді.
Қайтармай, қарыз алып қайбіреулер,
Алдадым, бермей кеттім, жедім дейді.

Осындай ер басына іс көп келер!
Білмеспіз кімге қалай, кім дөп келер!
Сұмдығы сұраушының азаймаса,
Не жөн бар? Қайырсыз деп жұртқа өкпелер?!»

1989 жылғы жинақ пен 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» басылымында атау сөз «Нәбік» деп өзгертілген.

«Малы көп, түрлі бұйым бәріне сат» деген сөйлемдегі «бәріне» деген сөз 1989 жылғы және 1991 жылғы жинақтарда «бәрі де» деп берілген. Бұл сөз 1922 жылғы басылым бойынша «бәріне» деп түзетілді.

«Үстіне сылқым-сылқым киіп алып» деген жол 1989 жылғы және 1991 жылғы жинақтарда «Үстіне салқам-салқам киім іліп» деп өзгертілген. Бұл жол 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Сорлы болған мұжық». Бұл аударма 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. 1922 жылғы жинақта тәржімә екені көрсетілмеген. 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында тақырыптың төменгі жағында жақша ішіне «Крыловтан» деп жазылған.

1922 жылғы басылымдағы «Қаншығым балалады күні кеше» деген тармақтағы «балалады» деген сөз 1989 жылғы

жинақта «күшіктеді» деп өзгертілген. Бұл жинақтың түсінігінде «Масаның» үш басылымында да «балалады» деп берілген сөзді «күшіктеді» деп өзгертуді жөн санағандарын жазады. 1922 жылғы басылымда «балалады» деп берілгендіктен, бұл жинақта да солай берілді.

«Қаздар». Аударма алғаш 1911 жылғы жинаққа енген, кейінгі қайта басылған екі жинақта да бар. 1922 жылғы басылымда шығарманың тәржіме екені жазылмаған. 1989 жылғы жинақта бұл шығарма «Аудармалар» бөлімінде берілген, бірақ кімнің шығармасы екеніне қатысты ештеңе айтылмайды. «Ақ жол» жинағында тақырыптан соң жақша ішіне «Крыловтан» деп жазылған.

1922 жылғы басылымдағы «Пайдасы, базар өтіп, кетер жерде» деген тармақ 1989, 1991 жылғы жинақтарда «Базар өтіп, пайдасы кетер жерде» деп өзгертілген. Бұл өзгеріс 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

1922 жылғы басылымда «Біздің бе (*)... жоқ өткізген еңбегіміз?» деген тармақтағы «біздің» деген сөзден кейін жұлдызша қойылып, осы беттің аяқ жағына А. Байтұрсынұлының «Ойланып, ойланып» деген сілтемесі берілген. Сілтеме 1989 жылғы жинақта берілмеген. 1991 жылғы «Ақ жол» жинағында сілтеме берілген. Бірақ Байтұрсынұлының өзінің берген сілтемесі екені көрсетілмеген. Осы жолдан кейінгі «Әше жөн» деген сөз 1991 жылғы басылымда «Әсте жөн» деп өзгертілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Есек пен үкі». Аударма алғаш рет 1911 жылғы жинақта берілген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. Бұл аударма 1989 жылғы шығармалар жинағында «Аудармалар» бөлімінде берілген. 1991 жылғы «Ақ жол» басылымында «Қырық мысал» жинағының 36-ншы мысалы ретінде берілген. Екі жинақта да бұл шығарма:

«Білгішсіп кей білімсіз жол айтып жүр,
Байқасақ, не оңды жол ол айтып жүр?
Халыққа надан адам басшы болып,
Халықтың надандығын молайтып жүр.

Наданға надандықпен жұрт ерген соң,

Тал түсте лақты деп соны айтып жүр», - деген жолдармен аяқталады.

Осы шығарманың соңында келетін «Жазған сөз жаным ашып алашыма» деген тармақтан басталатын және мысалда айтылған ғибраттық ойды білдіріп тұрған қорытынды бөлігі екі жинақта да түсіп қалған. Ал 1989 жылғы жинақта бұл он алты жол жеке өлең ретінде «Өлеңдер» атты тарауда берілген [8, 43]. Бірақ «Маса» жинағында жарияланған мәтін бойынша бұл – жеке өлең емес, осы мысалдың түйіні ретінде жазылған жолдар.

1922 жылғы басылымдағы «Тығылып тажалдың итханасына» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Тығылып тажалдың бұтханасына» деп берілген. 1926 жылғы жинақтағы «Бас ұрма Лат, Манат ағашына» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Бас ұрма ләнат-манат ағашына» деп өзгертілген. Бұл жердегі Лат, Манат, Ғузза – арабтардың ислам дінін қабылдаған уақытқа дейін табынған пұт мүсіндері. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1922 жылғы басылым негізінде түзетілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында басылған аудармадағы «Жаманды жаман десең, болмайды өсек» деген жолдағы *өсек* сөзі *есек* деп жазылып кеткен.

Осы аударманың түйіні ретінде жазылған «Жазған сөз жаным ашып алашыма» деп басталатын бөліктегі «Қаннан қан, *еттен етім*, бауыр жұртым!» деген жол бестомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Қаннан қан, *еткен інім*, бауыр жұртым!» деп өзгертілген. Бұл өзгертілген сөздер 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Қазақ қалпы». Өлең алғаш рет 1911 жылғы жинақта жарық көрген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. Бұл өлең 1989 жылғы жинақтың «Өлеңдер» атты бірінші бөлімінде берілген. Бірақ осы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деп басталатын бұл өлеңнің тақырыбы «Қазақ салты» деп жазылған. Ал осы өлеңнен кейін

келетін «Қазақ салты» өлеңі «Қазақ қалпы» деген тақырыппен берілген.

1922 жылғы жинақта «Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар көп» деген жол «Ақ жол» жинағында «Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар бар» деп берілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы жинақ негізінде қалыпна келтірілді.

«Қазақ салты». Бұл өлең алғаш рет 1911 жылғы жинақта жарық көрген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. «Қалтылдақ қайық міниіп еспесі жоқ» деп басталатын бұл өлең 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Қазақ қалпы» деген тақырыппен берілген.

Осы өлеңдегі «Жақынмен ырылдастық иттей үрдік» деген тармақтағы «ырылдастық» деген сөз «Ақ жол» жинағында «араздастық» деп өзгертілген.

«Түрі жоқ іс ететін пәлен дерлік» деген жолдағы *іс ететін* деген тіркес А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *іс айтатын* деп берілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Достыма хат». Өлең алғаш 1911 жылғы жинақта басылған, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. Кейінгі жарияланған жинақтардағы мәтіннің 1922 жылғы басылымдағы мәтіннен айырмашылығы жоқ.

«Жиған-терген». Өлең алғаш 1911 жылғы жинақта басылған, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. 1922 жылғы жинақта 1911 жылғы жинақта берілмеген сегіз жол қосылған.

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш, көзіңді, оянып!
Қанған жоқ па, әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың? – деген соңғы сегіз жол 1911 жылғы жинақта жоқ. Бұл туралы 1922 жылғы жинақта мынадай

түсінік беріледі: «Соңғы 8 жол өлең төңкерістен бұрын шыққан «Масаларда», цензура рұқсат етпегендіктен басылмаған. Б.К.». 1989 жылғы шығармалар жинағында «Б.К.» деген инициалдарға қатысты «Ол Бернияз Күлеев» деп түсінік берілген.

1922 жылғы басылымда «Мақтады ұлық – болды мәз!» деген тармақтағы «ұлық» деген сөзге А. Байтұрсынұлы «ұлық – хакім» деген түсінік берген. Сонымен қатар «Арендаға алып па» деген тармақтағы «арендаға» деген сөзге де автор «жалдауға» деген сілтеме берген. Ал бұл түсініктер 1989 жылғы шығармалар жинағы мен «Ақ жол» кітабында берілмеген.

1922 жылғы басылымда «Жан-жақты бұлт торлады» деген тармақ 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Көкті бұлт торлады» деп өзгертілген. 1922 жылғы жинақтағы: «Қазағым, елім, қайқайып белің» деген тармақтағы «қайқайып» деген сөз «Ақ жол» басылымында «қайқиып» деп берілген. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Анама хат». Өлең алғаш рет 1911 жылғы басылымда берілген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Қаламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба?» деп берілген жол бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде «Кәламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба?» деп берілді.

«Тілек батам». Өлең алғаш рет 1911 жылғы басылымда берілген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Жан менікі» дей алмай, / «Мал менікі» дей алмай» деген жолдардағы *жан* сөзі *жай* болып берілген. Бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде *жан* деп түзетілді.

«Жауға түскеннің сөзі». Өлең алғаш рет 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. Өлең атауы 1989 жылғы шығармалар жинағы мен 1991 жылғы «Ақ жол» жинағында «Жауға түскен жан сөзі» деп берілген. 1922 жылғы жинақта «Жауға түскеннің сөзі» деп берілгендіктен, бұл жинақта

осылай қалдырылды. Кейінгі жинақтардағы мәтіннің 1922 жылғы басылымдағы мәтіннен айырмашылығы жоқ.

«Адамдық диқаншысы». Өлең алғаш рет 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. «Көңілін көгертуге құл халықтың» деген тармақтағы *көгертуге* сөзі «Ақ жол» жинағында *көтеруге* деп өзгертілген. Бұл сөз 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Көк есектерге». Бұл өлең 1922 жылғы жинаққа енген. Осы жинақ бойынша 1922 жылғы басылымдағы: «Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа» деген жолдың бастапқы сөзі 1991 жылғы «Ақ жол» басылымында *мұншама* деп өзгертілген. «Мүбтала» – араб сөзі, «душар болу», «бір нәрсеге ұшырау, жолығу» деген мағынада қолданылып тұр. Бұл өлең 1989 жылғы шығармалар жинағына енбеген.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Қолы жетсін дегендік пе, азатқа?» деп берілген жол бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде «Қол жетіссін дегендік пе, азатқа?» деп берілді.

«Қа... қаласына». Бұл өлең 1922 жылғы басылымға енген. 1989 жылғы шығармалар жинағында берілген түсінікте Қа қаласының Қарқаралы екеніне қатысты мынадай түсінік берілген: «М. Әуезовтың 1923 жылы Ахаңның 50 жылдығында жазған мақаласында «Қа...» қаласы «Қарқаралы» деп атап көрсетіліпті» [8; 312]. М. Әуезовтің «Ахаңның елу жылдық тойы» атты мақаласында бұл өлеңнен мынадай мысал келтіріледі: «12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып бара жатқанда Ахаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған, –
деген өлеңінен анық көрінеді» [74; 68].

Ал 1991 жылғы жинақта бұл өлеңнің аты «Қарқаралы қаласына» деп берілген.

«Жұртыма». Бұл өлең 1922 жылғы басылымға енген. «Байқадық шабыс түгіл, желісінді» деген жолдағы *байқадық*

сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдық жинағында *байқадың* деп берілген. Бұл сөз 1922 жылғы басылым негізінде *байқадық* деп түзетілді.

«Жұбату» (Қазақтың бала жұбату өлеңі). Бұл өлең 1922 жылғы басылымға енген.

1922 жылғы жинақтағы: «Нулы-нулы / Жерің қайда?» деген жолдардағы *нулы* сөзі «Ақ жол» басылымында «Тулы, нулы» деп, ал «Сулы-сулы» деген тармақ «Сулы, шулы» деп берілген. Осы басылымда «Ел қорғаны» деген тіркес «Ел қорыған» деп өзгертілген. 1922 жылғы жинақтағы: «Сулы көлден сұсты айырды» деген сөйлемдегі *сұсты* деген сөз 1989 жылғы шығармалар жинағы мен «Ақ жол» жинағында *құсты* деп өзгертілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы жинақ бойынша түзетілді.

1922 жылғы жинақ бойынша «Адал көңіл / Ақтық қайда?» деген тармақтардағы «Ақтық қайда?» жолы А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдық жинағында «Адал көңіл / Антың қайда?» деп берілген. Мәтіндегі бұл өзгерістер 1922 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

«Н. Қ. ханымға». Бұл өлең 1922 жылғы басылымға енген. «Ақ жол» жинағында «Н. Қ. ханымға» өлеңінің атауына құрастырушы тарапынан «Нәзипа Құлжановаға арналған» деген сілтеме берілген. 1922 жылғы жинақта мұндай сілтеме берілмегендіктен бұл жинақта да солай қалдырылды.

«Ақын іниме». Бұл өлең 1922 жылғы басылымға енген. «Ақ жол» жинағында құрастырушы бұл өлеңнің Міржақып Дулатұлына арналғанына қатысты сілтеме берген.

1922 жылғы басылымдағы: «Азырақ құлағың сал, ақын інім! / Ойымыз, рухымыз жақын, інім» деген жолдар 1991 жылғы «Ақ жол» жинағында: «Аз сөзге құлағың сал, ақын інім! / Ой, пікір, рухымыз жақын, інім» деп, ал А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Азырақ сөзге құлағың сал, ақын інім!» деп берілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

1922 жылғы басылымдағы «Аузымен орақ орып бәрін де етер» деген тармақ «Ақ жол» жинағында «Аузымен орақ орып бәрін де істер» деп, «Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім» деген соңғы жолы «Еті мен қымызы жоқ – тақыр, інім» өзгертілген. Бұл өзгертілген жолдар 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«И. Б. жездем хатынан». Өлең 1922 жылғы басылымға енген. 1989 жылғы шығармалар жинағында бұл өлеңнің:

...Мода болды кіділік,
Сәл сөзді елегіш.
Бір жөнге тарту жоқ,
Шалқаяқ ерегіс,
Алалықтан күш бөлу –
Бұл қанша керек іс?
Шемен бар әуе дерлік,
Сасық бар бүйе дерлік
Замана түрленді,
Жақсылар кірленді,
Азасынан у жерлік, – деген соңғы 11 жолы түсіп қалған.

Бұл шығарма 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағына енбеген.

1922 жылғы басылым бойынша «Мода болды кіділік / Сәл сөзді елегіш» деген жолдардағы *сәл* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдық жинағында *сал* деп жазылған. Бұл сөз 1922 жылғы басылым негізінде *сәл* деп түзетілді.

«Жауап хаттан». Өлең 1922 жылғы басылымға енген. 1922 жылғы басылымдағы: «Жолдан мен де шықпайын, / Сөзбен сыйлап мықтайын» деген жолдар 1989 жылғы жинақта «Жолдан мен де шықпаймын, Сөзбен сыйлап мықтаймын» деп берілген.

Бұл өлең 1991 жылғы «Ақ жол» жинағына енбеген.

1922 жылғы басылым бойынша «Ауызбен айтып / Істерде қайтіп» деген жолдардағы *істерде* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдық жинағында

істерге деп жазылған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ғылым». Өлең 1922 жылғы басылымға енген. Осы өлеңде: «Сөз емес арнап жазған дос пен қасқа» деген жолдардан кейін келетін:

«Ғылым бар бет жууда талай, – дедік.
Жуған жөн бұлай бастап, бұлай, – дедік.
Жусаңдар солай етіп, сауабы көп,
Жаза бар жумағанда олай, – дедік.
Шарттар көп, – дедік, – ғұсыл құйынғанда,
Шаһуат пәлендей боп құйылғанда,
Қалайша көзде ... деп айтпады екен?
Үйрет, – деп, – мұның бәрін, бұйырғанда!» деген екі шумағы 1989 жылғы жинақта түсіп қалған. Бұл өзгеріс 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді. Бұл өлең 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» басылымына енбеген. Кейінгі жинақтардың 1922 жылғы басылымдағы мәтіннен айырмашылығы жоқ.

«Надсоннан». Бұл аударма өлең алғаш 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. 1922 жылғы басылымдағы: «Бұзықтық түзіктікті таптағанға» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Бұзықтық түзуіңді таптағанға» деп берілген. «Жүре алмай, дымы құрып, сонда әрі» деген тармақ «Жүре алмай, демі құрып сонда әрі» өзгертілген.

Бұл аударма 1991 жылғы «Ақ жол» жинағына енбеген.

1922 жылғы басылым бойынша «Демеңдер, жақсылық – таң, жай үміт құр» деген жолдағы *таң* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының алтытомдық жинағында *тақ* деп берілген. Осы айтылған өзгерістер бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Бақ». Бұл өлең 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген.

1922 жылғы басылымдағы «Жаңа түсіп басылған» деген тармақта айтылатын «жаңа» сөзі 1989 жылғы жинақта «ана» болып өзгертілген. «Гүл қамауда сеніп тұр» деген жолдағы *сеніп*

сөзі 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында *семіп* деп берілген. «Қашан көңіл жасарар» деген жолдағы *жасарар* сөзі «Ақ жол» басылымында *жарасар* деп берілген. Бұл жинақта осы сөздер 1922 жылғы басылым негізінде берілді.

«Пушкин Вольтерден». Бұл аударма өлең 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. Бұл өлең – А.С. Пушкиннің «Стансы (из Вольтера)» атты туындысының аудармасы. Пушкин шығармаларының 10 томдық толық жинағында 1817 жылы жазылған бұл шығарма жөнінде: «При жизни Пушкина не печаталось. Вольный перевод стансов Вольтера Сидевилю» деп жазылған [39, 480]. 1922 жылғы басылымда Вольтер жалқы есімі Вальтер болып жазылған. Бұл жинақта қазіргі жазу ережесіне сай Вольтер деп беру жөн көрілді.

1922 жылғы басылымда «Пушкин Вальтерден» деп жазылған. 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында аударма атауындағы «Пушкин» деген сөзі көрсетілмеген, жақшаның ішіне «Вольтерден» деп қана берілген. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы (2003) мен алтытомдық (2013) жинағында «Пушкин. Вольтерден» деп берілген.

1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Қыздыр дейсің *мәжілісті*, жан дейсің» деп берілген тармақ бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде «Қыздыр дейсің, *топ, жиынды,* жан дейсің» деп берілді.

«Ат». Пушкиннен алынған бұл аударма өлең 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. 1922 жылғы жинақта тақырыптан соң аударма екені көрсетілмеген. 1989 жылғы жинақта тақырыптан соң жақша ішінде «Пушкиннен» деп, «Ақ жол» жинағында «Пушкиннен тәржіме» деп жазылған. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы (2003) мен алтытомдық (2013) жинағында тек қана тақырып жазылған, аударма екені көрсетілмеген.

1922 жылғы жинақтағы: «Әбзелмен жарқыраған әсем басып» деген тармақтың *басып* сөзі 1989 жылғы жинақ пен «Ақ

жол» басылымында *басқан* деп өзгертілген. Бұл сөз 1922 жылғы басылым негізінде *басып* деп түзетілді.

«Данышпан Алектің ажалы». Бұл аударма 1911 жылғы жинақта басылған, кейінгі екі басылымға да енген. Бұл өлең – А.С. Пушкиннің 1825 жылы жарияланған «Песнь о Вещем Олеге» атты шығармасының аударма сы. 1922 жылғы жинақта аударма екені жазылмаған.

Шығарманың атауы 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» жинағында «Данышпан Аликтің ажалы» деп берілген. «Ақ жол» басылымында тақырыптан соң жақша ішінде «Пушкиннен» деп жазылған, 1989 жылғы жинақта тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, түсінікте Пушкиннен аударылғаны айтылған. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдығында 1922 жылғы жинақтағы секілді тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, яғни, аударма екені көрсетілмеген.

1922 жылғы басылымда А. Байтұрсынұлының берген: «Царград – Станбул қаласының бұрынғы аты. Сауыт Царград – сонан шыққан сауыт». деген түсініктері 1989 жылғы жинақта: «Царград – қаланың аты. Сауыт – сонан шыққан сауыт» деп өзгертіліп берілген. «Перун – дінсіздер табынатын пұт» деген түсінік өзгеріссіз берілген. Ал «Ақ жол» басылымында перун сөзіне берілген түсінік қана келтірілген.

Осы аудармадағы: «Қалқаның қақ басында Царградтың» деген тармақ 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Қалқанның – қақ басында Царградты» деп өзгертілген.

«Күңіркеп дұшпандарың көре алмайды» деген жол «Күңкілдеп, дұшпандарың көре алмайды» деп берілген.

«Әйтсе де, ой мен жүзі торғылданар» деген жол «Әйтсе де оймен жүзі тарғылданар» деп өзгертілген.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының алтытомдық жинағында «Мұны естіп, Алек жерге қарап төмен» деген жолдағы *қарап* сөзі *ұзарап* деп жазылып кеткен. Осы өзгертілген жолдар мен сөздер бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Балықшы мен балық». А.С. Пушкиннің 1833 жылы жазылған «Сказка о рыбаке и рыбке» поэмасының аудармасы. Бұл аударма 1911 жылғы басылымда берілген, кейін қайта басылған екі жинаққа да енген. 1922 жылғы жинақта аударма екені жазылмаған. «Ақ жол» басылымында тақырыптан соң жақша ішінде «Пушкиннен» деп жазылған, 1989 жылғы жинақта тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, түсінікте Пушкиннен аударылғаны айтылған. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдығында 1922 жылғы жинақтағы секілді тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, яғни, аударма екені көрсетілмеген.

1922 жылғы жинақтағы: «Деп ұрысты: «Миы ашыған, қу, көк сақал» деген тармақ 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында «Алжыған, миы ашыған, қу көк сақал» деп, «Зүмрет, березелі бар білезік» деген тармақтағы зүмрет – зумруд деп берілген.

Ал 1922 жылғы басылымдағы мына 3 шумақ «Ақ жол» жинағына енбей қалған:

«...Шал айтты: – «Құтырдың ба?
Түзу ме есің? Болмасын астамшылық, мұның кесір!
Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,
Жұрт күлер: қор болған, – деп, – бақыт, есіл!»
Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,
Жіберді шалды жаққа салып-салып.
Қалайша маған қарсы сөз айтасың?
Сен – мұжық, мен – ақсүйек, қой – деп, танып!
Сөз айтар шалда хал жоқ, жөнеледі,
Қарайып теңіз беті, түнереді:
Шақырған шал даусына балық келіп,
«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» деді».

«Бала жоқ қолғанаттық екеуінде» деген жолдағы *қолғанаттық* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында *қолғанат* деп жазылған. Осы

айтылған өзгерістер бұл жинақта 1922 жылға басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Алтын әтеш». А.С. Пушкиннің 1834 жылы жазылған «Сказка о золотом петушке» атты шығармасының аудармасы. Аударма алғаш 1911 жылғы басылымда жарық көрген, кейін қайта басылған екі жинақта да берілген. 1922 жылғы жинақта аударма екені жазылмаған. «Ақ жол» басылымында тақырыптан соң жақша ішінде «Пушкиннен» деп жазылған, 1989 жылғы жинақта тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, түсінікте Пушкиннен аударылғаны айтылған. А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдығында 1922 жылғы жинақтағы секілді тақырыптан соң ештеңе жазылмаған, яғни, аударма екені көрсетілмеген.

1922 жылғы жинақтағы: «Арқадан да, Құбыладан» деген өлең жолы «Ақ жол» басылымында «Сырттан десе, Құбыладан» деп берілген.

«Қорықпайды екен обалдан. / Күлген болды һәм Дадан» деген тармақтар 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жол» басылымында:

«Дейді: «Батыр хан Дадан, / Қорықпас білем обалдан» деп берілген.

1922 жылғы жинақ бойынша «Жасында боп бек мазаң» деген жолдағы *мазаң* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының алтытомдық жинағында *мазақ* деп жазылып кеткен.

1922 жылғы жинақ бойынша «Салық түскен жер де жоқ» деген жол А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдығы мен алтытомдық жинағында «Салық салған жер де жоқ» деп берілген.

«Шөпті жеп тұр аттары» деген жолдағы *тұр* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында *жүр* деп жазылған.

1922 жылғы жинақ бойынша «Тұмсығымен шапты да» деген жолдағы *шапты* деген сөз А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында *қақты* деп

берілген. Бұл өзгерістер 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Лермонтовтан». Бұл шығарма – Лермонтовтың «Мцыри» поэмасынан алынған үзіндінің аудармасы. Бұл аударма 1911 жылғы жинақта жоқ. А. Байтұрсынұлының кейінгі аудармаларының бірі болса керек.

1922 жылғы басылымда тақырыптан соң жұлдызша қойылып, кирилл әрпімен «*Отрывок из поэмы Лермонтова» «Мцыри»* деп түсінік берілген.

1989 жылғы жинақта аударма тақырыбы «Мцыри» деп берілген. Тақырыптан соң «(Лермонтовтан) Поэмадан үзінді» деп жазылған. Сол себепті де 1922 жылғы жинақта келтірілген түсінік берілмеген. Соныман бірге «Монах – сопы» деген түсініксілтеме де түсіп қалған. «Тифлис шаһарына өтіп кетті» дегендегі қала аты «Тиблис» деп берілген. «Мейілі шаппағанын дәмтағамға» деген тармақтың бірінші сөзі *тәбеті* деп өзгертілген.

Ал 1991 жылғы «Ақ жол» жинағына бұл аударма енбеген.

1922 жылғы басылымдағы аудармада *монах* сөзі *манах* болып, *монастырь* сөзі *манастыр* болып берілген. Бұл жинақта бүгінгі жазу нормасына сай беру жөн көрілді.

«Болса да түсі танық туғаны бір» деген жолдағы *танық* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағында *қаныҚ* деп, ал алтытомдық жинағында *қаныҢ* деп берілген. Осы өзгерістер бұл жинақта 1922 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «Лермонтовтан» («Мцыри» поэмасынан үзінді) аудармасынан кейін «Тарту» өлеңі берілген. Бірақ 1922 жылғы жинақта бұл өлең жоқ. А. Байтұрсынұлының 1989 жылы жарық көрген шығармалары жинағында бұл өлеңге қатысты мынадай түсінік беріледі: «Бұл өлең тұңғыш рет автордың Орынбор қаласында 1922 жылы шыққан «Оқу құралы» атты кітабында жарияланған, кейін М. Дулатовтың 1924 жылы Орынборда шыққан («Қирағат оқу құралы») жинағының

беташары ретінде басылған» [8, 312]. Бұл өлең 1922 жылғы басылымда берілмегендіктен осы жинаққа да енгізілмеді.

1922 жылғы «Маса» жинағының мазмұны факсимеледе берілгендіктен, кирилл әрпіне түсірілген мәтін соңына қойылмады.

Жинақтағы шығармалардың кирилл әрпіне түсірілген мәтіндерінде бүгінгі орфографиялық ережелер сақталды. 1922 жылғы басылымдағы Һешкім, Һәр, Һәрбір т.б. сөздер бұл жинақта бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес ешкім, әр, әрбір т.б. болып жазылды. Сондай-ақ мәтіндердегі тыныс белгілері бүгінгі пунктуациялық ережелерге сай қайта қойылды.

Н. Сәрсек

«ЕР САЙЫН»

«Ер Сайын» – ел ішінде кең тараған, көлемді, көркем батырлық жырлардың бірі. Жырда Бозмұнай байдың баласы ноғайлы елінің батыры Сайынның ерлігі баяндалады. Қарт ата-ананың бала тілеуі, перзентсіздік зары, әулиелердің, пірдің аян беріп, тілегін қабыл етуі, болашақ батырдың ғажайып тууы, жедел өсіп, ерте есеюі, қалыңдық іздеу, сырт жауға аттану, соғыста сәтсіздікке ұшырап, ақылды әйелінің көмегімен жарақатынан жазылып аман қалу секілді жыр тізбегі сақталған. Сонымен қатар жырда түс көру мен түс жору, батырдың «өліп, тірілуі», соғыста танымай әкесіне найза сілтеуі сияқты мотивтер де қамтылған.

Жыр шежірелік тізбекті сипат алған. Сайын батырдың ұлдары Бөгенбай мен Киікбайдың ата кегі үшін жауға аттанып, қалмақпен соғыста жаралы болған әкесін құтқарып, ерлік көрсетуі баяндалады. Қаһармандық күресті жалғастыратын текті ұрпақтың өсіп келе жатқаны, батырдың ерлік ісін жалғайтын мұрагерлерінің тарих сахнасында көрінуі кейде жеке жыр түрінде жырланады, жырдағы бұл оқиға негізгі сюжетке кірістірілген.

Жыр алғаш рет академик В.В. Радловтың 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и в Джунгарских степях» атты кітабының 3-томында «Сайын батыр» деген атпен жарияланды [21, 166–221].

Ер Сайын» жыры Мәскеуде 1923 жылы Ұлттар комиссариаты жанындағы Күншығыс баспасынан А. Байтұрсынұлының құрастыруымен, баспа директоры Нәзір Төреқұлов пен әдеби қызметкер Әлихан Бөкейханның қолдауымен жеке кітап болып жарық көрген [5].

Ұлт тәуелсіздігін аңсаған Алаш қайраткерлері ел ішіндегі ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мәселесін күн тәртібіне қойған болатын. Сол кезден бастап 1914 жылы Орынбордағы білімпаздардың алғашқы съезінде ауызша айтылып жүрген фольклорлық шығармаларды жинап, өңдеп, баспаға дайындап, жарыққа шығару жұмыстарын қолға алды. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы «Ер Сайын» жырын таңдап алып жариялауы кездейсоқ емес [57, 37].

Жырдың Радлов нұсқасын С. Сейфуллин 1933 жылы «Батырлар жыры» жинағына [24, 181–226], С. Мұқанов 1939 жылы «Батырлар» атты эпостар жинағына енгізген [29, 345–392]. Кейін 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы» [48, 31–52], Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» [49, 170–215], 1993 жылы «Алтын сандық» [50, 206–249], 1994 жылы «Ел қазынасы – ескі сөз» [51, 206–249] атты жинақтарда, «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 44-томында [60, 135–179], «Батырлар жыры» 50 томдық жинақтың 2-томында [61, 135–179], Мәшһүр Жүсіп көптомдық шығармалар жинағының 5-томында [62, 129–175], онтомдық «Дала фольклоры антологиясының» 1-томында [75, 407–454] басылды. «Литературный Казахстан» журналында орыс тілінде эпостың ықшамдалған нұсқасы – А. Пенковский аудармасы жарияланды [26].

Орыс ғалымы В.В. Стасов жыр жөнінде алғаш пікір білдірген, ол «Ер Сайын» жырынан мысалдар келтіріп, түркі-монғол

эпосындағы көптеген сюжеттердің орыс былиналарында кездеспейтінін дәлелдейді [20, 316].

Сайын батырға арналған жыр туралы М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Ш. Ыбыраев т.б. ғалымдар зерттесе [23], зерттеуші Г. Абитова кандидаттық диссертация көлемінде қарастырды [64].

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым ордасына қарасты ОҒК мен М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ қолжазбалар қорында «Сайын батыр» жырының М.-Ж. Көпеев, Р. Игнатьев, Қ. Иманов, Е. Сембеков т.б. жеткізген қолжазбалары сақтаулы [77]. Олардың сюжеттік құрылымы В.В. Радлов бастырған мәтіннен алшақ емес.

«Ер Сайын» жыры ақынның есімі ресми түрде ақталғаннан кейін 1991 жылы «Ақ жол» атты жинақта бірінші рет кирилл әрпінде басылым көрді [9, 97–142]. Кітапты құрастырып, алғы сөзін жазған академик Р. Нұрғалиев «Ер Сайын» жыр мәтінін баспаға әзірлеген.

Кейін жыр мәтіні 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының 5-томына [14, 14–75], 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағының 5-томына [17, 12–73] енгізілген. Екі басылымның да жауапты редакторы А. Ісімақова. Оның алғашқысын А. Ісімақова мен Р. Имаханбетова құрастырып, баспаға дайындап, ғылыми түсінігін жазған, ал кейінгі басылымды Р. Имаханбет жеке құрастырып, түсініктерін жазып, жауапты шығарушы міндетін атқарған.

1923 жылғы басылым А. Байтұрсынұлы тарапынан біршама өңделіп, редакцияланғаны Радлов нұсқасымен мәтіндік салыстыру барысында аңғарылады.

В. Радлов жариялаған жыр нұсқасында:

«Бұрыңғы *елдің барында,*
Өткен елдің заңында,
Сол елдердің тұсында
Ноғайлы деген *халық* өтті

Үш шарбақты *кент өтті.*
Ноғайлының үш кенті,
Заманында жарлы өтті…» – деген өлең жолдары 1923 жылғы А. Байтұрсынұлы дайындаған нұсқада:

«Бұрыңғы *өткен заманда,*
Дін мұсылман аманда
Үш шарбақты, *үш кентті.*
Ноғайлы деген *жұрт* өтті
Бір замандар болғанда.
Ауыр дәулет мол кетті,
Жарлылықтың зары өтті», – деп келеді.

Жырдың тақырыбы А. Байтұрсынұлы жинағында «Ер Сайын» деп берілсе, В. Радлов нұсқасында «Сайын батыр» деп көрсетілген. Жыр А. Байтұрсынұлы өңдеген нұсқада екі бөлімнен тұрса, В.В. Радлов жинағында тұтас берілген. 1923 жылғы басылымда жыр мәтіні біткенде *«Соңы»* деген белгі қойылған.

«Ер Сайын» жырының 1923 жылғы басылымы түпнұсқалық мәтін ретінде қарастырылды. Кітап белгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдық мерейтойына арнап дайындалған, «Г.Н. Потанинге тарту» өлеңімен ашылады. Жыр екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім рим цифрымен белгіленген 5 тараушаға, екінші бөлім 3 шағын тараушаларға бөлінген отырған. 7–8 буынды жыр үлгісінде жырланған. Алғашқы бөлім 1493, «Ер Сайынның» аяғы» аталатын екінші бөлім 492, жырдың жалпы көлемі 1978 жолдан тұрады.

Академиялық басылымдағы қалып бойынша жыр мәтіні ғылыми түсінікте сілтеме жасауға ыңғайлы болу үшін тұтас нөмірленіп, он жол сайын көрсетіліп жазылып отырды. Кітапты баспаға дайындаған А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейханның қолында «Ер Сайын» жырының аяқталмаған нұсқасы болған, сол себепті жырдың аяғын басқа нұсқадан алып қосқан деп болжаймыз.

«Ер Сайын»	«Ер Сайынның» аяғы
	Сайын сүйтіп қалған соң,
Аюбике сол сұлу	*Оны сұлу білген соң,*
Екі бетін алады,	*Екі бетін алады,*
1490 *Қара шашын жаяды.*	1490 *Қара шашын жаяды,*
Үйге кетті жұлқынып,	*Үйге кетті жұлқынып,*
Жын ұрғандай бұлқынып,	*Жын қаққандай құтырып.*
Дауыс қылды отырып.	*Суырып салды отырып,*
Соңы	*Батырды сұлу жоқтады:*

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей жырдың соңындағы кейбір жолдар «Ер Сайынның» аяғында өзгеріссіз қайталанады. Сондықтан мәтіндегі өлең жолының нөмірі «Қара шашын жаяды» деген 1490-жолдан бастап жалғастырылды.

Жыр соңында «Қыр баласы» (Ә. Бөкейханның лақап аты) атынан жырға түсініктеме берілген. Түсініктемеде ұсынылып отырған «Ер Сайын» жыры мен В.В. Радлов жариялаған «Сайын батыр» шығармасының бір екендігі, айырмашылығы – Байтұрсынұлы жариялап отырған нұсқада жырдың екі бөлімге бөлінуі, ал В.В. Радловта тұтас берілгені айтылады.

Кітап соңында Ә. Бөкейханның ғалымның өмірбаяны, қызметі, қазақ халқына жасаған еңбегі жайында «Григорий Николайыш Потанин» атты көлемді мақаласы берілген. Бұл мақала 1991 жылғы басылымға енбеген, ал 2006, 2013 жылғы басылымдарда жарияланған.

«Ер Сайын» жырының 1923 басылымын және 1991, 2006, 2013 жылғы жинақтарды мәтіндік салыстыру барысында төмендегідей айырмашылықтар анықталды.

1923 жылғы басылымның ішкі мұқабасындағы: *«Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші: Байтұрсынұлы Ақымет»* деген сөйлем 2006 жылғы басылымда өзгеріссіз осылай берілген, 1991 жылғы жинақта: *«*Жыршылар *аузынан...* алып, 2013

жылғы басылымда *«... өңдеп өткізуші...»* болып өзгеріске түскен [17, 97].

«Г.Н. Потанинге тарту» өлеңіндегі жер атауы 1991 жылғы жинақта: *«Ямыштың»* деп бүгінгі емлеге түсіріліп жазылған, 2006 жылғы көптомдықта «Иәміштің» деп жіңішке тұлғада, 2013 жылғы алты томдықта «Иамыштың» болып жуан берілген. Бұл академиялық жинақта «Ямыштың» болып берілді.

1923 жылғы басылымда – «*Ылаңды* зор соғыстың *тұсы* боп тұр», 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Алаңды* зор соғыстың *тұсы* боп тұр», ал 2013 жылғы алты томдықта – «*Ылаңды* зор соғыстың *түсі* боп тұр» болып қате басылған. Бұл жинақта 1923 жылғы басылым негізге алынды.

1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда бөлім «I» деп рим санымен көрсетілсе, 1991 жылғы жинақта – «*Бірінші бөлім»* деп берілген.

Үшінші шумақтың бірінші тармағы 1991 жылғы жинақта – «Ергенге жолың сара *лақпайтын*»; 2006 жылғы көптомдықта – «Ергенге жолың сара *ұлақпайтын*», 1923, 2013 жылғы алты томдықта – «Ергенге жолың сара *ұлақбайтын*» деп берілген. Бұл жинақта 1923 жылғы басылым негізге алынды.

Төртінші шумақтың екінші-үшінші тармағы 1923, 2006 жылғы басылымдарда – «Көп жатқан, мешел болып*, келекеде, Аң* бітіп, жаңа ғана *айақ* басып», 1991 жылғы басылымда – «Көп жатқан, мешел болып*, көлеңкеде, Әл* бітіп, жаңа ғана *аяқ* басып», 2013 жылғы басылымда – «Көп жатқан, мешел болып*, келекеде, Аң* бітіп, жаңа ғана *аяқ* басып» болып берілген. Бұл жинақта 1923 жылғы басылым негізге алынды.

16-жол 1923, 2013 жылғы басылымдарда – «*Алдаға* тілі тимеген», 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Аллаға* тілі тимеген» болып дыбыстық өзгеріске түскен. 105-жол 1923, 2013 жылғы басылымдарда – «Сарайға қашты *Алдалап»*, 1991 жылғы басылымда – «Сарайға қашты *аллалап»,* 2006 жылғы басылымда – *«*Сарайға қашты *Аллалап».* Осы жинақта «Алла» тұлғасында берілді.

1991 жылғы басылымда барлығы 56 түрлі мәтіндік өзгеріс орын алған, соның ішінде төрт жерде бір-бір өлең жолы қысқарып қалған:

45–47-жолдар 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қосылып құлдар кеңесті, / *Төбеде тұрып сөйлесті*, / Сөйлескенде не десті»; 1991 жылғы жинақта курсивпен көрсетілген 46-жол түсіп қалған.

286–287-жолдар 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қашан болар екен?» – деп, / *Екі байғұс жылады»*, 1991 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген 287-жол қысқарған.

1178–1179-жолдар 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қашан қалған шашылып, *Ертоқымнан адасып»,* 1991 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген 1179-жол түсіп қалған.

1669–1671-жолдар 1923, 2006 (жүр еді), 2013 жылғы басылымдарда – «Сайынды іздеп жүреді, / *Жатқан жерін көреді*, Үстіне келіп орнады», 1991 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген 1670-жол қысқарған.

1991 жылғы басылымда 47 жерде сөз тұлғасы өзгеріске түсіп отырған, атап айтқанда 23 жерде етістік тұлғасы өзгеріске түскен:

38-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Тәуіп біткен *орнайды»*, ал 1991 жылғы басылымда «Тәуіп біткен *ортайды»* деп өзгеріске түскен.

92-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Қырармын*!» – деп ақырды», 1991 жылғы басылымда – «*Қырамын!* – деп ақырды»;

179-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Тыныштық ұйқы *ала* алмай», 1991 жылғы басылымда – «Тыныштық ұйқы *таба* алмай»;

217-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Жаста Құдай *демдеген»,* 1991 жылғы басылымда – «Жаста құдай *демеген»;*

229-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Бабасына *сыйына»*, 1991 жылғы басылымда – «Бабасына *сыйынса»;*

404-жол 1923 (*тұрасын)*, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Бәрің таппай *тұрасың»*, 1991 жылғы басылымда – «Бәрің таппай *тұрғаның»*.

469–470-жолдар 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Езу тартпай ұл *өтті*, Абыройлы қыз *өтті*», 1991 жылғы басылымда – «Езу тартпай ұл *өсті*, Абыройлы қыз *өсті*».

637-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Жауды *тілей қалады»*, 1991 жылғы басылымда – «Жауды *тілек қылады»*

746-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жүремін* деп ойладың», 1991 жылғы басылымда – «*Жеңемін* деп ойладың».

807-жол 1923, 2006, 2013 (*Аюбике)* жылғы басылымдарда – «*Айыубике* сұлу *нар»,* 1991 жылғы басылымда – «*Аюбике* сұлу *бар».*

889-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Бірің шығып *тұрмаңыз»,* 1991 жылғы басылымда – «Бірің шығып *ермеңіз».*

918-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Мұнша неге *кернедің*?» 1991 жылғы басылымда – «Мұнша неге *жерледің*?»

973-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Сегіз зергер *орнатты»*, 1991 жылғы басылымда – «Сегіз зергер *арнатты»,*

1261-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Қайт*!» дегенге болмадым», 1991 жылғы басылымда – «*Қай* дегенге болмадым».

1400, 1607-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Жылауменен *күнелтіп»*, 1991 жылғы басылымда – «Жылауменен *күн өтіп».*

1431-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Ат бұруға *күтпеді*, 1991 жылғы басылымда – «Ат бұруға *көнбеді»*,

1453-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Неге бүйтіп *жаурайсың*?», 1991 жылғы басылымда – «Неге бүйтіп *жаурапсың*?»

1455-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Өтірік сөзбен *алдайсың!»,* 1991 жылғы басылымда – «Өтірік сөзбен *алдапсың!»*

1502-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Ер қасқамнан *адастым»,* 1991 жылғы басылымда – «Ер қасқамнан *адасқан».*

1508-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қасқам ішіне *келмеген»*, 1991 жылғы басылымда – «Қасқам ішіне *енбеген».*

1526-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Мен сарғайып *жатқанда»*, 1991 жылғы басылымда – «Мен сарғайып *жатқандай»*.

1817–1818-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қалмаққа *кіріп кетеді, / Бөкембай* мен Қобыланды...*»,* 1991 жылғы басылымда – «Қалмаққа *кеп жетеді, / Бөкенбай* мен Қобыланды».

1876-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қылармын деп *кіжініп»,* 1991 жылғы басылымда – «Қылармын деп *кідіріп».*

1991 жылғы басылымда есім сөз тұлғасы 24 жерде өзгеріске түскен:

96-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Ашумен* бай сабады», 1991 жылғы басылымда – «*Ашуменен* бай сабады»;

142-жол 1923, 2006, 2013 басылымдарда – «*Тезінен* өлім бермедің», 1991 жылғы басылымда – «*Несіне* өлім бермедің»;

200-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Ер *отаны* болғанда», 1991 жылғы басылымда – «Ер *ортасы* болғанда»;

225-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Ертең* мінген атынан», 1991 жылғы басылымда – «*Ерте* мінген атынан»;

262-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Бәйбіше*сі* сөйлейді», 1991 жылғы басылымда – «Бәйбіше *сонда* сөйлейді».

301-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Шамалы *күні* болғанда», 1991 жылғы басылымда – «Шамалы *мезгіл* болғанда»;

346-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жазылып* қойған хаты бар, *Мұны* сіздер ойлаңдар», 1991 жылғы басылымда – «*Жазып* қойған хаты бар, *Мұның,* сіздер ойлаңдар»;

392-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Жаңа туған жас *төлдің!»,* 1991 жылғы басылымда – «Жаңа туған жас *ұлдың!»* болып өзгеріске түскен.

460-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Әр *талапты* ойлады», 1991 жылғы басылымда – «Әр *талайды* ойлады».

670-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Мың *кісіні қолға* алып», 1991 жылғы басылымда – «Мың *кісілік қолды* алып».

720-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бара тұрған* жауыңа», 1991 жылғы басылымда – «*Баратұғын* жауыңа»;

958-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Асы* болар *Аллаға»*, 1991 жылғы басылымда – «*Асылық* болар *аллаға*»;

1043-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Әлемдерге* таң болды», 1991 жылғы басылымда – *Әйел-еркек* таң болды;

1106-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Тілімді *алған* мұсылман», 1991 жылғы басылымда – «Тілімді *алғын,* мұсылман» болып өзгеріске түскен.

1293-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Сайыным* қайда?» *дегенде*», 1991 жылғы басылымда – «*Сәбиім* қайда дегенде*».*

1363-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Балдағы* алтын *ой болат»,* 1991 жылғы басылымда – «*Балдағы* алтын *ақ болат».*

1409-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Кәрілік *мұрдар* ұрмаса», 1991 жылғы басылымда – «Кәрілік *мұндар* ұрмаса»,

1498-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Жеті* Алашты қыдырсам», 1991 жылғы басылымда – «Қыдырсам *алты* Алаштан».

1519-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Қылығың*

еске түскенде», 1991 жылғы басылымда – «*Қалпың* еске түскенде».

1637-жол 1923, 2006 жылғы басылымдарда – *«Сөйлесетұғын* тілі жоқ», 2013 – *«Сөйлесе-тұғын...»*, 1991 жылғы басылымда – *«Сөйлесетін* тілі жоқ».

1652-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*...Еңсеп келген анасы»,* 1991 жылғы басылымда – «*Аңсап келген анасы».*

1660-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Аттың* ерін алысты», 1991 жылғы басылымда – *«Атының* ерін алысты».

1537-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қара қабат *сықылды»,* 1991 жылғы басылымда – «*Қара қабат секілді»,* 1810-жол 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Қорыққан кісі *сықылды*», 1991 жылғы басылымда – «Қорыққан кісі *секілді*».

1991 жылғы басылымда 132-бетте: *«Қара қабат секілді»* деген өлең жолында *«қабат»* деген сөзге: *«Түсіне кірген: қара бетті»* деп сілтеме берілген. Мұндай сілтеме 1923 жылғы басылымда 65-бетте: «Түсіме нешік кірмедің?» деген 1529-өлең жолынан кейін жол астындағы сілтемеде «Түсіне кірген: Қара 58-бетті» деп көрсетілген.

1991 жылғы басылымда 5 жерде бір жол өлең тұтас өзгеріске түскен:

135-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Тойын жасап, ұзатып»,* 1991 жылғы басылымда – «*Ойын-сауық жасатып».*

1552-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Бұл барғаннан бармасам»,* 1991 жылғы басылымда – «Бұл *сапарға жүрмесем».*

1585-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «*Тексеріп қағармын»,* 1991 жылғы басылымда – «Тегіс кезіп қарармын».

1590-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Біріне-бірі ем* екен», 1991 жылғы басылымда – *«Біріне-бірі тең бе* екен*?»*

1649-жол 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – *«Ойнап*

ойын қанады. / Келе жатыр *кемпір сұм»,* 1991 жылғы басылымда – «*Ойнап-күліп қалады.* / Келе жатыр *кемпірдің».*

Осы академиялық жинақта 1991 жылғы басылымдағы мәтіндік айырымдар 1923 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Жырдағы батырдың әкесінің есімі 2013 жылғы басылымда «*Боз Мұнай»* деп бөлек жазылған, осы академиялық жинақта 1991, 2006 жылғы басылымдарда «*Бозмұнай»* болып бірге жазылғаны басшылыққа алынды.

80-жол 1991 жылғы басылымда – «*Хас патсадай* теңселіп», 2006 жылғы басылымда – «*Қас патсадай* теңселіп»; осы жинақта 2013 жылғы басылымдағыдай «*Қас патшадай* теңселіп» деп берілді.

137-жол 1923, 2013 жылғы басылымдарда – «*Дұспандармен* соғысып»; осы жинақта 1991, 2006 жылғы басылымдардағыдай «*Дұшпандармен* соғысып» болып алынды.

1085-жол 1991 жылғы басылымда – «*Түсе-түсе* қалысты», 2013 жылғы басылымда – «*Түсте тисе* қалысты»; осы академиялық жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдардағыдай «*Түстенісе* қалысты» деп берілді.

748-жол 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Өмір *бергей құдайым*!» осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағыдай «Өмір *берген Құдайым»* болып жазылды.

991-жол 1991 жылғы басылымда – «Қылған тойы *мұңасып*», 2013 жылғы басылымда – «Қылған тойы *мін асып*», ал осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдардағыдай «Қылған тойы *мінәсіп*» деп алынды.

2013 жылғы алты томдық басылымда – «Жаз келер, *жадырған* күндер туар», «Өкшесі *сіре* қанамай» (34-жол), «Елде *тауып* қоймайды» (37-жол), *«Қырнышыл* ат мінбедік» (49-жол), «Бір *перзетке* зар болдым!» (174-жол), «*Мағызы* жоқ шөбіңді» (209-жол), «Дұшпаннан ағат *тақтаған»* (230-жол), «Алты *қьфлы* ақ сүңгі» (477-жол), «*Сьфнай* күйін тартысьш» (555-жол) курсивпен берілген сөздер 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда «*жадыраған, сірə, тəуіп, қырыншыл, перзентке, маңызы, сақтаған, қырлы, сырнай»* болып жазылған. Осы келтірілген

мысалдардан 2013 жылғы алты томдық басылымдағы мәтінде емле қатесі көп кездесетіні аңғарылады.

Төменде келтірілген 10 мысалда 2013 жылғы басылымда орынсыз өзгертілген сөздер көрсетілді.

26-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Сол *дүние-қор* зор байдың», ал 2013 жылғы басылымда «Сол *дүние қор* зор байдың» деп курсивпен көрсетілген сөз бөлек жазылған.

305-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Ыңырантты, толғатты»*, 2013 жылғы басылымда – «*Ыңыранды, толғанды»* болып етістік тұлғасы өзгертілген.

359-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Хан мен *билер*, ұрыспа!» 2013 жылғы басылымда – «Хан мен *бектер*, ұрыспа!», 382-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Хан мен билер* қасына», 2013 жылғы басылымда – «*Хан мен бектер* қасына» болып, «билер» лауазымының орнына «бектер» деп ауыстырып қолданылған.

393-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Қанікей*, атын тапқаның?!» 2013 жылғы басылымда – «*Қане-екей*, атын тапқаның?!»

402–403-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Шал да қарап *тұрмады*, Күңіреніп *жырлады»*; 2013 жылғы басылымда – «Шал да қарап *отырмай*, Күңіреніп *жылады»*.

411-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Тамам* жақсы жыйылып», 2013 жылғы басылымда – «*Тамақ* жақсы жиылып».

521-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Батыр Сайын *тұлданды*», 2013 жылғы басылымда – «Батыр Сайын *толғанды*».

551-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Ұлы* сәске болғанда», 2013 жылғы басылымда – «*Әуелі* сәске болғанда».

1050-жол 1923, 1991 (Аюбике), 2006 жылғы басылымдарда – Айыубике *толғатты,* 2013 жылғы басылымда – Аюбике *толғанды*.

1839-жол 1923, 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Шабатұғын* жағына», 2013 жылғы басылымда – *«Шаба*

тұрған жағына». Осы жинақта 2013 жылғы басылымнан басқа жинақтардағы сөз тұлғасы негізге алынды.

222-жол 1923 жылғы басылымда – «*Ҳеш бәндасы* көрмеген», 1991 жылғы басылымда – «*Еш пәндасы* көрмеген», 2006 жылғы басылымда – «*Ҳеш пәндесі* көрмеген», 2013 жылғы басылымда – «*Ҳеш пендесі* көрмеген» болып берілген. Осы жинақта «Еш пендесі көрмеген» деп алынды.

237-жол 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Ала *есігін* алқалап», осы жинақта 1923, 1991 жылғы басылымдардағы «Ала *есегін* алқалап» болып берілді.

242-жол 1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Өзі *ақтың* жолында». 1923 жылғы басылымда араб жазуының емле заңдылығы бойынша сөз бас әріппен жазылмаған. Осы жинақта «Өзі *Ақтың* жолында» болып бас әріппен берілді.

244-жол 1991 жылғы басылымда – «*Аян* беріп кеткен соң», 2006, 2013 жылғы басылымдарда «*Айан* беріп кеткен соң» деп 1923 жылғы басылымдағы жазылу қалыбын сақтаған.

264-жол 1923 жылғы басылымда – «*Ә*, Бозмұнай, Бозмұнай!», 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*А*, Бозмұнай, Бозмұнай», 2013 жылғы басылымда – «*Әй*, Боз Мұнай, Боз Мұнай!»

267-жол 1991 жылғы басылымда – «Жетер ме екем *жаяулап*?», 1923, 2006, 2013 жылғы басылымдарда – «Жетер ме екен *жайаулай»* болып жазылған. Осы жинақта «Жетер ме екем *жаяулай»* болып берілді.

355-жол 2006 жылғы басылымда – «*Хандар-билер* керісіп», 1991 жылғы басылымда – «*Хан мен билер* керісіп»; осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағыдай «*Хандар, билер* керісіп» деп берілді.

418-жол 1923 жылғы басылымда – «*Мұрадына* жеткен соң», 1991 жылғы басылымда – «*Мұратына* жеткен соң», 2006 жылғы басылымда – *«Мирадына* жеткен соң», 2013 жылғы басылымда – *«Мирадтына* жеткен соң».

420-жол 1991 жылғы басылымда – «Күмістен бесік *ойдырды*, / Береннен түбек *қойдырды»*; 2013 жылғы басылымда – «Күмістен бесік *иірді*, Береннен түбек *құйдырды»*; осы жинақта

1923, 2006 жылғы басылымдарда – «Күмістен бесік *идірді*, / Береннен түбек *құйдырды»* болып берілуі негізге алынды.

427–428-жол 1991 жылғы басылымда – «Емшек *берсек*, *ембейді*, / Ет *берсек те*, *жемейді»*; 2006 жылғы басылымда – «Емшек *берсе, ембеді*, / Ет *берсек те, жемеді»*; 2013 жылғы басылымда – «Емшек *берсе, ембейді*, / Ет *берсе де, жемейді»*; осы жинақта 1923 жылғы басылымдағы тұлғада «Емшек *берсе*, *ембеді*, / Ет *берсе де, жемеді»* деп берілді.

430-жол 1991 жылғы басылымда – «*Ергізде* екі көрмеді», 2006 жылғы басылымда – «*Ергіз* екі көрмейді»; 2013 жылғы басылымда – «*Ергіз де* екі көрмеді»; осы жинақта 1923 жылғы басылымдағыдай «*Әр кезде* екі көрмеді» деп берілді.

441-жол 1923, 2006 жылғы басылымдарда – «Дағдардым, жұртым, мен *дейді*, / Ақыл тауып бер *дейді!»* 1991 жылғы басылымда – «Дағдардым, жұртым, мен *енді,* ақыл тауып бер *енді!»* осы жинақта 2013 жылғы басылымдағыдай «Дағдардым, жұртым, мен! – *дейді*, / Ақыл тауып бер! – *дейді!»* деп алынды.

475–476-жолдар 1923, 2006 жылғы басылымдарда – «Балдағы алтын *ой болат Әл* беліне ілгендей», 1991 жылғы басылымда – «Балдағы алтын *ақ болат Аш* беліне ілгендей», осы жинақта 2013 жылғы басылымда – «Балдағы алтын *ай болат Ал* беліне ілгендей» деп берілді.

532-жол 1991 жылғы басылымда – «Ақырында*, бәлем,* құл», 2006 жылғы басылымда – «Ақырында*, бәләм,* құл», 2013 жылғы басылымда – «Ақырында *балам* құл»; осы жинақта 1923 жылғы басылымдағы «Ақырында*, бәлем* құл» деген қалыпта алынды.

568-жол 1991, 2013 жылғы басылымдарда – «Бұған *неғып* шыдайын!» осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдардағы «Бұған *нағып* шыдайын!» деген қалып негізге алынды.

640-жол 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Еркек *мұндар* қырылып», осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағы «Еркек *мұрдар* қырылып» деп берілді.

1187-жол 1991 жылғы басылымда – «Қара *аланы* борбайлап», 2006 жылғы басылымда – «Қара *ала атты* борбайлап»;

осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағы «*Қарала атты* борбайлап» деген қалыпта берілді.

1232-жол 1923, 2013 жылғы басылымдарда – «*Бісміллә́ні* білмеген», 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Бисмилланы* білмеген» болып сөз тұлғасы жазылуында айырма бар.

1243-жол 1991 жылғы басылымда – «*Қазатайым* жер ме екен», 2013 жылғы басылымда – «*Қазан атым* жер ме екен» болып өзгеріске түскен, осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдардағы «*Қазанатым* жер ме екен» деп берілді.

1257-жол 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Түсші *бала* бар еді», осы жинақта «Түсші *балы* бар еді» деп 1923, 2013 жылғы басылымдар бойынша алынды.

Жауырыншының жоруына сенбей, Қобыландының тілін алмай, Ер Сайын Аллаға сыйынып жалғыз өзі соғысқа кіреді. Дегенмен қалмақтарды жеңе бастағанда Алланы еске алмай, бабасына жалбарынбайды, сондықтан жаралы болып опық жейді.

1336, 1478-жол 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «Таңдап мінген *қара ала ат»,* бұл жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағы бойынша «Таңдап мінген *қарала ат»* деп берілді.

1461-жол 1991 жылғы басылымда – «*Айтпасқа енді* болмасты», 2013 жылғы басылымда – «*Айтпасқа* болмасты», осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдардағы бойынша *«Айтпасақ та* болмас-ты» деп алынды.

1376–1377-жол 1991 жылғы басылымда – «Қызыл *ою боярсың! Қолы, бетің қызарып»,* 2006 жылғы басылымда – «Қызыл *ойран боярсың! Қолы бетің қызарып»,* осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағыдай «Қызыл *ойран бұйырсын! Қолы-бетің қызарып»* деп алынды.

2006 жылғы жинақта 1991 жылғы басылымда өзгертілген өлең жолдары түпнұсқа бойынша қалпына келтірілген. Дегенмен жекелеген сөздер дұрыс танылмаған тұстар кездеседі.

1923 жылғы түпнұсқада – Соңы. Ер Сайынның айағы (1). 1991 жылғы басылымда – Екінші бөлім. Келесі жолға «I» рим цифры қойылған.

1923 жылғы түпнұсқада – Сайын сүйтіп қалған соң,

Оны сұлу білген соң,
Екі бетін алады,
Қара шашын жаяды,
Үйге кетті жұлқынып,
Жын қаққандай құтырып.
Суырып салды отырып,
Батырды сұлу жоқтады:
1991 жылғы басылымда – *7 өлең жол түсіп қалған:*
.....
Батырды сұлу жоқтады:
2006, 2013 жылғы басылымдарда – *Сұрын* салды отырып,
Батырды сұлу жоқтады:

1510-жол 2006 жылғы басылымда – «*Ойнар-күлер* шағымда», 2013 жылғы басылымда – «*Ойнар, күлер* шағымда», осы жинақта 1923, 1991 жылғы басылымдардағы бойынша «*Ойнап-күлер* шағымда» деп алынды.

1517-жол 1991, 2006 жылғы басылымдарда – «*Маңайға* бойдақ жүргізбен», осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдардағы бойынша *«Маңайыңа* бойдақ жүргізбен» болып берілді.

1545-жол 1991 жылғы басылымда – «Екеуі *естен* адасты», 2013 жылғы басылымда – «Екеуі *есінен* адасып», осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдар бойынша «Екеуі *есінен* адасты» деп алынды.

1566-жол 1991 жылғы басылымда – «*Құлын-тайдай тебіскен»,* 2013 жылғы басылымда – *«Құнан, тайдай тебіскен»,* осы жинақта 1923, 2006 жылғы басылымдар бойынша *«Құнан-тайдай тебіскен»* деп берілді.

1728–1729-жолдар 1991 жылғы басылымда – «*Қорасын* жылқы *көрмейді, /* Сайынды қолға *бермейді»,* 2006 жылғы басылымда – «*Қорасын* жылқы *көрместі, /* Сайынды қолға *берместі»,* осы жинақта 1923, 2013 жылғы басылымдар бойынша «*Қарасын* жылқы *көрмес-ті, /* Сайынды қолға *бермес-ті»* деп көрсетілді.

1592-жол 1923, 2006 жылғы басылымдарда – «*Айыудың* бар ақ дәрісі», 1991, 2013 жылғы басылымдарда – «*Аюдың* бар ақ дәрісі», осы жинақта «*Аюдың* бар ақ дәрісі» деп алынды.

1731-жол 1923, 2013 жылғы басылымдарда – *«Қоланың* шашын *қидық деп» (баспадан кеткен қате болуы мүмкін),* 2006 жылғы басылымда – *«Қолаң* шашын *қидық деп»,* 1991 жылғы басылымда – *«Қолаң* шашын *қиыңыз*» болып өзгерген. осы жинақта «Қолаң шашын қидық деп» деп берілді.

Жыр соңындағы «Г.Н. Потанин» жөніндегі мақалада «Ал енді еурейдің кітабының *алынғаны* күншығыстан келген дейді Г.Н.» деген сөйлемде курсивпен берілген сөз контекске байланысты осылай берілді, дегенмен түпнұсқалық мәтінде «*жалынғаны*» деп жазылған.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағының 1991 жылғы басылымында редакторлық, корректорлық жұмыстар біршама атқарылған, ал 2006 және 2013 жылғы көптомдық жинақтарда тыныс белгілердің дұрыс қойылмауы, кейде жалғау мен шылаудың орны ауысып кету жағдайлары, техникалық, әріп қателерінің әсіресе алты томдық басылымда шамадан тыс көп кездесу жағдайлары барынша түзетілді.

Бұл жинақта жыр мәтіні қазіргі емле заңдылығына сәйкес жазылды, бірақ «қабыртқа», «жүргіл» сияқты кейбір көне түркілік формалар сақталды. 1923 жылғы басылымдағы Һешкім, Һәр, Һәрбір т.б. сөздер бұл жинақта бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес ешкім, әр, әрбір т.б. болып жазылды. Сондай-ақ мәтіндердегі тыныс белгілері бүгінгі пунктуациялық ережелерге сай қайта қойылды.

«Ер Сайын» жырының 1923 жылғы басылымының мазмұны факсимиледе берілгендіктен кирилл әрпіне түсірілген мәтін соңына қойылмады.

Мәтінге текстологиялық салыстырулар жасалғанда ахметтанушы ғалымдардың, фольклортанушылардың іргелі зерттеу жұмыстары басшылыққа алынды.

«Ер Сайын» басылымының соңында Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасынан жарық көрген кітаптар мен оларды қайдан алуға қатысты мәліметтер көрсетілген. Бұл мәліметтер түсінікке өзгеріссіз беріліп отыр.

Жарнама

Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасөз кеңсесінің басып шығарған қазақша кітаптары мына кісілерде сатылады:

1) Семейде Тұрғанбайұлы Мәннан
2) Алашта Есіркепұлы Абдолла
3) Қарқаралыда Сапақұлы Рақымбай
4) Керекуде (Павлодар) Омарұлы Уәлихан
5) Омбыда Сейітұлы Мұратбек
6) Қызылжарда (Петропавловск) Тілеуұлы Жұмағали
7) 24 саует (совет – ред.) мектебінде (Қызылжар үйезі) Жантеліұлы Ахмет
8) Көкшетауда Малдыбайұлы Біләл
9) Атбасарда Мешінбайұлы Сыздық
10) Ақмолада Төреқожаұлы Зейнолла
11) Шарлақта Елібайұлы Уәли
12) Қостанайда Майлыұлы Бейімбет
13) Торғайда Шоланұлы Мұнайдар
14) Орынборда Алдыоңғарұлы Ерғали
15) Ақтөбеде Арынғазыұлы Қасым
16) Ақбұлақта Мұртазаұлы Әбдірахман
17) Текеде (Орал) Ізбасұлы Халиолла
18) Жымпитыда Ешмағамбетұлы Әмірғали
19) Електе Ақтанұлы Керей
20) Үйшікте (Гурьев) Өтеуұлы Әділгерей
21) Ордада Лекерұлы Әзімбай
22) Тәшкенде Байтасұлы Абдолла
23) Түркістанда Өтегенұлы Садық
24) Ақмешітте (Перовск) Жұмағұлұлы Әбіл
25) Қазалыда Күзембайұлы М.
26) Шиеліде Қоңыратбайұлы Қалжан
27) Алматыда Тілші басқармасы
28) Адайда (Форт-Александр) Мыңбайұлы
29) Әулиеатада Байсейітұлы Ғазиз

30) Піспекте Абдоллаұлы Қалдыбай
31) Шымкентте Жәрменұлы Елемес
32) Слаугородта Желкілдекұлы Сағдат

Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы. Мәскеу, Никольский көше, 10-үй

Басылып шыққан кітаптар

1 «Темірқазық» журналы № 1, 2, 3
2 «Макардың түсі». Кордленкодан аударушы Қыр баласы
3 Коммунист партиясының ұлт мәселесі туралы жобасы, аударушы Қыр баласы
4 Жұрт немен тіршілік қылады? Дикштейннен аударушы Қыр баласы, Ғаббас
5 Мың бір мақал. Жинаушы Баржақсыұлы
6 «Ер Тарғын» Марабай. Өңдеген Қыр баласы

Жақында басылып шығатын кітаптар

1 «Кенесары–Наурызбай». Нысанбай. Жазып алған Басығараұлы
2 Жердің үскі қабаты. Зубрилиннен аударушы Мәметұлы
3 Өсімдіктер һәм олардың өмірлері. З-нен аударушы Қыр баласы
4 Құрғақшылыққа қарсы шаралар. Лискуннен аударушы Қыр баласы
5 Ауыл шаруасын қалай жөндеу керек. Зубрилиннен Көкебайұлы
6 Маңқа ауру һәм оған қарсы шаралар. Скомороховтен аударушы Қыр баласы
7 Кавказ тұтқыны. Л.Н. Толстойдан аударушы Қыр баласы
8 Сурет қонақ үйі. Аударушы Қыр баласы
9 Хажы-Мұрат. Аударушы Қыр баласы
10 Мысалдар. Аударушы Қыр баласы
11 Жетіқарақшы. Аударушы Қыр баласы

12 Коммунистер партиясының 25 жылдығы. Ледовтан аударушы Ғаббас
13 Ертегілер. Горкийден аударушы Жұмабайұлы
14 «Тазша». Жазып алған Басығараұлы
15 «Даруын (Дарвин – ред.) оқуының негізі». Лебедевтен аударушы Ыбыраш һәм тағы басқалар.

Ж. Рақыш

23 ЖОҚТАУ

А. Байтұрсынұлы жинап, бастырған сөз үлгілерінің бірі – «23 жоқтау» жинағы. Бұл жинақ 1926 жылы Мәскеуде жарық көрген. Кітаптың ішкі мұқабасында «Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» деп жазылған. Жинаққа енген жоқтау мәтіндерін А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхан түзетіп, өңдеген. 1926 жылы басылған кітаптың ішкі мұқабасында «Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет, Қыр баласы» деп жазылған. Жинаққа қазақ халқының елге белгілі тұлғаларын жоқтаған жоқтаулармен қатар, қырғыз жоқтауларының нұсқалары да енгізілген. Жеті жоқтаудың В.В. Радлов жинақтарынан алынғаны сілтемеде айтылған. Олардың үшеуі қырғыз жоқтаулары: «Жантай», «Шоқшолой», «Қыздың жоқтауы (Қырғыз қыздарының қошоғы)». Төртеуі – қазақ жоқтаулары: «Кеңгірбай», «Алтай тәти», «Әбжан», «Балқын қыздың жоқтауы». Бірақ бұларды В.В. Радлов жинағындағы мәтіндермен салыстырғанда, айырмашылықтар бар екені анықталды. В.В. Радловтан алынған жоқтаулардың кейбірі қысқартылған, кейбірінің мәтіні түзетіліп, сөздері өзгертілген. Бұл айырмашылықтар туралы түсініктерде берілген мәтінаралық салыстыруларда айтылды.

Жинақта «Бастырушыдан» деген тақырыппен алғысөз берілген. Онда бұл жоқтаулардың не мақсатпен кітап болып басылғаны айтылады. Алғысөзде құрастырушы «Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз?» деген сұрақ қойып,

оған жауап ретінде «Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді, тағы тағы осындайларды» алу керектігін айтады. «Бұл «Жоқтаулардың» ішінен әзіргі заманның жас тілшілері, жазушылары талай материал табар деген үмітіміз бар» дегенді де қосады. «Бастырушыдан» соң бірден Шәңгерей Сейіткерейұлының өлеңі берілген. Өлеңнің тақырыбы жоқ.

Бұл жинақтағы жоқтаулардың кейбірі 1990 жылы «Боздағым» атты жинақта жарық көрген. Бірақ кейбір жоқтаулардың 1926 жылғы басылымдағы мәтіндерден айырмашылығы бар. Оның себебі, бұл басылымдағы кейбір жоқтаулар тікелей В.В. Радловтың жинағынан алынған. Бұл кітапта жоқтаулардағы көп жолдар қысқартылған. Ал «23 жоқтауда» берілген үш жоқтау, «Кенесары-Наурызбай», «Қыздың жоқтауы», «Жолдыбай» бұл жинаққа енбеген.

1991 жылы «23 жоқтаудағы» мәтіндер толығымен А. Байтұрсынұлының өлеңдері, тәржімәлары, публицистикалық мақалалары және әдеби зерттеуі жинақталған «Ақ жол» кітабында басылған. Бұл кітапта 1926 жылғы басылымның құрылымы сақталған, мәтіндерде де айырмашылық жоқ дерлік. Тек ішінара түсіп қалған жолдар мен өзгертілген сөздер кездеседі.

Мұнан кейін бұл кітаптағы жоқтау үлгілері толығымен 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының бесінші томында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағының бесінші томында жарық көрді. Бұл басылымдарда мәтін 1926 жылғы жинақ бойынша дайындалған, осы кітаптың құрылымы сақталған. Десе де, түсіп қалған жолдар мен өзгертілген сөздер кездеседі. 2013 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында «23 жоқтаудағы» он екі мәтін, атап айтқанда, «Байжігітті әйелінің жоқтағаны», «Есмағамбетті әйелінің жоқтауы», «Ысмайыл ханды ханымы Күнжанның жоқтауы», «Мамайды шешесі Қараулектің жоқтап айтқаны», «Қаздауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауы», «Кеңгірбайды жоқтау», «Алтай Тәтіні жоқтау», «Төлебайды он екі жасар қыз баласының

жоқтауы», «Төлебайды келінінің жоқтауы», «Төлебайды жамағатының жоқтауы», «Әйекені жоқтау», «Әбдіғаппарды жоқтау» берілген. Осы басылымдардағы мәтіндер 1926 жылғы жинақпен салыстырылып, өзгертілген жерлері осы жинақта қалпына келтірілді.

1926 жылғы жинақта сөздердегі *х, h* әріптерінің орнына *қ* әрпі жазылған. Оның себебі, 1924 жылы 12 маусымда Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде Е. Омарұлының жасаған баяндамасынан кейін кейбір әріптер әліпбиден алынып тасталған. Е. Омарұлы жазу ережелеріне қатысты баяндамасында «х», «ш», «ф», «h» әріптері қазақ әліпбиінен шығарылсын деген жобаға қатысты пікірін айтқан: «...бұл төрт дыбыс төртеуі де қазақ тілінде жоқ; «ш» мен «ф» дыбыстары («ш»-ның «ч»-дан басқалығы) мүлде жоқ; бірен-саран «ау-хау», «ахау», «ah», «уh» сықылды одағайларда болмаса, «х» мен «h» да кездесе бермейді. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақша әліпбиге кіргізгенде, «hәм», «хәріф», «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің онысы қата. Қазақ тілінде жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөздер жалпыға жат болып қала береді; сүйте келе қазақша әдебиет тілі бұқара тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөздерімізге түсінбейтұн болады, ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып бұқара оқығандардан қалысбай, жат сөздерді жат дыбыстар мен бұлжытбай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады» [58, 21–34].

Бұл съезд материалдары 1925 жылы кітап болып басылып шыққан. «23 жоқтау» жинағы 1926 жылы басылғандықтан, осы ережелердің сақталғаны байқалады. Бұл басылымдағы мәтінде *х*, *h, ф* әріптері кездеспейді. *Хан, халық, хат, хабар* сөздерінің барлығы *қ* әрпімен басталып *қан, қалық, қат, қабар* болып жазылған. *Халифа* сөзі – *қалипа* болып берілген. *Қаhар* сөзі – *қар* немесе *қақар* болып жазылған. Е. Омарұлының баяндамасында

ш әрпін әліпбиден шығару керек деп айтылғанмен, 1926 жылы жарық көрген «23 жоқтауда» бұл әріп қолданылған. *Шәңгерей, шешен, ешбір* деген сөздерде *ш* әрпі жазылған.

Бұл жинақта 1926 жылы жарық көрген кітаптағы мәтінде *дұспан, бейіс, патса, мақсұт, Қақ, қалипа, қалық, қан, қал, қат, қабар, қақар* болып жазылған сөздер бүгінгі орфографиялық және орфоэпиялық ережелерге сәйкес *дұшпан, бейіш, патша, мақсат, Хақ, халифа, халық, хан, хал, хат, хабар, қаһар* болып жазылды. Бұл *тұңғиа, тұйақ, құлиа, аяқ* сияқты я әрпі кездесетін сөздерге де қатысты.

1. Мамай батыр

Бұл – қазақ жоқтауларының ішіндегі ең көнелерінің бірі. Ноғайлы дәуірінен бері халық жадында сақталып, ауыздан-ауызға айтылып, бүгінге жеткен жоқтау. «Өлдің, Мамай, қор болдың» деп мәтелге айналып кеткен тіркес осы жоқтаудан қалған. Жоқтау Мамай батырдың шешесі Қараүлектің атынан айтылады. Мамай – XVI ғасырдың тарихи тұлғасы, Едігенің шөбересі Қырым шекарасына дейін барған батыр. Жоқтауда Мамаймен қатар Орақ батырдың аты аталады. Орақ пен Мамай – XVI ғасырдың алғашқы жартысында Ноғай ордасы мен оған көршілес жатқан Қырым, Астрахан, Қазан хандықтарының тарихына елеулі ықпалы болған тарихи тұлғалар. Қазақ, ноғай, татар сияқты түркі халықтарында оларға қатысты аңыз-әңгімелер мен жырлар көп сақталған. Солардың бірі Мұрын жыраудың жырлауымен бізге жеткен «Қырымның қырық батыры» эпикалық цикліне кіретін «Орақ, Мамай» жыры. Жырда екі кейіпкер де Мұса бидің ұлдары ретінде айтылғанымен, тарихи деректер Орақтың Мамай батырдың ағасы Алшағырдың баласы екенін көрсетеді. 1926 жылғы басылымда берілген жоқтау мәтіні 191 жолдан тұрады, мәтінде «Мамай – Едіге бидің нәсілінен, XVI ғасырда ойын салған ноғайлының батыры» деп түсінік берілген. Түсінікте *ғасырда* сөзі *әсірде* деп жазылған. Бірақ бұл жинақта бүгінгі орфоэпиялық, орфографикалық ережелерге сай *ғасырда* деп берілді.

Бұл жоқтау «Боздағым» (1990), «Ақ жол» (1991) басылымдарында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағында (2006) және алтытомдық (2013) жинағында, «Бабалар сөзінің» 91-томында (2013) жарияланған.

1990 жылғы «Боздағым» жинағында жоқтаудың 137 жолы ғана берілген, яғни, 54 жолы қысқартылған. Мәтіннің әр жерінен бірнеше жолдан қысқартылған, соңындағы 11 жол да алынып тасталған.

1990 жылғы «Боздағым» жинағындағы жоқтау:

«Қараүлек шешең шерменде,
Баудай болған көңілім,
Тал бойыңды көргенде,
Неғылып тірі отырмын
Мамайжан бүгін өлгенде?!» - деген жолдармен аяқталған. Бұдан кейінгі он бір жол түсіп қалған, яғни 1926 жылғы басылым бойынша жоқтау:

«... *Өлдің Мамай, қор болдың!*
Қарадан туып, хан болдың.
Ерлігің мен билігің
Он сан атты ноғайға
Көрсе түнде таң болдың.
Жаяуларға жол болдың,
Аттыларға тіл болдың.
Өлдің, Мамай, күл болдың,
Күл ұшырған жел болдың,
Иманың болғай жолдасың
Топырақпен тең болдың» деп аяқталады.

1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында бұл жоқтаудың мәтіні 190 жолдан тұрады, «Топырақпен тең болдың» деген 191-жол түсіп қалған. Бұл жинақтағы мәтіннің 1926 жылғы басылымнан көп айырмашылығы жоқ, тек кейбір сөздер өзгертілген.

2006 жылғы көптомдық шығармалар жинағы мен 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Қалмақтың жерін

жерленген» деген 91-жол түсіп қалған. Көптомдық шығармалар жинағында бұл жолмен бірге «Аттыларға тіл болдың» деген 187-жол және «Топырақпен тең болдың» деген 191-жол түсіп қалған. Осы аталған екі жинақтың да түсінігінде бұл жоқтау 190 жолдан тұрады деп көрсетілген, ал 1926 жылғы басылымда – 191 жол. Бұл екі жинақта да 1926 жылғы басылымдағы мәтін соңында берілген түсініктегі *ойын салған* тіркесі *өмір сүрген* болып өзертілген. Бұл жинақтар 1926 жылғы басылыммен салыстырылып, осы айтылған өзгертулер қалпына келтірілді.

«Айбалтасы қанды Орақ» деген 11-жол алтытомдық шығармалар жинағының бесінші томында «Айбалтасы қонды Орақ» болып, «Арыстан, бөрі етін жеп» деген 22-жол «Арыстан, бәрі етін жеп» деп берілген. Бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізге алынып, қалпына келтірілді.

50-жолдағы «Бітіп едің арманың» деген сөйлемдегі *бітіп* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *беріп* деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *берік* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында «Алтын шақтың үстінде» деп берілген 61-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Алтын тақтың үстінде» деп түзетілді.

1990, 1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда «Жау жаулайтын жарағым» деген 67-жолдағы *жаулайтын* сөзі *жайлайтын* болып берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда «Қасыңа әскер ерітсең» деп берілген 33-жолдағы жолдағы *ерітсең* сөзі 1926 жылғы басылым негізінде *ертпей* деп түзетілді.

1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда «Жеті бозды қорғадың» деп өзгертілген 55-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Жеті бұздың қорғанын» деп түзетілді.

Көптомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында «Сымбатты сұлу құрылса» деп берілген 79-жол

1926 жылғы басылым негізінде «Сымбаты сұлу төре еді» деп түзетілді.

«Ойы терең жер еді» деген 83-жолдағы *жер* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *өр* деп берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде *жер* деп түзетілді.

1926 жылғы жинақтағы «Орданың ішін қоршатып» деген 98-жолдағы *ішін* сөзі 1990, 2006, 2013 жылғы басылымдарда *сыртын* деп өзгертілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда «Ішіне жібек жаптырған» деп берілген 107-жолдағы *жаптырған* сөзі 1926 жылғы жинақ бойынша *жайдырған* деп түзетілді.

1990 жылғы басылымда «Ақ құрсағым ауырттың» деп берілген 122-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Аш құрсағым ауырттың» деп түзетілді.

1991, 2006, 2013 жылғы басылымдардағы «Күдерін жаудың үздірдің» деген 131-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Күдеріңді үздірдің» деп түзетілді.

1926 жылғы басылым бойынша «Жұртыңды қалмақ қамады» деген 140-жолдағы жұртыңды сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақтағы және «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *өзіңді* деп берілген. Бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізінде *жұртыңды* деп түзетілді.

151, 171, 176-жолдардағы «Кәрі Үлек шешең» дегендегі Кәрі Үлек есімі көптомдық пен алтытомдықта және «Бабалар сөзінің» 91-томында Қараүлек болып жазылған. Бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізінде берілді.

1926 жылғы жинақтағы «Жауды көрсең заң салдың» деген 161-жолдағы *заң* сөзі 1990 жылғы «Боздағым» жинағында *зең* деп, ал 1991, 2006, 2013 жылғы басылымдарда *жар* деп берілген. Бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

1990 жылғы жинақта «Тірілікте зор болдың» деген 169-жолдағы *тірілікте* сөзі *тірлігіңде* деп берілген. 1991, 2006, 2013

жылғы басылымдарда «Елің қалды тарлықта» деген 175-жолдағы *тарлықта* деген сөз *құлдықта* деп өзгертілген. Бұл басылымда осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

«Өлдің, Мамай, күл болдың / Күл ұшырған жел болдың» деген 188–189-жолдардағы *күл* сөзі 2006 жылғы жинақта *құл* деп берілген. Бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізінде *күл* деп түзетілді.

2. Қаздауысты Қазыбек

Қаздауысты Қазыбек бидің қызы Қамқаның жоқтауы 154 жолдан тұрады. 1926 жылғы жинақтағы жоқтаудың соңында Қыр баласының атынан Қазыбек бидің туған, өлген жылы туралы дерек берілген.

Бұл жоқтау 1926 жылы жарық көрген басылымдағы мәтін негізінде «Боздағым» (1990), «Ақ жол» (1991) кітаптарында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында, «Бабалар сөзінің» 91-томында (2013) жарияланған. Бұл басылымдарда берілген түсініктерде жоқтауды Қаздауысты Қазыбектің қызы Қамқаның шығарғаны айтылған. Ал 1926 жылғы басылымда «Қызы Маңқаның жоқтауы» деп берілген. «Бабалар сөзінің» 91-томындағы түсінікте Қазыбек бидің қызының аты бірде Қамқа, бірде Маңқа, Маңқан, Мәнеке деп әртүрлі айтылып жүргеніне, ал шындығында оның есімі Қамқа екеніне қатысты Тоқтар Арыновтың пікірі келтіріледі [73, 370–371]. «Боздағым» жинағының құрастырушысы, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Арынов бұл туралы мынадай мәлімет береді: «Қаздауысты Қазыбек (1661–1758) туралы жоқтауды шығарған өзінің қызы Қамқа екен. Маңқиып отыра беретін, сабырлы болғандықтан, жұрт Маңқан деп атап кеткен. Тұңғыш рет қағазға түскенде (1926) «н» әрпі түсіп қалғандықтан, жаңылыс «Маңқа» болып жазылып кетеді. Осы жинақты құрастырушы сол Маңқа деген атпен жоқтауды «Қазақ әдебиеті» газетіне 1985 жылдың 11 январында жариялаған болатын. Семей облысы, Көкпекті селосында тұратын қария

Алтынбаев Қалиханның хабарлауымен, біз Қазыбек бидің қызының азан шақырып қойған есімі Қамқа екенін, Маңқан деген лақап аты екені біліп отырмыз. Қалихан ағайдың хабарлауынша Қамқа шешей мен ол кісінің күйеуі Шөрек батырдың бейіттері Семейге таяу Қызыл судың бойында көрінеді» [45, 21]. Бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағыдай «Қызы Маңқаның жоқтауы» деп берілді.

1990 жылы жарық көрген «Боздағым» жинағында бұл жоқтаудың 152 жолы берілген. «Дуалы ауыз айтқан соң» деген 58-жолдан кейінгі «Соларменен бірдей қып» деген бір жол түсіп қалған. 1926 жылғы жинақтағы «Қалған емес мазаққа / Тақта отырған хан болып» деген 65–66-жолдар «Боздағымда» «Қалған емес хан болып» деп бір жолға біріктіріліп берілген. «Жоғалмастай жол салып» деген жолдағы *жоғалмастай* сөзі *жоғалмақтай* деп берілген. «Есіңде болсын бұл ісім» деген жолдағы *ісім* сөзі *есім* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында жоқтау мәтіні толық берілген. Бірақ бұл басылымдарда кейбір өзгерістер орын алған.

2013 жылы жарық көрген алтытомдықта «Алғашқы әкем қараған» деп берілген 20-жол бұл басылымда 1926 жылғы жинақ негізінде «Алашқа әкем қараған» деп түзетілді.

1926 жылғы жинақтағы «Тұтқында қазақ қалғанын» деген 37-жолдағы *тұтқында* сөзі көптомдықта *тұтқынды* болып берілген. Дәл осы жол алтытомдықта «Тұтқынды қазақ қалғаның» деп жазылған. Бұл жол 1926 жылғы жинақ бойынша түзетілді.

«Батыр жинап ел шаппай» деген 45-жолдағы *шаппай* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *шашпай* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы жинақ негізінде *шаппай* болып түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Ерді шауып қан төккен» деп берілген 75-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Елде шауып қан төккен» деп қалпына келтірілді.

1926 жылғы жинақтағы «Қазаққа арнап жол салдың» деген 87-жолдағы *арнап* сөзі көптомдық және алтытомдық

жинақтарда *арман* деп берілген. «Бағынған емес бір ханға» деп келетін 86-жолдағы *хан* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында *жан* деп берілген. «Сүйеніп тұрар ханы жоқ» деген 96-жолдағы *хан* сөзі де көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *жан* болып берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

1991 жылғы басылымда, көптомдық жинақ пен алтытомдықта «Сусыны қатар қазақтың» деп берілген 148-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Сусыны қанар қазақтың» деп түзетілді.

«Бабалар сөзінің» 91-томындағы бұл жоқтауға берілген түсінікте мәтіннің «23 жоқтаудан» алынғаны айтылған. Бірақ 1926 жылғы жинақта жоқтау 154 жол болса, бұл басылымда 97 жолы ғана берілген, 57 жолы қысқарған. Бұдан өзге де 1926 жылғы жинақтан ауытқыған жерлері кездеседі. «Шаншар абыз нәсілінен» деген 14-жол «Шаншара біз нәсілінен» деп берілген. «Қазақтың кегін алғаның» деген 48-жол мен «Қазаққа арнап жол салдың» деген 87-жолдағы *қазақ* деген сөз орнына *халық* сөзі жазылған. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

3. Кеңгірбай би

62 жолдан тұратын жоқтау. Авторы белгісіз. 1926 жылғы басылымда жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны көрсетілген.

В.В. Радловтың кітабында бұл жоқтау мәтіні 71 жолдан тұрады [21; 19–21]. А. Байтұрсынұлы жинағындағы «Тояты қанған соң» деген 31-жолдан кейін «Алыстан тоят тілеген» деген 1 жол; «Қамап ақыл сұраған» деген 39-жолдан кейін «Тобықтының биі еді / Сексенге келген Кеңгірбай / Ішің толды параға, / Парадан алған көп мақпал / Өлгенде қалсын қараңа, / Екі жұртқа жем қылып, / Лажың недір Аллаға?» деген 7 жол; «Қылыш жанай жүреді» деген 51-жолдан кейін «Тұғырға қалған сұңқары» деген 1 жол, жалпы саны 9 жол түсіп қалған. Бұдан өзге де кейбір сөздерде өзгешеліктер бар.

В.В. Радловта «Ұяда сұңқар түлеткен» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Үйде сұңқар түлеткен» деп берілген.

В.В. Радлов жинағында «Алтайы қызыл түлкі атқан» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Алтайы қызыл түлкі алған» деп берілген.

В.В. Радлов жинағында «Қонақ қонса, қон деген» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Қонақ келсе, қон деген» деп берілген.

В.В. Радлов жинағында «Тояты оның қанған соң» деген жолдағы *оның* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында түсіп қалған, «Тояты қанған соң» деп берілген.

В.В. Радлов жинағында «Сауып тұрған бие едің» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Сауып тұрған бие еді» деп берілген.

В.В. Радлов жинағында «Ақ сұңқар ұшып айналған» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Ақ сұңқар ұшып ұядан» деп берілген.

1990 жылы жарық көрген «Боздағым» кітабында бұл жоқтаудың 55 жолы берілген. 36 бетте: «...Суытып қойған тұлпары, Алпыс басты ақ орда, ...Алладан қайтты назарым, Бір күнде кетті базарым, ...Жаздың күні болғанда Күннің көзі байланған, Ақсұңқар ұшып ұядан» деген жеті жолы қысқарған.

Мұнан кейін бұл жоқтау 1991 жылы басылған «Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағы (2006) мен алтытомдық шығармалар жинағында (2013), «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында (2013) жарияланған. Бұл жинақтарда 1926 жылғы басылымдағы мәтін толық берілген. Салыстыра келгенде бұл басылымдардағы мәтін мен 1926 жылғы жинақтағы мәтінде әркелкіліктер анықталды. «Шынжырлы қауға тақтырған» деген 17-жолдағы *тақтырған* сөзі 1991, 2006, 2013 жылғы жинақтар мен «Бабалар сөзінде» *тарттырған* болып берілген.

1926 жылғы жинақтағы «Тұлымдыға байлатқан» деген 21-жолдағы *тұлымдыға* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық

жинақта *тұлымдығы* болып жазылған. 1926 жылғы басылым бойынша «Тояты қанған соң» деген 33-жол 1991, 2006, 2013 жылғы жинақтар мен «Бабалар сөзінде» «Тояты әбден қанған соң» деп берілген. «Толарсақтан саз келсе» деген 46-жолдағы *келсе* сөзі көптомдық пен алтытомдықта *кепсе* болып кеткен.

1926 жылғы басылымда «*Суытып қойған тұлпары // Алпыс басты ақ орда*» деп келетін жолдардағы *тұлпары* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *тұлпарды* болып, *алпыс басты* деген тіркес *алмас басты* болып берілген. Жинақты әзірлеу барысында 1926 жылғы басылым негізге алынып, бұл өзгерістер түзетілді.

4. Алтай тәти

А. Байтұрсынұлы жинағында бұл жоқтау 174 жолдан тұрады. Жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны көрсетілген. Сонымен бірге Алтай тәтидің кім екеніне қатысты мынадай түсінік берілген: «Бұл Сармантай тәти болса керек. Ол болса, Қарағанды көмір зауыты тұрған Соқырдың бойында осы тәтидің бейіті, елі Қарағанды болысы атанады». Түсінікті беріп отырған Қыр баласы екені көрсетілген. Негізі 1926 жылғы жинақта «Алтай тәти» деп жазылған. 1990 жылғы «Боздағым» жинағында тақырыбы «Алтай тәті» деп жазылғанымен, мәтін ішінде «тәти» деп берілген. Ал «Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы (2006) мен алтытомдық жинағында (2013) бұл сөз «тәті» деп берілген. 1926 жылы жарық көрген жинақта «тәти» деп берілгендіктен, біз де мәтінде солай қалдыруды жөн көрдік.

Бұл жоқтау М.-Ж. Көпейұлының қолжазбаларында да кездеседі. М.-Ж. Көпейұлының осы қолжазбалары негізінде даярланған көптомдық шығармалар жинағының 5-томында жарық көрген жоқтауда да «тәті» деп емес «тәти» деп берілген [62, 30–34]. Бірақ бұл жоқтау мәтінінде қайсы тәти екені айтылмаған, тек «Тәтиді жоқтау» деген тақырыппен жарияланған.

В.В. Радловтың жинағында бұл жоқтау «Тәти Алтайдың баласы өлген соң молда жоқтаған» деп берілген [21, 24-29]. Бұл

жинақта жоқтау мәтіні 180 жол. А. Байтұрсынұлы жинағында 6 жолы қысқартылған.

«23 жоқтауда» «Адал пірдің мүриті еді» деген 53-жолдан кейін В.В. Радлов жинағындағы «Нияз алар мұрыннан, / Мұртты барар жұртынан» деген 2 жол жоқ.

«23 жоқтауда» «Қайрат кетті деп қуанар» деген 77-жолдан кейін В.В. Радлов жинағындағы «Сызған сиядай» деген бір жол түсіп қалған.

«23 жоқтауда» «Төр алдына бармасын» деген 92-жолдан кейін В.В. Радлов жинағындағы «Сұм дүние өтерін / Осыменен ойласын!» деген екі жол жоқ.

«23 жоқтауда» «Төр алдына бармасын» деген 99-жолдан кейін Радлов жинағындағы «Торқадан көйлек кигейсің!» деген бір жол түсіп қалған.

Бұдан өзге де мәтін ішінде өзгертілген сөздер бар.

В.В. Радлов жинағындағы «Тілі шайпау тентегін / Ақылымен тоқтатқан» деген жолдар А. Байтұрсынұлы жинағында «Тілі шайпау тентектер / Ақылына тоқтаған» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Ақ сұңқар құстай дауысты» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Ақ сұңқар құстай шалысты» деп берілген. Бұл жерде, сірә, В.В. Радлов жинағында «Көлдегі аққу дауысты, Ақ сұңқар құстай дауысты» деген екі жолда *дауысты* сөзі қайталанып, қате кетсе керек.

В.В. Радлов жинағындағы «Екі де тізгін бір айыл» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Екі де айыл тізгін бір» деп түзетілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Сүйіндіктің баласын / Өз ұлындай билеген» деген жолдардағы *ұлындай* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында *аулындай* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Әруақты ердің күші еді» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Әруақты ердің түсі еді» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Адал пірдің мұрты еді» деген жолды А. Байтұрсынұлы «Адал пірдің мүриті еді» деп берген.

В.В. Радлов жинағындағы «Қос қонысын сұрасаң» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Күз қонысын сұрасаң» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Тай қысрақ қалмаған» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Тайы қысырап қалмаған» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Беткейге біткен райдай» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Беткейге біткен рай еді» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Қайрат кетті деп қожалар» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Қайрат кетті деп қуанар» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Дұшпанның көңілі тынды ғой» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Дұшпанның көңілі уанар» деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Атпен желі тарттырды» деген жолдағы *тарттырды* деген сөз А. Байтұрсынұлы жинағында *тарттырдым* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Мың миллион кетсе де» деген жолдағы *кетсе де* деген сөз А. Байтұрсынұлы жинағында *кісі де* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Төре алдына бармасын!» деген жолдағы *төре* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында *төр* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Көпсінгенде дәулетің!» деген жолдағы *көпсінгенде* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында *көпсігенде* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Ақ кіреуке сыймаған» деген жолдағы *ақ кіреуке* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында *ақ-кер үйге* деп берілген.

В.В. Радлов жинағындағы «Мырзадай мұнда жарасқан» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Мұндай мырза жарасқан» деп берілген.

Жоқтау 1990 жылы «Боздағым» басылымында, 1991 жылы «Ақ жол» жинағында, 2006 жылы Ахмет Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының 5-томында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағының 5-томында, 2013 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында жарияланған. 1991 жылғы жинақта және көптомдық шығармалар жинағы мен «Бабалар сөзінде» 1926 жылғы басылымдағы мәтін толық берілген. Алтытомдық шығармалар жинағында «Осыменен ойласын! / Мың мүлиен кісі де» деген 90 және 91-жолдар және «Ақ сарайға кіргейсің!» деген 98-жол түсіп қалған.

«Боздағым» жинағында жоқтаудың қайдан алынғаны айтылмайды. Алтай тәтидің XIX ғасырдың аяғында өмір сүргені (туған, өлген жылдары белгісіз), Қарағанды болысына қарағаны туралы дерек берілген. Бұл басылымда жоқтау мәтіні 148 жол, 26 жол түсіп қалған. «Жә, Мұқамбет қолдағай / Көп жылаған үмбетін» деген 103–104-жолдар, «Қожалардың айтқаны» деген 112-жолдан бастап «Бұ дүниеден жөнелді» дейтін 117-жолға дейін алты жол түсіп қалған. «Ат басына соқтырып» деген 157-жолдан бастап соңғы 18 жол түсіп қалған. 1926 жылғы жинақ бойынша «Бетегелі кең тарлау» деген 74-жолдағы *кең тарлау* тіркесі *кең жайлау* деп берілген. Ал «Беткейге біткен рай еді» деп келетін 75-жолдағы *беткейге* сөзі *бетегелі* болып жазылған. «Төр алдына бармасын» деген 92-жолдағы *бармасын* сөзі *бармаған* деп берілген. «Аллаға ісің ақ болса» 97-жолдағы *Аллаға* сөзі *алдағы* деп кеткен.

45-жолдағы «Адалдығы әлімдей» деген тіркестегі *әлімдей* сөзі Ахмет Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында *алымдай* болып берілген, ал «Ақ жол» жинағы мен «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында *ғалымдай* деп берілген. Негізінен, үшеуі де дұрыс, «*алим»* арап тілінде *ғалым* деген мағынаны білдіретін сөз. Ал Ахмет Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағында *әлемдей* болып қате кеткен. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде *әлімдей* болып түзетілді.

1926 жылғы басылым бойынша «Дін сөзіне тоймаған» деген 46-жолдағы *тоймаған* сөзі көптомдық пен алтытомдықта *таймаған* деп берілген. «Бабалар сөзінің» 91-томында бұл жолдың орнына және «Асылық айтып Аллаға» деген 43-жолдың орнына көп нүкте қойылған. Ахмет Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында «Әруақты ердің түсі еді» деген 52-жолдағы *түсі* сөзі *тұсы* деп берілген. «Адал пірдің мүриті еді» деген 53-жолдағы *мүриті* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *мұрты* деп жазылған. «Ойбайменен өнбек жоқ» деген 58-жолдағы *өнбек* сөзі «Ақ жол» жинағында, Ахмет Байтұрсынұлы шығармалар жинағының көптомдығы мен алтытомдығында, «Бабалар сөзінің» 91-томында *келмек* деп берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Беткейге біткен рай еді» деп келетін 75-жолдағы *рай еді* тіркесі «Ақ жол» жинағында, Ахмет Байтұрсынұлы шығармалар жинағының алтытомдығында және «Бабалар сөзінің» 91-томында *раң-ды* деп жазылған. Осындағы *рай* мен *раңға* қатысты М.-Ж. Көпейұлының көптомдық шығармалар жинағының 5-томында мынадай түсінік беріледі: «Бетегейлі кең тарлау // Беткейге біткен райдай» деген жолдары соңындағы «райдай» сөзі түсініксіздік тудырса, кейінгіде оның орнын «раңдай» иеленген. «Раң» сөзіне берілген тіл білімі мамандары анықтамасын еске алайық: «Раң. Көктемнің басында қар суымен шығатын, бойы аласа майда шөп» [62, 228]. Бұл жинақтарды құрастырушылар М.-Ж. Көпейұлының қолжазбаларымен таныс болғандықтан немесе сөздердің мағынасына қарағандықтан, «раңды» деп беруі мүмкін. Алайда 1926 жылғы жинақта «рай еді» деп берілгендіктен мәтінде осылай қалдыру жөн көрілді.

1926 жылғы жинақ бойынша «Қоңсыны күндеп қазбасын» деген 86-жолдағы *қазбасын* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да, «Бабалар сөзінің» 91-томында да *азбасын* деп берілген. «Ішсін, кисін, тойласын!» деген 88-жолдағы *тойласын* сөзі көптомдық жинақта *боласын* деп жазылған. Көптомдық жинақта

«Мың мүлиен кісі де» деген жолдағы *мүлиен* сөзі *молымен* деп берілген. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Бабалар сөзінде» «Ұжмақ төрі он тарау» деген 93-жолдың орнына көп нүкте берілген. Түпнұсқа бойынша 104-жолдағы «Көп тілеуі көл болғай» дегендегі *болғай* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» *болмай* деп жазылған. «Көпсігенде дәулетің» деп келетін 105-жолдағы *көпсігенде* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» *күйіскенде* деп берілген. А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында *дәулетің* сөзі *дәулетін* болып жазылған. Осы айтылған өзгерістер бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» жинағында, «Бабалар сөзі» мен алтытомдық шығармалар жинағында «Аян болсын әулетің» деп берілген 106-жол 1926 жылғы басылымдағы мәтін бойынша «Аян болсын өренің» деп түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» «Боз тайлақтай айдаған» деп берілген 108-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Боз боқтай жұмсаған» деп түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» «Алып бір жоталы *төбе* еді» деп берілген 114-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Алып бір жоталы *мырза* еді» деп, ал «Бұ *дүниеден жөнелді*» деп берілген 116-жол «Бұ *дүниені қиғаны*» болып қалпына келтірілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» «Әр күн болды қазығы» деп берілген 152-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Аз күн болды қазығы» деп түзетілді.

«Әруақ ата қалап» деген 169-жол «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Әруақ ата қолдасын» деп берілген. «Бабалар сөзінің» 91-томында бұл жол түсіп қалған. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Жауаптамаң жар болып» деген 171-жолдағы *жауаптамаң деген сөз* көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінде» *жауаптамақ* деп берілген. «Иінге шайтан мінбесін» деген 172-жол «Бабалар сөзінде» «Итке шайтан мінбесін» деп берілген. Салыстыру барысында анықталған осы өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

5. Кенесары – Наурызбай.

Бұл жоқтау 89 жолдан тұрады. 1926 жылғы жинақтағы түсінікте жоқтауды шығарған Нысанбай туралы 12 жол өлең берілген.

Бұл қиссаны шығарған
Нысанбай деген жыршы еді.
Кене ханның тұсында
Жұрттан озған сыншы еді.
Айтқан сөзі үлгілі
Құлақтың бір құрышы еді.
Өлең-жырға Нысанбай,
Мәшхүр шешен нар еді.
Бір естіген адамдар
Сөзіне тағы зар еді.
Көзімен көріп сөз қылған
Соғыстан өзі бар еді.

Қыр баласы берген түсінікте Кенесары мен Наурызбайдың 1847 жылы өлгені, бұл жоқтаудың Мәскеудегі қазақ бөлімі басқан «Кенесары–Наурызбайдан» алынғаны айтылады. Осы сөйлем түсінікте былай берілген: «Бұ жоқтауды Мәскеудегі қазақ бөлімі басқан «Кенесары–Наурызбайдан» алынды». Осындағы *жоқтауды* сөзі сөйлем мағынасына қарай *жоқтау* болып берілуі керек еді, бұл баспадан кеткен қате болуы мүмкін деп шамалауға болады. Осы томдағы мәтінде бұл сөйлем «Бұ *жоқтау* Мәскеудегі қазақ бөлімі басқан «Кенесары–Наурызбайдан» алынды» деп берілді.

Бұл жоқтау 1990 жылғы «Боздағым» басылымына енбеген. 1991 жылы басылған «Ақ жол» жинағында жоқтау мәтіні толық

берілген. Мұнан кейін жоқтау А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағы (2006) мен алтытомдық шығармалар жинағында (2013) басылған.

1926 жылғы басылым бойынша «Дорбадан жемін жегізген» деген 9-жолдағы *жемін* деген сөз көптомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *жеміс* деп жазылып кеткен. Бұл сөз 1926 жылғы басылымдағы мәтін бойынша түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Ішінде Ыбырай болмаса» деп берілген 51-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Ішінде бір ай болмаса» деп қалпына келтірілді.

1926 жылғы басылымдағы түсінікте берілген 12 жолдық өлеңнің «Жұрттан озған сыншы еді» деген жолындағы *озған* сөзі жоғарыда аталған көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *асқан* деп жазылған. Осы жоқтауға берілген түсініктің аяқ жағында келтірілген «Кенесары – Наурызбай 1847 жылы өлген. Бұл жоқтауды Мәскеудегі қазақ бөлімі басқан «Кенесары – Наурызбайдан» алынды» деген дерек көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта түсіп қалған. Бұл жинақта осы өзгерістер мен түсіп қалған жолдар 1926 жылғы басылым бойынша қалпына келтірілді.

6. Жантай

Қырғыз жоқтауы. 1926 жылғы жинақта берілген түсінікте жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған.

В.В. Радловтың кітабында бұл жоқтау мәтіні 132 жолдан тұрады [22, 590–594]. Ал «23 жоқтауда» – 131 жол, себебі «Тұқымы шеттен ер болған» деген 50-жол түсіп қалған. Енді осы жинақтарда берілген мәтіндер арасындағы өзгешеліктерді қарастырайық.

В.В. Радловтың жинағындағы «Ақ қияның астынан / Ақ жолбарыс қашты тосалық» деген жолдар А. Байтұрсынұлы жинағында «Ақ қияның астынан (қашты) / Ақ жолбарыс тосалық» деп берілген.

В.В. Радловтың жинағындағы «Жау дегенде жатпаған» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Жә, дегенде жатпаған» деп берілген.

В.В. Радловтың жинағындағы «Жау дегенде сүйінген» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Жә, дегенде соңынан» деп берілген.

В.В. Радловтың жинағындағы «Терені төрге күзеткен» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Терені төрге түзеткен» деп берілген.

«23 жоқтауда» Жантай туралы Қыр баласының «Қырғыз Жантай – Кенесары–Наурызбайдың замандасы. Тұқымы Пішпек уезінде» деген түсінігі берілген.

1926 жылғы басылымда 87-жол «Уығының ұшын ұстатқан» деп берілген. Ал В.В. Радловтың жинағында бұл жол «Уығының ұшын ұштатқан» болып келеді. «Боздағым» кітабында жоқтау В.В. Радловтың кітабынан алынғандықтан бұл жол «Уығының ұшын ұштатқан» деп берілген. Ал «Ақ жол» жинағы мен А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында «ұстатқан» деп басылған, оның себебі, бұл басылымдар «23 жоқтаудың» 1926 жылғы жинақты негізге алған.

Жантай Қарабекұлы қырғыздың Сарыбағыш руының XIX ғасырды өмір сүрген белгілі манабы болған. 1990 жылы жарық көрген «Боздағым» кітабында Т. Арынов жоқтаудың В.В. Радловтан алынғанын айта келіп, Жантай туралы мынадай дерек келтіреді: «Жантай – қырғыздың белгілі, беделді адамы болған. 1847 жылы Кенесары мен Наурызбай қырғыздарға тұтқын болғанда, Жантай оларды көп малға қазақтарға қайтармақ болған, бірақ ол ісін іске асыра алмайды. Шамамен 1870 жылдары өлген» [45; 294]. Бұл басылымда жоқтаудың 32 жолы қысқартылып, 99 жолы берілген.

1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында бұл жоқтау 131 жолдан тұрады. 1926 жылғы басылымдағы секілді «Тұқымы шеттен ер болған» деген 50-жол түсіп қалған, қалған

мәтін толық. Мұнан соң бұл жоқтау А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында жарияланған. Бұл екі жинақта жоқтау мәтіні 127 жолдан тұрады, себебі 1926 жылғы басылымдағы мәтіннің төрт жолы түсіп қалған.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Сар бағыс, солодан ілгері» деген 65-жол және

«Хан Жантай сөйлеп бергенде
Хандар басын шайқаған,
Ағала сақал жайпаған»

деген 104, 105, 106-жолдар түсіп қалған. Бұл басылымдарда мұнан өзге де 1926 жылғы жинақтағы мәтіннен ауытқыған жерлері бар.

«Жетелі Жантай ер деген» деген 2-жолдағы *жетелі* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *жетілі* деп жазылған. «Ақ жол» басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көп томдығы мен алтытомдығында «Түбекті найза қопшыған» деген 5-жол «Түбекті найза қойысқан» деп, ал «Қарағай найза қопшыған» деген 7-жол «Ақ жол» жинағында «Қарағай найза қойысқан» деп, ал көптомдықта және алтытомдықта «Қарағай найза қайысқан» деп берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

«Алты ұрықтың данасы» деген 9-жол «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Алты арыстың данасы» деп берілген. Бұл жердегі *ұрық* сөзі қырғыз тілінде «ру, тайпа» деген мағынаны білдіреді [41; 308].

«Хан Жантайды біз айтсақ» деген 12-жолдағы *хан* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында *жан* болып жазылып кеткен. «Ой ақылды білші екен» деген 20-жолдағы *ой* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында *ол* болып берілген. «Ақ қиядан түн қатқан» деген 52-жолдағы *қатқан* сөзі көптомдық шығармалар жинағында да, алтытомдық шығармалар жинағында да *қайтқан* болып жазылған. «Ақ қияның астынан (қашты)» деген 54-жолдағы жақша ішінде берілген *қашты* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Бұл жинақта осы

өзгертілген сөздер мен түсіп қалған жол 1926 жылғы басылымдағы мәтін бойынша қалпына келтірілді.

1926 жылғы басылымда «Хан Жантайдың ерлігі» деген жолдан кейін келетін «Сар бағыс, солодан ілгері» деген 65-жол көптомдықта да, алтытомдықта да түсіп қалған. Бұл жол В.В. Радловтың жинағында «Сары Бағыш, Солтодан ілгері» деп берілген, ал «23 жоқтауда» *солтодан* сөзі *солодан* деп жазылған. Бұл жинақта 1926 басылым бойынша берілді.

1926 жылғы жинақтағы «Шелекте қымыз қылдырған» деген 68-жол «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Шелектеп қымыз құйдырған» деп берілген. В.В. Радловтың жинағында бұл жол «Шелекте қымыз қылдырған» деп берілген. К. Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігінде» бұл сөйлем мысал ретінде беріліп, фольклорлық шығармадан алынғаны көрсетілген (нақты қай шығармадан алынғаны айтылмайды) және орысша аудармасы берілген: «*Шилби жимолость*; волчья ягода; *шилбиден ширге кыйдырган, шелекте кымыз кылдырган* фольк. он приказывал делать намордники (для жеребят) из жимолости, он велел готовить кумыс в бочке» [41, 407]. Бұл жол 1926 жылғы басылым бойынша қалпына келтірілді.

79-жолдағы «Жантай хан жүргенде» деген сөйлем көптомдықта да, алтытомдықта да «Жантай хан *болып* жүргенде» деп берілген. «Жә, дегенде жатпаған» деген 80-жолдағы *жатпаған* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *жақпаған* болып жазылған. «Шаңырағын мататқан» деген 85-жолдағы *мататқан* сөзі «Ақ жол» басылымы мен алтытомдық шығармалар жинағында *жалатқан* болып берілген. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Ақ үйіне қыстатқан» деп берілген 88-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Ақ үйіне қордатқан» деп қалпына келтірілді.

«Терені төрге түзеткен» деген 89-жол көптомдықта да, алтытомдықта да «Төрені төрге түнеткен» деп берілген. «Белен

кілем салулы» деген 92-жол алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. 93-жолдағы «Бек аулына танулы» дегендегі *танулы* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында *Танұлы* болып, 94-жолдағы «Белгілі Жантай айтулы» дегендегі *айтулы* сөзі *Айтұлы* болып жазылған. «Бек астына отырған» деген 95-жол мен «Хан астына отырған» деген 97-жолдағы *астына* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *қасына* болып берілген. «Белбеуін зарға толтырған» деген 96-жол мен «Қалпағын зарға толтырған» деген 98-жолдағы *зарға* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *зерге* болып берілген. 100-жолдағы «Ханнан жемін айырған» деген сөйлемдегі *ханнан* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қаттан* болып берілген. Осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым бойынша түзетілді.

«Бектен жемін айырған» деген 102-жол алтытомдық жинақта «Бектен жемін жайпаған» деп берілген. Мұнан кейінгі «Қара сақал жайпаған» деген 103-жолы түсіп қалған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

7. Шоқшолой қызының жоқтауы

1926 жылғы басылымда берілген түсінікте бұл қырғыз жоқтауының В.В. Радловтан алынғаны айтылған. «Шоқшолой да қырғыз» деп Қыр баласы атынан түсінік берілген.

В.В. Радловтың кітабында бұл жоқтау 94 жолдан тұрады [22, 594–597]. А. Байтұрсынұлы жинағында жоқтаудың 90 жолы берілген, В. В. Радлов нұсқасындағы мәтіннің 4 жолы қысқартылған. А. Байтұрсынов жинағында «Кер жорға қорқып тай болды» деген 7-жолдан кейін «Керней қорқып най болды» деген жол; «Қазда бүтін бар ма екен?» деген 46-жолдан кейін «Хан атекем алмаған / Жауда бүтін бар ма екен?» деген 2 жол түсіп қалған. Осы жолдардан кейін келетін «Үш Қосай менен Таластай / Атекем үрбі менен Манастай» деп келетін екі жол бірігіп кеткен. Бірінші жолдағы *Таластай* деген, екінші жолдағы *Атекем*

үрбі менен деген сөздер түсіп қалған. Осылайша екі жол «Үш қосай менен Манастай» деп бір жолға біріктірілген.

Бұдан өзге де мәтін ішінде өзгертілген сөздер бар. Мысалы, В.В. Радлов жинағындағы «Атекемден сайбаған, Жоода бүтүн бар ма екен?» деген жолдар (Қазақшасы «Атекемнен жеңілмеген, Жауда бүтін бар ма екен?») 1926 жылғы басылымда «Атекемді сүймеген, Жүдә бүтін бар ма екен?» деп берілген. Сондықтан осы басылымды негізге алған басқа жинақтарда да осылай берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылымда қалай берілсе, солай қалдырылды.

В.В. Радлов жинағындағы «Атекем келінің кете кигенде» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Атекем келінің кете кеткенде» деп берілген. Бұл жердегі *кете* деген – қымбат мата [40, 382]. А. Байтұрсынұлының жинағын негізге алған еңбектерде осылайша «Келінің кете кеткенде» деп берілген. Ал А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында кете деген сөз адам аты ретінде бас әріппен (*Атекем келінің Кете кеткенде*) жазылған. А. Байтұрсынұлы жинағыдағы түсінікте бұл жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған. В.В. Радловтың жинағында бұл сөз «кигенде» деп берілген. Жалпы контексте қарастырғанда «кете кигенде» деген тіркес дұрыс мағына беріп тұр, әрі «Атекем, кеңесің жұртқа тигенде» деген келесі жолмен де ұйқасып тұр. Бұл жолдағы «кеткенде» сөзі баспадан кеткен қате болса керек, сол себепті бұл жинақта «Келінің кете кигенде» деп беру жөн көрілді.

В.В. Радлов жинағында «Күрең тай таға салдырған» деген жол А. Байтұрсынұлы жинағында «Күректей таға салдырған» деп берілген.

1990 жылы бұл жоқтау «Боздағым» кітабында жарық көрген. Бұл жинақта жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған. «23 жоқтаудағы» мәтінмен салыстыра қарағанда ондағы кейбір жолдар кездеспейді. Нақтырақ айтқанда «…Қазақтардың оттығын / Түндігінен көтерген, / Алып және тептірген» деген жолдар және «Жақсы шыққан торғайдай / Сайрайды едің, хан

атам!» деген екі жол, мұнан соң «Құрық менен сенектей / Үн алысып жатарға» деген жолдар түсіп қалған. 1926 жылғы басылым бойынша 25-жолдағы «Атекем бейіш (…) өте бар» деген қатардағы *дозақ* сөзі түсіп қалған.

Бұл жоқтау 1991 жылы «Ақ жол» жинағында басылған. Бұл басылымда мәтін 88 жолдан тұрады. «Атекем өтіп кеткен жол еді-ай» деген 48-жол мен «Төріндегі ақ сандық» деген 70-жол түсіп қалған. Мұнан соң бұл жоқтау А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында жарияланған. Көптомдық жинақта жоқтау мәтіні 88 жолдан тұрады, себебі, 1926 жылғы басылымда берілген мәтіндегі «Одан жайды таппасаң» деген 29-жол мен «Төріндегі ақ сандық» деген 70-жол түсіп қалған. Ал алтытомдық жинақта – 89 жол, «Төріндегі ақ сандық» деген 70-жол түсіп қалған. Осы әркелкіліктер мен мұнан басқа да мәтін ішінде кездескен өзгертулер мен қате жазылған сөздер 1926 жылғы жинақ негізінде түзетіліп, қалпына келтірілді.

28-жолдағы «Шомқар сілтеп өте бар!» деген сөйлем мен «Қаршыға сілтеп өте бар!» деген 31-жолдағы *өте бар* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *өте бер* деп жазылған. Көптомдық жинақта 1926 жылғы басылымдағы 26 және 32-жолдарда айтылатын «Онан жайды таппасаң» деген сөйлемдегі *жайды* сөзі *жайлы* болып жазылған. 37-жолдағы «Қопалы көлдің сары өлең» дегендегі *сары өлең* тіркесі «Ақ жол» басылымында, көптомдықта және алтытомдық жинақта *сары елің* болып берілген, ал «Ақ жол» жинағы мен алтытомдықта *Қопалы – Қоғалы* болып жазылған. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Құлашын теппеген / Құда бүтін бар ма екен?» деп берілген 41 және 42-жолдар 1926 жылғы басылым бойынша «Қу лашын теппеген / Қуда бүтін бар ма екен?» деп түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Шуда бүтін бар ма екен?» деп берілген 44-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Жүдә бүтін бар ма екен?» деп түзетіліп берілді.

«Не қарартың дүниеден?» деген 54-жолдағы *қарартың* деген сөз көптомдықта да, алтытомдықта да *қалдырдың* болып берілген. «Іледен сусын бойлаттың» деген 57-жолдағы *Іледен* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *ілеген* деп кеткен. 64-жолдағы «Жерді шалған, хан атам» деген сөйлемдегі *шалған* сөзі көптомдықта да, алтытомдықта да *шалғын* болып жазылып кеткен. 65-жолдағы «Жолдасына жүзді алған» дегендегі *жолдасына* сөзі алтытомдық жинақта *молдасына* деп жазылған. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Бес кекілік таңдап қыз алған» деп берілген 67-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Бес кекілін талдап қыз алған» деп түзетілді.

75-жолдағы «Күректей таға салдырған» деген қатардағы *күректей* деген сөз «Ақ жол» жинағында және көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *күрегей* болып берілген, ал алтытомдық жинақта *таға* сөзі *тағы* болып кеткен. «Құрық менен сенектей» деген 84-жолдағы *құрық* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *құры* болып жазылған. Осы өзгертілген сөздердің барлығы 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

8. Төлебай (12 жасар әйел баласының жоқтағаны)

1926 жылғы басылымда Төлебайды жоқтаған үш мәтін берілген: он екі жасар қызының жоқтауы, келінінің жоқтауы, жамағатының жоқтауы. Осы үшінші жоқтаудың соңында Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын екені туралы түсінік берілген.

Төлебай Танабайтегі – 1835–1891 жылдар аралығында өмір сүріп, билік құрған атақты қазақ биі. Оның арғы тегі қазіргі Торғай облысын мекен етіп келген арғын тайпасынан, одан берегірек шежіреде Шақшақ, Аманжол, Қошай, Үмбетей, Жәнібек, Аралбай, Мырза, Кебек, Танабай болып келеді. Қарпық Шолақұлының Төлебай биге шығарған

жоқтау жырында да бұл шежіре осылай таратылады. Төлебай би Ыбырай Алтынсаринмен (1841–1889) туыстас, замандас болған.

1990 жылы «Боздағым» кітабында жарық көрген жоқтау мәтінінің бас жағында берілген түсінікте Балқожаұлы Ыбырай деген кісінің Ыбырай Алтынсарин екені, Балқожа Жаңбыршыұлы Ыбырайдың үлкен әкесі екені айтылады. 1990 жылғы жинақта мәтіннің бас жағында берілген түсінікте жоқтаудың үшіншісі Төлебайдың бәйбішесінің атынан шығарылған делінген, бірақ мәтінде «Төлебайды жамағатының жоқтауы» деп берілген. Бұл жинақта жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған. «Боздағымда» мәтін 300 жолдан тұрады. «23 жоқтаудағы» мәтіндегі алдыңғы 11 жол және «Бабасының қалыбы-ай, / Мырзалығын сұрасаң» деген жолдар түсіп қалған. «23 жоқтаудағы» «Шырағым деп күлгендей» деген 259-жол «Боздағым» жинағында «Шырағым деп жүргендей» деп берілген. «23 жоқтаудағы» мәтінде «Қайрылып хабар *білгендей*» деп келетін 261-жол «Боздағым» жинағында «Қайрылып хабар *бергендей*»деп берілген.

1991 жылы «Ақ жол» жинағында жоқтау мәтіні 313 жол болып басылған. Мұнан соң бұл жоқтау А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының 5-томында (2006) және алтытомдық шығармалар жинағының 5-томында (2013), «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында (2013) жарық көрген. А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында жоқтау мәтіні – 313 жол, ал алтытомдық шығармалар жинағында 312 жол, бұл басылымда «Қос өкпемнен тигендей» деген 267-жол түсіп қалған.

Ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде:

«Қанатын тосып қақпалап,

Шырағым деп күлгендей?» деген 258–259-жолдар түсіп қалған.

Бұл басылымдарды 1926 жылғы жинақпен салыстырғанда, түпбасылымдағы мәтіннен ауытқыған жерлер мен өзгертілген сөздер бар екені анықталды.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдықта «Келмеген ешкім жолына-ай» деп берілген 38-жол 1926 жылғы басылым бойынша «Келмеген ешкім маңына-ай» деп түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақтағы, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Талап еткен істерін» деген 41-жолдағы *талап* сөзі *тулап* деп жазылған. 53-жолдағы «Шамсанның сары *қауынындай*» деген сөйлемдегі қауынындай деген сөз көптомдықта *қауындай* деп берілсе, «Ақ жол» жинағы мен алтытомдықта *Шамсанның* деген сөз *шамсаттық* деп, *қауынындай* сөзі *қауындай* деп жазылған. «Толғағай екен жаңылмай» деген 55-жолдағы *толғағай* сөзі «Ақ жол» жинағы мен көптомдық жинақта *қолдаған* болып жазылған. 71-жолдағы «Сұқ қылыпты сонша жұрт» деген сөйлем көптомдықта және алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінде» «Сұқ қылышты сонша жұрт» деп берілген. 101-жолдағы «Жауатын күндей торладың» деген сөйлемдегі *торладың* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *торлардың* деп жазылып кеткен. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Боздағым» жинағымда «Қамықпа, халқым!»дер еді» деп берілген, ал көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Жабықпа, қалқам!» дер еді» деп берілген 136-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Жабықпа, халқым!» дер еді» деп түзетілді.

«Қатар қонған дұшпанның / Тарылтушы еді танабын» деген 158–159-жолдардағы *қонған* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақта *қосқан* болып, *тарылтушы еді* тіркесі *тарылушы еді* деп жазылып кеткен. «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде де «Қатар қонған дұшпанның» деген жолдағы *қонған* сөзі *қосқан* деп берілген. «Істеді беклік талабын» деген 161-жолдағы *беклік* сөзі көптомдық пен пен алтытомдық жинақта *бестік* болып жазылған. «Наурызым, Сыпсың екі ну» деген 173-жолдағы *ну* сөзі «Ақ жол» жинағында *су* болып жазылып кеткен. Ал көптомдықта бұл жол «Наурызым, Сыпсың екеу-ну» деп берілсе,

алтытомдық жинақта «Наурызым, Сыпсың екеу-су» деп берілген. Наурызым мен Сыпсың – қазіргі Қостанай облысында орналасқан Наурызым қорығының аумағындағы реликті қарағайлы орман алқаптары. Бұл әркелкіліктер бұл жинақта 1926 жылығы басылым негізінде түзетілді.

«Қолымды артып мойнына» деген 195-жол «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдықта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Асылатын мойнына» деп берілген, бұдан кейінгі «Асылатын өрмелеп» деген 196-жол түсіп қалған. Бұл жолдар 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Көздің жасын игендей» деген 263-жолдағы *көздің* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақта *көзін* болып, «Дауасы болмай кезеулі оқ» деген 266-жолдағы *дауасы* сөзі *дауысы* болып жазылған.

«Ит жүгіртіп, құс салса» деген 270-жолдағы *ит жүгіртіп* тіркесі көптомдық пен алтытомдық жинақта *ит жүгіріп* деп берілген.

Көптомдық жинақта «Көркі еді көлінің» деп, ал алтытомдық жинақ пен «Бабалар сөзінің» 91-томында «Көркі еді екі көлінің» деп берілген 271-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Көркемі еді көлінің» деп түзетілді.

285-жолдағы «Етек-жеңі мол әкем» деген сөйлемдегі *етек-жеңі* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық шығармалар жинағында *етек-жеңіл* болып жазылып кеткен. 308-жолдағы «Дұғасын қабыл ейлесін» деген сөйлем көптомдық шығармалар жинағында «Дұғасын қабыл айласын» деп, ал алтытомдық шығармалар жинағында және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Дұғасын қабыл алғайсың» деп берілген. «Дұғасын қабыл ейлесін» деген сөз «Дұғасын қабыл етсін» деген мағынаны білдіреді. Бұл жинақта осы өзгерістер 1926 жылғы басылымдағы мәтін негізінде қалпына келтірілді.

«Артында ізгі баланың» деп келетін 309-жолдағы *баланың* деген сөз көптомдық пен алтытомдық жинақта *баласының* деп берілген. «Бағышла айет кәләмын» деп келетін 313-жолы

көптомдықта «Бағыштап айат қыламын» деп, алтытомдық шығармалар жинағында «Бағышла айет қыламын» деп берілген, яғни *айет кәламы* деген сөз *айет қыламын* деп оқылған. Бұл сөздер 1926 жылғы басылым бойынша түзетілді.

Бұлардан бөлек алтытомдық шығармалар жинағында көптомдық жинақта кездеспейтін қателер бар. Мысалы, «Ішімде жалын, сыртым дерт» деген 8-жолдағы *жалын* сөзі *жылан* болып жазылып кеткен. «Құлағың сал, дос-жарлар» деген 46-жолдағы *құлағың* сөзі *қулығың* болып жазылған.

«Шынжыр қатар дүниеге» деген 150-жол «*Шымшыр қанар* дүниеге» деп жазылған. Ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде бұл жол «*Шымшыр* қатар дүниеге» деп берілген. 224-жолдағы «Жаннаттан болып орының» деген сөйлемдегі *орының* сөзі *қорының* болып жазылып кеткен. «Біздерге туар күн қайда?» деген 255-жолдағы *күн* сөзі түсіп қалған. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

9. Төлебайды келінінің жоқтағаны

Бұл жоқтаудың да авторы – Қарпық ақын. Жоқтау 53 жолдан тұрады.

1990 жылғы «Боздағым» жинағындағы мәтін 50 жолдан тұрады. «Пендесіне үкімет, Рақымы күшті Алладан» деген 7-ші және 8-жолдар мен «Белгілі бекзат бел асты» деген 14-жол түсіп қалған.

1991 жылы «Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында мәтін толық жарияланған, ал «Бабалар сөзінің» 91-томында (2013) 51 жолы берілген. «Пендесіне үкімет / Рақымы күшті Алладан» деген 7–8-жолдар түсіп қалған.

«Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Отырған дос-жар, ағадан» деген 2-жолдағы *дос-жар* сөзі *достар* болып жазылған. Мұның себебі 1926 жылғы

жинақта *дос-жар* сөзі *досшар* болып жазылған, сондықтан араб әліпбиіндегі *ш* әрпін *т* болып оқылса керек.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Ажал ортақ әммаға» деген 5-жолдағы *әммаға* сөзі *әмбаға* болып жазылған.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Талабы тауға таласқан» деген 21-жолдағы *талабы* сөзі *талай* болып берілген.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Ай батқандай іс болып» деген 28-жолдағы *батқандай* сөзі *басқандай* болып берілген.

Алтытомдық шығармалар жинағында және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қайғысы асты қанадан» деген 17-жолдағы *қанадан* сөзі *қападан* болып жазылған.

«Бабалар сөзінің» «Ордалы куда сын бар ма» деген 18-жолдағы *куда* сөзі *құлда* болып берілген. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

10. Төлебайды жамағатының жоқтағаны

1926 жылғы жинақта жоқтау 101 жолдан тұрады. Мәтіннен соң берілген түсінікте бұл жоқтауды шығарған Қарпық ақын туралы мынадай дерек келтірілген: «Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан – Байтұрсын, онан – ақын Ахмет; Қасқабайдан – Қожырбай, онан – Шолақ, онан – ақын Қарпық». Түсінікті Қыр баласы берген.

1990 жылғы «Боздағым» басылымында «Алланың артқан ауыр жүк, / Орнады мұндай жасымнан» деген 2 жол, мұнан кейін «Бастан жақты айырған, / Әмірі күшті Алланың, / Қайғысына жанғаным» деген үш жол қысқарған.

1991 жылғы «Ақ жол» басылымында, «Бабалар сөзінің» 91-томында және алтытомдық шығармалар жинағында 1926

жылғы жинақтағы «Жаз күнінде жайқалтып» деген 29-жол түсіп қалған. Қалған мәтін толық берілген.

Көптомдықтағы және алтытомдық жинақтағы мәтіндерде, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Жанған да отқа күйемін» деп берілген 59-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Жаңадан отқа күйемін» деп түзетілді.

60-жолдағы «Құдасын көріп бегімнің» деген сөйлемдегі *құдасын* сөзі «Ақ жол» жинағында, «Бабалар сөзінің» 91-томында және алтытомдық шығармалар жинағында *құрдасын* деп жазылып кеткен. 67-жолдағы «Жөнелтіп керуен асудан» дегендегі *жөнелтіп* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында *жөнеліп* болып кеткен. «Көрсетіп еді көкжалым» деген 76-жолдағы *көкжалым* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақтағы мәтіндерде *күң жалым* болып жазылған. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдықта және алтытомдық жинақта «Жаралы Құдай ыңыранып» деп берілген 81-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Жаралы қудай ыңыранып» деп түзетілді.

Көптомдықта және алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Артында *жылай қалғаным»* деп берілген 82-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Артында жылап қалғаным» болып түзетіп берілді.

11. Әйеке

Бұл жоқтау 372 жолдан тұрады. 1926 жылғы жинақта А. Байтұрсынұлы «Бұдабай ақын шығарған. Түркістан жағынікі. Әйекенің руы – шұбыртпалы» деген мәлімет берген. Бұл жоқтау алғаш рет Ә. Диваевтің 1897 жылғы «Қазақ халық творчествосы үлгілері» атты кітапта, сонан соң 1926 жылы «23 жоқтауда» жарияланған.

1990 жылы жарық көрген «Боздағым» жинағында бұл жоқтаудың шығу тарихына қатысты мынадай мәлімет берілген: «1880 жылы Ақмешіт (Қызылорда) қаласында Шиелінің

болысы Әйеке Бекежановты (1839–1880) болыс сайлауы кезінде Әлмембет Тұрсынбаев (1829–1909) атып өлтіреді. Мұның аяғы ел ішінде зор бүліншілікке айналып, ақын Бұдабай Қабыловтың (1848–1911) жоқтауынан соң, рулық екі топ мәмілеге келеді». «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында да осы мәлімет қайталанады. Бұл жерде рулық екі топ деп қыпшақ пен шұбыртпалы руларын айтып отыр. Шиелі болыстығына сайлау кезінде қыпшақ руынан шыққан Әлмембет Тұрсынбайұлы мен шұбыртпалы Әйеке Бекежанұлы екеуі болыстыққа таласып, араларында жанжал туған. Әлмембет Әйекені мерт қылған. Екі ру арасында дау туып, ел іші бүлінген. Бұл жоқтауды сол кезде қыпшақ руынан шыққан Бұдабай ақын шығарған екен. Бұл жоқтауды шұбыртпалының үлкендері естіп, елді сабырға шақырып, екі жақ мәмілеге келген. Жоқтауда ел ағасы ретінде шұбыртпалы Ағыбай батырдың да аты аталады («Аға деп арқа сүйеуге, Арқада жатыр Ағыбай»).

Жоқтау 1990 жылғы «Боздағым» жинағына енген. Бұл жинақта мәтін 421 жолдан тұрады. Берілген нұсқаның Ә. Диваевтің 1897 жылы басылған «Қазақ халық творчествосы үлгілері» атты кітабынан алынғаны айтылған. Кейінгі басылымда жоқтаудың толықтырылғаны, 1883 жылы «Қазақ хрестоматиясында», 1926 жылы «23 жоқтауда», 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында әртүрлі нұсқасының жарияланғаны ескертілген.

1926 жылғы басылымда берілген жоқтау мәтіні бұдан кейін толығымен 1991 жылы «Ақ жол» жинағында басылған. Мұнан соң 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының бесінші томында, 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағының бесінші томында, 2013 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында жарияланған. Алтытомдық шығармалар жинағында «Барсам нетті қалаға / Ақылымнан тандым ба-ай?!» деген 192–193-жолдар түсіп қалған. Сонымен бірге бұл басылымдардағы мәтіндерде 1926 жылғы жинақтағы мәтіннен ауытқыған жерлер, өзгертілген сөздер кездеседі.

1926 жылғы жинақ бойынша «Ауызым – жалын, ішім – дерт» деген 10-жолдағы *ауызым* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *әуезім* болып берілген. 18-жолдағы «Өртенбейін десем де» деген сөйлемдегі *өртенбейін* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдықта, алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында *өртетпейін* болып кеткен. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

1926 жылғы жинақта жоқтаудың 36-жолы «Өрге жүзген на андай» болып берілген. Дұрысы *наһандай* болуға тиіс. Наһан деген – балықтың ірі, үлкен түрі. Бұл жинақта сөздердегі h әрпі жазылмаған. Себебі 1924 жылы Орынборда өткен білімпаздар съезінде Е. Омаровтың жасаған баяндамасынан белгілі болғанындай х, h әріптерін қазақ әліпбиінен алып тастау туралы шешім қабылданған. Соған байланысты *х* әрпінің орнына барлық жерде *қ* әрпі жазылған, ал *h* әрпі жазылмаған. Мысалы, *қаһары* деген сөз *қары* деп, *заһар* сөзі *заар* деп берілген. Сол секілді бұл жерде де h әрпінің түсіп қалғаны байқалады. Осылайша *наһандай* сөзі *на андай* болып басылған. Бұл жол «Боздағым» басылымында «Өрге жүзген наһандай» деп, «Ақ жол» жинағы мен «Бабалар сөзінің» 91-томында «Өрге жүзген жайындай» деп, көптомдық шығармалар жинағында «Өрге жүзген сазандай» деп, алтытомдық шығармалар жинағында «Өрге жүзген на андай» деп берілген. Бұл сөз осы жинақта *наһандай* болып түзетілді.

«Алпыс үйлі арындай» деген 47-жолдағы *арындай* сөзі көптомдықта, алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында *ауылдай* болып берілген. Бұл жерде дұрысы «Алпыс үйлі ауылдай» немесе «Алпыс үйлі арғындай» болуы мүмкін, 1926 жылғы кітапта баспаханада қате теріліп кетсе керек деп шамалауға болады. Бірақ қайсының дұрыс екеніне нақты көз жетпегендіктен, 1926 жылғы жинақта берілген қалпында қалдыру жөн көрілді.

«Ақ жол» жинағында «Артықша жауы біз бе екен?» деген 63-жолдағы *біз* сөзі *сіз* деп берілген. 76-жолдағы «Айта алмай

кеттің арманда» деген сөйлемдегі *кеттің* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *кеттік* болып жазылған. 1926 жылғы жинақ бойынша 82-жолдағы «Артықша тудың атадан» деген қатардағы *атадан* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *анадан* болып берілген. Бұл сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Емелітке белді байладың» деп, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Үкіметке белді байладық» деп берілген 90-жол 1926 жылғы басылым бойынша «Үммәтке белді байладың» деп қалпына келтірілді.

Көптомдық шығармалар жинағында «Хабаршы күшті Алланың» деп, алтытомдық шығармалар жинағында «Хабары күшті Алланың» деп берілген 127-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Қары күшті Алланың» деп түзетілді. Мұнда *қары*, яғни *кәрі* деген сөз айтылады, сонда бұл жол «Кәрі күшті Алланың» болады. Ал бұл жол «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қаhары күшті Алланың» деп берілген. Бұл да дұрыс, себебі мәтіндегі сөздерде h әрпінің жазылмағаны жоғарыда айтылды. Сондықтан бұл сөзді *қаhары* деп те оқуға болады. Бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағыдай *қары* болып қалдырылды.

«Кемеңгерім, ал гүлім» деген 177-жолдағы *ал гүлім* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдықта және алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында *тұйғыным* деп берілген. 218-жолдағы «Кешкі қойдай шуладық» деген қатардағы *кешкі* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *кешегі* болып жазылған. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Желкені қалып, көл кетті» деп берілген 269-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Жекені қалып, көл кетті» деп түзетілді. Бұл жердегі *жекен* – сазды, батпақты жерде өсетін өсімдік.

«Дұшпанға қалдық табаға-ай» деген 295-жолдағы *қалдық* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдықта

және «Бабалар сөзінің» 91-томында *қалдың* болып берілген. «Тұғырдан қалған жабыдай» деген 305-жолдағы *тұғырдан* деген сөз көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *тұрғыдан* деп жазылған. «Бізді бүйтіп шулатпай» деген 347-жолдағы *бүйтіп* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *сөйтіп* деп берілген. «Ағайын біздей болмасын» деген 360-жолдағы *біздей* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *біздің* болып берілген. «Алшынбай менен Ешпембет» деген 366-жолдағы Ешпембет деген кісі аты көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта Есембет деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде Есімбет болып кеткен. Осы айтылған өзгерістердің барлығы 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Еспенің көзін ашқандай» деген 97-жолдағы *ашқандай* сөзі «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *шашқандай* болып кеткен. «Зарлатып кеттің, қайтейін» деген 196-жолдағы *зарлатып* деген сөз «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *зарланып* деп берілген. 1926 жылғы жинақтағы «Жақын едің өзге елден» деген 334-жол «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Жақсы екен өзге елден» деп берілген. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

12. Қыздың жоқтауы

(*Қырғызда қыздардың қошоғы*)

1926 жылғы жинақта бұл жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған.

А. Байтұрсынұлы жинағындағы мәтіннің В.В. Радловтың жинағындағы [22, 597–598] нұсқадан айырмашылығы жоқ дерлік. Тек В.В. Радловтың жинағындағы «Қожа тіккен мөрүм» деген жолдағы *мөрүм* сөзі А. Байтұрсынұлы жинағында *мөбүрім* деп жазылған. Мұнан басқа «Шашы қысқа құл нарым» деген жолдағы *құл нарым* тіркесі А. Байтұрсынұлының жинағында *тұл нарым* деп берілген.

22 жолдан тұратын бұл жоқтау 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында, 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағының бесінші томында, 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағының бесінші томында жарияланған.

Жоқтаудың 2-жолы 1926 жылғы жинақта «Кепіңді айтамын» деп берілген. «Ақжол» жинағындағы, көптомдық пен алтытомдық жинақтардағы мәтінде бұл жолдағы *кепіңді* сөзі *кейіпіңді* деп берілген. Мұндағы кеп – сөз дегенді білдіреді [40, 374]. Бұл сөз 1926 жылғы басылымдағы мәтін бойынша түзетілді.

«Кескен тастың қиясы» деген 12-жолдағы т*астың* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *тастық* деп жазылған. «Қожа тіккен мөбірім» деген 16-жолдағы *тіккен* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *тікен* болып кеткен. «Құлпұсы құш мұшұрум» деген 21-жол көптомдық жинақта «Күлпісі күш мүмшүрүм» деп, алтытомдық жинақта «Күлмүш күш мүшүрүм» деп берілген. «Шашы қысқы тұл нарым» деген 22-жолдағы *тұл* сөзі көптомдық пен алтытомдықта *түл* болып жазылған. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

13. Әбжан

(*Қыздың күйеуін жоқтағаны*)

Бұл жоқтаудың да В.В. Радловтан алынғанына сілтеме берілген. 1926 жылғы жинақтағы түсінікте «Тарбағатай аймағының найманы шығарған» деген дерек келтірілген.

В.В. Радловтың кітабында бұл жоқтау 12 шумақ, яғни 48 жол [21, 22–24]. Бұл кітапта жоқтау «Бопо төренің қарындасы күйеуі өлгенде жоқтағаны» деген атпен басылған. «23 жоқтауда» алғашқы үш шумағы алынып, қалған 9 шумағы, яғни 36 жолы берілген. В.В. Радловта:

«*Күлдәрі белбеу белімде,*
Азалы болдым елімде.
Бөпекем жарлық берген соң,

Жүре бердім жөніме.
Бас, бас өлім, бас өлім,
Басынан келген осы өлім
Жапырағын жалпайтып,
Жарлыны алған осы өлім.
Мұқамбет Құдай досы,
Оны да алған осы өлім
Қылышынан қан тамған

Әлиді алған осы өлім» - деген шумақтармен басталады. «23 жоқтауда» бұл шумақтар түсіп қалған.

Одан кейін келетін:

Өлімнің несі ойбайым,
Бұл істі салған Құдайым»- деген жолдар «23 жоқтауда»:

«*Өлім менің ойбайым,*
Істі салған Құдайым» деп өзгертілген.

«23 жоқтаудағы» мәтінде В.В. Радловтың нұсқасындағы «Қыналы бармақ, жез тырнақ» деген 17-жол «Құнарлы бармақ, жез тырнақ» деп берілген. В.В. Радловтың нұсқасындағы «Сүйегіне тақайын!» деген 20-жолдағы *тақайын* сөзі А. Байтұрсынов жинағында *таяйын* деп берілген. Мәтіннің қалған шумақтарында В.В. Радловтың кітабындағы нұсқадан айырмашылық жоқ.

1990 жылы жарияланған «Боздағым» басылымында бұл жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған. Бұл басылымда жоқтау 40 жолдан тұрады. Бастапқы 8 жолы «23 жоқтауда» берілген нұсқада жоқ, В.В. Радловтың кітабындағы нұсқада бар. В.В. Радловтың нұсқасындағы «Мұқамбет Құдай досы» деп басталатын бір шумақ, келесі шумақтың «Өлімнің несі ойбайым, / Бұл істі салған Құдайым» деген алғашқы екі жолы түсіп қалған. Одан кейінгі шумақтар 1926 жылғы басылымдағы мәтінде бар. Соңғы алты шумақ А. Байтұрсынұлы жинағындағыдай, тек «Топ ішінде қиын да екен, Жалғыз енді сөз бастау» деген жолдар түсіп қалған.

1926 жылғы басылымдағы нұсқа 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының

көптомдық жинағы (2006) мен алтытомдық жинағында (2013), «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында (2013) жарияланған.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақтардағы мәтін бірдей. Бұл мәтіннің 1926 жылғы басылымнан ауытқыған жерлері кездеседі. 1926 жылғы жинақта «Құнарлы бармақ, жез тырнақ» деген 5-жолдағы *құнарлы* сөзі жоғарыда айтылған үш басылымда да *қыналы* деп өзгертілген, В.В. Радловтың нұсқасы бойынша да дұрысы – *қыналы*, бұл жинақтарда мағынасына қарай түзетілсе керек. Бұл жинақта да контекстке қарай *қыналы бармақ* деп деп беру жөн көрілді.

«Сүйегіне таяйын!» деген 8-жолдағы *таяйын* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *тояйын* деп берілген. 1926 жылғы басылымда «Моймылдаған қара көз» деген 9-жолдағы *моймылдаған* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдықта және алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінде» *мойылдаған* деп берілген. Көптомдық пен алтытомдықта 1926 жылғы жинақтағы «Орқаш та орқаш, орқаш тау» деген 13-жол «Өркеш те, өркеш, өркеш тау» деп жазылған. «Топ ішінде сөз бастау» деген 15-жолдағы *топ* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінде» *көп* болып жазылған.

«Асыл да гауһар болатым» деген 25-жолдағы *гауһар* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *кәусар* болып берілген.

31-жолдағы «Алдынан жүрмес әкекем» деген 31-жолдағы *алдынан* сөзі «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томындағы мәтінде *алдына* деп кеткен. Сонымен бірге осы басылымда берілген ғылыми түсінікте түпнұсқа бойынша бұл жоқтаудың 36 жолдан тұратыны айтылғанымен, 32 жолы ғана берілген, соңғы:

«Арғымақ үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Алғанын бейбақ сағынса,
Қаннан ендік жағынар» - деген шумағы түсіп қалған. Осы жинақты әзірлеу барысында бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

14. Балқын қыздың жоқтауы

(*Шешесінің жоқтағаны*)

1926 жылғы жинақта бұл жоқтаудың В.В. Радловтан алынғаны айтылған.

Бұл жоқтау В.В. Радловтың кітабында 10 шумақ, яғни 40 жол болып басылған. Ал жоқтаудың тақырыбы «Батыр Бек деген төренің қызы Балқын өлгенде шешесі жоқтады» деп берілген [21, 21–22].

«23 жоқтаудың» 1926 жылғы басылымында жоқтау мәтіні 20 жолдан тұрады, бес шумаққа топтастырылып берілген, В.В. Радловтың кітабындағы алғашқы бес шумақ, яғни 20 жол қысқартылған. Осы екі нұсқаны салыстыра қарағанда, қысқартылған 20 жолдан басқа да аздаған айырмашылықтар кездеседі.

«23 жоқтаудағы» «Сүт берген ақ үрпінен» деген 1-шумақтағы 2-жол В.В. Радловта «Сүт берген ақ үрпіден» деп берілген.

«23 жоқтаудағы» «Алланың *тиер* ме екен құлағына» деген 1-шумақтағы 4-жол В.В. Радловта «Алланың *түсер* ме екен құлағына» деп берілген.

«23 жоқтаудағы» 3-ші және 4-шумақтардағы 3-жол «Ақ ешкі *жерге қара,* көдеңді же» деген сөйлем В.В. Радловта «Ақ ешкі *көкке қарап* көдеңді же» деп берілген.

«23 жоқтау» 4-шумақтағы «Балқынның енді маған *күні* өтеді» деген жол В.В. Радловта «Балқынның енді маған *айы* өтеді» деп берілген.

«23 жоқтау» 5-шумақтағы «Елу беске келгенде сұмырай бетің» деген жол В.В. Радловта «Елу беске келгенде сұмырай Бетең» берілген. Бетең деген сөз жалқы есім, яғни кісі есімі секілді бас әріппен жазылған. «23 жоқтаудың» 1926 жылғы басылымында *бетің* деп жазылғандықтан мәтінде солай қалдыруды жөн көрілді.

1990 жылғы «Боздағым» жинағында 40 жол, яғни В.В. Радловтың кітабындағы нұсқа толық берілген. Мұнда жоқтаудың 1926 жылғы «23 жоқтауда» жартылай берілгені, толық мәтіннің В.В. Радловтан алынғаны айтылады. Осы

басылымдағы соңғы бес шумақтың «23 жоқтауда» басылған шумақтардан еш айырмашылығы жоқ.

1991 жылғы «Ақ жол» кітабында басылған бұл жоқтау мәтінінің «23 жоқтаудағы» мәтіннен айырмашылығы жоқ дерлік. Жоқтау 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағында басылған.

«Ақ жол» жинағы мен алтытомдық жинақта «Сүт берген үрпегінен шұнағына» деген 2-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Сүт берген үрпегінен шырағына» деп түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақта «Тапқаны ақ ешкінің екі лақ» деп берілген 5-жолдағы *ақ* сөзі 1926 жылғы жинақта жоқ, яғни онда «Тапқаны ешкінің екі лақ» деп берілген. Соңғы шумақтағы «Аямай бар Құдай жалғызды алды» деген жолдағы *Құдай* сөзі жоғарыда айтылған үш басылымда да *Құдайым* болып кеткен. Осы шумақтағы «Елу беске келгенде сұмырай бетің» деген жолдағы *бетің* сөзі кейінгі жоғарыда айтылған үш басылымда да *бетім* болып берілген. Осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

15. Байжігіт Мұрат

(*Қатыны жоқтаған*)

Жоқтау 62 жолдан тұрады. Түпнұсқада берілген түсінікте «Мұрат – Тарбағатайдағы найман. Елі – Шілікті. Өлгелі 60–70 жыл болған» деген мәлімет келтіріледі. Мәліметті Қыр баласының бергені көрсетілген. Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта мәтіннің соңында берілген түсінікте «Мұрат Тарбағатайдағы найман елі ішінікі» деп берілген.

1990 жылғы «Боздағым» атты жинақта бұл жоқтаудың 1926 жылғы нұсқадан алынғаны айтылған. Арасында өзгеріс жоқ. Тек «Мақшарда біткей жарасы» деген 15-жолдағы *біткей* сөзі *біткен* деп жазылған.

Мұнан кейін бұл жоқтау 1991 жылы «Ақ жол» жинағында, 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар

жинағында, 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында жарияланған. Бұл басылымдарда да мәтіннің өзгертілген жерлері бар.

«Сенген жақсың кеткен соң» деген 10-жолдағы *жақсың* сөзі көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта *жоқсың* деп жазылып кеткен.

«Ақ бөкендей дыр далым / Қазине киген жорғалым» деген 22–23-жолдар «Ақ жол» басылымында, көптомдықта, алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Ақ бөкендей ер далым, Көзіне киген жырғалым» деп берілген. «Сарғая кеп шақырсам» деген 26-жолдағы *кеп* деген сөз көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *кел* болып өзгертілген. «Асуындай бел еді» деген 29-жол осы аталған екі жинақта да «Ауасындай бел еді» деп кеткен. Бұл жинақта осы айтылған әркелкіліктер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Жұртыңа тықыр таянды-ай!» деген 48-жолдағы *жұртыңа* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдықта және алтытомдық жинақта *жұртына* деп берілген. «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Бесмеллә сөзден бастайын!» деген 1-жолдың орнына көп нүкте берілген. Ал «Бұлаңдап жүрген бағланым» деген 3-жолдағы *бағланым* сөзі *бұлғыным* болып кеткен. Сондай-ақ осы басылымда «Қанеки, менің есенім?!» деген 62-жолдағы *есенім* сөзі *еселім* деп берілген. Бұл жинақты әзірлеу барысында осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

16. Ысмайыл хан

(*Ханымы Күнжанның жоқтағаны*)

Ысмайыл хан мен оның өмір сүрген кезеңі жайында кітапта мынадай деректер берілген: «Барақ Бөкей – Тәуке – Арыстанбек Ысмайыл хан.

Майыр – жаңа закуннен (1868-нші жылғы закуннен) бұрынғы аға сұлтан заманында окружной приказда, осы күнгі

прокурордай, орыс төре. Майырлар қасқырдай жегіш, тікендей тигіш, елге аурудай апат болған. Бір майыр қазақтың қатынын басып, Ысмайыл хан со майырды қуып, Сібір айдатқан. Соның қатыны алдап қонаққа шақырып, Ысмайыл ханға мішиек--у беріп, сонан ер 1867-нші жылы өлген. Күнжан Түркістанда Жолбарыс ханның нәсілінен. Шынар, сексеуіл деп жырлағаны сонан. Ысмайыл хан бейіті Қарқаралы – Семей жолында, Талды өзен бойында, 40 шақырым Қарқаралыдан бекет жанында». Бұл деректерді Қыр баласының бергені көрсетілген.

1926 жылғы жинақта жоқтау мәтіні 242 жол. «Боздағым» жинағында 191 жолы берілген. Аталған басылымда бұл жоқтауға қатысты «Москвадан шыққан жинақтан алдық» деген мәлімет берілген. Бірақ 1926 жылғы жинақтың нұсқасы толық сақталмаған. Алдыңғы 19 жолы, әр жерінен 24 жол, жалпы саны 43 жол қысқартылған.

1991 жылғы «Ақ жол» жинағында жоқтау мәтіні толық берілген. Мұнан кейін бұл жоқтау 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында жарияланған. Осы басылымдарды 1926 жылғы жинақтармен салыстырғанда өзгертілген сөздер бары анықталды.

«Әлем білген ерімді» деген 6-жолдағы *ерімді* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *өрімді* болып кеткен. «Қарамандай хан еді» деген жолдағы *Қарамандай* сөзі «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *қара маңдай* деп берілген. «Айтқаны қата болмаған» деген 24-жолдағы *қата болмаған* тіркесі «Ақ жол» жинағында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *екі болмаған* деп берілген. Бұл әркелкіліктер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Айдынын бір көрген жау» деп берілген 26-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Айбынын көрген жау» деп қалпына келтірілді.

«Бейіште болсын тұрағың» деген 31-жолдағы *бейіште* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *бейітте* деп жазылған. «Жасық пышақтай майрылды» деген 56-жолдағы *майрылды* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қайрылды* деп берілген. «Қадамың тайды шырағым» деген 69-жолдағы *тайды* сөзі «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *таймады* деп кеткен. «Жастайында шен алған» деген 81-жолдағы *жастайында* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *жастайынан* деп берілген. 1926 жинақ бойынша «Ипалын келген санаттан» деген 82-жолдағы *ипалын* сөзі баспада қате теріліп кетсе керек. Бұл жол «Боздағымдағы» мәтінде түсіп қалған, ал «Ақ жол» басылымы мен А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында «Шапаны келген сенаттан» деп берілген. Ал «Бабалар сөзінің» 91-томында «Шапаны келген санаттан» деп жазылған. Бірақ 1926 жылғы жинақта *шапаны* емес *ипалын* деп жазылып тұр. Бұл сөзді басқа сөзбен алмастыру жөн көрілмеді, сондықтан түпбасылымда қалай берілсе, солай қалдырылды.

«Алтыда ақыл тоқыған» деген 95-жолдағы *тоқыған* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *тоқтаған* деп жазылған. Бұл жинақты әзірлеу барысында осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында берілген мәтіндерде:

«Пайғамбар сынды нұрыңды

Көруге жұртың құмар-ды» деген 117-ші және 118-жолдардың орны ауысып кеткен. Сонымен қатар 117-жолдағы *нұрыңды* сөзі *асылды* деп жазылып, «Көруге жұрты құмар-ды / Пайғамбар сынды асылды» деп берілген.

«Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде 1926 жылғы жинақтағы:

«Періштелер жолдас боп,

Қор қыздары қосылғай!

Қоры ғылман қызмет қып,

Түрлі нығымет шашылғай!»- деген 123, 124, 125, 126-жолдар түсіп қалған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ысқат беріп оқыттым» деген 130-жолдағы *оқыттым* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *отырмын* болып жазылған. «Өткен дәурен соң қалар» деген 161-жолдағы *соң* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *сол* болып берілген. Бұл сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Жат етейін рақымнан!» деп берілген 189-жол «Жад етейін Рахыман!» деп 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Шынардан шыққан бұтақтай» деген 230-жолдағы *шынардан* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *шынарға* деп жазылған. «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Айдай шалқар көлімді» деген 137-жолдағы *айдай* сөзі *айдын* деп берілген. «Айдынды туған арыстанға» деген 159-жолдағы *айдынды* сөзі *айдында* деп жазылып кеткен. 1926 жылғы жинақтағы мәтін соңында берілген түсініктегі «мішиек-у беріп» деген тіркес көптомдықта және алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «мішпек-су беріп» болып берілген. Бұл жинақты әзірлеу барысында 1926 жылғы басылым негізге алынып, мәтінде орын алған осы өзгерістер түзетілді.

17. Ерторы

1926 жылғы жинақтағы мәтіннің соңында берілген түсініктте бұл Ерторының келіндерінің жоқтауы екені айтылған. 1926 жылғы жинақта жоқтау 92 жолдан тұрады, шумақтарға бөлініп берілген.

1990 жылғы «Боздағым» басылымында Ерторы жайлы мынадай дерек келтіріледі: «Ерторының елі – Бура найман. Жау айдаған жылқының соңынан қуған соғыста сегіз адам өледі.

Бұл 1880 жылы болған оқиға. Жоқтауды Ерторының екі келіні айтқан» [45, 109].

«Боздағым» басылымында жоқтаудың 58 жолы ғана шұбыртпалы шумақпен берілген. 1926 жылғы жинақтағы 17-жолдан кейінгі «Уйазнай, судия» деген жолдан бастап, «Суық сөз келсе, тұрушы ең» деген 45-жолға дейінгі 27 жол түсіп қалған. Жоқтаудың соңындағы

«*Ақ мақтадай майдары,*
Қызыл гүлдей жайнады.
Алдынан өтпес үлкеннің
Қарсы отырып зарладым.
Күпірлік сөзім бар ма, жұртым?
Риза болып тұрамыз,
Алланың басқа салғанын» деген 7 жол да түсіп қалған.

1991 жылғы «Ақ жол» жинағында жоқтау мәтіні толық берілген. Мұнан кейін бұл жоқтау 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағында жарияланған. Бұл басылымдардағы мәтінде өзгертілген сөздер кездеседі.

1926 жылғы жинақ бойынша «Бабалы тау оң жағы» деген 10-жолдағы *оң* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *өң* деп жазылып кеткен. 11-жолдағы «Айыр кезең бауыры» деген қатардағы *бауыры* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *баурайы* деп жазылған. 13-жолдағы «Жеті кісі, сегіз ат» деген қатардағы *сегіз ат* тіркесі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *жеті ат* болып берілген. Осы аталған екі жинақта «Кәріп жанын қия алмай» деген 17-жолдағы *кәріп* сөзі *көріп* деп кеткен. «Бір кісідей әруақтым» деген 26-жолдағы *әруақтым* сөзі осы аталған екі жинақта да *ардақтым* деп жазылған. Бұл өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Тауындай болды тозақтың» деп берілген 33-жол бұл

жинақта 1926 жылғы басылым бойынша «Тауындай болды ғой Қаптың» деп түзетілді.

«Бір жосын ел Амантай» деген 43-жолдағы *жосын* сөзі «Ақ жол» басылымында *қосын* деп, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қосым* деп берілген.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Жау алдынан бұйырды» деп берілген 52-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Жау алдынан шықпайды» деп түзетілді.

Көптомдық шығармалар жинағында «Жарамды оруға» деп, «Ақ жол» басылымы мен алтытомдық шығармалар жинағында «Жарамды бұрауға» деп берілген 64-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым бойынша «Жарамады ұруға» деп қалпына келтірілді.

«Сынаған дұшпан сынасын» деген 65-жолдағы *сынасын* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *сынарсың* деп жазылған. Сондай-ақ осы аталған екі басылымда «Азаматы сондай құласын» деген 66-жолдағы *сондай* сөзі *сонда* деп кеткен. «Бұрынғының біріндей» деген 83-жолдағы *біріндей* сөзі «Ақ жол» басылымында *бегіндей* деп, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *бетіндей* деп берілген. «Ақ мақтадай майдары» деген 86-жолдағы *майдары* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *майдағы* деп берілген. «Күпірлік сөзім бар ма, жұрт?» деген 90-жолдағы *жұрт* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *жұртым* деп берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

18. Жолдыбай

1926 жылғы жинақта жоқтау мәтіні 27 жолдан тұрады. Мәтін соңында Қыр баласы атынан мынадай дерек берілген: «Жолдыбай – Ерторының жолдасы. Амантай – Жәуетей екеуінің рулары. Әкесін жоқтаған жалғыз қызы Гүл-Жәмила». Жолдыбайдың Ерторының жолдасы екені айтылғанына

қарағанда, бұл кісі де жау әкеткен жылқының соңынан қуған соғыста мерт болса керек.

Бұл жоқтау 1991 жылы «Ақ жол» жинағында 1926 жылғы кітаптағы мәтіннен еш өзгеріссіз берілген.

Мұнан соң жоқтау 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағында жарияланған.

«Бармас па едім басыңа» деген 3-жолдағы *басыңа* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *басына* деп кеткен. «Аттанған жолың оңа алмай» деген 12-жолдағы *оңа алмай* сөзі көптомдық жинақта *оңалалмай* деп берілген. «Артыңда бай боп қалғанда» деген 21-жолдағы *артыңда* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *артында* деп жазылған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

19. Есмағамбет

(*Қатынының жоқтағаны*)

Жоқтау 38 жолдан тұрады. 1926 жылғы жинақта мәтіннің соңындағы түсінікте «Қарпық ақын шығарған» деген мәлімет берілген.

1990 жылы жарық көрген «Боздағым» басылымында «Есмағамбет осы ғасырдың басында дүние салған адам» деп қана айтылған. Мұнан соң бұл жоқтау 1991 жылы «Ақ жол» жинағында, 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы «Бабалар сөзінің» 91-томында жарияланған. Бұл басылымдарда жарық көрген жоқтау мәтінінде 1926 жылғы жинақтағыдан ауытқыған жерлер көп кездеспейді.

Бұл жинақты әзірлеу барысында «Боздағым» жинағындағы «Арыздастың жұртыңмен / Бұйрығы да Алланың» деп берілген 26-шы және 27-жолдар 1926 жылғы басылым негізінде «Амандастың жұртыңмен, / Бұйрығы деп Алланың» деп қалпына келтірілді.

«Қанатым сынды оңымнан» деп келетін 10-жолдағы *қанатым* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында *қанаттым* болып жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

20. Ерғазы

(*Қатынының жоқтағаны*)

1926 жылғы жинақта жоқтау 79 жолдан тұрады. Мәтін соңында жоқтаудың сөзін Қарпық ақын шығарғаны жөнінде мәлімет берілген. Сонымен қатар Ерғазының кім екеніне қатысты Қыр баласының берген түсінігі де бар: «Ерғазы – Ахметтің әкесі Байтұрсынмен бір туысқан. Байтұрсын Торғайдың оязын сабап ұсталып, Сібірге айдалған. Сонда Ерғазы сол іспен жүріп қайтыс болған. Бұ 1883-нші жылы болған».

1990 жылы жарық көрген «Боздағым» басылымында жоқтаудың 64 жолы берілген. «*Орыс, қазақ баласы*» деген 49-жол;

«*Кемшілікке шыдамай,*
Ұзады істің арасы» деген 52–53-жолдар;
«*Қоспады ма жақсы Алла,*
Ашылмады істің расы» деген 56–57-жолдар;
«*Үкімет пен пенде ғып,*
Облыс Торғай қаласы.
Тасқа тиіп, мұқады
Арғымақтың тағасы» деген 60–63-жолдар;
«Ұстаудан шығып келген соң,
Артықша болды қапасы» деген 66–67-жолдар;
«*Решение жасалып,*
Істің болды шатасы» деген 70–71-жолдар;
«*Арала деп қалқылды*
Шешкен екен Алласы» деген 76, 77-жолдар түсіп қалған.

Сонымен бірге мәтін ішінде өзгертілген сөздер де кездеседі. «Келіп еді саламат» деген 4-жолдағы *келіп* сөзі *кетіп* деп берілген. 1926 жылғы жинақ бойынша «Оздырмай шағынан» деген 35-жол «Оздырмай үзді шағынан» деп берілген. Ал осы жол

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Оздырмай алды шағынан» деп берілген, яғни *алды* деген сөз қосылған. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

1991 жылғы «Ақ жол» жинағында жоқтаудың мәтіні 77 жолдан тұрады, «Арала деп қалқылды / Шешкен екен Алласы» деген 76, 77-жолдар түсіп қалған. А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында да дәл осы жолдар түсіп қалған.

Көптомдықта және алтытомдық жинақта «Қорғасындай дерт екен» деп берілген 18-жол 1926 жылғы басылым бойынша «Қорғасындай дерт пе екен» деп түзетілді.

«Боздағым» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Сұңқарлар ұшқан қолыңнан» деп берілген 29-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Сұңқарлар ұшып қалыңнан» деп түзетілді.

«Болды ма таяр тағынан?» деген 31-жолдағы *таяр* сөзі «Ақ жол» басылымында және көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қабар* деп жазылып кеткен. «Тасып еді қанасы» деген 47-жолдағы *қанасы* сөзі көптомдық және алтытомдық жинақтарда *қапасы* болып берілген. Осы аталған екі жинақта «Артықша болды қапасы» деген 67-жолдағы *қапасы* сөзі *қанасы* болып берілген. Бұл жинақты әзірлеу барысында 1926 жылғы басылым негізге алынып, мәтіндегі өзгертілген жерлер түзетіліп, түсіп қалған сөздер қалпына келтірілді.

21. Әбдірахман

Абайдың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда шығарғаны. 1926 жылғы жинақтағы мәтіннің соңында Қыр баласы мынадай түсінік береді:

«Әбдірахман – Түменде екінші басқыш мектепті бітіріп, ескі Петерборда зеңбірек қолданатын әскер бастықтары оқитын мектепті бітіріп, әскер бастығы болып, Алматыда қызметте жүргенде, 1895 жылы 27 жасында өлген. Ақын Абай баласы Әбішті жоқтаған».

1926 жылғы басылымда жоқтау үш бөлікке бөлініп берілген. Біріншісі – 20 жол, екіншісі – 18 жол, үшіншісі – 16 жол.

1990 жылғы «Боздағым» жинағында 159 жол етіп берілген, себебі Абайдың Әбіштің қазасынан соң шығарған өлеңдерімен толықтырылған. Бұл өлеңдер алты бөлікке бөлініп берілген. Біріншісі – «Жиырма жеті жасында» деген 7 шумақ өлең. Екіншісі – «23 жоқтауда» берілген «Талаптың мініп тұлпарын» деп басталатын шығарманың 20 жолы шұбыртпалы шумақпен берілген. Үшіншісі – «Тұла бойың ар-ұят еді», 10 жол. Төртіншісі – «Орынсызды айтпаған», 27 жол. Бесіншісі – «Кешегі өткен ер Әбіш» деп басталатын 18 жол өлең. Алтыншысы – «Арғы атасы қажы еді» деп басталатын өлең.

1991 жылғы «Ақ жол» жинағында 1926 жылғы басылымдағы екі жоқтау түпбасылымдағыдай екі бөлікке бөлініп берілген. Ал «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын төрт шумақ берілмеген. Мұның себебі ақын шығармаларының жинақтарында бұл өлеңнің «Оспанға» деген атпен беріліп жүргенінде, яғни, Абайдың інісі Оспанға арналғанында болса керек. Дегенмен 1926 жылғы басылымда бұл өлең берілгендіктен, бұл жинақта да қалдырылды. «23 жоқтаудың» 1926 жылғы басылымында жоқтау ретінде Абайдың үш өлеңі берілген, бірі – «Әбдірахмен өлгенде» өлеңі, екіншісі «Кешегі өткен ер Әбіш» деп басталатын туындысы, үшіншісі – «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын шығарма. Бұл өлеңдер Абай шығармаларының академиялық толық жинағында: «Оспанға» («Жайнаған туың жығылмай») 199-бетте, «Кешегі өткен ер Әбіш» 245-бетте, «Әбдірахман өліміне» («Талаптың мініп тұлпарын») 250-бетте берілген [76]. «23 жоқтауда» берілген шығармалардың мәтінін Абай шығармаларының академиялық толық жинағындағы мәтіндермен салыстырғанда кейбір өзгешеліктер бар екені анықталды. «23 жоқтаудағы» мәтінде «Еңбегін тапқан жүректі» деген жол Абай шығармаларының академиялық жинағындағы «Кешегі өткен ер Әбіш» деп басталатын өлеңде «Еңбекпен тапқан қоректі» деп берілген. «23 жоқтаудағы» «Жасқанамын

демепті» деген жол академиялық жинақта «Жасқанамын демекті» деп берілген.

Ал «23 жоқтаудағы» жоқтаудың үшінші бөлігі ретінде берілген «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын өлеңнің «Жас қуатың тұра алмай, / Жалын жүрек суалмай» деген жолдары Абайдың академиялық шығармалар жинағында «Жас қуатың тозылмай, / Жалын жүрек суынбай» деп берілген. «23 жоқтаудағы» бұл жолдар баспадан қате кетіп, осылай басылған болуы да мүмкін. Бірақ бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізге алынғандықтан сол күйі қалдыру жөн көрілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында 1926 жылғы басылымдағы жоқтаулар толық берілген, тек «Кешегі өткен ер Әбіш» деп басталатын туынды бірінші өлеңмен жалғасып кеткен. 2006 жылғы көптомдық жинақта жоқтау 1926 жылғы жинақтағыдай шумақтарға бөлініп берілген, 2013 жылғы алтытомдықта шумақтарға бөлінбеген. Бұл басылымдардағы мәтіндердің 1926 жылғы жинақтағы мәтіннен ауытқыған жерлері бар.

1926 жылғы жинақ бойынша бірінші бөліктегі «Бір оқыған құрбыға» деген 7-жол «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Бірге оқыған құрбыға» деп берілген.

Екінші бөліктегі «Кісіге сідет жүктетпей» деген 9-жолдағы *сідет* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *міндет* деп берілген.

Осы жоқтаудағы «Еңбегін тапқан жүректі» деген 10-жол «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Еңбекпен тапқан қоректі» деп берілген.

«Жасқанамын демепті» деген 16-жолдағы *демепті* сөзі алтытомдық жинақта *демекті* деп жазылған.

Үшінші бөліктің 11-жолындағы «Жасыл шөбі қуармай» деген қатардағы *шөбі* сөзі алтытомдық жинақта *шөбің* болып, *қуармай* сөзі *қуырмай* болып берілген.

«Жарқырап жатқан өзенің» деген 12-жолдағы *өзенің* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *өзінің* болып жазылған.

Осы аталған екі жинақта «Жақсы өліпсің, япырым-ай!» деген соңғы жол «Жақсы өлмесін, япырым-ай!» деп берілген.

Бұл жинақтағы мәтінде осы айтылған өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

22. Ормамбет

1926 жылғы басылымда жоқтау 368 жолдан тұрады. Мәтін соңында берілген түсінікте бұл жоқтауды Ормамбеттің ұлы ақын Нармамбеттің шығарғаны, оның 1919 жылы өлгені туралы мәлімет берілген. Ормамбеттің руы Тобықты екені, қай жерде жерленгені де айтылған. 1926 жылғы басылымда бидің аты Ормамбет деп жазылған. 1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында да солай берілген. Ал «Боздағым» жинағы мен А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында Орманбет болып жазылған. 1926 жылғы жинақта Ормамбет деп берілгендіктен, бұл жинақта солай қалдыруды жөн көрдік.

1990 жылғы «Боздағым» атты кітапта жоқтаудың 342 жолы басылған. Бұл басылымда жоқтау «Асыл ләулат асхабқа» деп бірден 10-жолдан басталады. 1926 жылғы басылымдағы мәтіннің алғашқы тоғыз жолы түсіп қалған. Мұнан өзге мәтіннің әр жерінен 15 жол түсіп қалған.

1991 жылы жарық көрген «Ақ жол» жинағында «Қырғыздан шыққан манаптай» деген 271-жол түсіп қалған. Мұнан кейін жоқтау 2006 жылы А. Байтұрсынұлының көптомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағында жарияланған. Осы екі жинақта да 1926 жылғы басылымдағы «Қырғыздан шыққан манаптай» 271-жол және «Топшақ жайлап өмірінде» деген 299-жол түсіп қалған, сондықтан екі жинақта 366 жол болуға тиіс еді. Бірақ 1926 жылғы жинақтағы «Өмірінше бейкүнә қаріп-қасерге» деген 243-жол «Өмірінше бейкүнә / Ғаріп пенен қасерге» деп екі жолға бөлініп берілгендіктен екі жинақтың соңында берілген түсінікте жоқтау 367 жолдан тұрады делінген.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Сансызбайыңды санадан» деп берілген 6-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Сансыз пайымды санадан» деп қалпына келтірілді.

«Асыл ләулат асхабқа, / Өлік-тірік мүмінге» деген 10-шы және11-жолдар «Ақ жол» жинағында «Асыл әулет асқаққа / Өлік-тірік мүскінге» деп, ал көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Асыл әулет асқаққа / Өлік-түлік мүскінге» деп берілген. Бұл жердегі «асхаб» сөзі арабша «сахабалар» дегенді білдіреді.

«Артылып сөз сөйледік» деген 13-жолдағы *сөйледік* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *сөйледің* деп жазылған. Осы аталған екі жинақта «Қаhары қатты қыс қылды» деген 16-жолдағы *қыс қылды* тіркесі *қыс қалды* деп берілген. «Қазан желі қатты ұрып» деген 29-жолдағы *ұрып* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *үріп* деп, «Мезгілсіз, халқым, қуратты» деген 30-жолдағы *қуратты* сөзі *құратты* деп жазылып кеткен. «Қасымжан өтті дүниеден» деген 35-жолдағы *Қасымжан* жалқы есімі алтытомдық жинақта *қасымнан* деп берілген. «Басылмай жүрген әуірге» деген 41-жолдағы *әуірге* сөзі көптомдықта *үйірге* деп жазылған. «Шап шараптың тұнығы» деген 45-жолдағы *шап шараптың* тіркесіндегі *шап* сөзі көптомдық жинақта *шаң* болып, алтытомдықта *шақ* болып берілген. Осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Сол нәубет бізге *тап* болып» деп берілген 55-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Сол нәубет бізге болып» деп түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Сөндірер енді кім қалды» деп берілген 67-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Сөндірер кім қалды» деп қалпына келтірілді.

«Көрпелдес кенже бір тоқты» деген 71-жолдағы *көрпелдес* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *көрпелес* деп

жазылған. Осы екі жинақта сондай-ақ, «Ақыл азып, ой кейіп» деген 78-жолдағы *азып* сөзі *озып* деп берілген. Бұл сөздер 1926 жылғы жинақтағы мәтін негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Ұлт намысын сөйлейтін» деп берілген 83-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым бойынша «Зат нәсілін сөйлейін» деп түзетілді.

«Арғын ата қалтарыс» деген 112-жолдағы *Арғын ата* деген сөз көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *арғы атасы* деп өзгертілген. Ал «Ханға бермей тізгінін» деген 126-жолдағы *бермей* сөзі осы аталған екі жинақта да *бермек* деп жазылған. «Бәрінің ту қып қойыпты!» деген 132-жол көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Бәрінің туы болыпты!» деп, ал «Қалеті бар ма сөзімнің» деген 133-жолдағы *қалеті* сөзі екі жинақта да *қатесі* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы жинақтағы мәтін негізінде қалпына келтірілді.

«Ақсақ, Қалдау, Манас боп» деген 137-жолдағы *Қалдау* сөзі «Боздағым» жинағында *Қалдар* деп берілген.

«Суырарға кім қалды» деген 144-жолдағы *суырарға* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *суарарға* деп жазылған. «Жиылмаған сабамыз» деген 152-жол осы аталған екі жинақта «Жиылмаған сабазым» деп кеткен. «Хан Абылайдан бата алған» деген 163-жолдағы *бата алған* тіркесі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *бата алмай* деп берілген. 165-жолда айтылатын «Балтабай, Қарпық, Белгібай» деген кісі аттарынан *Қарпық* аты көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *Қармық* деп жазылған. «Аз бенен көпті теңгерген» деген 172-жолдағы *теңгерген* сөзі көптомдық жинақта *теңберген* деп, алтытомдықта *тең берген* деп берілген. Осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Боздағым» басылымында «Өз атамның әңгімесін» деп, ал «Ақ жол» жинағы мен алтытомдықта «Өз әкемнің тақырыбын» берілген 179-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Өз атамның тақырыбын» деп түзетілді.

«Бес Бөшеннің баласы» деген 189-жолдағы *Бөшеннің* сөзі «Ақ жол» жинағында *Бәшеннің* деп, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *Бөкеннің* деп берілген. «Ақылға диқан данасы» деген 197-жолдағы *диқан* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда *диуан* деп берілген. «Жаннатта жайын қылсын деп» деген 209-жолдағы *жаннатта* сөзі алтытомдық жинақта *жаннаттай* деп жазылған. «Қайыр дұға қылыңыз» деген 210-жолдағы *қылыңыз* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қылдыңыз* деп жазылған. «Жаннан асқан Жалменде» деген 215-жолдағы Жалменде аты алтытомдық жинақта Шалменде болып берілген. «Шотайда сиез болғанда» деген 218-жолдағы *Шотай* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *Шоқай* деп берілген. «Қуандықтың бір құты» деген 219-жолдағы *Қуандықтың* сөзі алтытомдық жинақта *Қуандының* деп жазылып кеткен. Осы өзгертілген сөздер бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Таңгелдіұлы Берменді» деп берілген 220-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Қаңгелдіұлы Берленді» деп түзетілді.

«Боздағым» жинағында «Мінезімен жойыпты» деп, ал «Ақ жол» басылымында және көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Мінезімен жуыпты» деп берілген 236-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Мінезбенен жуыпты» деп түзетілді.

«Екіжүзді құрыштай» деген 250-жолдағы *екіжүзді* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *екі жүзі* деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы басылым бойынша түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта «Жауларға беріп бостандық / Тәмамдалған соғысы» деп берілген 261-ші және 262-жолдар 1926 жылғы басылым негізінде «Жайлауға барса бостандық / Тәмам таудың сонысы» болып қалпына келтірілді.

«Құданың берген шағында» деген 267-жолдағы және «Құданың берген шағында» деген 306-жолдағы *Құданың* сөзі

алтытомдықта *Құдайының* деп берілген. «Жұмысың қисық демеген» деген 269-жолдағы *жұмысың* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *жұмысын* болып, ал алтытомдық жинақта *демеген* сөзі жалқы есім сияқты бас әріппен жазылып кеткен. «Бір дуанның орысы» деген 270-жолдағы *дуанның* сөзі көптомдық жинақта *дуананың* деп жазылған. «Ортасы мен толысы» деген 273-жолдағы *ортасы* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *отасы* деп берілген. «Жаудыратпай қоймаған» деген 275-жол көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Жауратпай еш қоймаған» деп берілген. «Қисығы мақұл болып» деген 278-жолдағы *болып* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *болысын* деп жазылған. «Құмарланып серілікпен» деген 295-жолдағы *серілікпен* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *берілікпен* деп жазылып кеткен. Бұл сөздер 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда «Қиын түсер қылышты» деп берілген 307-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Қиып түсті қылышты» деп қалпына келтірілді.

«Кермеде байлап сақтаған» деген 331-жолдағы *сақтаған* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда *баптаған* болып жазылған. «Беглігін де сақтаған» деген 335-жолдағы *беглігін* (бектігін) сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда екі жинақта да *белгілігін* деп берілген. Бұл өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Серік қылып сыйласты» деп берілген 355-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Серік келіп сыйласты» деп түзетілді.

«Есті туған Жобалай» деген 361-жолдағы Жобалай жалқы есімі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда кіші әріппен жазылған. Бұдан кейінгі жолдарды оқығанда бұның кісі аты екені аңғарылады:

«Есті туған Жобалай
Еркелігін тастады,
Дұшпандыққа баспады.
Ағасынан айрылып,
Болмады ескі нарықтай».

Осы қатардағы «Болмады ескі нарықтай» деген 365-жол орнына көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Қолдағы елі тарықты-ай» деген жол берілген. Бұл жинақты әзірлеу барысында мәтіндегі осы өзгертілген жерлер 1926 жылғы басылым бойынша қалпына келтірілді.

23. Әбдіғапар

Әбдіғапар – 1916 жылғы патша жарлығына қарсы көтеріліске Торғай қазақтарын ұйымдастырушылардың бірі. Жоқтауды Әбдіғапардың әйелі Тынышбала шығарған. Жоқтау көлемі жағынан өте ұзақ, 1926 жылғы жинақта 535 жолдан тұрады. 1926 жылғы басылымдағы мәтінде Әбдіғапардың руы ұзын кыпшақ екені, 1920 жылы қаза болғаны жайлы мәлімет берілген. Жоқтауда оның 49 жасында қайтыс болғаны айтылады, яғни 1871 жылы туған.

«Бабалар сөзінің» 91-томында берілген дерекке қарағанда, Әбдіғапар – А. Байтұрсынұлының құдасы. Ахметтің ағасы Қалидың қызы – Кәтез Рүстем Әбдіғапарұлына тұрмысқа шыққан [73, 375].

1990 жылғы «Боздағым» атты кітаптағы түсінікте «23 жоқтаудағы» мәтіннің негізге алынғанын, бірақ онда Әбдіғапардың ата тегі айтылмағанын жаза отырып, оның тегі Жанбосынов екені жөнінде мәлімет беріледі. Жанбосын – Әбдіғапардың әкесі. Бұл басылымда жоқтаудың 368 жолы ғана берілген. Жоқтаудың алғашқы 16 жолы түсіп қалған, бірден «Жиылып келген әлеумет» деген 17-жолдан басталады. Мұнан басқа мәтіннің әр жерінен бірнеше жол түсіп қалған.

Мұнан кейін жоқтау 1991 жылы «Ақ жол» жинағында, 2006 жылы А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық

жинағында, 2013 жылы алтытомдық жинағында және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында жарияланған. «Ақ жол» басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында Әбдіғапардың есімі 1926 жылғы жинақтағыдай Әбдіғапар деп берілсе, «Бабалар сөзінде» Әбдіғаппар деп берілген.

«Ақ жол» басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының көптомдық және алтытомдық жинақтарында және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында 1926 жылғы жинақтағы «Ұялмаған оңбасын!» деген 309-жолдан кейінгі:

«Іші қасқыр, сырты қой,
Қылып жүріп жолдасын
Уайымсыз ер еді
Пана қылған Алласын;
Жазға болып азбанның
Сүйін деген жұртым-ай,
Қосады екен пайдасыз,
Саудагерге сау басын» - деп келетін 8 жол түсіп қалған.

Мұнан басқа «Аз өмірдің ішінде» деген 406-жол, «Жігерімді бояйын» деген 490-жол түсіп қалған.

Ал көптомдық және алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 91-томында «Біз ғаріпті сөкпеңіз» деген-нен кейінгі «Кенді көрсең төкпеңіз» деген 38-жол түсіп қалған. Бұл басылымдарда мұнан басқа да өзгертілген сөздер мен жолдар кездеседі.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық және алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Төрт Қалима Шақариа» деп берілген 10-жол бұл басылымда 1926 жылғы басылым негізінде«Төрт халифа, шарияр» деп түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Халым бар ма тәмамдар?» деген 12-жолдағы *халым* сөзі *қалқым (халқым)* деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымы мен алтытомдық жинақта «Арыстанымнан айрылып» деп берілген 23-жол 1926 жылғы жинақ негізінде «Бостанымнан айрылып» деп түзетілді.

1926 жылғы жинақ бойынша «Ужудым бәрі кесапат» деген жол «Ақ жол» жинағында, А. Байтұрсынұлының көптомдық жинағы мен алтытомдық жинағында және «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «У-шудың бәрі кесапат» деп берілген. «Боздағым» жинағында осы жол мен бұған дейінгі және кейінгі бірнеше жол түсіп қалған. Ужуд сөзі парсы тілінен аударғанда «тұрмыс» деген мағына береді. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Үлкен қасірет-қапам бар» деген 32-жолдағы *қасірет-қапам* деген сөз көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *қасірет-жапам* деп берілген. Осы аталған үш жинақта «Таудан үлкен қапам бар» деген 34-жолдағы *таудан* сөзі *таудай* болып өзгертілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Қамалы, туы жығылса» деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Қамалды туы жығылса» деп берілген 48-жолдағы *қамалда* сөзі бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде түзетіліп, «Қамалда туы жығылса» деп берілді.

«Кімдер шерлі болмайды» деген 51-жолдағы *шерлі* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *жерлі* болып берілген. «Терегі құлап, уалса?» деген 52-жолдағы *уалса* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *қураса* деп берілген. Бұл сөздер осы жинақта 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Сақарада жау болса» деп берілген 58-жол 1926 жылғы басылым бойынша «Сақарада жау алса» деп түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қылған ісін таң қылған»

деп берілген 71-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Қылған ісін таңданған» деп түзетілді.

«Ұқсап келді тажалға» деген 83-жолдағы *ұқсап* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *ұқсас* деп жазылған. «Еш қоймады мажалға» деген 86-жолдағы *қоймады* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қоймайды* деп, ал *мажалға* сөзі «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *ажалға* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

1926 жылғы жинақта «Жолдасы жоқ ағаты, / Баласы үшін тағаты» деп келетін 91-ші және 92-жолдар «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Жолдасы жоқ ағасы, / Баласы үшін тағасы» деп берілген. Бұл жинақта осы айтылған жолдар «23 жоқтаудың» алғашқы басылымы негізінде түзетілді.

«Арманда кетті есіл ер» деген 98-жолдағы *есіл* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *асыл* деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы жинақ негізінде *есіл* деп түзетілді.

Алтытомдық жинақ пен «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Әрине, қылса пендеге» деп берілген 100-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Әр не қылса пендеге» деп қалпына келтірілді.

«Әмірі болса Алланың» деген 102-жолдағы *әмірі* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *өмірі* деп жазылған, бұл сөз 1926 жылғы басылымдағы мәтін бойынша *әмірі* болып түзетілді.

«Бастан не мін тапты екен?» деген 105-жолдағы *бастан* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *басынан* деп берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Атаңа лағынат атқан ...» деген 111-жолдағы атқан деген сөзден соң 1990, 1991, 2006, 2013 жылғы жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *жау* деген сөз берілген, бірақ 1926 жылғы басылымда бұл сөз жоқ, тек көп нүкте қойылған, сірә, жоқтауда

атқан адамның аты айтылғанмен, 1926 жылғы басылымда алынып тасталса керек. Бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағыдай көп нүкте қойылды.

«Ақ жол» басылымында «... бар қазағы» деп келетін 115-жолдағы *бар қазағы* деген сөздер түсіп қалған, тек көп нүкте берілген, ал алтытомдық жинақ пен «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде бұл жол мүлде алынып тасталған, орнына көп нүкте де берілмеген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағыдай «... бар қазағы» деп берілді.

«Құр жалаға мұндай іс» деген 117-жолдағы *жалаға* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық жинақ пен алтытомдықта, «Бабалар сөзінің» 91-томында *жалада* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы жинақтағы мәтін негізінде түзетілді.

«Мұсылманға өкте екен» деген 118-жолдағы *өкте* сөзі «Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *өкпе* деп берілген. Ал 1926 жылғы басылымда *өкте* деп берілген, сондықтан бұл жинақта сол күйінде қалдыру жөн көрілді.

«Мен жыламай қайтейін» деген 119-жолдан кейінгі екі жолдың орнына көп нүкте берілген, яғни бұл кітаптағы мәтінде берілмеген екі жолдың бар екенін көрсетеді. Алтытомдық шығармалар жинағы мен «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде бұл жолдардың бар екенін көрсететін көп нүкте берілмеген. Көптомдық жинақта жолдардың реті 1926 жылғы басылымдағы мәтіндегідей сақталған. Бұл жинақта да осы тәртіппен берілді.

«Санамаған дұшпанын» деген 128-жолдағы *санамаған* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *сынамаған* деп берілген. «Жай түскен соң жаныма» деген 132-жолдағы *жай* сөзі алтытомдық жинақта *жат* деп жазылған. «Шайыттығын өңгеріп» деген 144-жолдағы *өңгеріп* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *жөн көріп* деп берілген. «Қайғысын бізге теңдетіп» деген 146-жолдағы *теңдетіп* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *өңгеріп* деп кеткен.

«Шынжырлы қара жотаңыз» деген 159-жолдағы *жотаңыз* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *жотамыз* деп берілген. Осы айтылған өзгерістер бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

1926 жылғы басылымдағы «Тұлпар қашып тұрманды» деген 164-жол «Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Тұлпар қашып тұрмайды» деп берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы түпбасылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Өрт шыққан соң ордадан» деп берілген 168-жол 1926 жылғы басылым бойынша «Өрт шыққан соң ортадан» деп қалпына келтірілді.

Көптомдық жинақта «Үкім еткен жұртына» деп, алтытомдық пен «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Үміт еткен жұртына» деп берілген 171-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Үкімет еткен жұртына» деп қалпына келтірілді.

1926 жылғы жинақтағы мәтінде «Пиғылы Хаққа мағұлым» деп берілген 190-жолдағы *пиғылы* сөзі «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда, «Бабалар сөзінің» 91-томында *билігі* деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы түпбасылым негізінде *пиғылы* деп түзетілді.

«Ақ жол» басылымы мен көптомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Сауабы қайыр көл еді» деп, ал алтытомдық жинақта «Сауабы қайыр кел еді» деп берілген 197-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Суаты қайыр көл еді» деп түзетілді.

«Алты болыс қыпшақтың» деген 199-жолдағы *алты болыс* тіркесі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *алтын болыс* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Көрмеге мысал көл еді» деп берілген 208-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Көрмеге мысал бел еді» деп түзетілді.

«Бұл әлекет заманда» деген 213-жолдағы *әлекет* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *өлекет* деп жазылған. «Ақыл бар ма адамда» деген 214-жолдағы *адамда* сөзі осы аталған үш жинақта да *адамдар* деп берілген. «Мекен етіп саядан» деген 223-жолдағы *саядан* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *санадан* деп жазылған. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Нәпсісін кесіп дүниеден» деген 225-жолдағы *нәпсісін* сөзі *әпсісін* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Табысушы еді қиядан» деп берілген 231-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Табысушы еді қиуадан» деп қалпына келтірілді.

«Шырақ жағып көздесем» деген 234-жолдағы *көздесем* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *кездесем* деп берілген. «Ата-анаң көңілі жай болды» деген 249-жолдағы *жай* сөзі осы аталған үш жинақта да *май* деп, ал «Кемдік көрмей дүниеде» деген 252-жолдағы *дүниеде* деген сөз *дүниеден* деп жазылған. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Боздағым» жинағында «Сұлтаным жақсы ой болды» деп берілген 259-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Сұлтаным шықса ой болды» деп түзетілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Айдындағы алашқа» деген 260-жол 1926 жылғы басылым негізінде «Айқындығы алашқа» болып қалпына келтірілді.

«Беріп тәңірі пиғылына» деген 266-жолдағы *пиғылына* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *пиғылы* деп, «Бабалар

сөзінің» 91-томындағы мәтінде *пиғылын* деп жазылған. «Ел арасын бұзғанның» деген 279-жолдағы *бұзғанның* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *бұзғанын* болып берілген. Бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

«Шығарып жердің тозаңын» деген 281-жолдағы *тозаңын* деген сөз көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *тозғанын* деп берілген. «Тіріде кетпес бұ зарым» деген 288-жолдағы *бұ зарым* сөзі алтытомдық жинақта *қуғаның* деп жазылған. «Ғажап болды өлімің» деген 296-жолдағы *өлімің* сөзі көптомдық және алтытомдық жинақтарда *өлімнің* деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *елімнің* деп жазылған. 1926 жылғы жинақ бойынша «Жақпады кімге қылмысың?» деген 299-жолдағы *қылмысың* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *бір ісің* деп берілген. Осы аталған үш жинақта да «Өзіңнен өкпе табылсын» деген 301-жолдағы *өзіңнен* сөзі *өзіңмен* деп берілген. Бұл жинақта осы өзгертілген сөздер 1926 жылғы басылымдағы мәтін негізінде қалпына келтірілді.

«Маңдайына сыймады» деген 327-жолдағы *сыймады* деген сөз көптомдық және алтытомдық жинақтарда *сыймасы* деп берілген. «Керегі болмай басқаның» деген 354-жолдағы *керегі* сөзі көптомдық және алтытомдық жинақтарда *кереге* деп жазылған. «Тауды ұшырған қаһары» деген 355-жолдағы *қаһары* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *қаһарын* деп берілген. Көптомдықта және алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Арасында нұсқаның» деген 369-жолдағы *нұсқаның* сөзі *нұсқа едің* деп берілген. 377-жолдағы «Жазира еді бостаным» деген сөйлемдегі *бостаным* сөзі алтытомдық жинақта *бос атаным* болып жазылып кеткен. Осы жинақта әзірлеу барысында бұл сөздер 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қасіретіңе күйдірдің» деген 383-жолдағы

қасіретіңе сөзі *қасіретке* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Көптомдық жинақ пен алтытомдықта «Қаз бен күн кеткен соң» деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Жаз бен күз кеткен соң» деп берілген 390-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Қаз бен қуы кеткен соң» болып қалпына келтірілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтағы мәтінде «Зұлымға тым-ақ тар еді» деген 401-жолдағы *тар* сөзі түсіп қалған. Бұл жол 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдықта, алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Әділдікпен ел жинап» деп берілген 407-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Әділдікпен ел билеп» деп түзетілді.

«Заманында қауіптің» деген 410-жолдағы *заманында* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында *заманыма* деп берілген. «Әдеті емес халықтың» деген 411-жолдағы *әдеті* сөзі осы аталған үш басылымда да *әдепті* деп жазылған. «Жолын қуып Қамзаның» деген 438-жолдағы *қуып* сөзі осы аталған үш басылымда да *жуып* деп жазылған. «Теңізде жүзген күнім-ай» деген 445-жолдағы *жүзген* сөзі осы аталған үш басылымда да *жүрген* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы басылым негізінде қалпына келтірілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Алды кетті төлімнің» деп, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Алды кетті елімнің» деп берілген 449-жол 1926 жылғы басылымдағы мәтін негізінде «Алды жетті төлімнің» болып түзетілді.

Көптомдық пен алтытомдық жинақтарда «Аллаға күнді піше алмай» деп берілген 460-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Алдағы күнді піше алмай» болып қалпына келтірілді.

«Ағайын түгіл күйініп» деген 467-жолдағы *түгіл* сөзі көптомдық пен алтытомдықта, «Бабалар сөзінің» 91-томында

түгел деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы жинақтағы мәтін бойынша түзетілді.

«Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде «Құдіретімнің шегі жоқ» деп берілген 472-жол 1926 жылғы жинақ бойынша «Қасіретімнің шеті жоқ» болып түзетілді.

«Көктемде жауындай» деген 475-жолдағы *көктемде* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *көктегі* деп жазылған, ал «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *көктемдегі* деп берілген. Дұрысы *көктемдегі* болса керек, бірақ 1926 жылғы жинақта *көктемде* деп берілген. Контекстке қарай отырып, 1926 жылы кітап алғаш жарық көргенде баспаханада әріптердің түсіп қалып, қате кетуі мүмкін екені ескеріліп, бұл жинақта «Көктемдегі жауындай» деп беру жөн көрілді.

«Ертеңді-кешті зарлаймын» деген 483-жолдағы *зарлаймын* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *зарламаймын* деп жазылған. Бұл сөз 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Көзімнің жасы жаңбырдай / Қой десеңіз, қайтейін, / Қан құса жұтып қояйын» деген 484-ші, 485-ші, 486-жолдар алтытомдық жинақта:

«Көзімнің десеңіз, қайтейін, / Қан қуса құтып қояйын» болып берілген, яғни 484-ші және 485-жолдар бірігіп кеткен, ал 486-жолдағы *жұтып* деген сөз *құтып* деп, *құса* деген сөз *қуса* деп жазылған. Бұл жолдар 1926 жылғы мәтін бойынша қалпына келтірілді.

«Қайғыменен ояйын» деген 488-жолдағы *ояйын* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта *оянып* деп берілген. «Бағыз қанын пара ғып» деген 493-жолдағы *пара* сөзі көптомдықта және алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында *пора* деп берілген. Бұл өзгерістер 1926 жылғы жинақ негізінде түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдықта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қанды жасты құяйын» деп берілген 494-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Қанды жасты тыяйын» деп түзетілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдықта, алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Мекені үшін шабылған» деп берілген 501-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағы мәтін негізінде «Мекемесі жабылған» деп қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Қадірі мәулі іңкәрім!» деп берілген 503-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Қадірі мәулі, иә Керім!» деп түзетілді.

«Көп айтқан соң қоймасқа» деген 506-жолдағы *қоймасқа* сөзі көптомдық пен алтытомдық жинақтарда *қоймаса* деп берілген. «Ақ жол» басылымында, көптомдық пен алтытомдық жинақтарда және «Бабалар сөзінің» 91-томында «Есіл сабаз ер қайда» деп берілген 519-жол бұл жинақта 1926 жылғы басылым негізінде «Есіл сабаз қапыда» деп түзетілді.

«Сапары болды жасыған» деген 520-жолдағы *сапары* сөзі көптомдықта, алтытомдық жинақта және «Бабалар сөзінің» 91-томында *самары* деп жазылған. 1926 жылғы басылымдағы «Бірден туған айым бар» деп келетін 525-жол «Ақ жол» басылымында «Бірден солған айым бар» деп, ал көптомдық жинақ пен алтытомдық жинақта, «Бабалар сөзінің» 91-томында «Бірден болған ойым бар» деп берілген. Бұл жол түпбасылым негізінде қалпына келтірілді.

«Ауданы бізден көп емес» деген 530-жолдағы *көп* сөзі алтытомдық жинақ пен «Бабалар сөзінің» 91-томындағы мәтінде *кең* деп берілген. Бұл сөз 1926 жылғы басылым негізінде түзетілді.

Бұл жинақта 1926 жылғы басылымдағы жоқтаулардың шумақтарға бөлінген реті сақталды. Тыныс белгілері қазіргі пунктуациялық ережелерге сай қойылды.

1926 жылғы «23 жоқтау» басылымының мазмұны факсимиледе берілгендіктен, бұл жинақтағы кирилл әрпімен терілген мәтін соңына қойылмады.

Н. Сәрсек

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абылай хан (1751–1781) – қазақ халқының 1771–1781 жылдар аралығында билік құрған әйгілі ханы, аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат. Азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр. «Сабалақ» – Төле бидің қойған есімі. Жауға «Абылайлап» шапқандықтан, Абылай атанған. Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды. 1771 жылы Түркістанда хан болып сайланады. Абылай хан ел тұтастығы үшін күресіп, сыртқы басқыншыларға тойтарыс беріп отырады. Көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысады. 1781 жылы Арыс өзені жағасында қайтыс болады. Сүйегі Түркістан қаласындағы атақты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Әбдіғапар Жанбосынұлы (1871–1920) – 1916 жылғы патша жарлығына қарсы көтеріліске Торғай қазақтарын ұйымдастырушылардың бірі, ұлт-азаттық қозғалыстың Торғай даласындағы басшысы. Бұрынғы Торғай уезі Қараторғай болысында дүниеге келген. Тілеулі батырдың ұрпағы. 1916 жылдың жазында Торғай уезінің көтерілісшілері Әбдіғапар маңына топтасады. Сол жылы Жалдама өзенінің бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Әбдіғапарды хан көтеріп, Иман батырдың немересі Амангелдіні сардар етіп сайлайды. Әбдіғапар ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демократиясы негізінде қайта құрады. Әбдіғапар өзін «хан» деп атамай, «әмір» деп атаған. Әбдіғапар жасақтаған әскери құрылым Ресей империясының қарулы күштеріне тегеурінді қарсылық көрсеткен. Оның қоластына Қазақстанның көп аймағынан көтерілісші жасақтар келіп қосылған. Сөйтіп Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ең ірі орталығына айналған. Әбдіғапар 1920 жылы қызыләскерлер қолынан қаза табады.

Әбдірахман (Әбіш) Өскенбаев (1868–1895) – қазақтың белгілі ақыны Абайдың ұлы. Әбіш әуелі Семейдегі уездік мектепте, кейіннен Тюмень қаласындағы Александров

реалды училищесінде оқыған. 1889 жылы Санкт-Петербургтегі Михайлов артиллерия училищесіне қабылданып, 1892 жылы бітіреді. Училищеде оқып жүргенде унтер-офицер, портупей--юнкер атанып, 1892 жылы подпоручик әскери шенін алған. Училищені бітірген соң, Ташкенттегі артиллерия гарнизонына жіберіледі. Ташкентте қызмет етіп жүрген Әбіш 1895 жылы 15 қарашада сол жақта қайтыс болады. Сүйегі елге жеткізіліп, Ақшоқыға жерленген. Әбдірахмен қайтыс болған соң, Абай ұлына бірнеше жоқтау-жыр арнаған.

Әбубәкір – Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Әбубәкір құрайыш руынан шыққан. Ол Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі болған. Мұхаммед пайғамбар исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан Ислам дінін бірінші болып қабылдаған.

Әли (Ғали) – Оспаннан кейін билікке келген төртінші халифа (656–661 жылдары билік құрған). Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы. Әли ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киелі бейнеге айналған.

Барақ – Тұрсын ханның баласы, Қодай Менде сұлтанның немересі. Барақтың туған жылы белгісіз. Қайтыс болған уақыты шамамен 1750 жылдың ақпан-наурыз айлары. Ол Қырықсан Барақ-сұлтан, Барақ хан, Кіші Барақ, Барақ-сұлтан, сұлтан Барақ-батыр деген есімдермен белгілі болған. Барақ ханның жеті ұлы болған: Сығай, Бөкей, Қанқожа, Дайыр, Ханбаба, Маман, Нұралы.

Бұдабай Қабылұлы – (1842–1912) – ақын. Қыпшақ тайпасының Торы руынан шыққан. Бұдабайдың ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айтысынан басталады. Ол шығармаларының біразын жазып қалдырған. Өлеңдерінде негізінен ел ішіндегі бірлік пен татулықты жырлайды, араздасқандарды бітімге шақыратын туындылары да бар. Оның есімі елге жоқтау жырлары арқылы да танылған. Бұдабайдың ел арасына кең

таралған «Әйекені жоқтау» деген жырынан бөлек, «Әшірдің баласы Сыздықты жоқтау», «Әлмәмбеттің жалғыз баласы өлгенде» атты жоқтаулары, «Өзім жайлы», «Көңіл туралы», «Өмір туралы» сияқты өлеңдері бар.

Вольтер (1694–1778) (Вольтер – бүркеншік аты, шын атыжөні – Мари Франсуа Аруэ) – француз жазушысы, философ, тарихшы.

Ерғазы – Ахметтің әкесі Байтұрсынның туысқаны.

Жадовская Юлия Валериановна (1824–1883) – орыс жазушысы, ақыны. 1824 жылы Ярославль губерниясының Любимский уезінде дүниеге келген. Лирикалық өлеңдердің, «Стихотворения», «Отсталая», «Простой случай» повестерінің, «В стороне от большого света», «Женская история» романдарының авторы. Өлеңдері алғаш «Москвитянин», «Русский Вестник», «Библиотека для чтения» т.б. журналдарда басылған. 1846 жылы Петербургте тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрген.

Жантай Қарабекұлы (1794–1867) – қырғыздың сарбағыш руынан шыққан белгілі манабы. Атасы Атаке батыр сарбағыш руының тынай бұтағын басқарған. Жантай Қарабекұлы Алатаудағы қырғыз руларының көрнекті жетекшілерінің бірі болған.

Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – қазақтың ірі мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, Қазақ хандығының соңғы ханы, Абылай ханның немересі, 1837–1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүз өкілдерінің жиынында қазақ халқының ханы болып сайланады. Кенесары ханның мақсаты Ресей құрамына енбей қалған қазақ жерлерін сақтап қалу, патша үкіметі тартып алған жерлерді қайтарып алу болды. Сонымен бірге Кенесары Қасымұлы өз жасағымен қоқандықтармен шайқасып, қазақтарға тиесілі жерлерді қайтаруды көздеген. Кенесары әскерінің ең көлемді әрекеті 1838 жылы Ақмола бекінісін өртеуден басталады. 1844 жылы 21 шілдеде Кенесары қолы Ахмет Жантөреұлының әскерін

тас-талқан етеді. Кенесары алатаулық қырғыздарды да Қоқан хандығы мен Ресей патшасына қарсы бірлесе күресуге шақырады. Бірақ қырғыз манаптары бұл ұсынысты қабылдамайды. Патша өкіметі Кенесары Қасымұлы көтерілісін басу үшін Қоқан хандығымен және қырғыз манаптарымен келісімге келеді. 1847 жылғы қырғыз жеріндегі шайқаста Кенасары ұсталып, үш ай тұтқында болады. Осы жерде өлтіру туралы шешім қабылданады. Кенесарының басы Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа сыйға тартылады.

Кеңгірбай би (1735–1825) – Орта жүз, арғын ішіндегі Тобықты руынан шыққан атақты би, рубасы. XVIII ғасырда Тобықтыны билеген. Ә. Бөкейхан «23 жоқтау» жинағында: «Ақын Абайдың бесінші атасы Айдос пен Кеңгірбай әкесі Жігітек бір туысады» деген мәлімет береді. Бейіті Жидебай қорығының бойында. Бейітін Құнанбай Өскенбайұлы тұрғызған.

Крылов Иван Андреевич (1769–1844) – орыс жазушысы, драматург, ақын. Мысал жанрында орыс әдебиетін жаңа сатыға көтерген қаламгер. Ол 236 мысал жазған автор. Бұл мысалдары өзінің көзі тірі кезінде 1809–1843 жылдар аралығында тоғыз рет жинақ болып шыққан. Өз мысалдарымен қатар Лафонтеннің мысалдарындағы сюжеттерді қайта жазып шыққан шығармалары да бар.

Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлы (1667–1764) – қазақтың белгілі би-шешені, қоғам қайраткері. Әз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» заңдар жүйесін шығарушылардың бірі. Орта жүз арғын тайпасының Қаракесек руынан шыққан. Арғы аталары – Бұлбұл, Шаншар абыздан бастап, өз әкесі Келдібек – елге белгілі әділ би болған адамдар. Кей деректерде Қазыбек би 1667–1764 жылдар аралығында өмір сүрген деп көрсетіліп жүрсе, «23 жоқтаудағы» Қыр баласы берген түсінікте шамамен 1661–1758 жылдар аралығы деп беріледі. Қаздауысты Қазыбек би Абылай, Әбілмәмбет, Семеке хандардың тұсында мемлекет басқару ісіне араласып, ақыл-кеңес беріп отырған. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхар, Хиуа мемлекеттері

арасындағы еларалық мәселелерге араласқан бітімші-мәмлегер ретінде де танылды.

Қазанғап Сатыбалдыұлы – Бәсентиін Қазанғап (1771–1856 жж.) – XIX ғасырдың бірінші жартысында Арқа өңіріне кең танылған ірі саяси қайраткерлердің бірі. Бәсентиін елінің төбе биі болған адам. 1843–1848 жылдар аралығында Қазанғап би Баянауыл округінің аға сұлтаны болған.

Қамқа – Қаздауысты Қазыбек бидің қызы.

Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы (1680–1775) – Абылай хан тұсындағы батыр, атақты қолбасшы. Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте қол бастаған батыр. Шыққан тегі – Орта жүздің арғын тайпасының Қанжығалы руы. Атасы Әлдекүн, әкесі Ақша Қанжығалы руы ішінде белгілі адамдар болған. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи – Әзірет Сұлтан кесенесінде жерленген.

Қарақыпшақ Қобыланды, Қобыланды Тоқтарбайұлы (XV ғ.) – аты аңызға айналған батыр, тарихи қайраткер. Халық жадында сақталған жырларда, әңгімелерде, халық шежірелерінде оны көбіне «Қарақыпшақ Қобыланды» деп атайды. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілхайыр ханның бас батыры болған. Қазақ шежіресінде Қобыландыны Қарақыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдан туғызады. Қобыландыдан Беркімбай, Беркімбайдан бес таңбалы Қыпшақ ұрпақтары өрбиді. Қобыланды батыр ру аралық қақтығыстардың бірінде арғын тайпасының билеушісі Қотан бидің ұлы Дайырқожа батырды (Ақжол) өлтірген. Қазақ ауыз әдебиетінде осы оқиға жөнінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген жоқтауы сақталып қалған. Қазақта Қобыланды батырдың қызылбастар мен қалмақтарға қарсы соғыстарын баяндайтын «Қобыланды батыр» эпосы кең тараған.

Қараменде Шақаұлы (1720–1818) – Тобықтының атақты биі, шешен.

Қарпық Шолақұлы – Ахмет Байтұрсынұлымен жерлес әрі рулас ақын. Руы – Үмбетей, ақынның өлеңдері сақталмаған,

шығармаларының ішінен бүгінге жеткені – жоқтаулары, сонымен бірге Байтұрсын мен Ақтас айдаудан қайтып келгенде айтқан өлеңі. Қарпық ақын Төлебайдың қызының, келінінің, жамағатының атынан жоқтау шығарған, сонымен бірге Есмағамбет пен Ерғазыға арналған жоқтауларды да шығарған. Бұл бес жоқтау мәтіні «23 жоқтауға» енген, бұл мәтіндердің түсінігінде жоқтауларды Қарпық ақынның шығарғанына қатысты мәлімет берілген.

Құданың шері Арыстан – қазақ халық ауыз әдебиетінде Әзірет Әлиге (Ғали) берілген лақап аттардың бірі. Оның атына бұдан бөлек «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шер Әлі» деген теңеулер мен эпитеттер тіркесе айтылған.

Құнанбай Өскенбайұлы (1804–1886) – би, аға сұлтан, қажы. Бұрынғы Семей облысы Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауында туған. Ақын Абайдың әкесі, көрнекті қоғам қайраткері. Әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласқан. Құнанбай Өскенбайұлы қажыға барып, Меккеде екі жылдан астам тұрып, Құдайға құлшылық етушілерге арнап тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырған. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша үкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариғат жолын қатар ұстанған.

Қызыр, Қыдыр баба – кейбір шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың мифтерінде, фольклорында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Лермонтов Михаил Юрьевич (1814–1841) – орыс ақыны. Мәскеуде дүниеге келген. Мәскеу ақсүйектер пансионында тәрбиеленген. Мәскеу университетінде білім алған. 1834–1837 жылдар аралығында Гусар полкінде әскери қызметте болған. Тұңғыш өлеңдері мен поэмаларын пансионда оқып жүргенде жазған («Черкестер», «Кавказ тұтқыны»). 1837 жылы А.С. Пушкин қаза болғанда жазған «Ақын қазасы» атты өлеңі үшін қамауға алынып, Кавказға жер аударылған. «Желкен», «Бородино», «Дұға», «Теректің сыйы», «Пайғамбар» сияқты

лирикалық өлеңдерімен қатар «Мцыри», «Демон», т.б. поэмаларының, «Біздің заманның қаһарманы» романының және т.б. шығармалардың авторы. 1841 жылы Пятигорск қаласында офицер Мартыновпен дуэльде қаза болды.

Манас – қырғыздың осы аттас батырлар жырының басты қаһарманы. Қазақтың «Ер Көкше», «Қырымның қырық батыры», «Көрұғлы» т.б. жырларында да кездеседі. «Ер Сайын» жырында оның есімі Қобыландымен қатар аталады.

Мұқамбет / Мұхаммед пайғамбар / Мұстапа – Ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол – Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген елшісі, ең соңғы пайғамбар. 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болады. Анасы Әмина Мұхаммед алты жасқа толғанда өмірден өтеді. Мұхаммед Мұстафа алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң, ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған. Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түседі. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін – Исламды уағыздай бастайды. Мұхаммед пайғамбар Ислам дінін жария еткен кезде арабтардың басым бөлігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасайды. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед пайғамбар өз жақтастарымен бірге Меккеден Медине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Мұхаммед Мұстафа ибн Абдулла 633 жылы Медине қаласында қайтыс болған.

Надсон Семён Яковлевич (1862–1887) – орыс ақыны. 1862 жылы Санкт-Петербург қаласында дүниеге келген. Әкешешесінен ерте жетім қалып, туыстарының қолында тәрбиеленген. 1878 жылы «Свет» журналында алғашқы өлеңі жарық көреді. 1885 жылы жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағы Пушкин

сыйлығын алады. Сол кездері Надсонның өлеңдерін жастар сүйіп оқитын болған. Оның шығармашылығында махаббат лирикасы мен табиғат лирикасы ерекше орын алады. Азаматтық, ғашықтық тақырыптарындағы және табиғатты бейнелейтін лирикалық өлеңдерімен қатар «Христианка» (1878), «Көктемгі ертегі» (1882) атты поэмалардың, «Проза. Күнделіктер. Хаттар» (1912) атты кітабына енген прозалық шығармалардың, «Софья патшайым» атты өлеңмен жазылған драмалық туындының авторы. 1887 жылы Ялтада қайтыс болған.

Наурызбай Қасымұлы (1822–1847) – сұлтан, Кенесары ханның туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр. Кенесары ханның ең сенімді кеңесшілерінің бірі болған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. 1847 жылы Кенесарыны қырғыз манаптары тұтқынға алғанда, Наурызбай Қасымұлы ағасының қасына өз еркімен барған. Сол жақта қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан.

Николай II, Николай Александрович Романов (1868–1918) – Ресейдің соңғы императоры (1894–1917), Александр III-нің үлкен ұлы.

Омар (Ғұмар) – Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, Исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазіреті Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан ары насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсаған. Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік құқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Орақ–Мамай – көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Орақ пен Мамай XVI ғасырдың алғашқы жартысында Ноғай ордасы мен оған көршілес жатқан Қырым, Астрахан, Қазан хандықтарының тарихына елеулі

ықпалы болған тарихи тұлғалар. Қазақ ноғай, татар сияқты түркі халықтарында оларға қатысты аңыз-әңгімелер мен жырлар көп сақталған.

Оспан (Ғұсман) – араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол – Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі. Хазіреті Оспан әуелі пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болғаннан кейін пайғамбардың екінші қызы Үммігүлсімге үйленген. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Пушкин Александр Сергеевич (1799–1837) – орыс ақыны, драматург және прозашы. Ол дворян отбасында туып, балалық шағын Мәскеуде өткізген. 12 жасынан Царское селода (қазіргі Пушкин қаласы) лицейде оқыған. 1826 жылы алғашқы жинағы жарық көрген. «Руслан мен Людмила» поэмасының, «Кавказ тұтқыны», «Сығандар», «Мыс салт атты» дастандарының, «Борис Годунов» драмасының, «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романның және т.б. шығармалардың авторы. 1847 жылы Жорж Дантеспен дуэльде мерт болған.

Рүстем-Дастан – Фердоусидің атақты «Шахнамесінің» бас кейіпкерлері.

Төлебай Танабайтегі (1835–1891) – өз заманында төрелік айтып, билік құрған қазақтың атақты биі. Оның арғы тегі қазіргі Торғай облысын мекен етіп келген арғын тайпасынан, одан берегірек шежіреде Шақшақ, Аманжол, Қошай, Үмбетей, Жәнібек, Аралбай, Мырза, Кебек, Танабай болып келеді. Төлебай шешен халқымыздың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсаринмен (1841–1889) туыстас, замандас болған.

Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы (1693–1752) – жоңғарларға қарсы күрескен қазақ батыры. Ол «Шақшақұлы Жәнібек» деген атпен танымал. Атасы Шақшақ Аманжолұлы Еңсегей бойлы ер Есімнің қолбасшыларының бірі болған. Шақшақ Жәнібек Абылай ханның тұсында қол бастаған батыр, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған. Жәнібек 1752 жылы Қостанай

облысының аумағындағы Тосын құмында қайтыс болған. Батырдың сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Шәңгерей Сейіткерейұлы (1847–1920) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасып, дамыған қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің бірі, ақын. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің немересі, Бөкей ханның тұқымы. Батыс Қазақстан облысының қазіргі Орда ауданында, хан ордасында дүниеге келген. Ордадағы медресені бітіріп, мұсылманша білім алғаннан кейін, Астрахандағы реалды училищеде, одан кейін Орынбордағы Кадет корпусында екі жыл оқыған. Орыс тілін үйреніп, орыс әдебиеті, мәдениетімен танысқан. Самар губерниясында бітімші сот (мировой судья) болып жұмыс істеген. Бірақ мұнда ұзақ тұрмай қызметін тастап, өз еліне келген. Орданың Жәнібек жағындағы Көлборсы деген жерді өз меншігі етіп, сол жерге ағаштан, тастан сәулетті үйлер, мектеп, медресе, мешіт салғызып; туыстарының балаларын оқытқан. Өлеңдерінің кейбірі «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Он ғасыр жырлайды» топтамаларына енген.

Шерәлі хан – 1842–1845 жылдар аралығындағы Қоқан ханы. Қожа ханның ұлы.

Шоқшолой – XIX ғасырда өмір сүрген қырғыз манаптарының бірі. Шешектен өлген.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақтөбе – Қазақстанның көптеген аймақтарында жиі кездесетін жер атауы. Қазіргі уақытта Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде орналасқан облыс және қала әкімшілігінің орталығы.

Алатау – Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы. Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады. Алыстан қарағанда мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтаңдақтары тау жоталарына ала түс береді. Атауы соған байланысты айтылған. Жетісу Алатауы, Жоңғар Алатауы Қазақстандағы ірі әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі.

Балқаш – Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі. Балқаш көлі Сарыарқа мен Сарыесік құмының аралығында, Қарағанды, Алматы және Жамбыл облыстарының аумағында орналасқан. Балқаш – ұзындығы 600 км, ал ені шығыс бөлігінде 9–20 км және батыс бөлігінде 74 километрге дейін жететін еліміздегі ең ірі ішкі құрлық көлі. Орташа тереңдігі 6 метр, ал ең терең жері 26–27 метрге дейін жетеді. Балқаш көлінің басты ерекшелігі – оның суының құрамындағы минералдардың құрамында, оның батыс бөлігінің суы тұзды, ал шығыс бөлігінің суы тұщы болып келеді.

Днепр – Ресейдің Смоленск облысындағы Валдай қыратынан бастау алып, Белоруссия, Украина елдерінің аумағынан өтіп, Қара теңізге құятын өзен.

Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстігінде Балқаш көлімен, шығысында Жоңғар Алатауымен, оңтүстік және оңтүстік-батысында Тянь-Шан жоталарымен шектеседі. Ал батысы Бетпақдалаға ұласады. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атауын құрайтын жеті өзен туралы түрлі пікірлер айтылған. Олар: Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және

Көксу өзендері. Кейбір тарихи әдебиеттерде Жетісуға Шу және Талас алабы мен Қырғызстандағы Нарын өзенінің жоғарға ағысын қамтитын атырапты да жатқызады.

Жиделі Байсын – қазақ фольклорында (жырларда, аңыздарда т.б.) жиі кездесетін берекелі, қасиетті, құтты мекен.

Қап тауы – Құран аңыздары бойынша жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында жанартау орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қол тигізсе, жер сілкінісі болады. Шығыс халықтарында Қап тауымен байланысты көп аңыз бар.

Қаратал – Балқаш алабындағы өзен. Жетісу облысындағы Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары жерімен ағады. Өзен бойында Талдықорған, Үштөбе, Текелі секілді үлкен қалалар орналасқан. Батыстан Көксу өзені Қаратал өзеніне құяды.

Қаратау – қазақ жерінде Қаратау атты бірнеше тау бар. Ең көлемдісі – Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарының орталығындағы тау. Алыстан қарайып көрінетіндіктен Қаратау деп аталған.

Қаратөбе – көптеген аймақтарда жиі кездесетін жер атауы. Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданында, Ақмола облысы, Шортанды ауданында, Шығыс Қазақстан Жарма ауданында, Түркістан облысы Сайрам, Сарыағаш және Төле би ауданында осы атаумен аталатын елді мекендер кездеседі.

Қарқаралы – Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы қала, аудан және Қарқаралы қалалық әкімдігі орталығы**.** Қарағанды облысының шығыс бөлігінде, Қарқаралы тауының баурайында орналасқан. 1824 жылы Қарқаралы қамалының негізі қаланған, ал 1869 жылы Қарқаралыға уездік қала мәртебесі берілген. XIX ғасырда ол маңызды сауда орталықтарының бірі болған. 1928 жылға дейін Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінің, 1928–1930 және 1934–1936 жылдары Қарқаралы округінің орталығы болған.

Қиыл – Ойыл алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Ойыл, Қобда аудандары жерімен ағады, Ойыл өзеніне құяды.

Қырғыз Алатауы – Қырғызстандағы таулы жота. Батыс бөлігінің солтүстік беткейі Қазақстан жерінде. Жалпы ұзындығы 375 шақырым. Батысында Тараз қаласы атырабынан басталып, шығысында Шу өзенінің аңғарындағы Буам шатқалына тіреледі.

Меке, Мекке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәсжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) дүниеге келген қала. Мұхаммед пайғамбар Меккеден кеткенімен Мединедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету мұсылманның бес парызының бірі саналады.

Наурызым – Қостанай облысы аумағында орналасқан Наурызым қорығындағы реликті қарағайлы орман алқабы.

Нұра – Орталық Қазақстан және Ақмола облыстарының жерімен ағатын өзен. Нұра Қарқаралы тауларының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды.

Ойыл – 1. Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады. 2. Ақтөбе облысының батысында орналасқан ауданның атауы.

Сарыарқа, Арқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Қарағанды, Ақмола облыстарын толығымен, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігін, Павлодар, Қостанай облыстарының біраз жерін қамтиды. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта жатыр. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, одан ары Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Созақ – Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған ежелгі қала.

Сыпсың – Наурызым қорығындағы реликті қарағайлы орман алқабы.

Тарбағатай – Шығыс Қазақстан өңіріндегі тау жотасының аты. Қазақстанның оңтүстік шығысы мен Қытай Халық Республикасының аумағында орналасқан. Аягөз өзенінен Хабар асуына дейін 180 шақырымға созылып жатыр.

Тобыл – Торғай үстіртінің солтүстігінде орналасқан аңғар.

Торғай алабы – батысында Оңтүстік Орал (Мұғалжар) тауымен, шығысында Сарыарқамен шектесетін жазық өлке. Торғай үстірті негізінен, Қостанай облысы аумағында орналасқан, аздаған бөлігі Ақмола және Қарағанды облыстарының аумағына кіреді.

Шу – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар.

Ырғыз қаласы – Ырғыз әскери бекінісінің іргетасы 1845 жылы қаланып, алғашқыда ол Орал әскери бекінісі деп аталған болатын. 1868 жылы Орал бекінісінің негізінде Ырғыз уезі құрылады. Содан бастап Ырғыз уезінің атауымен бекініс Ырғыз қаласы деп аталды. Ырғыз уезі Торғай облысының құрамына қарады. Ырғыз уезінің құрамында 12 болыстық (Аманкөл, Бақсайыс, Қабырға, Кенжеқара, Құланды, Қызылжар, Талдық, Тәуіп, Темірастау, Шенгелді, Ордақонған) пен 83 ауылнайы бар әкімшілік-территориялық жүйе жұмыс жасады.

Іле өзені – Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен. Алматы облысының Райымбек ауданынан бастау алып, Қытай жері арқылы елімізге оралып, Балқаш көліне құяды.

Царьград – қазіргі Стамбұл қаласы. Стамбұл (Византий, Константинополь) – Түркияның ірі қаласы, тарихи, экономикалық, мәдени орталығы. Қара теңіз бен Мәрмәр теңізінің ортасында Босфор бұғазының жағалауында орналасқан. Рим,

Шығыс Рим (Византия) империяларының астанасы болған. Осман империясының бұрынғы астанасы.

Ямыш, Ямыш қорғаны – Ертіс өзенінің оң жағалауындағы, Ямыш тұзды көлі жанындағы қарауыл қорғаныс, қалдығы Павлодар облысы Ямышево ауылының маңында орналасқан. Қорғанның негізін 1715 жылы қараша айында подполковник И.Д. Бухольцтың отряды қалаған. 1836 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы князь Горчаковтың өтінішімен қайта құрылып, Ямышев казак станицасы деп аталды.

РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫ

Арғын – қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді.

Жәуетей – найман руы ішіндегі Бура найман, Айғыржалдан тарайтын ата.

Керей – Орта жүз құрамына кіретін ру.

Найман – қазақ халқының көп тараған тайпаларының бірі. Оған Ұлытау даласында өмір сүрген Қаракерейлер, Бура наймандар, Балталы және Бағаналылар (жеті болыс) жатады.

Ноғайлы – Ш. Уәлихановтың пайымдауынша, «Ноғайлы» дегеніміз—Алтын Орданың құрамына енген көшпелі тайпалардың өздерін отырықшы қандастарынан даралау үшін қолданған этнонимі. Ноғай, қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ халықтары өздерінің шежірелік аңыздарында түпкі тегін Ноғайлыдан таратады.

Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек (Болатқожа) – шежіре бойынша Орта жүздегі арғын тайпасының «Бес мейрам» аталатын рулар бірлестігіне кіретін аталар.

Қарауыл, Атығай, Бәсентиін, Момын, Сарыжетім, Шақшақ – арғын ішіндегі «Жеті момын» аталатын аталар.

Қыпшақ – Орта жүз құрамына кіретін ру. Қыпшақтар тайпасы сандық құрамы жағынан Орта жүзде үшінші орын алды және қазақтардың ғана емес, басқа да түрлі халықтардың этногенезінде маңызды қызмет атқарды.

Майғы, Танас – арғын ішіндегі Қаракесек руына жататын аталар.

Тобықты – Орта жүз ішіндегі арғын тайпасының руы. Ол арғынның екінші әйелі Момыннан туған төртеудің бірі – Ақсопыдан тарайды. Тобықты ұрпақтары 17 ғасырдың ақырында Балқаш, Тоқырауын, Қусақ маңын, 5 болыс ел бұрынғы Семей облысының жерін мекендеген. Тобықтыдан сөзге шешен, ұрыста қайратты батыр, билер көп шыққан.

Үмбетей – Орта жүз арғын руынан тарайтын ата.

Шұбыртпалы – Орта жүз арғын руына жататын ата.

СӨЗДІК

Ақырет /а/ – діни ұғым бойынша қиямет болғанда, пенделер тірі кезінде істеген күнәлары үшін жауап беретін күн.

Аң болу – ескеру, байқау, сақ болу.

Аран – ұрыс даласында ағаштан, қамыстан, киізден жасалған уақытша баспана, қорған.

Аренда (о) – жалдау, жалға беру.

Асатаяқ – ұзын таяқ, аса (аса – таяқ, таяқша).

Аслан /а/ – мүлде, тіпті; шыққан тегі.

Асхаб /а/ – сахабалар.

Ауындау – аударылып, төңкерілу (балыққа қатысты айтылады).

Ауыр дәулет – мол байлық.

Әдді /а/ – шама, шек, шама-шарық.

Әлейкүмассалам – «Ассалаумәлейкүм» деп сәлемдескен адамның сәлемін алу.

Әмиян /п/ – ақша салғыш.

Әуір, әуірі – құмар, желік. *Әуірі басылмады* – құмары басылмады, көңілдің желігі тарқамады.

Бабай – «баба» сөзінің құрметтеу, сыйлау мәнінде қолданылуы; қарт, шал.

Балдағы алтын айболат – құрыштан құйылған қару.

Баршын (қырғ.) *барчын* – бүркіт.

Бәнде, пенде /п/ – адам; Құдайдың құлы; тұтқын, кіріптар, құл.

Бәһре /п/ – пайда, олжа, нәтиже.

Берен – 1. Шың болаттан соғылған қылыш; 2. Ұңғысы ұзын шиті мылтық.

Бесмелла, бисмилла, бисмиллаһи (а) – Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игіісті, әрекетті осы сөзбен бастайды.

Бинамаз – намазы жоқ, намаз оқымайтын адам.

Бүлу – бүліну, ойрандалу.

Ғайбат /а/ – өсек, жала сөз; өтірік сөз.

Ғамал /а/ – амал, әрекет.

Ғарық /а/ – бату, суға кету.

Ғаріп /а/ – бейшара, мүсәпір, міскін.

Ғибрат /а/ – үлгі, өнеге.

Ғұсыл /а/ – жуыну, тазару.

Дандан – пілдің сүйегі.
Дуан – бір уездік көлемдегі ауқымды бекініс; аймақ.
Дуанбасы – бір дуанға басшылық ететін адам.
Дұға /а/ – мінәжат, ғибадат.
Ділда – алтыннан соққан теңге, ақша.
Ғайып ерен, қырық шілтен – мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.
Жад ету, жад қылу /п/ – еске алу. Құдайды, әулие-әнбиелерді, бабалар мен пірлерді бір тілекпен жалбарына еске алу.
Жанап /а/ – төңірек, маңай, қасы, қатары.
Жаппар /а/ – құдіретті, Алланың 99 есімінің бірі.
Жәһидтену – ниеттену.
Жортақы – тепең жүрісті жылқы.
Жуда /қырғ/ – өте.
Жүдә /п/ – бөлек, оқшау; тым, аса.
Зайғы /а/ – зая, құр-бекер, босқа; жоғалу, құру.
Заһар /а/ – у
Зәкүн /о/ – заң.
Зұлпықар – діни аңыздарда Мұхаммед пайғамбардың батыры Әлидің (Ғалидың) қылышын солай деп атаған. Кейін асыл болаттан соққан қылышты осылай атап кеткен.
Иман – иман келтіру, Алла және оның елшісі сенуге бұйырған нәрселердің бәріне шүбәсіз сену.
Ишарат /а/ **–** нұсқау, белгі, лебіз.
Кеп / қырғ/ – сөз, әңгіме.
Кент /п/ – елді мекен.
Кете /қырғ/ – қымбат мата.
Көрнек – қоршау.
Көрпелдес – жүндес, ет алған марқа қозы.
Күс, кіс – терісі бағалы аң, бұлғын.
Қадарлы – белгілі бір мөлшерде, шамалы.
Қақыр /қырғ./ **–** тақыр, шөлейт жер
Қариды – қартаяды.
Қисса /а/ – әңгіме.
Қырыншыл – бір-біріне бұра тартып үйірсіктеп жүретін /бір қырындап жүретін.
Лақпау – адаспау.
Лат-Манат, Ғузза /а/ – Исламға дейінгі арабтардың табынатын пұт мүсіндері.

Лауық /а/ **–** жазу тақтасы, тағдырдың жазуы жазылатын тақта.
Лаухул-Махфуз /а/ – адам тағдыры жазылатын тақта, кітап.
Ләфүз /а/ – лебіз
Лекір /о/ – (лекарь) дәрігер, емші.
Мақшар /а/ – діни наным бойынша, ақырзаман күнінде болатын сот.
Манат – түкті мата, қолөнер өндірісі арқылы жасалған, көбінесе ашық қызыл түсті болып келеді.
Машайық /а/ /шайхы деген сөздің көпше түрі/ – ақсақалдар, қариялар, ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы, көсемі; діни көсем.
Мәжнүн /а/ – ессіз, есуас, ақымақ.
Мәжіліс /а/ – отырыс, жиналыс.
Мәулім – торғынға түк қондырылған мата.
Мехнат /а/ – ауыр азап, бейнет, қиыншылық.
Миуа /п/ – мәуе, жеміс.
Мұғайын /а/ – анық, айқын, нақты.
Мұқтасар /а/ – 1. Қысқа, шағын. 2. Құраннан кейінгі шариғат ережелері жазылған діни кітап.
Мүбтала /а/ – душар болу, бір нәрсеге ұшырау, жолығу, азап шегу.
Мүрид /а/ – хазірет, халифе, ишан, молда т.б. діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші, шәкірт.
Мүрдар, мұрдар /а/ – түгел.
Мінәжат /а/ – Құдайға сиыну, құлшылық ету.
Най /п/ – музыкалық аспап, сыбызғы
Наһан /п/ – балықтың үлкен, ірі түрі, кит.
Наһу /а/ – синтаксис, тіл білімінің саласы.
Ояз – 1. Ресейдегі губернияның құрамына әкімшілік-аумақтық бөлік. 2. Оязды басқарушы.
Өтіл – өтініш, тілек, талап.
Пақыр /а/ – кедей, жарлы, байғұс.
Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жалтырауық жібек мата.
Перун – дінсіздер табынатын пұт.
План /о/ – жоба, жоспар; сызба.
Пормы /о/ – пішін, түр, кескін.
Пір /п/ – 1. Діни қолдап-қорғаушы рух. 2. Кіші және Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарда белгілі бір кәсіптің киелі қолдаушысы.

Рақылат ету /а/ – 1. Көшу; 2. Өлу. *Рақылат етті дүниядан* – өмірден өтті, өлді.

Рахмет /а/ – мейірім, шапағат; алғыс, ризашылық.

Рәсуа /а/ – ысырап, шығын.

Саба – жүнін қырқып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, қымыз ашытатын ыдыс.

Сақилық – жомарттық, мырзалық.

Сілбе /қырғ./ *шилби* – үшқат.

Сүрен – айқай.

Талай – бақ; тағдыр.

Тәбділ /а/ – өзгерту, аустыру, шара.

Тәмам /а/ – барлық, күллі, дүйім; өте, аса, тым; соңы, аяқталды.

Уә – және, мен (пен, бен), тағы.

Уә ғайыры – және басқа.

Уәлайат – аймақ, өлке, өңір.

Ужуд /п/ – тұрмыс.

Ұлы сәске – күн көтеріліп, тал түске жақындаған мезгіл.

Ұлық – хакім.

Үмбет, үммет /а/ – ел, қауым, жамағат, жол; Мұхаммедтің үмбеті, мұсылмандар мағынасында қолданылады.

Фаһам /а/ – түсінік, мән, мағына.

Хана /п/ – үй, жай, орын.

Хабиб /а/ – сүйікті, Хабибі еді Алланың –Алланың сүйген құлы.

Халифа /а/ – ислам діні орнағаннан бастап XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі.

Хикмет /а/ – даналық, кемеңгерлік, нақыл.

Хүкім, үкім /а/ – бұйрық.

Шариар, шаһариар /а/ – Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі /Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғали/.

Шариғат /а/ – Құранға негізделген мұсылмандық ережелер жинағы.

Шилан – ақша салатын былғары қалта.

Ысқат /а/ – өлген адамның тіпшілігінде жасаған күнәсін кешу үшін, оның жақын адамдарынан ақшалай, заттай алынатын салық, підия. *Ысқат оқу* – тіршіліктегі күнәсін басқа адам алуға тиісті жөн-жоралғы.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – Әдебиет және өнер институты
ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана
а – араб
о – орыс
п – парсы
қырғ – қырғыз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. – Санкт-Петербург: Императорлық Ғылым академиясы типографиясы, 1909. – 116 б.
2 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. – Орынбор: Каримов, Хусаинов баспаханасы, 1913. – 98 б.
3 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. – Қазан: «Татарстан» баспаханасы, 1922. – 96 б.
4 Байтұрсынұлы А. Маса. 3-басылуы. – Қазан: «Татарстан» баспаханасы, 1922. – 95 б.
5 Ер Сайын / Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші А. Байтұрсынұлы. – Мәскеу, 1923. – 96 б.
6 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда-Ташкент, 1926. – 286 б.
7 Байтұрсынұлы А. 23 жоқтау. – Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 156 б.
8 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
9 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер, тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
10 Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер?: Маса. Қырық мысал / Құраст. А. Байтұрсынов атынд. ҚҚ. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 112 б.
11 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208 б.
12 Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты ред. А. Ісімақова. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
13 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. –120 б.
14 Байтұрсынұлы А. Көптомдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. А. Ісімақова, Р. Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006. –288 б.
15 Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 208 б.
16 Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты ред. А. Ісімақова. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
17 Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. Р. Имаханбет. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

18 Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. 6-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. Р. Имаханбет. – Алматы: Елшежіре, 2013. – 384 б.
19 Байтұрсынұлы А. Энциклопедия / Бас ред. Ж. Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
20 Стасов В.В. Происхождение русских былин. Т.2. – Москва, 1868. – 316 с.
21 Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и в Джунгарской степи, собранные В.В. Радловым. Часть III. – СПб., 1870. – 712 с.
22 Образцы народной литературы северных тюркских племен, собранные В.В. Радловым, часть V, Наречие дикокаменных киргизов. – СПб, 1885. – 599 с.
23 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент, 1927, Б. 85–90; Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Қызылорда, 1932; Марғұлан Ә. Халық жырын туғызудағы мотивтер // Халық мұғалімі. – 1939. – №2. – Б. 119–132; Орлов А.С. Казахский героический эпос. – Москва–Ленинград, 1945, С. 50–71; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1993; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
24 Батырлар жырларының жинағы. 2-інші жинақ / жинаған Садуақас Сейполлаұлы Сәкен. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 421 б.
25 Төлебайұлы К. Оқу кітабы. Бастауыш мектептің 2-жылы үшін. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 94 б.
26 Саин батыр. Перевод А. Пенковского // Литературный Казахстан. – 1935. № 2, 3, 4; 1938. № 8, 9, 11.
27 Сейпуллаұлы С. (Сәкен), Тұрманжанұлы Ө. Көркем әдебиет. Орталау мектептің 5-класына арналған оқулығы. – Қызылорда: Қазақстан, 1935. 210 б.
28 Мысалдар / Тізген Ө. Тұрманжанов. Жауапты ред. І. Жансүгіров. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1936. – 165 б.
29 Батырлар жыры. 1 том / Жауапты редакторы С. Мұқанов. – Алматы, 1939. – Б. 345–393.
30 Тоқмағамбетов Ә., Есмамбетов Ә. Оқу кітабы. – Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. 96 б.
31 Сәрсенбаев Ә., Алғожин А. Оқу кітабы. Бастауыш мектептің 3-класына арналған. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. 140 б.
32 Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептердің 5-класына арналған. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. 150 б.

33 Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептердің 5-класына арналған. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1940. 150 б.
34 Тоқмағамбетов Ә. Оқу кітабы. Бастауыш мектептің 4-класына арналған. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1940. 148 б.
35 Төлебаев К. Оқу кітабы. Бастауыш мектептің 2-класына арналған. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1940. 150 б.
36 Крылов И.А. Мысалдар / Құрастырған Б. Кенжебаев. – Алматы: Қазмембірбас., 1943/1944. – 142 б.
37 Стихотворения Юлии Жадовской. // Добролюбов Н.А. Собрание сочинений, Том 3. Москва/Ленинград 1962. – 543 с.
38 Поэты 1840–1850-х годов. Библиотека поэта. Большая серия. Второе издание. – Л.: Советский писатель, 1972. – 544 с.
39 Пушкин А.С. Полное собрание сочинений в десяти томах. Т. 1 Стихотворения. 1813–1820. Москва–Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1950. – 528 с.
40 Киргизско-русский словарь / Сост. К.К. Юдахин. 1 книга. – Фрунзе: 1985. – 504 с.
41 Киргизско-русский словарь / Сост. К.К. Юдахин. 2 книга. – Фрунзе: 1985. – 480 с.
42 Байғалиев Б. Ахмет өлеңдері мен аудармалары // Жетісу. 13 қаңтар 1989; Коммунизм таңы. 21 қаңтар 1989.
43 Елеукенов Ш. Халқының көңілін көгерткен // Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. С новой строки. – Алматы, 1989. Б. 94–109.
44 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Білім, 1990.
45 Боздағым: (Қазақтың жоқтау жырлары) / Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Т. Арынов. – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.
46 Апухтин А.Н. Полное собрание стихотворений. Большая серия. Третье издание. – Л.: Советский писатель, 1991. – 448 с.
47 Абдиманов О. Литературно-публицистическая деятельность Ахмета Байтурсынова. Автореф. дисс. на соискание уч. степени канд. филол. наук. – Алматы, 1992.
48 Қазақтың батырлық эпосы / Құрастырып, түсініктемелерін жазған С. Дәуітов – Алматы, 1992. – 216 б.
49 Көпеев М.-Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы, 1992. – 286 б.
50 Алтын сандық / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Б. Уақатов, С. Қасқабасов, К. Матыжанов. – Алматы, 1993. – 352 б.
51 Ел қазынасы – ескі сөз / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С. Қасқабасов, К. Матыжанов. – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.

52 Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов // ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1994. – 248 б. (133–150 б.)
53 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б. (107–117 б.)
54 Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі (А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы негізінде). Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф.– Алматы, 1994. 30 б.
55 Исмакова А. Возвращение плеяды. – Алматы: Гылым, 2002. 200 с.
56 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002.
57 Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. 304 б.
58 Омарұлы Е. Жазу ережелері // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құраст.: Ш. Құрманбайұлы. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2005. – 144 б.
59 Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 том. ХХ ғасырдың бас кезі (1910–1917). – Алматы 2006. – 610 б.
60 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 44: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 496 б.
61 Батырлар жыры: 50 томдық. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 2006. – 280 б.
62 Көпейұлы М.-Ж. Көптомдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Алаш, 2006. – 304 б.
63 Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы. Филол. ғыл. канд. дисс. автореферат. – Алматы, 2006.
64 Абитова Г. «Ер Сайын» жырының поэтикасы. Филол. ғыл. канд. дисс. автореферат. – Түркістан, 2007.
65 Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
66 Нұрпейісов К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қаз. энц-сы, 2007. – 376 б.
67 Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
68 Көпбосынов М. Қазақ әдебиетіндегі И.А. Крылов мысалдарының аударылу тарихы. Филол. ғыл. канд. дисс. автореферат. – Алматы, 2009. – 30 б.
69 Салқынбаев М. ХХ ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланыстары (А. Байтұрсынұлы мысалдарындағы араби сарындар). Филол. ғыл. канд. дисс. автореферат. – Алматы, 2009. 25 б.
70 Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010. 304 б.

71 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Т. 2. Алматы: 2011. – 744 б.
72 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Т. 11. Алматы: 2011. – 752 б.
73 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 91: Мұң-шер жырлары. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
74 Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. Т. 2. Алматы: «Дәуір», 2014. – 480 б.
75 Дала фольклорының антологиясы: Онтомдық. Т. 1: Батырлар жыры. – Алматы: Brand Book, 2019. – 560 б.
76 Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Т. 1. Алматы, Жазушы. – 2020.
77 «Ер Сайын» // ӘӨИ: 1202/4-бума, 7-кітап. Тапсырған Қуандық Мәшһүр-Жүсіп; «Бозмұнай» (Ер Сайын) // ӘӨИ: 48-бума, Игнатьев Руф Гаврилович (1818–1886) фольклорлық материалдар. Оренбург архивынан ГАЧО ф. 168. д. 22, Б. 46–90; «Ер Сайын» // ӘӨИ: 48-бума. Жинаған Қ. Иманов, қорға 1939 жылы түскен, 40 бет, латын әрпінде; «Ер Сайын» // ОҒК: 362-бума, 6-дәптер. 1946 жылғы Көкшетау экспедициясы. 1942 жылы Капеев Ахметжаннан жазып алған Бейсенов Әмірке. Тапсырған Б. Жақыпбаев. 16 бет, араб әрпінде; «Ер Сайын» // ӘӨИ: 1110-бума, 6-дәптер, Жинаған Сембеков Елеусіз. Тапсырған А. Сейдімбеков, 84 бет, кирилл әрпінде.
78 Әбсадық А. Серт. Алматы: Арыс, 2022. – 232 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

А. Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағының бірінші томына алғашқы кітаптары – 1909 жылы жарық көрген «Қырық мысал» мен 1911 жылы жарық көрген «Маса» жинақтары еніп отыр. Сонымен бірге ғалым жинап, бастырған фольклорлық мұралар, атап айтқанда «Ер Сайын» жыры мен «23 жоқтау» жинағы берілді.

«Қырық мысал» жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургте, 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда жарық көрген. Бұл кітапта ақынның И.А. Крыловтан аударған мысалдары жинақталған. А. Байтұрсынұлының аудармасында орыс тіліндегі мысалдардың сюжеті сақталғанымен, оқиғаны баяндауда көп еркіндік байқалады, тың ойлар айтылады. Ол мысалдардағы оқиға желісін қазақ ұғымына түсінікті етіп, көркем тілмен жеткізген. А. Байтұрсынұлының мысал жанрындағы шығармалары он бір буынды қара өлең үлгісімен еркін жазылған. Оның аудармалары көлемі жағынан Крылов мысалдарынан артық болып келеді. Әр мысалдың соңына мәтінде баяндалатын оқиғаны түйіндейтін ғибратқа толы қорытынды, түсінік беріп отырған.

«Маса» жинағы алғаш рет 1911 жылы Орынборда жарық көрген. Бұл жинақта А. Байтұрсынұлының өз өлеңдері, мысалдары және аудармалары топтастырылған. Кейіннен 1914 және 1922 жылдары өңделіп, толықтырылып Қазан қаласында қайта басылған. Бұл кітапқа А. Байтұрсынұлының өз өлеңдерімен бірге И.А. Крылов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ю.В. Жадовская, А.Н. Апухтин секілді орыс ақындары шығармаларының аудармасы берілген.

А. Байтұрсынұлының құрастыруымен Мәскеуде 1923 жылы «Ер Сайын» жыры, 1926 жылы «23 жоқтау» жинағы жарық көреді. «Ер Сайын» жыры Мәскеуде Ұлттар комиссариаты жанындағы «Күншығыс» баспасынан 1923 жылы баспа директоры Н. Төрекұлов пен әдеби қызметкер Ә. Бөкейханның қолдауымен жеке кітап болып басылған.

«23 жоқтау» жинағында қазақ жоқтауларымен қатар қырғыз жоқтаулары да берілген. Жинақтағы жоқтау мәтіндерін жинап, түзеткен А. Байтұрсынұлы мен Қыр баласы (Ә. Бөкейханның бүркеншік аты). Кітапта жеті жоқтаудың В.В. Радлов жинақтарынан алынғанына қатысты сілтеме берілген. Бірақ бұл жоқтаулардың өңделгені байқалады. А. Байтұрсынұлы құрастырған жинақта В.В. Радловтан алынған жоқтаулардың кейбірі қысқартылған, кейбірінің мәтініндегі сөздер өзгертілген.

Бұл томға енген мәтіндерді әзірлеу барысында «Қырық мысал» жинағының 1922 жылғы басылымы, «Маса» жинағының 1922 жылғы басылымы, «Ер Сайын» жырының 1923 жылғы басылымы, «23 жоқтау» жинағының 1926 жылғы басылымы негізге алынды. Осы басылымдардың құрылымы сақталып, түсініктер мен сілтемелер өзгеріссіз берілді.

Осы жинақтардың әр жылдары шыққан басылымдары өзара салыстырылып, мәтіндердегі өзгерістер мен ерекшеліктер көрсетілген ғылыми түсінік жазылды. Томның соңында ғылыми түсінікпен қатар мәтіндерде кездесетін кісі есімдері, ру-тайпа аттары мен жер-су атауларына қатысты анықтамалар берілді. Сонымен бірге араб және парсы тіліндегі сөздерге, архаизмдерге түсінік беретін сөздік те ұсынылды.

РЕЗЮМЕ

В первый том полного академического собрания сочинений А. Байтурсынулы вошли первые труды выдающегося ученого – сборник «Қырық мысал» (1909 года издания) и «Маса» (1911 года издания).

Сборник «Қырық мысал» впервые увидел свет в Санкт-Петербурге в 1909 году, переиздан в 1913 году в Оренбурге, в 1922 году – в Казани. Он содержит басни И.А. Крылова в переводе А. Байтурсынулы. Сохраняя сюжет и стиль произведений И.А. Крылова, их дидактичность, А. Байтурсынулы осуществил свободный художественный перевод, не следуя буквально текстам русского баснописца, а формулируя новые идеи и вкладывая, порой, иной смысл. Переводы басен на казахский язык более объемны, превышают оригинальный текст по количеству строк и куплетов. Басни аллегоричны и завершаются, как правило, моралью – кратким нравоучительным заключением, назиданием, охватывающим отраженную в произведении проблему в целом.

Сборник «Маса» впервые издан в Оренбурге, в 1911 году. Включает стихотворения А. Байтурсынулы и его художественные переводы произведений классиков русской литературы А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, И.А. Крылова, Ю.В. Жадовской и др. Позднее сборник дополнен, отредактирован и переиздан в Казани в 1914-м и в 1922-м годах.

В первый том данного издания также включены сборники фольклорных текстов, собранные и опубликованные А. Байтурсынулы: «Ер Сайын» и «23 жоқтау».

А. Байтурсынулы являлся, как известно, составителем книг, включающих непревзойденные образцы фольклорного наследия казахского народа. Героический эпос «Ер Сайын» издан отдельной книгой в 1923 году в Москве в Центральном восточном издательстве при Наркомате по делам национальностей при поддержке и участии директора издательства Н. Торекулова и литературного сотрудника А. Бокейхана.

Сборник «23 жоқтау» вышел в свет в Москве в 1926 году. В сборник включены не только казахские, но и киргизские поминальные песни, плачи, собранные, отредактированные и подготовленные к печати А. Байтурсынулы и А. Бокейханом. В книге уточнялось, что тексты семи жоктау взяты из сборников В.В. Радлова, некоторые из них сокращены, в тексты других внесены небольшие изменения.

При подготовке текстов, вошедших в первый том полного академического собрания сочинений А. Байтурсынулы, за основу взяты сборники «Қырық мысал» (1922 года издания), «Маса» (1922 года издания), текст героического эпоса «Ер Сайын» (1923 года издания), сборник «23 жоқтау» (1926 года издания). В данном томе сохранены структура и содержание указанных изданий, даны научные комментарии. Осуществлено сравнение сборников разных лет издания, проведена большая текстологическая работа, написаны комментарии, в которых научно обоснованы изменения в текстах, пропущенные слова и предложения. Включены комментарии к историческим именам, названиям родов и племен, топонимическим названиям. Составлен словарь, в котором даны значения архаизмов и иноязычных (арабских, персидских и других) слов.

ABSTRACT

The first volume of the academic complete collection of works of A. Baitursynuly includes his first books - «Forty apologues» published in 1909 and «Masa» published in 1911. At the same time, the folklore heritage collected and published by the scientist, in particular, the song «Er Sayin» and the collection of «23 elegies» were presented.

The collection «Forty apologues «was published in 1909 in St. Petersburg, in 1913 in Orenbourg, and in 1922 in Kazan. This book contains examples translated by the poet from Krylov. A. Baitursynuly translated the story line in the examples in an artistic language that is understandable to the Kazakh concept. Although the plot of the examples in the Russian language is preserved in his translation, a lot of freedom is observed and new ideas are expressed. His translations are more than Krylov's examples in terms of volume, at the end of the apologue he gives an instructive conclusion, summary, explanation arising from the story described in the text.

The collection «Masa» was first published in 1911 in Orinbor. This collection includes A. Baitursynuly's own poems and translations. Later, the collection was revised and supplemented and reprinted in Kazan in 1914 and 1922. This book includes poems by A. Baitursynuly and I.A. Krylov, A.S. Pushkin, M. Yu. Lermontov, Yu.V. Jadovskaya et al. translation of the works of Russian poets is provided.

The poem «Er Sayin» was published in Moscow in 1923, and the collection «23 elegies» was published in 1926, compiled by A. Baitursynuly. The poem «Er Sayin» was published as a separate book in Moscow in 1923 by A. Baitursynuly at the «Күншығыс «publishing house under the Commissariat of Nations, with the support of the publishing director Nazir Torekulov and the literary worker Alikhan Bukeikhan.

In addition to Kazakh laments, there are also Kyrgyz laments in the «23 elegies» collection. A. Baitursynuly and Kyrbalasy

(pseudonym of A. Bukeikhan) collected and corrected the mourning texts in the collection. In the book, there is a reference to the fact that the seven laments were taken from the collections of V. V. Radlov. But it seems that these lamentations have been processed. Some of the laments taken from V. V. Radlov in this book have been shortened, and some words have been changed.

The 1922 edition of the «Forty apologues» collection, the 1922 edition of the «Masa» collection, the 1923 edition of the «Yer Sayin» poem, and the 1926 edition of the «23 elegies» collection were used as the basis for the development of the texts included in this volume. The structure of these publications has been preserved, and the definitions and references have been given unchanged. The editions of these collections published in different years were compared and textological work was carried out. As a result of this, an explanation containing detailed information about the changes identified during intertextual comparison, missing lines and sentences was written. At the same time, definitions of personal names, tribal names and place names, Arabic and Persian words and archaisms found in the texts were given.

МАЗМҰНЫ

АҢДАТПА **5**

ҚЫРЫҚ МЫСАЛ **17**
Замандастарыма 19
1. Аққу, шортан һәм шаян 19
2. Шымшық пен көгершін 20
3. Ат пен есек 21
4. Маймыл 23
5. Егіннің бастары 24
6. Өгіз бен бақа 26
7. Емен мен қамыс 27
8. Қасқыр мен тырна 29
9. Бұлбұл мен есек 32
10. Екі шыбын 34
11. Арыстан, киік һәм түлкі 35
12. Қарға мен түлкі 37
13. Қасқыр мен қозы 39
14. Жас ағаш 42
15. Қартайған арыстан 44
16. Шал мен ажал 46
17. Қайырымды түлкі 47
18. Маймыл мен көзілдірік 49
19. Шал мен жұмыскер 50
20. Жарлы бай 52
21. Айна мен маймыл 56
22. Кісі мен арыстан 57
23. Жүргіншілер мен иттер 59
24. Еменнің түбіндегі шошқа 60
25. Кісі мен аю 61
26. Екі бөшке 64
27. Аңдарға келген індет 65
28. Қара бұлт 69
29. Иттің достығы 71
30. Қасқыр мен мысық 73
31. Қаптесер мен көртышқан 75
32. Ала қойлар 75
33. Сары шымшық 78
34. Түлкі мен қарашекпен 79
35. Кісі мен көлеңке 82
36. Қарашекпен мен қой 82
37. Қайыршы мен Қыдыр 84
38. Үлес 88
39. Өзен мен қарасу 89
40. Малшы мен маса 92
Факсимилесі 93

МАСА 141
Сөз иесінен 143
Жазушының қанағаты 143
Туысыма 143
Жадовскаядан 144
Қожа Насретдин ақылы 144
Оқуға шақыру 145
Нәбек аты 145
Сорлы болған мұжық 148
Қаздар 150
Есек пен үкі 153
Қазақ қалпы 156
Қазақ салты 157
Достыма хат 158
Жиған-терген 159
Анама хат 163
Тілек батам 165
Жауға түскеннің сөзі 167
Адамдық диқаншысы 168
Көк есектерге 169
Қа... қаласына 170
Жұртыма 170
Жұбату 171
Н.Қ. ханымға 173
Ақын ініме 174
И.Б. жездем хатынан 175
Жауап хаттан 177
Ғылым 178
Надсоннан 180
Бақ 181
Пушкин (Вольтерден) 182
Ат 183
Данышпан Алектің ажалы 184
Балықшы мен балық 188
Алтын әтеш 195
Лермонтовтан 204
Факсимилесі 210

ЕР САЙЫН 259
Г.Н. Потанинге тарту 261
Жыр мәтіні 262
«Ер Сайынның» аяғы 309
Григорий Николаиш Потанин 326
Факсимилесі 332

23 ЖОҚТАУ 383
Бастырушыдан: 385

Сыршы 386
1. Мамай батыр (*Мамайдың шешесі Қараүлектің жоқтап айтқаны*) 388
2. Қаздауысты Қазыбек (*Қызы Маңқаның жоқтағаны*) 394
3. Кеңгірбай би 400
4. Алтай тәти 402
5. Кенесары – Наурызбай 408
6. Жантай 411
7. Шоқшолой қызының жоқтағаны 416
8. Төлебай (*Он екі жасар әйел баласының жоқтағаны*) 418
9. Төлебайды келінінің жоқтағаны 428
10. Төлебайдың жамағатының жоқтағаны 430
11. Әйеке 433
12. Қыздың жоқтауы (*Қырғызда қыздардың қошоғы*) 444
13. Әбжан (*Қыздың күйеуін жоқтағаны*) 445
14. Балқын қыздың жоқтауы (*Шешесінің жоқтағаны*) 447
15. Байжігіт Мұрат (*Қатыны жоқтаған*) 448
16. Ысмайыл хан (*Ханымы Күнжанның жоқтағаны*) 450
17. Ерторы 457
18. Жолдыбай 461
19. Есмағамбет (*Қатынының жоқтағаны*) 462
20. Ерғазы (*Қатынының жоқтағаны*) *463*
21. Әбдірахман 466
22. Ормамбет 468
23. Әбдіғапар 479
Факсимилесі 496

ҚОСЫМШАЛАР 575
Ғылыми түсініктер 577
Есімдер көрсеткіші 737
Жер-су атаулары 747
Ру-тайпа атаулары 752
Сөздік 753
Шартты қысқартулар 757
Пайдаланылған әдебиеттер 758
Түйіндеме 763
Резюме 765
Abstract 767

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ

Дизайнер Б. Серікбай
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 18.10.2022 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Баспа табағы 48,25.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды